

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№5 (162),
МАМЫР
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 10.05.2018 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500.
Индекс – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-түжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Икрам Жұбаниязов. "Қазақ" атауының шығу тегі.....	2
Ақнұр Қошымова. Оғыздық этнопонимдердің пайда болуы.....	5
Айнагүл Сағынаева, Нұрлан Байғараев. Ортағасырлық Қоман-қыпшақтары тарихы.....	7
Назым Қасымова, Жадыра Қалелова М.Х.Дулатидың ең басты еңбегі – "Тарих-и Рашиди".....	9
М.Рүстембекова, М.Алдабергенова. Қазақ ағартушыларының адамгершілік көзқарасы.....	12
Фатима Қозыбақова. Ұлттық деректануға үлес қосқан ғалым.....	14
Мұхтар Исаев. Ясауиге байланысты батыстық зерттеулер.....	16
Сәуле Жандыбаева. Ұрпақтар аралық жад.....	18
Баян Асанова. Орта Азия мен Қазақстандағы библиография.....	21
Дидар Жүмекенова. Солтүстік Қазақстан топонимикасының қалыптасуы.....	24
Гүлмира Жуман. Вклад С.Садвакасова в развитие Казахстанского общества в 1920-1930 гг.	26
Толқын Жұмағұлова. Санкт-Петербургте оқыған қазақ жастары.....	28
Р.Аймағамбетұлы, Л.Байбосын. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы.....	30
Жанар Белгібай. Алаш қайраткері – Абылай Серғазиев.....	32
Қылышбай Сүндетұлы. "Үлкен террордың" құрбандары.....	35
Махаббат Рүстембекова, Арман Әбікей. Саттардың жазушы ретінде қалыптасуы.....	38
Болат Сайлан. Сәуір төңкерісі тұтандырған соғыс.....	40
Құндызай Ерімбетова, Мадияр Бақытжан. Қазақстандағы тұрғындар көші-қоны.....	43
Досалы Салқынбек. Алматы қаласының қасиетті орындары.....	45
С.Мұсабаев. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігі.....	47
А.Раджапов, Б.Ерланов, М.Серғазы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар.....	50
Медина Омарова. Қазақстан мен Қытайдың туризм саласы.....	52
Абдулла Оголиков. Мал шаруашылығындағы өзгерістер хақында.....	53
Керимсал Жубатканов. Духовное возращение казахского народа.....	54

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Жанат Сыманқұлова. Электронды оқулықтарды қолдану.....	56
Ләззат Жұмабекова. Шілікті мен Бесшатыр патша қорғаны.....	58
М.Бердиярова. "Алтын адам" археологиялық олжасы.....	60
Мерген Әбдіров. Қазақ-Қытай қатынастары.....	61
Қарлығаш Саркина. Тың эпопеясы.....	62
Махаббат Көшкінова. Ақша – уақыт тынысы.....	63
Венера Жолмұхамбетова. Ауғанстан – жаралы жүрек!.....	63

«ҚАЗАҚ» АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

(Діни наным-сенім негізінде)

Икрам ЖҰБАНИЯЗОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Болашақ университетінің доценті

IX-XII ғасырларда тәуелсіз оғыз мемлекетінде ерте түрік кезінде басталған өркениетті даму [1, 62] жолын жалғастырған хандардың ханы Байындыр (Оғыз хан) болды. Оғыз елін ру-тайпа кезінен көсем болып басқарып, даналығы мен ерлігін басқа елдерге мойындатқан Байындырдың (Оғыз хан) оғыз елі ең жоғарғы лауазымға лайықты екендігін ескеріп, хан тағына сайлап отырғызған болатын. Көне заманнан оғыздарда елге ханды жариялаудың күрделі рәсімі дәстүрге айналған. Әр тайпаның билеушілері ханды ақ киізге отырғызып, шеңберді тоғыз рет айналып шыққан. Бұл дәстүр тайпа көсемі хан болып сайланатын кезден бастап сақталып келген. Алғашқы хан сайланғаннан бастап Байындыр хан (Оғыз хан) оғыз елін сол заманда өркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсаты деп санаған. Сондықтан да ол оғыз мемлекетін қалыптастыруды көпсалалы кешенді дамыған шаруашылықты дамытудың негізі мал шаруашылығын барынша өркендету арқылы жүзеге асатынына шүбәсіз сенген еді.

Ежелден оғыз елі кең байтақ кеңістіктерде мал өсіріп, ірі қалалармен шағын тұрақтарды азық-түлікпен, шикізаттармен, төрт түлік малмен үнемі қамтамасыз етіп оырған. Әсіресе, Байындыр хан өз құзырындағылардан мал шаруашылығын дамыту үшін оғыз еліне аянбай еңбек етуді талап етіп отырған. Оған дәлел – орта ғасыр зерттеушілері хабарлаған Байындыр ханның көшпелі тайпаларға айтқан тілегі: *«Предвигайте, не будьте оседлыми, کوچуйте по весенним, летним и зимним пастбищам и побережьям (рек), не зная недостатка. Пусть у Вас не убавится молоко, йогурт, кымыран»* [2, 113]. Бұл кезеңде қалалар қарқынды дамығандықтан, көшпенділер оларды азық-түлік, мал өнімдерімен қамтамасыз етуді басты мақсаттарының бірі санаған. Сондықтан оғыз еліндегі мал шаруашылығы аз уақытта бірнеше маңызды салалардың дамуы негізінде өндірілген өнім елдің толық қажеттілігін қамтамасыз етіп отырған.

Ежелден оғыздар мал сүтінен жасалатын ақ тағамдарды қасиетті санаған. Сондықтан оғыздарда жаңадан салынып жатқан қалалардың атаулары да ақ өнімге ұқсас етіп аталатын болған. Мысалы, ақ өнім мол болсын деген ниетпен ірі қалалардың бірін «Ақмола» деп атаған. Олар туған жер, тау суларын ардақ тұтып, қастерлеп, ақ өнімімен, ақ сөзімен байланыстырып, Ақтөбе, Ақтау, Ақсу сияқты атаулар берген. Оғыздардың өзі әр түрлі ру-тайпалардан құралғандықтан, өз дәуіріне жататын наным-сенімдері дамып жетіліп отырған. Оғыздардың ежелгі діни көзқарастағы басты діни наным-сенімдері бақилық болған қаһарман ата-бабалар аруағына табыну болды. Олардың сенімі бойынша, адам жанының

өлмейтіні, о дүниедегі тіршілікке сенгені байқалады. Қорқыт Атаның берген баталарында о дүниедегі тірлікті бұл пәнидің жалғасы деп есептегені сезіледі: *«өлім уақыты келгенде ар-иманнан айырмасын, ақ сақалды бабаның орны ұжымақ болсын, ақ самайлы ананың орны пейіш болсын»* [3, 199]. Мұндай наным-сенім аса көп таралған.

Ата-бабалар аруағын құрмет тұтумен қатар киелі аңға тотемдік тұрғыдан табыну іздерін көреміз. «Қорқыт Ата» кітабында Байындыр ханның күйеу баласын сипаттағанда: *«Төле құстың түлегі, Түркістанның тірегі, ру-тайпасы арыстаннан, қара қалың тобырға жолбарыс»* [3, 383], – деп көрсеткен. Батырды осындай етіп бейнелеу сол батырдың арғы атасы әлгі аңызға айналған руға жататынын ғана көрсетеді. Дегенмен, оғыздар нағыз тотемшілер болған деп кесіп айтуға негіз жоқ. Себебі, оларда тотемдік табынудың іздері өте сирек кездеседі.

Оғыздарда мистикаға негізделген діни наным-сенімдер кеңінен таралған. Бұл наным-сенімдерде күллі мәселе жақсылықты шақыруға барып тіреледі. Оғыз бегі Дәрсе ханның баласы аң аулап жүргенде атынан құлап, жаралы болып жатқанда боз атты Әулие Хызыр (Қыдыр) келіп, үш рет баланың жарасын қолымен сипап: *«саған бұл жарадан өлім жоқ, қорықпа, таудың гүлі мен ананың сүті сенің жараңа дауа болады»* [3, 133], – деп ғайып болған. Демек, оғыздар арасында баланы өлімнен алып қалған мейірімді әулие рухына табыну кең етек алған. Сондай-ақ, оғыздарда синкреттік бірлескен наным-сенімнің пайда болғандығы байқалады. Оны Байындыр (бай болсын деген тілек) ханға берілген есімнен аңғаруға болады. Уыз хан (Оғыз хан) деп ақ өнімді қасиетті тұтқандықтан қойылған есім. Себебі, оғыздар көсемі Қамғанның баласы алғашқы кезде анасын ембегендіктен, ана сүтінің уызына жарымаған. Сондықтан да көсем баласы өскен кезде аққа – уызға жарысын, елінің малы көбейсін деген ниетпен ұлының атын Уызхан деп атайтынын ел-жұртына жариялаған. Дана, парасатты болып өскен Байындыр хан әке үмітін ақтады. Еліне және өзге елдерге даңқы шығып, Оғыз хан атымен белгілі болды.

Ру-тайпалық құрылыстың соңында билікті ұйымдастырудың жаңа түрі пайда болып, ол саяси немесе мемлекеттік басқарумен аяқталды [4, 282]. Сондықтан Байындыр хан бұрынғы ру-тайпалық биліктің кезіндегі патриархалдық басқару әдісін аяқтап, мемлекетті тек шариғат негізінде басқара бастаған. Оған басты себеп – Байындыр ханның оғыз елінде дінбасы және мұсылман дінін таратушы рөлін атқаруы. Өйткені ол туыла салып, анасына Алла тағалаға иман келтірмейінше емшегін ембейтінін айтқан [5].

Оғыз еліндегі шаруашылықтың бар саласында темірден жасалған құрал-саймандар кеңінен қолданыста болған. Сондықтан оғыз елінде темірге және «темір қазыққа» шаруадан бастап ел билеушіге дейін табынған. Темірді ерекше қасиетті деп санаған Байындыр хан оғыз елін қорғаушыларға: *«темір сүңгілеріңіз орман болсын»* [6, 39], – деп айтқан екен. Сондықтан ол болашақта оғыз мемлекетін мәңгілік ел жасау үшін тәж-тақтың мұрагерлері ішкі оғыздарды (бұзық) тек мұсылман діні негізінде тәрбиелеуді басты мақсаты деп санаған. Басты ұстанымы – отансүйгіштік, жауға қарсы тұрғанда жерге қаққан темір қазықтай мықты болуды талап еткен. Сондықтан «Қаз» әрбір мұсылманның басты парызы, темір қазықтай мықты болу, жасалатын істің нәтижесі бұл дүниеде де, о дүниеде де «ақ» екендігіне шүбәсіз сену еді. **Осы ұғымға байланысты «темір қазық» атауынан «қаз» деген сөзді бөліп алып, оған ішкі оғыздардың соғыс кезінде ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерінің рухы «ақ» деп сендіріп, «қаз» және «ақ» деген екі сөзді қосып, «қазақ» деп аталатын лауазым пайда болған.** Бұл лауазым тек ішкі оғыздарға (бұзық) берілетін болған. Мұндай құрметті атақ алу үшін ішкі оғыздардың (бұзық) жеке адамдары өзге ру, тайпа және мемлекеттен бөлек өмір сүру тәсілін тек соғыс ісімен байланыстырып мол табыс табу кәсібіне айналдырған. Энгельстің сөзімен айтқанда, «тұрақты кәсіппен» айналысатын «қазақтар» деп аталатын әлеуметтік топ пайда болған. Демек, ішкі оғыздарда «Қазақ» атауы тек әлеуметтік қатынастар негізінде пайда болғаны байқалады.

Үстемдік етуші байлық пен баюға құмар адамдар соғыс арқылы тез арада мол табыстарға қол жеткізіп отырды. *«Соғыс және соғыс жолындағы ұйым енді халық өмірінің ұдайы үзілмейтін міндетті қызметі болды. Бұрын соғыс тек шабуыл жасағаннан өш алу үшін немесе жеткіліксіз болып қалған жерді кеңейту үшін ғана жүргізілсе, енді тек тонау үшін ғана жүргізіледі және тұрақты кәсіпке айналды»* [4, 289]. Сондықтан да ішкі оғыздың (бұзық) адамдары тонаушылық соғыстарға қатысуды қор жинаудың, баюдың негізгі көзі деп санаған. Әсіресе, мұсылман дінін қорғайтын соғыстарға қатысқан, құрметті «қазақ» атауына лайықтылар және ерлігімен сырт оғыздарға үлгі болуды мақсат етушілер сөйткен. Мысалы, Қорқыт Ата кітабында кәпірлерге қарсы соғысқа іш және сырт оғыздарды басқарған Қазан батырға соғыс алаңына алғашқы болып келген оғыздардың жиырма төрт руды басқарған ержүрек батыры Дундаз келгендігі, одан кейін мыңдаған халықтарды басқарушы Дюкердің келуі, одан кейін мың ру адамдар басшысы Бағдюр келген, одан кейін Аруз Тоғыз – Қожа ру басшысы келгендігі баяндалған [3, 393]. Демек, ішкі оғыздар ел көлемінде мұсылман дінін қабылдаған және оны қорғауға оғыз елін түгел жұмылдырған.

Қарақшылық соғыстарға қатысушылар тек қатардағы «қазаққа» ғана емес, мемлекетте жоғарғы дәрежеде қызмет атқарушылардың арасында да кездескен. Мысалы, ханның үйінде қонақта болған Қазылық Қожа дейтін уәзір ішкен шарабына мас болып, Байындыр ханнан қарақшылық жасауға рұқсат сұраған. Хан рұқсат беріп: *«Қайда барсаң онда бар, не істесең де өзің біл, кете бер»* [3, 168], – деп жауап берген. Қазылық Қожа іске жарар адамдарын, жас жігіттерін қасына ертіп тонаушылық жолына түскен. Сондай-ақ, өзге елдерге шабуыл жасау

жолымен байлыққа қол жеткізіп отырған. Мысалы, Қаратөңіз жағалауында орналасқан Дазмұрт қаласын жаулап алып, шіркеулерін жағып, орнына мешіт орнатқан. Бұл жеңістегі табысты бөліскен кезде құстың ала шұбар қанаты, матаның жақсысы, қыздың сұлуы, тоғыз әшекейлі шапан Байындыр ханға тарту етілген [3, 170]. Демек, ішкі оғыздар (бұзық) тек ел ішінде ғана емес, өзге елдерге қарсы қарақшылық соғыстарды да жүргізіп отырған.

«Қазақ» атағы тек соғыста ерлігі үшін берілетін болған. Бірақ, соғыстан оралған «қазақтар» шаруашылықтың бір де бір саласында еңбек етпегендіктен, қаңғыбастарға айналған. Соғыста тонаушылықты әдетке айналдырған олар бейбітшілік кезінде де ел ішінде қарақшылықпен айналысқан. Жасалған зорлық-зомбылық, әділетсіздік іс-әрекеттері үшін наразы болған оғыз халқы «қазақтарды» «бұзықтар» деп атаған. «Қазақ» деп аталған әлеуметтік топтардың шығу тегіне байланысты белгілі тарихшы Б.Көмековтің: *«...слово «қазақ» придает значение «свободный скиталец».* Данная семантика позволила считать что в термине «қазақ» вкладывался социальный смысл и означал индивида людей, отделившихся от своего рода, племени, государства, добывавших средств к существованию участием в военных предприятиях, и он связывался с институтом казакования, который носил всеобъемлющий стадийный характер» [7, 11], – деп жасаған тұжырымының мәні зор. Себебі, оғыз қоғамын терең зерттегенде ішкі оғыздардың шамадан тыс «еркіндіктегі қаңғыбастары» кәсіптен біржолата қол үзіп, тек соғыстан табыс табуды көздейтіні айқындалған. Тұжырымдағы басты ұстаным ішкі оғыздарда «қазақ» атауының шығу тегі тек ерте ортағасырлық ру, тайпааралық әлеуметтік қатынастар мағынасында ғана қараудың қажеттігі көрсетілген.

Мұндай әлеуметтік топтар арасында атақты ақсүйектердің де бар екенін Б.Көмековтің мақаласынан көреміз: *«... рассердился царевич на своего отца, который был в то время царем и отделился от него. Он избрал себя в спутники своих клиентов, дружинников и других из тех, кто любил разбойничество. Он отправился, идя по востоку страны нападая на людей и ловля то, что показывались ему и его спутникам... В этом пожалуй, классическом описании казакования, относящемся, вероятно всего к IX в связан с историей огузских правителей джабу на Сырдарье»* [7, 11]. Демек, бұл дәуірдегі соғыстар мен тонаушылықтың басты мақсаты ру және тайпа ақсүйектердің байлығын көбейтуді көздеген.

Сайып келгенде, ішкі оғыздар (бұзық) елін, жерін ерлікпен қорғайтын жауынгерлерді «қазақ» деп атаған. Бірақ, «қазақ» атауының ел көлемінде таралмаған себептері болды. **Біріншіден,** бұл елде түркі тілдес этникалық бірлестіктер мен өзге этнос өкілдері сандық тұрғыдан ішкі оғыздардан көп болған [8, 319]. Демек, тұтас ел көлемінде «қазақ» атауының таралуына қажетті саяси-әлеуметтік және экономикалық алғышарттың болмауында. **Екіншіден,** ерте орта ғасыр дәуірінде пайда болып, «қазақ» деп аталған әлеуметтік топтар мен оғыз халқы арасындағы қайшылықтың салдарынан оғыз халқы «қазақтарды» «бұзықтар» деп атап, ел көлемінде «қазақ» атауының таралуына кедергі жасаған. **Үшіншіден,** ел билеуші ішкі оғыз бектері мен сыртқы оғыз бектері арасында билік үшін болған күресте

сырт оғыз бектерінің басқарушысы Аруздың өлімі [3, 198] оғыз мемлекетіндегі дағдарысты күшейткен. Сырт оғыздар сандық тұрғыдан көп болғандықтан, олардың арасында «қазақ» атауының таралуы да күрт тыйылып қалған еді. **Төртіншіден**, XII ғасырдың екінші жартысында оғыз еліндегі саяси билік сырт оғыздарға ауысуына байланысты Орта Азияда бір-неше ғасыр өркениетті мемлекет құрған «оғыз» этнос атауының жойылуына әкеліп соқтырған. Себебі ортағасырлық қағанаттарда және халқы ел билеушісінің атымен аталатындары болған. Мысалы, Сельжук атымен сельжук елі деп аталған. Оғыз хан басқарған мемлекет және халқы оғыз елі болып аталған. Өйткені, бұл мемлекеттер өте қарқынды дамығандықтан, ел билеушісі өзінің атын және елін мәңгілік болатынына сенген. IX-XI ғасырда оғыз мемлекетінің ұлан байтақ территориясы құрамында алғашқы сельжук тайпалары бірлестігі қалыптасқан. Кейін Бұхара және Самарқанд аймақтарына көшіп қоныстанған [2, 176]. Сондай-ақ, қимақ мемлекеті күйрегеннен кейін олар қыпшақтар құрамына сіңісіп кеткен. Ал қыпшақтар оғыз мемлекетінің үстемдігі кезінде оғыздармен бірігіп, өздерін оғыз деп санаған. Оғыз державасы Сельжук, Қарахан, Хорезм, Мауеренахр, Хорасан мемлекеттеріне де өзінің оң және теріс ықпалын да тигізіп отырған. Демек, сыртқы арам пиғылдағы мемлекеттермен қатар оғыз елінің алып территориясында мықты тайпалар мекендеген. Әсіресе, қыпшақтар, қарлұқтар, қимақтар оғыз билеушілерінің тек саяси үстемдігін ғана емес, әлеуметтік-экономикалық қыспағында да болған. Сондықтан олар оғыз мемлекетінен тәуелсіздік алумен қатар оғыз деп аталатын атауының да жойылуына мүдделі болған. Аз уақыт ішінде «оғыз» этнос атауымен қатар ішкі оғыздар арасында Отан қорғауда ерлігі үшін берілетін «қазақ» атауы да тез ұмытылған. Өрине, бұл атақтардың тез өшуіне сыртқы күштермен қатар ішкі қастандықты ұстаған тайпалардың ара салмағы іш оғыздарға қарағанда әлдеқайда басым болғандығын аңғартады.

Оғыз елінде аумалы-төкпелі заманда «қазақ» атауынан айырылып қалған ішкі оғыздар болашақта «қазақ» атауын қайта қалпына келтіруді басты мақсаты етті. Сондықтан оғыздар ежелден түркі халықтарында үш саны (цифр) киелі де сәтті саналатындықтан, үш саннан тұратын «Аллаға жол аш» деген ұғымды басшылыққа алған. Үш саннан тұратын ұғымнан алғашқы «ал» деген екі әріпті бөліп алып, ортадағы «жол» деген ұғымды алып тастап, «ал»-ға соңғы «аш» деген сөзді қосып, «Алаш» деп аталатын жауынгерлік ұран алдыңғы «қазақ» атауының орнын басты.

Сонымен, енді «Қазақ» атауы «Алашпен» ауыстырылып бұрынғы оғыз елінің аумағындағы мұсылман халықтарға ортақ «Алаш» атауының даңқы күн сайын артып отырған. Сондықтан да «Алаштың» басты үш ұстанымы басшылыққа алынды: «Алаш» елін, жерін, тұтастығын сақтау, тәуелсіздік жолындағы күреске дайын болу, мәңгілік «Алаш» елі аталу басты мақсаттары болды. Бұл үш басты мақсат қашаннан киелі де сәтті ұғым болып саналып келеді.

Байындыр хан заманынан оғыздар арасында ерекше ат қоюға, атақ беруге үлкен мән беріп отырған. Әсіресе, Оғыз хан жорық үстінде өз қарамағындағы бектерге, олардың ерлік істері мен алғырлық, тапқырлығына, он саусағынан өнері тамған шеберлігіне, тіпті сыртқы кескін-келбетіне

қарай ат қою дәстүрі ғасырлар бойы жалғасып отырған. Мысалы «Оғыз-наме» шығармасында өзінің Мұзтауға қашып кеткен сүйікті шұбар атын ерлікпен алып келген бір бекке Байындыр хан үсті-басы ақ қырау сүңгі басқан сұсты түріне қарап, «Қаһарлық» деп ат берген. Жорық барысында әйдік бір үй көріп, ол үйдің төбесі алтын, түндіктері күміс, есіктері темір үйді ашқан шеберге «Қалаш» (қалып аш деген сөзден шыққан) деп ат берген [6, 44]. Ал соғыстан түскен есепсіз көп олжа, жиһаз мүліктерді артатын арба ойлап тапқан шеберді «Қаңғалақ» деп атайды (арба жүргенде қаңға-қаңға деп дыбыс шығарса керек) [6, 45]. Демек, мұндай ат қою мен атақ беру дәстүрі бойынша ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тауып «Қазақ» пен «Алаш» атаулары өз дәуірінің өмір талабына сай келген ұғымдарды ойлап тапқан оғыз еліндегі ата-бабаларымыз болатын.

Сыр өңіріндегі «Алаш» аталған оғыздар өздерінің анасы Сыр өзені деп әрқашанда қастер тұтқан. Себебі, Сыр өңірі ежелден ішкі оғыздарға (бұзық) қорған, пана, сырттан келген оғыздарға қамқоршы болған. Демек, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Сыр – Алаштың анасы» [9] деген тұжырымдамасы ішкі оғыздардың (қазақ) ертедегі тарихы қазақ халқының қазіргі тарихымен сабақтас, тамырлас екендігін аңғартады. «Алаш» аталған оғыздар анасы – Сыр деп білсе, әкесі – хандардың ханы Байындыр хан алғаш болып бауырлас мұсылмандарды «*әлемді жоқтан бар еткен Аллаға сыйындырған*» [3, 18]. Сонымен қатар Байындыр ханды Орта Азияның ұлы даласында Тәуелсіз оғыз мемлекетін өркениеттің шыңына көтерген мың жылда бір рет туатын бірегей тұлға деп білген жөн. Ішкі оғыздарда қалыптасқан «қазақ» атауы Керей мен Жәнібек дәуірінде елдің Батыс, Жетісу жерінде тарих сахнасына қайта оралуының шешуші факторы болып қалыптасқан еді. **Қорқыт Атаның туған мекені – қасиетті Сыр өңірінде қазақ халқының атауы мен Қазақ хандығының негізі қаланғанын тарих дәлелдеп отыр.**

РЕЗЮМЕ

В статье изложены результаты всестороннего анализа одного из наиболее могущественных племен огузов сумевшие в воспитании индивида людей на основе религии ислама. Впервые удалось принять термин «қазақ». По мнению автора в термин «қазақ» необходимо вкладывать социальный смысл межродовых и межплеменных отношений в огузском государстве.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев Л.И. Көне түріктер. Алматы. «Білім», 1994, 62 б.
2. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX – XIII вв. Изд. «Ылым» Ашхабад, 1969.
3. Қорқыт Ата. Энциклопедический сборник на казахском и русском языках. Алматы 1999.
4. В.П.Алексеев, А.И.Першиц. История первобытного общества. Изд. «Высшая школа» 1990.
5. Қазақстан – Заман, 2012 – 5 сәуір.
6. Оғыз-наме, Алматы 1986, басп. «Ғылым».
7. Б.Көмеков. Қазақ тарихы, 2016, №7-8.
8. История Казахстана Т.1, Алматы 1996.
9. Егеменді Қазақстан, 2012, 16 маусым.

ОҒЫЗДЫҚ ЭТНОТОПОНИМДЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

(Әзербайжан тарихы мысалында)

Акнұр ҚОШЫМОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы, PhD докторант

Оғыздар тарихында бір емес бірнеше реттік және бағыттық жылжулар, қоныс аударулар орын алғанын тарихтан білеміз. Мысалы, алғаш рет олар Шығыс Түрік қағанаты аумағынан қазіргі Қазақстан жеріне келіп қоныстанса, кейіннен VIII ғасырда қимақтар күшейіп, олар оғыздарды Жетісу жерінен ығыстырды. Жетісудан Сыр бойына бекініп, күшті мемлекеттік дәрежеге қол жеткізген оғыздардың ішкі және сыртқы жағдайларында тағы да қиындықтар орын алып, соғыс жағдайларынан әлсіреген тұсында қыпшақтар күшейіп, оларды бұл қоныстардан тағы да ығыстырады. Яғни XI ғасырға дейін орын алған көшіп-қону, араласу, сіңісу – ішкі миграция түрінде көрінсе, ал XI-XII ғасырлардағы оғыздардың өз территориясы шегінен амалсыз ары қарай жылжуы, сөйтіп басқа территорияның шегіне енуі сыртқы миграция болып табылады. Осындай миграция барысында оғыз тайпаларының көптеген елді мекендер мен территорияларды жаулап, соңынан сонда тұрақтауы жергілікті жерлерде оғыздық атаулардың қалуына себепкер болған.

Ал миграция – адамдардың тұрғылықты мекендерін тұрақты түрде, ұзақ уақытқа немесе уақытша ауыстыруы. Ал бұл ортағасырларда көбіне-көп тұрақты қоныс аударуды білдіріп отырды. Яғни бұл миграцияның қайтымы жоқ (қайтымсыз) түрі деп есептеледі [1-2]. Себебі сол кезеңдегі ру-тайпалардың өзге территорияға баруы, біріншіден, өмір сүру ерекшеліктері мен шаруашылығына тікелей байланысты болса, екіншіден, оғыздар тарихы мысалынан көретініміздей, бұл үдерісте белгілі бір күшті тайпалардың ығыстыруынан орын алған. Мұндай жағдайда олар кейін қайтпай, басқа территорияларға барып орналасады. Зерттеушілердің бірқатары миграцияның бұл түрін толық, толыққанды миграция деп атап көрсетеді.

Бұл миграциялық үдеріс өз кезегінде екі жағдайға бірдей жауап береді: біріншіден, мұндайда бір орыннан қозғалысқа түскен тұрғындардың екінші жаңа мекендегі тұрғындармен араласуы жүреді, екіншіден, бұл араласу жаңа жерден тұрақты өмір сүру орнын, қонысты табумен қатар орын алады. Мұндай жағдайларда миграция тұрғындар ішінде барынша араласып, сіңісулерді қалыптастырады. Қарастырылып отырған қайтымсыз миграцияның басқа миграция түрлерінен ерекшелігі – бұл үдерістің ру-тайпалардың қоныстанған жеріндегі жергілікті тұрғындар құрамының толықтай қалыптасуының маңызды бір бөлігі болып табылатындығында. Мұндайда жергілікті тұрғындармен тікелей мәдени де, рухани, этникалық, тілдік араласулар белсенді орын алып, басымдыққа ие болған ру-тайпалардың ерекшеліктері мен атаулары басқаларға сіңіп, тарих сахнасында осылай қалып отырады. Нәтижесінде әлемнің түкпір-түкпіріне көшкен ру-тайпалардың орналасуынан, араласуларынан түбі бір туысқан

мүлде жаңа халықтар қалыптасып шығады. Дегенмен де олардың қай-қайсысының арасында да бөліп тұрған шек жоқ. Осылайша «миграция» терминінің өзі этимологиялық төркіні бойынша араласу, қоныстану дегенді білдіреді.

Осындай араласулар мен қоныстануды тарихи оқиғалар негізінде басынан өткізген оғыз ру-тайпалары Орталық Азия, Кіші Азия, Кавказ территорияларына тарады. Таралымның нәтижесінде бір жағынан, этникалық жаңа түзілімдердің жүруіне ықпал етсе, екінші жағынан, сол аумақтарда өз есімдерін қалдырды.

Әзербайжандық топонимист Г.А.Гейбуллаевтың зерттеулеріне сүйенсек, Әзербайжан жеріндегі этнотопонимдердің осы аумақтағы этникалық үдерістер тарихы мәселелерін шешуде маңызды болып есептелетін олардың түбірлік мағыналарының түркі этнонимдеріне бағыт беріп тұратындығын байқаймыз [3].

XI ғасырдың ортасында Әзербайжанды Орта Азиядан шыққан көшпелі түркі тайпалары саналатын оғыздардың бір бұтағы селжұқтар жаулап алды. Осының негізінде Әзербайжан топонимдерінде жаңа түркілік есімдер пайда болды. Махмұд Қашқари бойынша, оғыздар жиырма екі тайпадан құралған болатын. Олар: қынық, қайығ, байундур, йуа – йыуа, салғұр, афшар, бәктілі, бугдуз, байат, йазғыр, аймур, қарабөлук, алқабөлук, ігдір, урәгір – йурәгір, тутырқа, улайундлуғ, тугәр – тігәр, бажанак, чувулдар, чөбни, чаруқлуғ [4, б. 85-87]. Ал Рашид ад-Дин бұл тайпалардың қатарына қарық және қарқынды қосып, оғыздар жиырма төрт тайпадан құралған деп, оғыз жаулаушылығы кезінде олардың қатарына ұйғыр, халладж, қыпшақ, қаңлы және қарлұқ секілді тайпалардың да еніп, жорықтарға қатысқанын көрсетеді [5]. А.Гусейнзадениң пікірінше, аталмыш оғыз тайпаларынан – афшар, байат, байундур, бәктілі, чөбни, чувулдар, аймур, салғұрлар Әзербайжан топонимінде өзіндік із қалдырғанына тарих беттерін аша түскен сайын көзіміз жетеді. Дегенмен де бұл көрсетілген тізім толық деп айта алмаймыз. Себебі Әзербайжан территориясындағы жер-су атауларынан өзге де, мысалы атап айтар болсақ, халладж, қаңлы, қарабөлук, чепне, салор және т.б. осы секілді 17 түркі этнонимдерін кездестіре аламыз. Бұл өз кезегінде оғыз тарихы мен әзербайжан халқы тарихын одан әрі тереңдете зерттеуді қажет етеді дегенді білдіреді.

Осындай салыстырмалы талдауларды Г.А.Гейбуллаевтың «Топонимия Азербайджана» атты еңбегінен де кездестіре аламыз [3]. Ол Махмұд Қашқаридің еңбегінде көрсетілген тайпалар атаулары бойынша оғыз-селжұқ этнотопонимдеріне тоқталады.

Бұл мәліметтер Әзербайжан жерінде орналасқан халықтарға оғыздардың белгілі бір дәрежеде ықпалы болғандығын көрсетеді. Себебі аталған аймақта этникалық, саяси және т.б. қырларынан ешқандай да

оғыз ықпалы жүрмеген болса, оғыз тайпаларының да атауы ешбір жерде сақталмауы керек еді.

Ортағасырлық көші-қон үдерісінің мақсаттары мен басты себептері әсіресе көшпелілерде көбіне-көп жаулаушылықпен байланысып жататыны түсінікті. Осы тұрғыдан қыпшақтардың қысымынан оғыздардың Кіші Азия, Солтүстік Кавказ, Балқан түбегі тәрізді аумақтарға қоныс теуіп, сол аталмыш жерлердегі этникалық үдерістерге өз ықпалы мен халықтың қалыптасуына әсері зерттеуді қажет етеді. Миграция дегеніміз географиялық кеңістіктегі орнын ауыстырмай-ақ, қауымдастықтар мен топтардың арасындағы өзара араласу деген түсінік береді Я.Щепаньский. Өз кезегінде көші-қон үдерістері негізінде тайпа атауларының жер-су атауларында өз бейнесін сақтап қалып отыратыны көп жағдайда кездеседі. **Бұл жөнінде А.Р.Агеева «Страны и народы: Происхождение названий» атты еңбегінде: «Дағыстанның топонимиясында көрініс беретін түріктердің этникалық атауларын зерттеу дағыстандық түркі халықтарының этногенезін, географиясын және этнографиясын, сондай-ақ миграциялық үдерістерін зерттеуге көмектеседі. Мысалы, Теркеме этнонимі Әзербайжаннан келген; ол термин мигранттар (Ұлы Дербент ауданындағы Улу-Теркеме мекенінің атауы) тобына қатысты. Дағыстанның түрік топонимиясында мигранттар-этнонимдерінің қатысуы түрікмендердің және қарабағлиндіктердің Әзербайжаннан көшіп келгенін дәлелдей түседі. Бұл фактіні жергілікті ақсақалдар да әңгімелеп береді. Қоныстанған түрікмендер мен қарабағлиндіктердің сандары аз болды, сондықтан да олар бөтен түркілік ортада құмықтар мен орыстардың күшті ықпалында қалып, өздерінің тілін және дәстүрлерін жоғалтты. Бірақ топонимия этнонимдерді сақтап қалды»,** – деп көрсетеді [6, 17-18-б.].

Мұндай Әзербайжан территориясындағы топонимикалық атаулардағы оғыздық компоненттер жөнінде А.Гусейнзаде өзінің «Параллели огузских этнонимов в современной топонимии Азербайджанской ССР» деп аталатын мақаласында М.Қашқари мен Рашид ад-Диннің жазбаларындағы оғыз тайпалары туралы «кейбір фонетикалық өзгерістермен Закавказье топонимдерінде өз көрінісін тауып бүгінгі таңға дейін жеткендігін және олардың он бірі Әзербайжан жерінде кездесетінін» сөз ете отырып, Әзербайжан территориясында XI-XII ғасырларда мекен еткен түркітілдес тұрғындардың арасында түрік-селжұқтар мен оғыздар басымдық түскендігін көрсетеді [7, 47-б.].

Көріп отырғанымыздай кез келген тайпа қоныс аударуы барысында өзінің жүріп өткен жолында қандай да бір із қалдырып отырады. Оның үстіне Ресейде топонимика бойынша жазылған алғашқы жұмыстардың бірінің авторы Н.И.Надеждина «Опыт исторической географии русского мира» (1837 ж.) аталатын еңбегінде: «Топонимика – жердің тілі, ал жер – адамзат тарихының географиялық номенклатурасы жазылған кітап», – деп жазған болатын [8]. Осыдан да бірнеше халықтардың түбі бір болып, тарихи тамыры жалғасып жататынын аңғаруға болады. Мысалы, Әзербайжан жеріндегі Нахчыван аталатын қала мен Қазақстанның Жезқазған облысының Ұлытау ауданындағы «Нақозған» атты

жер атауларының түбіріне талдау жасай келе Б.С.Қошым-Ноғай былай дейді: «...Ежелгі оғыз тайпаларының ең жақын мұрагерлерінің бірі болып есептелетін әзербайжан елінде «Нахичевань» деп аталатын қала бар. ...Зер салып қарар болсақ, «Нахчыван» атауы мен «Шобанақ» топонимінің мағыналас сөздер екенін аңғару қиын емес: «Нах + чыван» = «Шобан + нақ».

«Нақ» тұлғасы топонимдерде тек жұрнақ түрінде ғана кездеспей, түбір күйінде ұшырасатынын Қазақстандағы жер атауларынан да көреміз. Жезқазған облысының Ұлытау ауданында «Нақозған» атты жер бар. Бұл атаудан да біз оғыз дәуірінің мұрасын аңғарғандаймыз: Нақ + оғыз + қаған = Оғыз қағанның ордасы (мекені, жайлауы, т.б.) немесе оғыз қағанның қонысы» [9, 140-141-б.]. Мұндай топонимикалық атауларды зерттеу түркі халықтарының этникалық жақындығын анықтауға өз көмегін тигізеді.

Әрине, әдеби тұрғыдан мұндай атаулардағы үндестіктерді пайдаланып пікір айта салу оңай десек те, әрбір жер атауларының артында тарих жасырынып тұрғанын ұмытуға болмас.

РЕЗЮМЕ

В статье обсуждается вопрос сохранения этнонимов в местностях в результате миграционных процессов. Автор по итогам исторических миграции и захвата огузскими племенами новых территории рассматривает в топонимических названиях следы огузских компонентов.

Ключевые слова: огузские племена, миграция, топонимия.

The article discusses the issue of preserving ethnonyms in the localities as a result of migration processes. Author is researching traces of Oguz components in toponames formed as a result of historical migration and capture of new territories by oguz tribes.

Key words: Oguz tribes, migration, toponymy.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Демографический понятийный словарь / Под ред. Л.Л.Рыбаковского. – М.: ЦСП, 2003. – 351 с.
2. Рыбаковский Л.Л. Миграция населения (вопросы теории) / Монография. – М.: ИСПИ РАН, 2003. – 238 с.
3. Гейбуллаев Г.А. Топонимия Азербайджана (Историко – этнографическое исследование). – Баку: Элм, 1987. – 197 с.
4. Махмұд Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: ХАНТ, 1997. - 590 б.
5. Фазлуллах Рашид ад-Дин. Джамии ат-таварих. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1960.
6. Агеева Р.А. Страны и народы: происхождение названий. – М.: Наука, 1990. – 256 с.
7. Гусейнзаде А. Параллели огузских этнонимов в современной топонимии Азербайджанской ССР // Сов. тюркология. 1977. №4. – С. 7-51.
8. Энциклопедия фонда знаний «Ломоносов». МГУ имени М.В. Ломоносова. // <http://www.lomonosov-fund.ru/enc/ru/encyclopedia:0132412> (25.05.2016).
9. Қошым-Ноғай Б.С. Тіл ұшындағы тарих («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»). – Алматы: Жазушы, 2003. – 496 б.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚОМАН-ҚЫПШАҚТАРЫ ТАРИХЫ:

этнонимдер мен этнотопонимдер

Айнагүл САҒЫНАЕВА,
PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы
Нұрлан БАЙҒАРАЕВ,
PhD доктор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы

Қоман-қыпшақтарының қыпшақ бірлестігі құрамындағы этникалық топ ретінде танылған кезеңі XI-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Тарих сахнасындағы бір тайпалық бірлестіктің келесі бір тайпамен ауыстырылуы этникалық, саяси, мәдени құрылымына әсер етпеді, басқа атау мен жаңа елдер қалыптасты. Бұл мәдени байланыс сонау қола дәуірінен басталып, түркілер дәуірінде де өзінің бірлігі мен сабақтастығын жоғалтқан жоқ.

Осы уақытқа дейін отандық тарих ғылымында орта ғасырларда қыпшақ бірлестігі құрамына енген этникалық топтар бойынша жазба деректердің мұқияттылығы, тек жекеленген халықтар, мемлекеттер мен қағанаттар және т.б. тарихына қатысты фрагментарлық мәліметтердің ғана болуы қоман-қыпшақтары этнонимі, олардың көші-қон үдерісі динамикасын анықтауға мүмкіншілік бермеген болатын.

Қоман-қыпшақ этногенезі туралы түркітанушылар әлі күнге бір тоқтамға келе алмай отыр. Мәселе қыпшақ бірлестігіне кірген этнонимдерді жазба деректердің әр түрлі атауында болып тұр. Араб, парсы, грузин, армян, моңғол, қытай деректері «қыпшақ» десе, Византия мен латын деректері қыпшақтардың батыс бөлігін «құман», венгр-латын хроникалары мен грамоталары «құн», орыс жылнамалары «половцы» деп атағанын айтады қыпшақтанушы ғалымдар [1].

Қазіргі зерттеулерде, мысалы, академик Б.Е.Көмековтың еңбектерінде қомандар (құмандар) қыпшақтармен тең дәрежелі тайпа ретінде қарастырылып жүр. Оның пікірінше, қомандар бастапқыда қыпшақ тайпалары сияқты Қимақ (Кимек) қағанатына тәуелді болған, ал XI ғасырда қыпшақтардың билікке келуіне байланысты кимек тайпаларымен бірге қыпшақтарға тәуелді болған. Академик әр тайпаның өзіндік орналасу аумағының болғанын араб деректері бойынша анықтап берді. Соған сәйкес кимектер Ертіс, Шығыс Қазақстан жері мен Батыс Алтайда, қыпшақтар Орталық Қазақстан жерінде, ал қомандар қыпшақ бірлестігінің батыс тармағын құрап, Аралдың солтүстігіндегі жерлер мен Оңтүстік Орал тауларына дейінгі аймақта қоныстанған екен [2, 14-17].

IX ғасырдан бастап қыпшақтар Торғай далалары арқылы батыс бағытында Еділге дейін және оңтүстік-батысқа – Сырдарияның орта ағысына қарай қоныс аудара бастаған. XI ғасырдың орта шенінен бастап Еділдің арғы жағындағы жерлерді бағындырып, батысқа қарай көші-қон үдерісін жалғастырып, орыс жылнамаларында половцы, половцы-команы және мұсылман географтарының еңбектеріндегі қыпшақ атауы кеңінен қолданыла бастаған.

Зерттеушілердің пікірінше, құман-қыпшақтардың батысқа қарай жылжуы екі кезеңде жүрген және қыпшақ даласы екіге: Днепрден батысқа қарай – Ақ Құмания, Шығысқа қарай – Қара Құмания деп бөлінген. Бұл жерде Ақ Құманияны,

яғни қыпшақ халқының батыс тармағын «сары» халқы қалыптастырды. Орыс жылнамаларында қыпшақтар «половцылар» «саракин», «сорочин» деп аталады. Бұлай аталуына «сары» мен «құн» сөздерінің қосылуынан тууы да мүмкін, өйткені рустар сары мен құнды бір халық деп таныды. Қазіргі таңда зерттеушілер, әсіресе, ресейлік ғалымдар «құн» тайпасы – қыпшақтардың шығыс тармағы, ал «сары» тайпасы – батыс тармағы болған деп есептейді [3, 151]. Яғни, бұл жерде батыс тармағына жататын сарылар, ол қоман-қыпшақтары болып шығады. Сондай-ақ, ортағасырларда «саракин» немесе «сарачинге» ұқсас «сарацен» терминін батысеуропалық хроникаларда мажар жауынгерлеріне де қатысты қолданған [4, 16].

Қоман-қыпшақтарының батыстағы көші-қон үдерісінің ұзақ мерзімді қамтығанын этнонимдер, топонимдер дәлелдейді. Ақ Құмания, Қара Құманиядан басқа Венгрия жерінде қомандардың қоныстанғанының дәлелі ретінде Кичикууншаг (Кіші Қоман), Надькууншаг мекендерінің (Үлкен Қоман) атауы сақталған [5, 290].

Қоман-қыпшақтарының батыс бағытындағы көші-қонының, бүгінгі Молдова, Румыния жеріне дейін жеткенін дәлелдейтін этнонимдер, этнотопонимдер өте көп. Мәселен, Молдовадағы Токсобень ауылының атауын қыпшақтардың тоқсоба тайпасымен байланыстырады. Молдованың Токсобень, Румынияның Тогазсуфи ауылдары тұрғындарының ата-бабалары Орталық Азия мен Қазақстаннан қоныс аударған. Оған дәлел олардың физикалық келбеті мен қанның ДНҚ (дезоксирибонуклеин қышқылы) талдауы болып отыр. Сонымен қатар, Токсобень тұрғындарының шығу тегінің қоман-қыпшақтық екендігін, Токсобень ауылының жанында шығу тегі қыпшақтық Теленеш топонимінің болуын қосымша дәлел ретінде ұсынады Румыния мен Молдовадағы татар-қыпшақ қоныстарын зерттеуші молдовалық ғалым Юрие Илашку. Ол мұнда көші-қон үдерісі нәтижесінде қыпшақтардың «теле» тайпалары қоныстанды және телелер тоқсобалықтардың қосымша әскери күші болған деп көрсетеді [6].

Түркітануда қоман-қыпшақ тайпаларының этногенезі өте күрделі және таласты мәселе болып табылады. Бірнеше ру-тайпадан құралған бірлестіктің тарихы ұзақ қалыптасу үдерісін бастан кешірген, бұл үдерістің күрделі кезеңде жүзеге асқанын қыпшақ одағы мен тармақтарының этнонимиялық әр түрлілігі дәлелдейді [7, 27].

Қоман-қыпшақтарының қыпшақ бірлестігі құрамындағы этникалық топ ретінде танылған кезеңі XI-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Жалпы қыпшақтардың халықаралық қатынастың жеке субъектісі ретінде танылған уақыты көне түркі жазбасында аты алғаш рет аталған кезеңнен басталады. VIII ғасырдың ортасында ұйғыр билеушісі Баян-шор қағанның құрметіне қойылған ескерткіште қыпшақтардың түркілермен тең

дәрежеде билік жүргізгені баяндалған [8, 82].

Алтай өңірін қоныстанған түркі тілдес халықтардың қатарында командалар да айтылады. Нақтырақ айтсақ командалар Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанған [9, 2-4]. Коман-қыпшақтарының этникалық тарихын зерттеуде жазбаша деректермен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген аңыздардың да тарихи маңызы зор. Онда халықтың қалыптасу кезеңі, тарихы мен мәдениетінің даму кезеңдерінен жанама ақпараттар толы болады.

Аңыздардың әлеуметтенуі мен оның тарихпен байланысын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, аңызда белгілі-бір дәрежеде тарихи шындық орын алады. Қазіргі кезде тарих ғылымында дерек ретінде автордың баяндауын қабылдайды, соның ішінде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айтылып келе жатқан аңыздар да бар. Аңыздар негізінен тарихи болған оқиғаларды халық жадында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ауызша жеткізіп отырған. **Сондай бір тарихи астары бар аңызда, «коман» этнонимінің шығу тарихы баяндалады.** Шамамен 535-558 жылдары «Солтүстік Вей әулетінің тарихында» түркі елшілерінің айтуымен жазылған аңызда, *«түркілердің арғы атасы ғұндардың солтүстігіндегі Со ұлысында өмір сүрген екен. Оның бөріден тараған бір ұрпағы тылсым күшке ие болған екен. Оның екі әйелі, Аспан құдайының қызы мен қыс жебеушісінің қызы болған. Бірінші әйелінен төрт ұлы болыпты, оның біреуі «аққуға» айналады, келесі ұлы Афу мен Гянь өзендері арасында мемлекет құрады, үшіншісі Шуси өзені маңында хандық құрған, ал төртінші үлкен ұлы Надулуше әкесінің ордасына ие болып, Басы-шу-си-ши тауында тұрады. Ол суық кездерде от жағуды үйреніп, елін аман алып қалғаны үшін оны ту-кю деп атап, барлығы жоғары билікті соған тапсырады»*. Осы аңызда аты аталған Со аймағы Алтайдың солтүстігі болып табылады, өйткені оның оңтүстігіндегі жерлер ғұндардың иелігіне кірген. Қазіргі Бии өзені мен оған Лебедь (Аққу) өзенінің құяр сағасында екі ру со мен құбанды немесе құманды қоныстанған. Ол аңызда аты аталған Аққу үш ағасы сияқты хандық құрып қу тайпасының негізін қалаған. Кейін осы Алтайдың солтүстігін қоныстанған қу тайпасының атына «жер», «ел» ұғымын білдіретін «бан» немесе «ман» жалғанып, құбан, құман атанған [9, 2-4].

Қалай болғанда да, коман-қыпшақ этногенезі туралы түркітанушылар әлі күнге бір топтамға келе алмай отыр. Мәселе қыпшақ бірлестігіне кірген этнонимдерді жазба деректердің әр түрлі атағанында болып тұр. Сондықтан да, зерттеушілер бұл бірлестіктерді нақты бір этникалық немесе мәдени құрылымға жатқызуға болмайды деп көрсетеді. XIII ғасырда аландардың солтүстік-шығысындағы жерлер қыпшақтар даласы деп аталды және «қыпшақ», «половцы», «коман», «құн» этнонимдері арасында байланыс болмаған [10, 42].

И.Маркварттың көзқарасы бойынша бастапқыдағы қыпшақ тайпаларын, көрші халықтар олардың сырт келбетіне байланысты өз тілдерінде әр түрлі атаған, дегенмен уақыт өте келе, XIII ғасырда осы атаулар өзара байланысты емес қыпшақ тайпаларының жекеленген этнонимдеріне айналған.

Қыпшақтанушы ғалымдардың еңбектерінде әлі күнге неліктен орыс жылнамаларында қыпшақтарды «половцы» деп аталғаны туралы нақты тұжырым жоқ және оған орыс жылнамаларында «половцы» терминінің қолданылуы аясы, оны командаларды білдіретін нақты бір немесе бүкіл қыпшақ тайпалары бірлестігіне қолданылуы тиіс екендігінің анықталмауы

да себеп болып отыр. Жазба деректердегі мәліметтерді түсіндірген кезде белгілі бір қиындықтардың тууы да соған байланысты. Солардың қатарында ортағасырлық Византия деректері де бар. XI ғасырда византиялықтар жазба деректерде солтүстік-шығыстағы көршілерін «командалар» деп атап, бұл атауды Дешті Қыпшақтың барлық түрік тайпаларына қолданған және ол Византиялық деректерде XIV ғасырға дейін сақталған.

Сонымен, қорыта келе айтарымыз коман-қыпшақтарының шығу тарихы Алтай өңірімен байланысты. Яғни, қыпшақ бірлестігіне кірген коман-қыпшақтары бастапқыда, VI-VIII ғасырларда Алтайдың солтүстігіндегі Со аймағын қоныстанған. Кейін, VIII-IX ғасырларда олар бүгінгі Орталық Қазақстан аумағына қоныс аударған. Ал, IX-XI ғғ. кимек бірлестігінің құрамында болған коман-қыпшақтары қазіргі батыс Қазақстан аумағын қоныстанып, XI ғасырдың орта шенінде батыс бағытында көші-қон үдерісін жалғастырған және ортағасырлық еуропалықтарға «коман» атымен танымал болған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается этнонимы и этнотопонимы в истории средневековых коман-кыпчаков. Для отслеживания миграционных процессов коман-кыпчаков с востока на запад, были использованы материалы народных сказаний и кипчаковедческих исследований.

Ключевые слова: коман-кыпчаки, средние века, этнонимы, этнотопонимы.

In this article are considered ethnonyms and ethnotoponyms in the history of medieval koman-kypchaks. To trace the migration processes of the koman-kipchaks from east to west, were used materials from folk tales and kipchak studies.

Keywords: koman-kipchaks, Middle Ages, ethnonyms, ethnotoponyms

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ахинжанов С.М.** Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. А., 1993. -327 б.; **Кумеков Б.Е.** Государство Кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. А.-А., 1972. – 128 с. және т.б.
2. **Кумеков Б.Е.** Кыпчаковедение-концептуальное научное направление Евразийского масштаба // Сб. мат. международной научной конференции Кыпчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. Астана, 2013. – 430.
3. **Гагин И.А.** Волжская Булгария: Очерки истории средневековой дипломатии (X-первая четверть XIII вв.). Рязань: СГБГУ, 2004. – 240 с.
4. Краткая история Венгрии. М.: Наука, 1991. – 608 с.
5. **Paloczi Horvath Andras.** Keleti nepek a középkori Magyarországon - Besenyők, úzok, kunok és jászok művelődéstörténeti emlékei. Budapest-Piliscsaba. 2014. – 293 p.
6. **Илашук Ю., Акмолла Г.** Искли следы кипчаков, нашли могилы казахских солдат // <http://e-history.kz/ru/publications/view/3448>. дата обращения 10.10.2017.
7. **Голден П.Б.** К вопросу о происхождении племенных названий кипчаков // Сб. мат. международной научной конференции Кыпчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. Астана, 2013. – 430.
8. **Ахинжанов С.М.** Об этническом составе кипчаков средневекового Казахстана // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. А-Ата: Наука, 1976. – С. 81-93.
9. **Аристов Н.А.** Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб.: тип. С.Н.Худекова, 1897. – 182 с.
10. **Маркварт И.** О происхождении народа куманов. Пер. А.Немировой. Труды Королев. научн. общ. в Геттингене, серия Философия-история, т. XIII, №1. – 134 с.

М.Х.ДУЛАТИДЫҢ ЕҢ БАСТЫ ЕҢБЕГІ – «ТАРИХ-И РАШИДИ»

Назым ҚАСЫМОВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының магистр оқытушысы,
Жадыра ҚАЛЕЛОВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының магистр оқытушысы

М.Х.Дулатидың даңқын дүние жүзіне таратқан – әсіресе, оның парсы тілінде жазылған «Тарих-и Рашиди» деген кітабы. Бұл кітап бүгінде барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін ұлттық құндылықтардың бірі болып отыр.

«Тарих-и Рашиди» – Орталық Азия халықтарының XIII-XVI ғасырлардағы тарихы мен географиясы, этнографиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы классикалық шығарма. Аталған еңбекте қазақтар мен моғол хандарының тарихы баяндалады. Сондай-ақ, зерттеуде Ауғанстан, Тибет, Үнді елдерінде болған саяси, мәдени және әлеуметтік оқиғалар да қамтылған. Осы аймақтарды мекендеген ру-тайпалардың тарихы, қоғамдық-әлеуметтік өмірі, әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-санасы туралы жазылған. Өте мол деректерге негізделген еңбектің құндылығы соншалықты, қазіргі кезге дейін Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетін зерделеуші дүние жүзі ғалымдарының ешқайсысы «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сүйенбей кете алмайды. **Ресейлік шығыстанушы ғалым Вельяминов-Зернов:** «Тарих-и Рашиди» – ең қадірлі еңбектің бірі. Мұхаммед Хайдардың жазғандары ылғи соны, өте қызықты келеді. Ол тарихи баяндауда әрқашан зор дәлелдерге сүйенеді, тілі өте айқын және бұл сияқты ерекшелікті «Тарих-и Рашидидің» авторынан күту сыйымды да» [1, 350-б.], – деп, жоғары баға берген.

«Тарих-и Рашидиді» жазу үстінде М.Х.Дулати өзіне дейінгі мынадай араб, парсы, түркі текті белгілі тарихшы, жылнамашылар еңбектерін мұқият зерттеп, тиянақты пайдаланады: Жамаладдин Қарши, Руми, Рашид ад-Дин, Газневи, Бабыр, т.б. Сонымен қатар Жовейни, Рашид ад-дин Али Йазди, Абдуразақ Самарқанди сынды атақты ғалымдардың да тарихи шығармаларын қолдануы оның шағатай тілінен басқа араб, парсы тілдерін де жақсы білгенін көрсетеді. М.Х.Дулатидың негізгі еңбегіне қосымша екінші кітабының тарихи-мемуарлық сипаты басым. Мұнда ол өз өмірбаянын жазады. Кітапта автор өзі көріп, куәсі болған немесе естіген жәйттар мен түрлі оқиғаларды қаз-қалпында баяндаған. Сол себептен оны әдеби-мемуарлық, көркем проза тарихындағы алғашқы үлгі ретінде қабылдауға болады. М.Х.Дулати еңбекте шығыс ақын-жазушыларына, ғұлама ғалымдарына тоқталады. Олардың поэзиясына теориялық талдау жасап, өлеңдерінен мысалдар келтіреді. Сондай-ақ, сурет өнерінің тарихын да баян-

дайды. Суретші Бекзада мен оның шәкірттері салған бейнелерге жан-жақты талдау жасайды. Ол өз шығармаларында сол кезеңде өмір сүрген жүздеген тарихи тұлғалардың есімдерін атайды. Орта ғасырларда өмір сүрген тұлғалардың адамгершілігін, өнерін, қайраткерлігін суреттей келіп, олардың тарихи оқиғаларға қатыстылығын талдап көрсетеді, нақты тұжырымдайды. Осылайша, Моғолстанның тұңғыш билеушісі Тоғылық Темірден бастап, соңғы билеушісі Сұлтан Саид ханға дейінгі билік құрған хандардың, Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібектің, сонымен қатар одан кейінгі ел билеушілері Бұрындық пен Қасымның, Мамаш пен Тахир хандардың, мемлекет қайраткері және ғалым Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың, атақты ақындар Өлішер Науаи мен Өбдірахман Жәмидің, сол заманның атақты суретшісі Бекзаданың және т.б. көптеген тұлғалардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік өмірлерін шынайы көрсетеді.

Хайдар Дулати – дала тұрғындарының әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жоралғы, т.б. өзіндік психологиялық ерекшеліктерін тікелей көріп, естіп-білгендерін, тарихи шындыққа негіздей жазған әмбебап ғұлама. **Ол туралы Бабыр былай дейді:** «...қолы әр нәрсеге шебер, оның қолынан келмейтін ісі жоқ; ол әрі жазушы, әрі суретші, сонымен бірге садаққа оқ жасап, оның жебелерін өзі істейді, әрі дарынды (құйма) ақын».

М.Х.Дулатидың көшпелі қазақтардың психологиясы жайлы жазғандарын осы тақырып төңірегіндегі алғашқы пікірлер деуге әбден болады. Автор дала халқының ерекшеліктерін былайша тізбектейді: «...бізде сирек ұшырасатын, қымбат заттар жоқ, дүние жиһаздарымыз да көп емес. Ең басты байлығымыз – жылқы, оның еті мен терісі біздің ең тәуір тағамымыз бен киіміміз...». Көшпенділер үшін жылқы малының мән-маңызын жырламаған қазақ ғұламалары кемде-кем. Әсіресе, бұл тақырыпта қазақ ғұламалары Ө.Тілеуқабылұлы, Қадырғали Жалайри, Ақтамберді жырау, т.б. тұлғаларды ерекше атауға болады. Бұлардың туындыларында жылқының психологиясы да жеріне жеткізіле суреттелгені белгілі. Дегенмен, Мұхаммед Хайдаридың суреттемелері бәрінен де жоғары тұр.

Хайдар Дулати көшпелі халықтың психологиясы жайлы айтқан түйіндерін ары қарай жалғастыра келіп: «жерімізде бау-бақша да, ғимараттар да жоқ, біздің көңіл көтеретін жеріміз – малдың жайылымы мен жылқы үйірі, сон-

дықтан біз жылқыға көзіміз тоймай, қызыға қарап тамашалаймыз, өйткені дала адамдарына жылқысыз өмір – қараң қалған өмір...», – дейді [1, 351-б.]. Ол көшпенділер үшін шөлдесе – сусын, ішсе – тамақ, қымыздың сыр-сипатына да ерекше тоқталады.

Еңбекте халқымыздың қонақжайлылығы мен ұлттық тағамдары да өте мәнді дәріптеледі: Саид хан әңгімесінде, олар табынға келгенде Қасым хан оны қарап шығып: *«Менің барлық табыныма теңейтін екі арғымағым бар»* дегенін айтады. Бұл арғымақтарды алып келеді. Саид хан осы екі арғымақтай жылқыны мен ешқашан көрген емеспін деп әлденеше рет қайталап айтқан. Қасым хан оған: *«Адамдар аттың күшінің арқасында өмір сүреді. Мен де осы екі арғымақтан басқа көңілімнен шығатын жылқы жоқ, сондықтан оның екеуін де сыйлай алмаймын. Сіз менің кәдірлі қонағымсыз, сондықтан өзіңізге ұнаған біреуін таңдаңыз, ал екіншісін маған қалдырыңыз»*, – деп айтыпты. Содан кейін екеуін де суреттеп береді. Саид хан олардың біреуін қалайды. Ол арғымақты Оғлан Түрік деп атайды. Қасым хан табынынан таңдап және бірнеше арғымақ сыйлайды.

Туған халқына деген асқан сүйіспеншілік оның жер-суына, тау-тасына деген перзенттік парыз – еңбектің бүкіл өн-бойынан ерекше байқалады. Сондықтан да мұны қазіргі жастарымыздың елге, атамекенге халқына деген патриоттық сезімін баулуға, ұлттық намысты қызғыштай қорғау жолында іздесе таптырмайтын еңбек деуге болады.

Бұл шығармада көрініс тапқан өзекті дүниенің бірі – тарихи таным мен құқық мәселелері. Тарихи таным – кез келген ұлтты біріктіретін, қалыптастыратын, оны дамытатын тетік. Тарихи танымға байланысты ол: *«тарихи шежірелер бұрынғы өткен адамдардың өмірін танып-білуге қызмет етеді және бұл тарих ғылымының артықшылығын көрсететін айқын дәлел»* [2, 465-б.], – деп жазады.

Ғалымды ерекше дараландыратын тағы бір қасиет – тарихты жазуға қатаң талаптар қоюы. Осы талаптар қатарында *«шындықты ғана жазуды», «оқиғаның айна-қатесіз, дәл баяндалуын», «білген жәйттерді толық баяндауды»* атап өтуге болады. М.Х.Дулатиды жазбаша тарихнаманың негізін салушы деп біз толық айта аламыз. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің кіріспесінде ол: *«мүмкіншіліктің болмағанына және білімнің аздығына қарамастан, осы үлкен жұмысқа ден қойдым. Қаншалықты тағдыр жүгі ауыр болғанына қарамастан, ұлы тағдырға лайық болуды қаладым. Егер де мен батылдықпен осы маңызды іске бет бұрмасам – шежірелер тарих бетінен жойылып кетер деген жүрек дірілі еді»*, – деп жазады [3, 95-б.]. Ғалымның осы сөздерінен оның бүкіл бір дәуір жайлы тарихи деректердің жоғалмай сақталуы үшін зор жауапкершілікті сезінгенін байқаймыз. **«Тарих-и-Рашиди»** еңбегін жазуда оның шеберлігі, саналуан деректерді тапқыр пайдаланғаны оның қайталанбас, біртуар ғалым екеніне көзімізді тағы бір жеткізіп отыр.

Еңбектің ішіндегі ең бастысы – халқымыздың тарихына қатысты мағлұматтар. Осы ретте Қазақ Хандығының құрылуы мен тыныс-тіршілігі, өмір сүрген ортасы, көршілермен болған қарым-қатынасы жайлы Мырза Хайдар секілді жүйелі де нақты жазған қаламгерлер кемде-кем. Ата-бабалары Моғолстан

жерінде билік құрған Мұхаммед Хайдардың өскен-өнген ортасы тарихта аты да, заты да қалған тұлғалар болатын. Ал туған нағашы атасы Моғолстанның ханы болды. Ол – 72 жыл ғұмыр кешкен, көптеген кітаптар жазып қалдырған, бүгінде зираты Ташкенттегі Төле бидің кесенесінің батыс арасында жатқан Жүніс хан. Жүніс ханның інісі Есенбұға хан болып тұрған кезде Қазақ Ордасын құрған Жәнібек хан мен Керей ханға Шу алқабынан қоныс берді. Мұның бәрі төл тарихымызға тікелей қатысты аса мәнді оқиғалар. Қазақ деген сөзді Мұхаммед Хайдар дүние жүзіне **«Тарих-и Рашиди»** арқылы паш етті. Қазақ деген сөзді шет елге таныстырған да Дулати болды. М.Х.Дулати ойларын тұжырымдай келе, қазақ халқының тарих сахнасына көтерілген кезі 1465-ші жыл екенін нақтылай көрсеткен [4, 176-5-б.].

Ғалымның әділеттілік туралы айтқан пікірі өте маңызды. *«Әділеттілік – философиялық, құқықтық және этикалық маңызы бар әлеуметтік құндылық. Адамзат баласы әрқашан да әділеттілікке, теңдікке ұмтылған. Олар әділеттілікке сүйене отырып қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси оқиғаларға баға беріп отырған»* [4, 178-б.], – деп жазады ғалым. Адамдар арасындағы теңдік, әділеттілік мәселесіне ерекше көңіл бөлген автор: *«Біреуге жамандық істеме, ол істеген жамандығың ертең міндетті түрде өзіңе қайтып келеді»*, – деп адамдарды осы әдеттен сақтандырады. Өмірден көптеген мысалдарды келтіре отырып, М.Х.Дулати: *«Теңдік жоқ жерде ешқашан да әділеттілік болмайды»*, – деген пікір білдіреді. Әділеттің салтанат құруына жол бермейтін жағдайлар ретінде ол қаталдықты, жүгенсіздікті, сараңдықты, екіжүзділікті атайды. Адамға тән қасиет ретінде ол шексіз әділетті болуды айтады [5, 15-бет.].

М.Х.Дулатидың пікірінше, ел тұрғындарының өтініштерін міндетті түрде бұлжытпай орындайтын, одан қашқақтамайтынлай лайықты басшы ел билесе, сол елде тәртіп, әділеттілік салтанат құрады. Міне, осы жоғарыда келтірілген құқық, тәртіп, әділеттілік туралы пікірлерін данышпан ғалым осыдан бес ғасыр бұрын айтып кеткен. Баға жетпес сәуегейлік дүниетанымы өте жоғары болған бабамыздың тарихи-тағылымдық, құқықтық танымы бүгінгі күнде өз маңызын жоғалтпай, ұрпақтары тәуелсіз, құқықтық, демократиялық мемлекет құрып жатқанда олардың кәдесіне жарап отыр.

Ұлы ойшыл, саясаткер, ғалым елдікті, ынтымақты көп ойлаған. Сондағы мақсаты, ұжымдасу, бас қосқан күшті басқарудың өнерін іздестірген, яғни ортақ мүддені, ортақ міндет пен мақсатты мойындау, оны жүзеге асыруда табандылық көрсеткен. Бұл – ұлы тұлғаның арманы, өзіндік бір өрісі. Ұлы ғалым: *«адамға бас бостандығынан, өз еркіндігінен артық ешнәрсе жоқ»*, – деп, өз рубяттарында көрсетеді.

Мысалы:

Жат елде мен шаттануды білмедім,

Еш нәрсеге мәз-мейрам боп күлмедім.

Яғни, осы өлең жолдарынан ұлы тұлғаның атамекенге деген сағыныш сезімін, қамқорлығын көреміз. Қазақ топырағынан шыққан Дулатидың еңбектерімен, өмірімен таныса отырып, ұлтымыздың ұлт болып қалыптасуына, дамуына жан-жақты күшін жұмсаған ойшылдың идеялары ХХІ ғасырға аяқ басқан кезеңде өзекті болып отыр.

М.Х.Дулати – ойшыл, жан-жақты білімдар, ғұлама, қаламы қарымды тарихшы, мемуаршы, ақын, мемлекет қайраткері, қолбасшы – игермеген өнер саласы қалмаған энциклопедист тұлға. Оның осы қасиеттері «Тарих-и Рашидиден» айқын көрініп отырады. Ғалымдар «Тарих-и Рашидиді» қайта-қайта зерделеп оқу барысында бұл еңбекте 40-қа жуық ғылым саласы қамтылатынын саралап көрсетті. Бұл дерек «Тарих-и Рашидидің» шын мәнінде энциклопедиялық еңбек екенін, шет ел ғалымдары мен шығыстанушыларының қызығушылығына үлкен негіз барлығын айқын аңғартады. Өзіміз күнделікті айналысып жүрген оқу мәселесін алып қарайықшы.

Қазір мектепке 6 жастан бастап оқытуға көшу қолға алынуда. Ал шығыс елдерінде бала қай жастан бастап мектепке барған? Бұл – өте маңызды мәселе. Біздегі бар ағартушылық әдебиеттерден, ғылыми еңбектерден бұған нақты жауап ала алмайсыз. **Ал М.Х.Дулати бабамыз сол кездегі дәстүр бойынша бала 4 жасқа толғанда мектепке апаратынын айтады.** «Әкем Хорасанға келген бір сапарында мені атақты Шеихәл-Исламидің алдына батасын алуға алып барды. Ол кісі оң тізесінің үстіне отырғызып, маңдайымнан сипап, мейір шапағатымен батасын беріп, ақ жол тілеп еді» [6, 664-бет.], – деп жазады. Жалпы, «Тарих-и Рашиди» ұзақ жылдар бойы қолжазба күйінде сақталып келгеніне қарамастан, тарихи деректерінің нақтылығы, дәйектілігі, айқындылығы мен шынайылығына орай Үнді, Пәкістан, Ауғанстан, Иран, Орта Азия, сондай-ақ, Ресей және Еуропа елдері ғалымдарының назарын үнемі өзіне аударып келді. Әлем ғалымдары аталған еңбекті дәйекті мұрағаттық мәліметтерге негізделген тарихи анықтама ретінде қолданады. Мәселен, **XVI-XVII** ғасырлардағы Үнді және Орта Азия тарихшылары «Тарих-и Рашидиді» өз еңбектерінде көп пайдаланған. Үндістанның атақты ғалымдарының бірі Ағзам өзінің «Кашмир тарихы» атты кітабын Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидиіне» сүйеніп жазғанын атап айтады.

М.Х.Дулатидың «Тарих-и Рашидиі» – ең алдымен қазақ халқының төл мұрасы, сондай-ақ түрік халықтарына да ортақ мәдени ескерткіш. Жалпы бұл еңбек – бір халықтың мұрасы аясынан шығып, адамзатқа ортақ асыл ой-қазынасының кеусар бұлағына әлдеқашан-ақ айналған рухани қазына.

Сондай-ақ М.Х.Дулатидың қаламынан «Тарих-и-Рашидиден» қатар «Жаһаннаме» атты поэма да туғаны белгілі. Оның ақындық өнерін дәлелдеп берер нақты дүниесі осы екендігі де даусыз.

Ғалым еңбектерінің әлем кітапханалары мен қолжазба қорларына шашырап кеткендігі сияқты, поэма да көпке дейін беймәлім болып келді. Оны Берлин кітапханасынан кездейсоқ ұшыратып, оқып, 1937 жылы неміс тілінде ол туралы шағын да болса тұңғыш мақала жазған – башқұрт ғалымы **Ахмет Зәки Уәлиди Тоған (1891-1970)** еді.

«Жаһаннаме» – 1533 жылы философиялық сарында жазылған шығарма. Дастанға Саид хан қайтыс болып, мемлекет басына оның ұлы Әбдірашид /Рашид/ хан болып отырысымен әкесіне кереғар саясат жүргізуіне байланысты туған

оқиғалар арқау болған. Сөйтіп, автор мұнда «Тарихи-Рашидидің» жеті-сегіз тарауына жүк болған сан алуан оқиғаларды бар-жоғы он шақты бәйітке сыйдырып жібереді. Әрі онда сол кездегі қоғамдық-саяси жағдай, ел өмірі, халық басына қасірет әкелген Әбу Бәкірдің зұлымдығы, бірақ оның өзінің де ақыры мерт болған қасіретті тағдыры суреттелген. Ақын Әбу Бәкірге Саид ханды, оның әділеттілігін, парасаттылығын қарсы қояды. Саид хан таққа отырып, көңілі жайланғаннан кейін бұрынғы дұшпандарының көпшілігіне кешірім жасап, оларды өз жағына тартуға тырысқан. Халықтың тұрмыс жағдайын түзетіп, шекарасын кеңейтіп, нығайтуға әрекет жасаған. Қираған қалалар мен елді мекендерді қалпына келтіріп, мешіт-медреселер салдырған. Мырза Хайдар Саид ханның үлкен жүректі азаматтығы, соның арқасында өзі сияқты жетімдік көрген жаны жаралылардың қасірет шеңгелінен құтылғанын айтып, поэмада Саид хан мен Махмұт Ғазнауиді, Аяз бен өзін салыстырады.

Саид хан өзін туған ұлынан кем көрмей, алақанына салғанын, жақсы білім алуға жағдай жасағанын М.Х.Дулати былайша баяндайды:

«Ол әкелік сүйіспеншілікпен мені жетімдік қасіретінен құтқарып, қамқорлығына алды және де мені жақсы көріп, маған ілтипатының ерекше болғандығы сонша, мен оның інілері мен балаларының қызғанышына қалдым. Оның қасында тұрған 2 жыл ішінде мен білім алып, алыс пен жақынды таныдым, уайым-қамсыз, тамаша күн кештім. Мен көркем жазу, сауатты жазып-сызу, өлең өнері, стилистика, сурет салу мен алтынмен әшекейлеу және басқа да кәсіптер бойынша өз құрбыларым арасында озып, ерекше шеберлік таныттым. Сондай-ақ, мемлекет істерін басқару мен жүргізу... түнгі жорық, атыс, соғыс, аң аулауды ұйымдастыру мен жүргізу, қойшы, әйтеуір, мемлекет ісіне қажеттінің бәрінде де ол менің ұстазым, әрі ақылшым болды» [6, 680-бет.], – деп жазады.

Иә, қарымды қаламгер өз өмірінде қасірет пен қайғы, азап пен дерт һәм мұңды көрудей-ақ көрген. Сол себепті де ол барлық еңбегінде өмірден, қоғамнан әділдік, тазалық іздеп, соны ту етуге тырысты. Өзінің мөлдір де адал сезімімен айналасына нұрлы шуақ шашқысы келді. Ақындық мәдениеті жоғары қаламгер поэмада нені сөз етсе де, нендей жәйтты суреттесе де оған азаматтық көзбен қарап, шындық тұрғысынан келуге тырысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Жеменей И.** Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер. (Монография). – Алматы: Зерде, 2007. – 350 б.
2. **Валиханов Ч.Ч.** Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата, 1985. – Т. 4. – 460 с.
3. **Көмеков Б., Кәрібаев Б.** Мұхаммед Хайдар Дулат – тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2005. – 95 б.
4. **Дербісәлиев Ә.** Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 176-179 бб.
5. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Ататек, 2010. – 2- том. – 16 б.
6. **Мұхаммед Хайдар Дулати.** Тарих-и Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 664-680 б.

Талдықорған қаласы.

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК КӨЗҚАРАСЫ және оның қалыптасуына ықпал еткен факторлар

М.ҮСТЕМБЕКОВА (Рустамбекова),
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың тарих кафедрасының
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,
М.АЛДАБЕРГЕНОВА,
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, PhD

Қазақ даласының Ресейге қосылуы XIX ғасырдың орта кезінде аяқталды. Осыдан бастап Қазақстан әкімшілік басқару және саяси-шаруашылық жағынан Ресейге тәуелді күй кешкен. Ресейдің тұрмысында болған экономикалық өзгерістер, саяси оқиғалар, мәдени дамулар азды-көпті, ертелі-кешті қазақ жерінде де болып, қазақ халқы өмірінің әр саласына әсерін тигізіп отырды. Міне, осындай өзгерістер қазақ даласында оқу-ағарту жұмысын жандандырып, күшейтіп, қазақ тілінде кітаптар мен газеттер шығаруға септігін тигізді. Қазақ халқының сана-сезімінің оянуына, дамуына ықпал етті.

Патша үкіметі Қазақстанның әр жерінде жүйелі оқу орындарын, орыс-қазақ мектептерін ашты. Олар Торғайда, Қостанайда, Оралда, Ақмолада, Семейде, Алматыда, Ақмешітте, Қазалыда, Түркістанда, т.б. жерлерде бірінен-соң бірі ашылды. Әлбетте, құнарсыз жерге егін шықпайтыны секілді, дәуірдің өзі заман талабына орай ел үшін еңіреп туған ұлдарын дүниеге келтіріп отырғаны тарихтан белгілі. Халықтың халық болып, өзге де іргелі елдермен иық теңестіру үшін ең алдымен қараңғылықтан арылып, білім бұлағынан сусындауы қажет екенін бар болмысымен түсінген және соған жан-тәнімен үндеген Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин секілді қазақтың ағартушылары болған. Олар қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте қарап, тарихымызда өшпестей із қалдырды [1, 2, 3].

Халқымыздың жарқын болашағын көрегендікпен болжай білген Ыбырай атамыз: «Қазақ халқы азбаған халық, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр», – деп жазды [4].

XIX ғасырдың бас кезі дүниені дүр сілкіндірген қилы-қилы тарихи оқиғаларға толы кезең болды. Сөз жоқ, бұл экономикалық зор өзгерістер, саяси күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, төңкерістер өз кезеңдерінде қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмыстарына үлкен әсер етті.

Жоғарыда атап өткен қоғамдағы ірі оқиғалар нәтижесінде халықтың сана-сезімі оянып, қазақ даласындағы мектеп-медреселердің көпшілігі жаңаша төте оқу тәртібіне көшті. Онда есеп, табиғаттану, география, тарих, ана тілі, орыс тілі, т.б. пәндерден шамалы түсініктер, ұғымдар, мәліметтер беретін болды.

XX ғасырдың басында ақын-жазушы, заңгер, дәрігер, инженері бар қазақтың бір шоғыр зиялы ұлдары саяси-қоғамдық сахнаға шықты. Олар қазақ ғылымының қалыптасуына, өркениеттің, мәдениеттің дамуына, рухани өрлеуіне барынша себепкер болу үшін талпыныстар жасап, нақты, батыл және айқын әрекетке көшті. Жаңа заман ағымына сай қазақтың бар ауыртпалығын мойымай, қажырмен көтеріп, қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын қалады. Олар буыны қатпаған жас қоғамның ішкі саясатының басты бағыттары ең алдымен халықтың күре тамырына атой салған еркіндік, азаттық, бостандық

сүйгіш сезімдеріне қозғау салып, жігерлендіру саяси көзқарастарын қалыптастырып, көздерін ашу жолында тер төкті. “Оян, қазақ” деп ұран тастап, көк аспанды жаңғыртты. Осы мақсатта халыққа білім беру, оқу-ағарту салаларында батыл қадамдар жасады.

Шоқан, Абай, Ыбырай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын XX ғасырдың басында алаш арыстары жалғастырды. Бұлардың әр қайсысы өз зердесінде “Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана» деп кезінде Ы.Алтынсарин айтқан ұлағатты сөзді мықтап түйді. Қазақ халқының іргелі ел болуы үшін олар ұлттық тіл мен әдебиет, мектеп пен баспасөздің аса қажет екеніне барша жұрттың назарын аударды, ұлттық мектеп болуы үшін онда сол халықтың қаны мен жаны, рухы болуы тиіс деді [5, 6, 7, 8].

Сол жылдары қазақ педагогикасының кейбір мәселелері бойынша ақын-жазушылар С.Көбеев, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуов, М.Сералин, Ш.Құдайбердиев, С.Ерубаев, т.б. ой-пікірлерін білдірді. Олар надандықты, ескішіл көрсоқырлықты сынай отырып, елді оқу-білімді үйренуге шақырды [9, 10, 11, 12, 13].

Қазақ халқының отаршылдық езгі мен қараңғылықта қамалып отырғанын қинала суреттеп, елді оқу-білім жолына шақырған ағартушылық өлеңдер жазып келген бұл ақындар шығармашылығы осы тұста саяси астар алып, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді жырлауға ауысты. Заманның өзгеріп, бостандық таңы ататынына олардың сенімі артты. Жастардың сол кездегі көңіл-күйін С.Торайғыров былай деп суреттейді:

Оқыт бізді, әкетай!

Қам көңілім болсын жай.

Надандықтан құтқарып,

Қуанта көр, құдай-ай! [14]

Империя бұғауынан енді ғана арылып, еркіндік самалын сезіне бастаған халықтар қатарында қазақ халқының алдында да өзінің өткенін жоқтап, болашағының айқын мақсат-жоспарын құру міндеті тұрды. Осы орайда қазақ зиялыларының алдында тұрған ең басты мәселе – өзінің мемлекеттік тұлғасын паш ету, құрылымдық сипатын белгілеу еді. Қазақ зиялылары мемлекет құру мақсатында саяси іс-әрекеттер жоспарлап, мемлекеттік ішкі құрылымы болып саналатын, саяси болмыс, жер мен су, сайлау, билік талаптарын, оқу-ағарту мәселелерін жан-жақты өткір де батыл қоя бастады. Әсіресе, халық санасын оятудың ең қарулы күші сауатсыздықты жою деп анықталып, осы бағыттағы шаралар қолға алынды. Елде жалпы міндетті оқу, бастауыш мектепте балаларды ана тілінде оқыту, оқу кітаптарын «Қазақ» газеті емлесі бойынша жазу, ұлт мектептерін жер-жерде жаппай ашу, «русско-туземный школарды» жабу туралы мәселелер ашық айтыла бастады.

1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында I жалпы қазақ құрылтайы өтті. Оның

күн тәртібінде: жер мәселесі, мемлекеттік басқару, автономия құру, халық милициясын құру, сот ісі, дін мәселесі, әйел теңдігі және оқу-ағарту мәселелері талқыланды.

1918 жылы 30 сәуірде Түркістан Автономиялы Кеңестік социалистік республикасы жарияланып, астанасы Ташкент болып бекітілді. Мұсылман бюросы саяси белсенді ұйым ретінде танылып, оның құрамына Т.Рысқұлов, С.Аспандияров, С.Қожановтар тартылды. Бұл саяси күш ел өміріндегі елеулі саяси және қоғамдық бастамаларға ұйытқы бола білді. Елде рухани серпіліс қанат жайып, экономикалық оң өзгерістер қуат алып келе жатты. Ағарту саласында түбірлі оқиғалар болды. Сауатсыздықты жою, тегін білім беру мәселесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілді. Осы қарқынды одан әрі жедел жүргізу мақсатында Түркістан Автономиялы Республикасы “Тұрғындар арасында сауатсыздықты жою” атты декрет шығарды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін тез арада педагог мамандарын даярлау, оқу құралдарын ана тілінде көптеп шығару міндеттері тұрды.

1924 жылы сәуірде “Сауатсыздық жойылсын” қоғамы құрылды. 1921-27 жылдары 200 мың адам сауатын ашып, 1928 жылдың аяғында сауатты адамдар 25%, ал оның ішінде қазақтар 10% болды.

1930 жылдары қазақ әдебиетінің қатары сол кездегі жоғары оқу орындарын төмамдап, оң-солын біліп келген жастармен толықты. Бұл ретте Мәскеулік Қызыл профессор институты, И.В.Сталин атындағы Күншығыс коммунистік университеті, Ленинградтың тарих-лингвистика институты және Қазақ халық ағарту институты, т.б. жоғары оқу орнындарын атап өтуімізге болады. Осы оқу орнындарында білім алып келген жастар қатарына: **Қ.Аманжолов, Ж.Сайын, Ә.Сәрсенбаев, С.Ерубаев, Д. Әбілов,** т.б. атауымызға болады.

XX ғасырдың 20-30-жылдары қоғамдық дамуға саяси қозғалыстарға айтарлықтай үлес қосқан қазақ зиялыларының қайсысы болмасын қайталанбас, жеке-жеке шоқтығы биік заман тұлғалары ретінде бір мүдде, бір мақсатқа, яғни қазақ елінің жарқын болашағы үшін өз ғұмырлары мен саналы тіршіліктерін, адамгершілігі мен білімдерін аямай жұмсады.

Расында да ұлт мектептерінде ана тілімен қатар, сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, географиясы мен экологиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, елдік дәстүрі жайында тиянақты білім берілмесе, онда ол ұлттық мектеп бола алмайтыны хақ. *“Қазақтың тағдыры, – деп жазды Мағжан Жұмабаев бұдан алпыс жыл бұрын, – келешекте ел болуы да, мектебінің қандай негізде құрылуына*

барып тіреледі... мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады” [15].

Қорытындылай келе жаңа тұрпаттағы, адамгершілігі жоғары адамды тәрбиелеуде, жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыруда қазақ халқының өткендегі озық өнегелі рухани мұрасы, педагогикалық ой-пікірлері саласында жинақталған тәжірибелерінің, соның ішінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары мен ағартушыларының құнды көзқарастары мен идеяларының маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Сембаев Ә.І.** Абай – қазақ халқының ұлы ағартушысы. Қаз. мектебі. 1970. №7. – Б. 10-15.
2. **Алтынсарин И.** // Собр. Соч. т. 2, А: Ғылым, 1975, с.359.
3. **Валиханов Ч.Ч.** Собрания соч. в пяти томах. Т.1. – Алматы. 1961. с. 499.
4. **Құл-Мұхамед.** Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы: Атамұра, 1998.
5. **Жұмабаев М.** Көп томдық шығармалар жинағы / М.Жұмабаев. Т. 2 : Өлеңдер, дастандар, аудармалар / ред. Есенбай Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2008. - 208 б.
6. **Аймауытов Ж.** Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. - Алматы: Ғылым, 1999. -110-290 бет.
7. **Міржақып Дулатов.** «Азамат» жинағы.
8. **Көбеев С.** Орындалған арман. – Алматы, 1954. – Б. 141-143.
9. **Қирабаев С.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / С.Қирабаев. Т. 8 / ред.: Ұ. Оспанбай, Ә.Орынбаева. - Алматы: Қазығұрт, 2007. - 448 б.
10. Әдеби жәдігерлер: 20-томдық / ҚР мәдениет және ақпарат м-гі, ҚР білім және ғылым м-гі, М.О.Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты; [құраст. А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы].- Алматы: Таймас, 2008.- (Әдеби жәдігерлер).
11. **Ергөбеков С.С.** Мұхаметжан Сералиннің әдеби-публицистикалық мұрасы: Автореферат/ Ергөбеков С.С. - Алматы: [б. и.], 1996. - 24 с.
12. **Шәкәрім.** Шығармалары. А.:Жазушы, 1998.
13. **Мырзалиев Қ.** Саттар Ерубаев // Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1: Өлеңдер жинағы.- Алматы, 1989.- 294-295 б.
14. **Торайғыров С.** Қамар сұлу [Мәтін]: роман / С.Торайғыров.. - Алматы: Жазушы, 2009. - 416 б. - (Қазақтың 100 романы).
15. **Жұмабаев М.** Педагогика (баланы тәрбия қылу жолдары) А:Рауан,1993, 112 б.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен **ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының** іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы

2-3 жылдағы жетістіктері туралы **0.5–1 беттік мәлімет**, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының **2–2.5** (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ҰЛТТЫҚ ДЕРЕКТАНУҒА ҮЛЕС ҚОСҚАН ҒАЛЫМ

Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың бас кезінде қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістерге байланысты Қазақстанның тарих ғылымында және тарихи деректану ғылымында да үлкен бетбұрыс басталды. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар алдында өткен тарихи жолды жаңа тұрғыда зерделеу міндеті тұрды. Осы кезеңнен бастап, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қамбар Махамбетұлы АТАБАЕВ ұлттық тарихи деректану ғылымының өзекті мәселелерін көтере отырып, деректану ғылымын жаңаша жазуға, зерттеуге зор үлес қосты.

КСРО-ның ыдырауы, Қазақстан Тәуелсіздігінің жариялануы, ұлттық сана-сезімнің өсуі, тарих және деректану ғылымының қоғамдағы орнын өзгертуді және өткен тарихты зерттеудің деректік негіздерін оның ішінде Кеңес дәуірінің тарихы да бар, жаңа тұжырымдық негіздегі методологиялық әдістерін қарастыруды талап етті. Кеңестік режим мен коммунистік идеология тыйым салған XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысы, Алаш және Алашорда тарихы да белсенді зерттеле бастады. Бұрын бұл мәселелерге тыйым салынып, жазыла қалған күнде де жағымсыз сипатта берілетін. Қамбар Махамбетұлы осы Алаш және Алашорда тарихының деректеріне деректанулық талдау жасап, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Алаш тарихының жазба деректерінің негізі болған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің шығу тарихы мен қазақ баспасөзінің пайда болуы, қалыптасып даму тарихын ғылыми зерттеуге бағыттап, сүбелі үлес қосты. Алаш зиялыларының өмірі мен шығармашылығын, баспасөздің қалыптасуына қосқан үлесін зерделеп, бүркеншік аттардың кімге тиесілі екендігін деректанулық талдау негізінде анықтап берді.

Оған, «Қазақ» баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 жж.)» атты ғылыми монографиясы, «Ұлт және тарих», «Қазақ» газетінің жүз жылдығын жетім қыздың тойындай өткізетін жөніміз бар ма?» атты мақалалары қоғамдық санаға серпіліс бергендігі күе.

Қамбарбек Махамбетұлы – табиғатынан ұстаз, ағартушы, ұйымдастырушы, ізденімпаз ғалым еді. Бар саналы ғұмырын ғылымға арнады. Қазақстандық деректану ғылымындағы санаулы ғалымдардың бірі де бірегейі. Отандық деректану ғылымдарының теориялық-методологиялық, іргелі мәселелерін зерттеп, зерделеуге қомақты үлес қосты.

Марқұм Қамбар Махамбетұлымен 1990 жылдары тарих факультетінің КСРО тарихы кафедрасына ауысып келген күннен бастап қызметтес, әріптес болдым. Университетте тәуелсіздік алған жылдарға дейін қазақ тілінде деректану пәнінен оқитын бірде-бір оқытушы болған жоқ және деректану пәні тек орыс тілінде ғана оқытылған еді. Осы олқылықты толтыру мақсатында кафедрада тұңғыш рет қазақ тілінде деректану пәнінен дәріс өткізу Қамбар Махамбетұлына жүктелді. Осы кезден бастап-ақ ол жаңа курсты игеру барысында Қазақстан тарихын шынайы зерттеуде тарихи деректердің алатын орны, оның маңызы туралы түсіндіре жүріп, ұлттық деректану ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Ширек ғасырлық тарихы бар тәуелсіз тарихымыздың ашылмаған тың деректері енді ғана зерттеліп жатқандықтан, олар ғылыми сыннан өткен жоқ және бәрі бірдей жүйелі түрде каталогтарға түскен жоқ.

Сондықтан ол тарихымызды оқып-үйрену жолындағы ең таяудағы атқарылатын жұмыстар ретінде деректерді жинау, оны тану әдістерінің қажеттілігін түсіндірді. Иә, рас біз бүгінде ұлттық деректерімізді тану мәселесінде, дамыған Батыс Еуропа елдерінен тек уақыт жағынан ғана емес, сапалық жағынан да көп кейін қалып қойдық. Қазіргі таңда Батыс елдері ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін тиімді пайдалану арқылы, деректанулық зерттеудің жаңа, жоғарғы сатысына көтерілді.

Осыны сезінген профессор Қ.Махамбетұлы шұғыл шаралар қабылдап, ауқымды істер атқарды. Ол дамыған елдердің деректану ғылымы саласында ғасырлар бойы қол жеткізген нәтижелерін меңгеру және солар сияқты ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану арқылы олардың бірнеше ғасырда жүріп өткен жолын, біздің бірнеше онжылдықтарда өту мүмкіндігіміз бар деп есептеді. Осы бағытта әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетінде Қазақстан тарихының деректанулық негіздерімен, оның теориялық және методологиялық проблемаларымен арнайы айналысу мақсатында 1998 жылы деректану және тарихнама кафедрасының ашылуына оң ықпал етті. Қолданбалы деректану бойынша алғаш рет ана тілімізде 2000 жылы «Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 жж.)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Қамбар Атабаев төл деректерімізді тани білу ісіне арналған көптеген ғылыми мақалаларын жариялады. Соның бірі «Тарих пен дерек көзі – фольклор» (Қазақ әдебиеті. 2 тамыз, 2002 ж.) атты ғылыми мақаласында фольклор деректанудың да көзі екенін айта келіп, «Тарихымызды қамтитын хронологиялық шеңберінің кеңдігі, беретін мәлі-

меттерінің көлемінің көптігі жағынан фольклор басқа дерек көздері арасында ерекше орын алады. Фольклорды жете меңгеру тарихшыларға нақты құбылыс тарихын зерттеуде өз көмегін тигізери даусыз», – деп айтқан еді.

Ол «**Ә.Бөкейханов және тарихи деректану ғылымы**» атты еңбегінде алаш көсемінің деректанулық көзқарастарын талдайды. Алаш көсемдерінің өткен ғасырдың басында айтқан деректанулық ойларының бүгінге дейін ғылыми маңызын жоғалтпауы – олардың тұжырымдарының дұрыстығының айқын дәлелі. Мәселен, профессор Атабаев Ә.Бөкейхановтың деректану саласындағы еңбектерін үш топқа бөледі: бірінші, XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының жағдайы туралы дерек беретін Ә.Бөкейхановтың өз еңбектері; екінші, деректерді іздеп, оларды жариялауы; үшінші, деректанушылық ойлары.

А.Байтұрсынов та өз еңбектерінде деректанулық ой-пікірлерін білдіріп отырған. Мысалы, ғалым А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.) атты зерттеуіндегі деректерге қатысты «*мағлұматтарды сымға тартқандай салып, мінсіз етіп көрсетуі қажет, шежірешілер естіген-білгенін сол қалпында, шикі түрінде жазады, ал тарихшылар құр естігенмен қанағаттанбай, рас, өтірігін тексеріп, расын ғана алады*», – деген пікірін деректанушылық ережеге балайды. Е.Бекмаханов, О.Сүлейменовтың еңбектерінде деректанушылық ой-пікірлерден гөрі деректанушылық әдіс-тәсілдер бар. Е.Бекмахановтың деректермен қалай жұмыс істегенін зерттей келе, ол – қазақтың тұңғыш кәсіпқой деректанушы ғалымы деп танып, бағалайды. Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Е.Бекмаханов, О.Сүлейменов еңбектері деректану ғылымының бастау көздері екенін айғақтайды.

Қамбар Махамбетұлы төл тарихи оқулықты ғылыми, ғылыми-көпшілік басылымдарда «Қазақстан тарихы» емес, «Қазақ тарихы» деп атап, зерттеу қажеттігі туралы тың ойлардың бастамашысы болды. Тар көлемді таптық позицияға негізделген Кеңестік тарихнама ұлттардың емес, сол таптардың күресі нәтижесінде пайда болған мемлекеттердің тарихын басты зерттеу объектісі етіп алған. Тіл, жазу сияқты тарих та рухани отарлау, ұлтсыздандыру, яғни орыстандыру құралы ретінде пайдаланылды. 2013 жылы 13 шілдеде жарияланған «Тарих ғылымының болашағы – тарихнама мен деректануда» деген мақаласында: «*Қазақстанның тарих ғылымының зерттеу нысанын – «Қазақ тарихы» деп алу, ол осы ұстанымға сай келеді. Ол, біріншіден, уақыт жағынан қазақ тарихын, оның шыққан тегі: сақ, үйсін, ғұн, түрік дәуірлерінен бастауға мүмкіндік берсе, екіншіден, кеңестік жағынан алғанда тағдырдың тәлкегімен бүгінде әр түрлі мемлекеттердің аумағында қалып қойған, бірақ байырғы ата-баба жерін мекен етіп отырған бес миллионға жуық қандастарымыздың тарихын да толық қамтуға мүмкіндік береді*», – деген еді.

Қ.Атабаевтың «Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918)» атты еңбегі зиялы қауым арасында жоғары бағаланып, үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұл еңбегінде ғалым деректану ғылымының қазақша ұғымдары мен терминдерін жасаған. Деректанудың теориялық

мәселелерін талдай отырып, ұлттық деректеріміздің ерекшеліктерін анықтап, тарихымыздың негізін құрайтын төл деректермен жұмыс істеудің, оларды ғылыми мақсатта пайдаланудың әдістемелерін ұсынады. Ал «Қазақстан тарихының деректанулық негіздері» – тарихшы мамандарға, яғни тарих факультеттерінің бүгінгі студент жастарына, магистранттар мен PhD докторанттарға және басқа да Қазақстан тарихын зерттеушілерге деректанудан білім алуға көмектесетін, қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы. Осы оқу құралында автор деректанудың ғылым ретінде пайда болуының алғышарттары мен ортақ заңдылықтары болатындығын көрсете келе, сол алғышарттар мен заңдылықтардың бізде де пісіп жетілгендігін, ал бұл факторлардың өз кезегінде елімізде жүйелі деректану ғылымының пайда болып, қалыптасуына алып келгенін дәлелдейді. Оқу құралының екінші бөлімінде Қазақстан тарихының дерек көздерін құрайтын ауыз әдебиеті туындыларынан бастап, бір топ төл деректерімізге деректанулық талдау жасайды. Оқулықтың тілі өте жатық, жеңіл жазылған. Автор деректанудың заңдылықтарын, методикасын, теориясын жетік меңгерген. Бұл – практикалық жағынан да, теориялық жағынан да маңызы зор, сапалы еңбек.

Тарих ғылымы – өте күрделі және қиын ғылым болса, осы ғылымның маңызды саласының бірі – деректану. Тарихшы деректі пайдалана білмей, тарихты өз дәрежесінде жаза алмайды. Деректі өңдеу, дұрыс пайдалану, онымен дұрыс жұмыс істеу және талдау тарихтың негізгі маңызды саласы деректануға жатады. Біз осы кезге дейін деректерді тек орыс тілінде оқып келдік. Қазіргі күнде еліміздің жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттарға, болашақ Ph докторларға, тарихшы мамандарға тарих ғылымының аса күрделі салаларының бірі деректанудан білім алуға көмектесетін, осы деректануды қазақша сөйлетіп, оның ұғымын, терминологиясын, әдіс-тәсілдерін ғылыми түсініктерін бір жүйеге келтіріп, бірінші рет ұлттық деректеріміздің ерекшеліктерін анықтап, қазақ тілінде ұсынған көшбасшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қамбар Атабаев.

Қамбар Атабаев туралы Қазақстанға белгілі ғалымдарымыз, т.ғ.д. профессор М.Қ.Қойгелдиев, т.ғ.д. профессор Т.О.Омарбеков, т.ғ.д. профессор Қ.С.Қаражан, т.ғ.д. профессор Т.Ә.Төлебаев, т.ғ.д. профессор Б.Б.Кәрібаев, т.б. елімізге танымал ғалымдар, өздерінің ғылыми мақалаларында ғалымның Қазақстан тарихы ғылымына қосқан елеулі үлесі, оның еңбектерінің маңыздылығы, тарихымызды тану ісінің жаңа саласы – ұлттық деректану ғылымының негізін қалаушы ретінде және деректану саласындағы жемісті еңбектерін жоғары бағалайды.

Ғалым деген ұлы атқа жеткізетін адамның білімі, данышпан ойы, ғылым мен еңбекке деген құштарлығы болса керек. Өзіндік орны бар, өз білімімен биікті бағындырған, өз еңбегімен аты шыққан, өмірін ғылым саласына арнап, ұстаздық еткен, менің ғылыми жұмысыма ресми оппонент болған, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ұлттық деректану ғылымының негізін салған ағамыз Қамбар Махамбетұлының ғылыми мұрасы, оның өмір жолы шәкірттеріне үйреткен адал істері тарихта қалатындығына сенімдіміз.

ЯСАУИГЕ БАЙЛАНЫСТЫ БАТЫСТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Мұхтар ИСАЕВ,
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ғылыми қызметкері, PhD

Түркістан топырағында дүниеге келген Ахмет Ясауидің сопылық ілімі Анадолы, Дешті-Қыпшақ (Алтын Орда), Еділ-Орал аймақтарына дейін жетіп, жүздеген жылдар бойы қазақ, қырғыз, өзбек, Анадолы түріктері, түркімен, башқұрт және татар түріктері үшін рухани негіз ретінде қолданылып келеді.

Қожа Ахмет Ясауидің өмірі, ілімі мен хикметтеріне деген қызығушылық сопының өмір сүрген кезеңінде-ақ басталған еді. Түрік-Ислам дүниесімен бірге, уақыт өте келе батыстық білім адамдары да Ахмет Ясауи тақырыбын қарастыра бастады. XIX ғасырдан бастап ағылшын, неміс, мажар, орыс және шығыс ғалымдары Ахмет Ясауи мен йасауийлік мәселесін арнайы зерттей бастады. Біздің мақсатымыз осы зерттеулерді жинақтап, сараптау және оларға баға беру болмақ.

Батыста жүргізілген йасауийлікке байланысты зерттеулерді бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

I Энциклопедия, библиографиялық сөздік және каталогтардағы мәліметтер. Түрлі энциклопедия, библиографиялық сөздік, каталог және басқа да кітаптарда Ахмет Ясауи мен «Диуани Хикмет» шығармасына қатысты мағлұматтарды кездестіруге болады. Айрықша атап өтсек, П.Мелиоранский, М.Гартман, Х.Ф.Хофманн, Е.Блокет, Е.Дж. В.Гибб сынды көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарында Ахмет Ясауиге байланысты әр түрлі қысқаша мәліметтер беріледі. Мәселен, П.Мелиоранский «Ислам энциклопедиясына» жазған мақаласында Ахмет Ясауидің дүниеге келуі, білім алуы, өлімі мен кесенесі жайында мағлұматтар береді. А.Ясауидің Орта Азиядағы түрік сопылық мектебінің негізін салушы болғанын, Хакім Ата сияқты бірнеше дарынды шәкірттер тәрбиелегенін, хикметтері мен насихат мінажаттарының халық тарапынан көп оқылғанын анықтап көрсетеді. Сонымен қатар, кейін келе хикметтерінің Қазан қаласында жарияланғанын, бірақ жете зерттелмегенін баяндайды. Алайда А.Ясауи осы хикметтердің авторы екендігіне және оның тіліне алғаш күмән келтірген ғалымның бірі де Мелиоранский. Дерек ретінде тек қана «Диуани Хикметтің» қазандық нұсқасы мен Ж.Залеманн тарапынан әзірлеген қолжазбасы, Хакім Ата аңыз-әңгімелеріне сүйеніп жасалған ой-тұжырымы орыс шығыстанушылары тарапынан қолдау тауып, дамытыла түсті. Ориенталист Воровков А.Ясауи хикметтерінің тіл ерекшеліктерін қарастыру барысында сопылық мәтіндерді жақсы білмеушілігінен кейбір қате қорытындыларға келеді [1, 229-250-б.]. Мелиоранский де дәл сондай қателік жібереді. Дәлірек айтқанда, А.Ясауидің «Диуани Хикметтегі» алпыс үш жасында жер астына түсуіне байланысты өлеңдерін қате түсініп, сопыны алпыс үш жасында қайтыс болды деген тұжырым жасайды. Бұл Мелиоранскийдің хикмет мәтіні мен мағынасын жете түсінбегендігін көрсетеді. Алайда, тағы бір орыс ғалымы Л.В.Дмитриеваның Ахмет

Ясауидің биографиясы және «Диуани Хикметке» байланысты ойлары Мелиоранскийден біршама ерекшеленеді. Оның әзірлеген Ленинград Шығыс жазбалар кітапханасындағы түрікше жазба еңбектер каталогында Ахмет Ясауи хикметтерінің XII-XIII ғасырларға тиесілі болғанын, Хажы Жүсіп Хамданидан білім алғанын, Орта Азия сопылығында жаңа мектеп құрғанын айтумен бірге, «Диуани Хикметтің» 24 жазба нұсқасының болғанын сипаттап көрсетеді [2]. Осы орайда айта кететін мәселе, жазба нұсқалары туралы пікір білдірген Д. Кенжетай 1878 – 1910 жылдар аралығында «Диуани хикмет» кітабы Қазан, Стамбул, Самарқан, Өндіжан, Ташкент және Уфада бірнеше рет жарық көрді және ол ұлттың рухани негізіне оралуының айғағы болса керек деген тұжырым жасайды [3]. Бұл осы кезеңдегі Қ.А.Ясауиге байланысты зерттеулердің батыста кеңінен таныла бастауының нәтижесінде жүзеге асты ма деген ой туындайды.

II Өміріне, шығармаларына және аңыз-әңгімелерге байланысты мақалалар. Н.Малицкий, И.Новицкий, Т.Жозеф, В.Гордлевский және басқа да көптеген ғалымдар Ахмет Ясауидің өмірі, шығармалары мен оған байланысты аңыз-әңгімелер бойынша мақалалар жариялады. Н.Малицкий XX ғасырдың басында жариялаған «Әзірет Сұлтан» мақаласында А.Ясауидің шығу тегін баяндай келе, оның мәшһүр шағатай сопысы, шайыры Баба Раһим Машраппен байланысына тоқталады. Мақалада бұрынғы деректерде кездеспейтін Жолбарыс хан мен Ясауидің арасындағы қарым-қатынас туралы айтылады. Баба Самит деген атпен белгілі бұл билеуші, дәруіш әрі шәкірті өлген соң Ясауи кесенесі жанына жерленеді [3, 21-б.]. Бұл Ахмет Ясауидің мемлекет адамдарымен, билеушілермен байланыстарының айқындалуына мүмкіндік береді.

III Ахмет Ясауи кесенесімен байланысты зерттеулер.

Түрік-Ислам дүниесінің құрметі мен қызығушылығының арқасында соңғы кезеңдерде Ахмет Ясауи кесенесіне батыс дүниесі де қызығушылық танытты. П.Пашино, П.Ахмеров, П.Лерх, А.Семенов, И.Умняков, Г.Пугаченкова, Т.Басенов, Л.Маньковская сынды көптеген ғалымдар аталған кесенені зерттеді. 1905 жылы орыс археологы Н.Веселовский нұсқаулығында суретшілер және сәулетшілерден тұратын ғылыми топ Ясауи кесенесі мен мешітін зерттеу мақсатымен Түркістанға келеді. Веселовский «Түркістанға жасалған ғылыми сапар» мақаласында кесенеге байланысты көрген-білгендерінен, зерттеу нәтижелерінен хабар бере келе, Ясауи кесенесіне айрықша бақылаулар жүргізеді [4]. С.Малицкий өз мақаласында кесененің негізінен тарихи және сәулеттік жақтарына назар аударады. Түркістандағы бұл көркем ғимаратты салдырушы Өмір Темірдің өнер қорғаушысы болғанын, Хорасанда көрген керемет өнер туындыларын Түркістанда қалыптастырғанын

айрықша атап өтеді. Оның айтуынша, Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесі Орта Азияның Аясофиясы. Малицкий кесенеді ерекше бір кітапхана болғанын жорамалдайды. Себебі кесене салынғаннан бұрын да оның аймағында ғылым-білім адамдары өмір сүрді. Сонымен қатар, кесененің салынуы түріктердің рухани бірігуіне маңызды ықпал еткенін де сөз етеді [5].

Ғалымдар Ахмет Ясауи кесенесі туралы тек мақалалар ғана емес, зерттеу кітаптарын да жазды. Мәселен, М.Массон Ахмет Ясауи кесенесі туралы арнайы зерттеу кітабын жазып қалдырды. Ол кесененің тарихын жан-жақты зерттеп, ғимараттың алғашқы құрылысы XII ғасырда басталғанын және оны кесенедегі сол заманға тиесілі тастар растайтынын айтады. Ол өзінің кітабында кесененің тарихтағы ұлттық, саяси және стратегиялық маңызын да баяндайды. Темірлік, шайбанилік, астрахандық, қазақ және қалмақ хандарының ғасырлар бойы кесенеге қызмет жасағанын тарихи дәлелдермен анықтап жазады. XVI ғасырдың екінші жартысында астрахандық билеуші II Абдулла хан кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізеді. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Бұқара хандары Даниал мен Хайдар Түркістан кесенесі үшін айрықша жарлық шығарады [6, 18-21-б.].

IV Шығармаларының таралуы және аудармалары. Х.Вамбери, С.Залеманн, П.Комаров, Н.Лыкошин, А.Гаррицкий, А.Адалис сияқты зерттеушілер А.Ясауи мен оның шәкірттерінің шығармалары мен аудармаларын жариялап, осылайша Ясауи ілімін Батыс ғылым дүниесіне танытты. Мажар тарихшысы Вамбери Орта Азияға саяхат жасап, біршама уақыт Мауринахрда өмір сүреді, өлкенің тарихы, мәдениеті, тілі мен әдебиетін зерттейді. *«Мауринахр немесе Бұқара тарихы»*, *«Шағатайша дәріс кітабы»* сынды ғылыми, тарихи және әдеби шығармалар жазып, Еуропада Ахмет Ясауи хикметтері туралы баяндаған алғашқы ғалым тарихшылардың бірі болды. Дәлірек айтқанда, *«Шағатайша дәріс кітабында»* шағатай шайырларының шығармаларынан мысалдар келтірумен қатар, Ахмет Ясауи хикметтерінен де үзінділер ұсынады.

А.Гаррицкий шығыстанушылардың назарынан тыс қалған *«Пақырнама»* рисаласын орысшаға аударды. Ол аударманың алғысөзінде, ғұламаның өмірі, білім алуы мен шәкірттері жайында жазып, Ахмет Ясауи рухани ілімінің ықпалды болуының себептерін былай көрсетеді: *«Егер ұлы шайхтың өзі айтқандарын үлгі етіп орындамағанда оның ілімі бүгінге дейін жетпейтін, Түркістан Пірінің кесенесін зиярат етушілердің саны мұншалықты көп болмайтын, хикметтері де халық арасында кеңінен таралмайтын еді»* [7].

V Ахмет Ясауи сопылық мектебі және шәкірттерінің рухани ықпалдарына қатысты зерттеулер. Оның ойларының тақырыбы және шәкірттерінің рухани жалғастығы мәселесінде де Батыста көптеген зерттеулер жасалды. Бұл мәселеде А.Самойлович, Е.Бертельс, С.Демидов, Г.Снесарев сияқты бірнеше ғалым өз ойларын білдірді. А.Ясауи жолын қушылардың өмірі мен шығармаларын зерттеу мәселесінде Е.Шиллер, П.Пашино, В.В.Бартольд, Г.Снесарев, Дж.С.Тримингэм сынды зерттеушілер өз көзқарастарын білдіреді. Америкалық дипломат және саяхатшы Е.Шиллер өзінің саяхатнамасында 1873 жылы Түркістанға жасаған сапарын жазады. Ахмет Ясауидің тұлғасы және рухани мирасы, сопылық жолы, оның зікір дәстүрі, кесенесіндегі жазулар мен қазан айналасындағы мешіттер мен құдықтарға бай-

ланысты мәліметтер қалдырады. Сонымен қатар, кесененің саяси тұрғыдан маңыздылығын да сөз етеді. Тіпті, Шиллер 1591 жылы Абдолла ханның қолымен жазылып, Ясауи кесенесіне жолданған хатты кесене астындағы сөрелерден көргенін баяндайды. Сондай-ақ, басқа ғалымдар да кесененің саяси және әскери маңыздылығын көрсетеді. Мәселен, П.Лерх кесенеді Түркістан Шейх-ул Ислами Насруллахтың қорғауында сақталған, Ясауи кесенесі үшін Түркістан және Орта Азияның басқа да билеушілері тарапынан жазылған 15 дана хатты көргенін жазады [8, 21-б.]. Ал, А.Семенов Әмір Темірдің кесене үшін жарлық хат шығарғанын, жергілікті билеушілердің кесенені ұдайы зиярат етіп тұратындығын баяндайды [9, 121-130-б.].

VI Хикметтеріне байланысты зерттеулер. Дж. Броккельман, Т.Мензель, А.Семенов, А.Боровков сынды шығыстанушылар мақалаларында негізінен А.Ясауи хикметтеріне тоқталады. Семенов данышпанның өмірі, білім алуы, тариқат іс-әрекеттері, рухани мәртебесі сынды мәселелерге назар аударумен бірге, *«Решехатүл-Айне-л-Хайат»*, *«Сефине-и Евлия»* және *«Хазинетул-Асфия»* еңбектерінің жазылуына Ахмет Ясауи хикметтерінің ықпалы болғанын анықтауға талпыныс жасайды [11, 121-130-б.]. А.Боровков А.Ясауидің өмірі, хикметтері мен шәкірттері жайында мәліметтер беріп, хикметтерінің тіл ерекшеліктерін анықтау бойынша өз пікірлерін ұсынады. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, Боровков Ясауи хикметтерінің мәнін түпкілікті мағынасымен негіздемегендіктен, кейбір қателіктерге жол береді.

Неміс шығыстанушысы Т.Мензельдің *«Ескі Түрік мистиктері»* атты шығармасын да осы тізімге қосуға болады. Бұл кітабында ғалым Ясауидің *«Диуани Хикметі»* және оның тіл ерекшелігі, йасауиліктегі қылу, зікір және оның айырмашылықтарына кеңірек тоқталады [13, 269-289-б.]. Йасауиліктің түріктер арасындағы орнын, әсіресе, Анадолыдағы сопылық ағымдарға йасауиліктің негіз болғанын, хикметтерінің түркі халықтары үшін қаншалықты маңызды болғанын анықтап көрсетеді. Оның пікірінше, *«Диуани Хикметтің»* тілі шығыс түрікшесі екендігін анықтап, *«Құтты білік»* және Орхон жазбаларымен жақыннан байланысы бар деп есептейді. Шығарма түрік-ислам әдебиетінің ең ескі үлгісі ретінде құнды деп баға береді.

XX ғасырдың соңына қарай Ахмет Ясауи мұрасын зерттеу, өмірі мен еңбектерін зерттеу жаңа бір деңгейге көтерілді. Дж. Флетчер, А.Беннингсон, Т.Зарсоун, И.Меликов, А.Бодроглигети, Д.Девиис (Девиистің барлық еңбектері), Д.Хмиловская, Л.Мунтеану, А.Масала, Е.Визинтейнер, А.Пылев сынды батыс ғалымдары Қ.А.Ясауидің өмірі, ілімі мен діни қағидаларына қатысты әртүрлі зерттеулер жүргізді. Сонымен қатар, АҚШ-тық зерттеуші Д.Девиис Ахмет Ясауи және йасауилік тарихына байланысты мақала атауларының өзінен маңызды зерттеулер екендігі көрінеді. Аталған ғалым Ресейде жарияланған *«Ислам»* энциклопедиялық сөздігіне *«Ахмет Ясауи»* материалын жазған. Демек, Девиистің аталған зерттеу еңбегін оқыған адам осы мәселеге байланысты жаңалықтардан хабардар болатыны анық.

Қорыта келе, Ахмет Ясауи және Йасауилік мәселесі батыстық ғалымдар тарапынан әртүрлі деңгейде зерттелді дей аламыз. Аталған еңбектерде кейбір ғалымдар тек мағлұмат берумен шектелсе, кейбірі ғұламаның өмірі, ілімі мен хикметтерін кеңінен зерттеуге талпыныстар жасайды. Ал тағы бірі осы мәселенің тек бір ғана бөлігін қарастырады. Кейбірі А.Ясауи мұрасын ғылыми айналымға шығарып, халыққа танытуды мақсат тұтады. Қысқаша айтқанда,

мәселенің қандайда бір мақсатта зерттелуіне қарамастан, бұл зерттеулерге йасауитанудың дамуы үшін маңызды қадамдар ретінде баға беруге болады. Батыс шығыстанушылары ұсынған жаңалықтарды білу отандық ғылым-білім саласы үшін пайдадан басқа берері жоқ деп білеміз.

РЕЗЮМЕ

Пир Туркестана – Ходжа Ахмада Ясави – основатель тюрко-суфийского течения, один из выдающихся личностей оставивший специфический след в духовной жизни тюрков. Интерес к жизни и хикметом великого ученого, основателя тюрко-суфийской литературы, внесенного большой вклад в развитие нашей культуры и литературы появился при его жизни. В последние столетия и западные ученые стали проявлять интерес к проблеме Ясавия. Были написаны книги и статьи про великого ученого и про его учеников, были переведены отрывки его произведений. А также организовывали научные экспедиции в священном мавзолее. В этой научной статье будут рассмотрены исследовательские экспедиции проводимые в западе.

Khoja Ahmad Yassawi, the leader of Turkic mystics, the elder of Turkistan, has been an important personality in the spiritual history of Turkic people for centuries. As the founder of the Turkic mystical literature, he made a great contribution to the development of our language, literature and culture. The examination and evaluation of the doctrine of this great personality, an attention to his life and his creativity began when he was alive. The researchers have started to write books and articles about the life and thought of the great master and his successors, as well as translated excerpts from their works. Along with these, they organized research trips to the holy mausoleum which is located in Turkestan. In this

article we will try to present and briefly evaluate these research works.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Vassaf Hüseyin. Sefine-i Evliya. Осман тілінен қазіргі түрік тіліне аударған М. Akkuş, A. Yılmaz. – İstanbul: Seha Yay., C I, 1990. s. 391-408.
2. Дмитриева Л.В. Описание тюркских рукописей института Востоковедения. – Москва: Наука, Т.III, 1980. с. 17-27.
3. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 360 б.
4. Новицкий И. "Ходжа Султан Ахмет Ясави" (киргизская легенда), Туркестанские ведомости, 17 февраль, 1912 г.
5. Веселовский Н. "Экспедиция в г. Туркестан для снятия планов и зарисовки в красках местной мечети" // Изв. Русс. Комитета для изучения Средней и Восточной Азии в ист., арх., линг., и этнографическом отношении, - Ст. Петербург, №6, 1906. с. 23-26.
6. Маллицкий С. "Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Ясавийского в г. Туркестане" / Протоколы и сообщения Туркестанского кружка любителей археологии, выпуск XII. - Ташкент. 1907.
7. Массон М. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. – Ташкент: Сыр-Дарьинское отделение Общества изучения Казахстана, 1930.
8. Гаррицкий А. "Из предисловия к «Премудрости» Шейха Ходжи Ахмеда Ясавинского" / Сборник Туркестанского Восточного Института в честь Проф. А.Е. Шмидта. - Ташкент. 1923.
9. Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г., - Санкт-Петербург. 1870.
10. Малов И. Ақызаманкитабы. Мухамеданские учения о кончине мира, // Известия Общества Археологии, Истории и Этнографии при Казанском Университете. XIV. 1897.
11. Gibb E.J. W. OsmanlıŞiiriTarihineGiriş. Түрікшеге ауд. A.CüneydKöksal, - İstanbul: KöksalYayıncılık, 1999. - 156 s.
12. Brockelmann Carl. Ali's Qissa'iJusuf. – Berlin. 1917. p. 3-40.
13. Menzel Th. "Die Aeltesten Türkischen Mystiker", Zeitschr. der Deutsch. Morg.Ges. T. 79, 1925. s. 269-289. // Milletlerarası Hoca Ahmet Yesevî Sempozyumu Bildirileri, - Kayseri 1993.

ҰРПАҚТАР АРАЛЫҚ ЖАД

(Өлкетану деректері ретінде)

Сәуле ЖАНДЫБАЕВА,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің Phd докторанты

Ұрпақтар байланысы тарих ғылымында жаңа тақырып емес. Дегенмен, бұл бағыт, әсіресе, отандық тарих ғылымында жан-жақты зерттелген жоқ. Ұрпақтар аралық жад мәселелерін психологиялық тұрғыдан зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері мен әдістері психология ғылымында түбегейлі орныққан. Мәселенің тарихи тұрғыдан зерттелуі батыстық тарихнамада XX ғасырдың ортасынан кейін кең қанат жайса, ресейлік тарихнамада өткен ғасырдың 80-жылдарында қолға алынды. Әсіресе, XX ғасырдың 80-90-жылдары «жад» (память – авт.) мәселесі тарих ғылымында алдыңғы орынға шығып, тарихи зерттеулердегі ең негізгі тұжырым (концеп – авт.) ретінде қарастырыла бастады.

Ал, қазақстандық тарихнамада бұл мәселе кеңестік күнделікті тұрмыс пен әйелдер бейнесі тұрғысынан санаулы ғана зерттеушілердің еңбектерінде көтерілді [1]. Жалпы тарих ғылымындағы пәнаралық зерттеулер, соның ішінде психология саласымен қатысты зерттеулер бағыты өзекті бо-

лып отыр. Себебі, қоғам қаншалықты қарқынды даму үдерісін өткерген сайын, қоғам мүшелері болып табылатын түрлі ұрпақ өкілдері арасындағы психологиялық-танымдық «қақтығыс» та өрши түседі. Осындай жағдайда өскен ортаның тарихын ұрпақтар жады арқылы сақталған мәліметтер негізінде зерттеу, қарастыру маңызды орын алады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында да «Туған жер» бағдарламасын қолға алу ұсынылды. Елбасы «Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады?» деген сұрақ қоя отырып, «Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің

бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тазатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді», – деп атап көрсетті [2].

Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасуы тұжырымдамасында тарихи ағарту және тәрбиелеу жастарды өз халқының рухани әлеміне баулуға, оның мәдениетінің, тарихының тамырларын үйрету, халық поэзиясы, музыкасын, бейнелеу өнерін түсінуге ықпал ету екендігі баса айтылған. Осы мақсаттарға орай өлкетану жұмысын жаңғырту, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғауды күшейту керектігі де аталып өткен болатын.

Көріп отырғанымыздай, ұрпақтар аралық жадылық өлкетануды маңызды дерек ретінде пайдалану мәселесі күн тәртібінде тұрған маңызды шартқа айналып отыр.

Тарихи өлкетану – жалпы өлкетанудың бір саласы, өзіндік тарихи пән. Тарих ғылымында туған өлкені зерттеу – қоғамдық ой-пікірді қалыптастыратын сала. Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік маңызы бар. Басты тәрбиелік дерек және оның механизмі ретінде жергілікті дәстүр саналады. Яғни ол әртүрлі себептермен зерттеушінің қызығушылығын туғызады. Өлкенің тарихы өте күрделі өлкетанушылық жұмысты талап етеді, жұмыстың көптігімен, уақыт кезеңінде де өте күрделі болып келеді. Өлкетануды зерттеудің негізі – жергілікті жердің тарихын зерттеу. Зерттеу нысандары: ауылдың, қаланың, ауданның, облыстың, республиканың әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи, мәдени және олардың табиғи ерекшеліктерінің дамуы екендігі белгілі.

Сондықтан, ұрпақтар аралық жад аталған мәселелерді зерттеуде тарихи өлкетанудың классикалық дерек көздерімен қатар (археологиялық, этнографиялық, жазба, ауызша деректер) маңызды рөл атқара алады. Негізінен бір отбасы мүшелерінің (ата-апа, әке-ана, бала) белгілі бір тарихи оқиғалардың барысы мен салдарына қатысты пікірлерін, бағаларын талдау арқылы тың тұжырымдар жасауға болады. Бұған А.С.Барковтың «Өлкетану – бірнеше ғылымның кешенді жиынтығы. Ол әр түрлі әдістері мен мазмұнына қарамастан, өлкенің тарихын жан-жақты қарастыруға бағытталады», – деген анықтамасы да дәлел бола алады [3].

Қазір отандық тарих ғылымында тарихи жад немесе ес мәселесіне айрықша көңіл бөлініп, жиі назар аударып, шындап қолға алына бастады. Тарихи зерденің елеулі бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен төл бесігі – туған жерінің жалпы тарихынан географиялық елді мекен атауларына дейін қоғамдық пікірде қайта ерекшеленіп, сын көзбен қаралып, жаңаша мән-мағына берілуде. Әрбір өлкенің тарихы ғасырлар бойы фольклор мен тарихи жыр-дастандар арқылы ұрпақтар санасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып, қорланып келген тарихи естің жиынтығы іспеттес.

Бүгінгі тарих ғылымында, соның ішінде өлкетану мәселесінде зерттеушілер фактологиялық мағлұматтарды қолданумен қатар, оларды тұжырымдық талдаудан өткізуді көздейді. Осындай үдерісте әлеуметтік-мәдени қызметтің тарихи түсінігі тұрғысынан зерттеулерді ерекше назарға аламыз. Қазіргі әлеуметтік-мәдени құбылысты зерттеуге бағытталған тарих методологиясы өзіне философия, мәдениеттану, әлеуметтану және басқа қоғамдық ғылымдардың тұжырымдық және концепциялық түсініктерін жинақтаған. Ұрпақтар арасындағы ес немесе жад (межпоколенческая память – авт.) мәселесін тарихи дерек ретінде пайдалану тарихи танымда куәгердің естеліктерін пайдаланудан бастау алды десек болады. Қазір тарих ғылымында, соның ішінде шет елдік зерттеушілер арасында ауызша тарих (Oral history) – оқиғаның куәгері мен қатысушылардың мағлұматтарын ғылыми тұрғыдан жинақтап қолдану кең қолданыс табуда.

Ауызша тарих әдісін қолдануды дамытқан – ағылшын тарихшысы Пол Томпсонның «Голос прошлого» [4] атты еңбегі. Ауызша деректерді ұрпақтар жадын зерттеулерде қолдану, тарихи тұлғалардан, оқиғаның кейіпкерлерінен мәліметті жазып алып талдау тарихшылар үшін жаңа әдіс ретінде қабылданып отыр. Ұрпақтар арасындағы ортақ ес немесе жадты айқындау мен оған қатысты тұжырым жасау негізінен «сұхбат» (интервью – авт.) алу арқылы жүзеге асырылады. Мұндай «сұхбаттарды» дерек ретінде талдаудан өткізу ХХ ғасырдың 60-жылдарынан зерттеушілер тарапынан қолданыла бастады. Бұл әдіс тарихшылар, этнологтар мен әлеуметтанушылар арасында кеңінен тарады. Батыстық зерттеушілер ауызша тарих терминімен қатар, «естелік тарих» немесе «ауызша сұрастыру тарихы» деген терминдерді қатар қолданды [5]. Ауызша тарих – сұхбат, сөйлесу арқылы тарихи зерттеуді жүргізу тәсілі. Батыстық зерттеушілер ауызша тарихты «қарапайым адам» тарихына қызығушылық тұрғысынан қарастырды.

Ұрпақтар арасындағы жадты сұхбат арқылы талдай отырып, олар оны «күнделікті тарих» мәселелерін баяндауда жиі қолданды. Сондықтан, ұрпақтар арасындағы ес немесе жадты өлкетанушылық зерттеулер жүргізудегі маңызды дерек көзі ретінде қарастыра отырып, біз ең алдымен «сұхбат» алу техникасын меңгеруге тиіспіз. Себебі, белгілі бір өлке тарихының қатпарларын ашу үшін, белгілі бір кезеңде неліктен өлке тарихының белгілі бір бағытқа ауысқанын, сол кезеңде өмір сүрген ата-бабаларымыздың шешімдері мен қызметінің мәнін түсінуіне мүмкіндік беретін нәтижелерге қол жеткізу үшін зерттеушінің өзі бұл мәселені терең білуі тиіс. **Тарихи сұхбат – оны беруші мен алушы арасындағы өнім. Сұхбат алушы тарапынан үлкен ұқыптылық пен ықылас қажет, айтылған мағлұмат сыннан өтуі тиіс. Себебі, сұхбат алушы зерттеуші болғандықтан, сұхбат беруші мен алынған мағлұмат мазмұны үшін өзі жауапкершілік алады.** Сұхбат арқылы дерек жинаудың өзіндік қиындықтары бар. Зерттеуші мағлұматты кәсіби деңгейде саралап, алынған мағлұматты ғылыми тұрғыдан пайдалана білуі тиіс. Сонымен, қатар ұрпақтар арасындағы ес немесе жадты толық қалпына келтіру мақсатында кем дегенде бір отбасының үш буын ұрпағының өкілдері фокус-группа ретінде алынуы тиіс.

Бүгінгі таңдағы қазақ отбасы – қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи оқиғалардың (мысалы, ХХ ғасыр басындағы тарихты ғана алсақ, төңкеріс, аштық, ауа көшу, кеңестік колхоз құрылысы,

соғыс, тыңдағы еңбек, елге оралу, тың және тыңайған жерлерді игеру, «кемелденген социализм», тоталитаризмді әшкерелеу, империяның ыдырауы және т.с.с.), **күрделі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани катаклизмаларды бастан өткерген әулеттердің ұрпақтары**. Дегенмен, осындай күрделі өзгерістерге қарамастан, отбасы мүшелері арасындағы байланыс пен ортақ жад сақталып келеді. Дәстүрлі қазақ отбасы ұрпақтар сабақтастығын сақтаған және оны үзбеген орта ретінде белгілі. Белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүрген отбасы мүшелерінің әрқайсысының өмірлік тәжірибесі мен түйген таным-пайымы келесі ұрпаққа беріліп келді. Түрлі буындағы ұрпақтардың тәжірибелері мен өмірлік танымдарының тоғысуы белгілі бір резонанс тудырады.

Ұрпақтар арасындағы ес немесе жадты өлкетану бойынша тарихи дерек ретінде қарастыра отырып, қазақ халқының тарихындағы ерекше құбылыс шежіре айту дәстүрі мысалында көрсетуге болады. **Академик Ә.Қайдар «Қаңлы» атты еңбегінің «Шежіре туралы кейбір ойлар» атты тараушасында шежірелердің маңызы мен жазылу тарихы туралы былай дейді:** «Шежіре – белгілі бір халық пен ұлыстың, ру-тайпаның шығу тегі мен таралу өрісін, әрбір ұрпақ өкілінің түп-тұқиянынан тартып, ата-бабаларының өсіп-өну жолын саралайтын жадынама, жалпы ел-жұрттың бастан кешірген тарихы мен әлеуметтік өмірін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ауызша да, жазбаша түрінде де паш ететін жәдігер. Сондықтан да, шежіре – қазақ халқының жадында сақталып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа көбінесе аңыз-өңіме түрінде желісі үзілмей келе жатқан рухани мұрасы, баға жетпес асыл қазынасы болып саналады. Қазақ даласында, әсіресе, жазу-сызудың онша дамымаған кезінде ауыздан ауызға таратайтын шежіре халық жадында сақталған тарихтың бір көрінісі болды. Бірақ шежіре тарихтың дәл өзі емес, тарихты генеологиялық, этникалық деректермен толассыз толықтырып отыратын оның қайнар бұлақтарының бірі болып саналады.

Шежіре ел жадында өмір сүретін, ұрпақтан-ұрпаққа рухани эстафета ретінде үздіксіз ауысып, соның барысында ылғи өзгеріп, жаңғырып, жаңаланып отыратын жанды құбылыс. Ол көбінесе сол шежірелерді дүниеге келтіретін қауымның, әсіресе, үстем тап өкілдерінің, белгілі әлеуметтік топтың мүддесіне сәйкес өзгеріп, солардың ата-бабалары әуағын дәріптеп, марапаттауға бағышталып отырған. Жазу-сызу бүгінге дейі дами қоймаған ерте кездерде өзін сыйлай білген әл-ауқатты тап өкілдері (бай-манап, молда-қожа, т.б.) өзі жаза алма-са да, жөн білетін сауатты шежірешілерге өз ата-бабаларының шежіресін жазғызып, қалың киізбен қаптап, сандық түбінде сақтап, өлерінде өз ұрпағына табыстап, шежіре дәстүрін үзбей жалғастырып отырған» [6, 385-386-66].

Көріп отырғанмыздай, шежіре – жалпы тарих ғылымындағы маңызды дерек көзі. Ол соның ішінде тарихи өлкетану бойынша маңызды рөл атқара отырып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін, яғни ұрпақтар сабақтастығын көрсететін ортақ тарихи жад рөлін де атқарған. Дегенмен, ХХ ғасырдың ортасынан бастап ұрпақтар арасындағы осынау бір тамаша сабақтастықтың үзілгенін көреміз. Мысалы, қаңлы шежіресіне қатысты шежірелік материалдарды ұзақ жылдар бойы жинастырған Нұрмұқамет қажы Әжіметұлы қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында туып-өсіп тәрбиеленген және автор өзінің ру-тайпалар шежіресіне қалайша келгендігін былайша баяндайды:

«Әкем Әжімет шежіре жаттаған, сөз білетін кісі еді. Әсіресе, Қаңлы шежіресін көп айтып отыратын. Тегі біздің құлағымызға сіңе берсін, кейін өздері де айта жүрсін деді ме екен, жарықтық. Сол кісінің айтқандарын алғашында ауызша жаттап жүрдім. Артынан, мектепке барып, хат танығаннан кейін дәптерге жазатынымын.

Сол айтылған шежіреден жадымда қалған мыналар. Бұрын мұны біз өз балаларымызға айтпадық. Шежіреден сырт қалдырдық. Шежіре тарих емес, тарих емесі таратуға болмайды деп түсіндік. Енді олай емес, шежіреде де сыр бар екен. Ұлттың болмаса да – ұлыстың, одан бергі рудың тарихы шежіреде сақталады екен. Сол себептен де бұрын балаларыма ауызша айтпаған шежірені, ұрпағым үшін қағазға жазып қалдыруды жөн көрдім» [7, 336-б.]. Бұл пікірден де ұрпақтар арасындағы ортақ жадты қалыптастыратын дәстүр кеңестік кезеңде бұзылғанын айқын аңғарамыз. Сондықтан, қазіргі таңда кез келген қазақ ауылынан тарихты, соның ішінде шежіре дәстүрін терең білетін адамдарды кездестіру қиындап барады. Бұл жағдай, тек шежіре тарату дәстүріне ғана қатысты емес. Бүгінгі таңда біздің жас буын ұрпақ жаңа тәуелсіз елде, жаңа қоғамдық қатынастарда өмір сүріп жатқандықтан, олардың ата-апа, әке-аналарының өмірлік тәжірибесі мен өздері өмір сүрген кезеңдегі тарихи оқиғаларға қатысты бағалары мен көзқарастарын сараптаудан өткізу маңызды болып отыр.

Қорыта келгенде, **қазіргі уақыттың үлгісінің бірі – ұлттық және жалпы адамзаттық терең туыстық сезімі арқылы өтіп жатқан, өзін-өзі анықтау мен ұлттық жаңғыру үдерістері.** Ұлттық тарихты бізге білу қажет, себебі онда жаңа қоғам құрылыстарының қасиетті күш-қуаты, патриотизм, бабалар ісіне деген мақтанш сезімі жинақталған.

Өлкетанудың көрнекті өкілдері ойларының шығармашылық мұрасын зерттеу, отандық мектептің өзгешелігін анықтау, осы мәселелермен айналысу, тарих ғылымы бос сөздерден біртіндеп айырылып келе жатқан кезде, тарихи шындықты орнату ұмыт қалған есімдерді қайтару қажет.

Өлкетану әлеуметтік-мәдени тәжірибенің көптеген саласында маңызды орын алады. Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен зерттеу, мемлекеттік мұрағат, музей қорларын жинақтау, халықтың тарихи сезімін қалыптастыру көп жағдайда соған байланысты болады. Сондықтан, өлкетануға қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мен ұйымдастыруда ұрпақтар аралық жадты негізгі дерек көзі ретінде пайдалану маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Кундакбаева Ж.** В поисках исторического нарратива Казахстана: «диалог памяти» или «национальная память» // Национальные истории на постсоветском пространстве – II. Десять лет спустя / Под ред. Ф.Бомсдорфа, Г.Бордюгова. – М.: Фонд Фридриха Науманна, АИРО-XX, 2010. – С. 265-283.
2. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
3. **Барков А.С.** О научном краеведении // Вопросы методики и истории географии. – М.: Изд-во АПН, 1961. – С.79-83.
4. **Пола Томпсона.** The Voice of the Past: Oral History. 3-е издание 2000 г.
5. **GRAF, WERNER:** Das Schreibproblem der Oral History. In: Literatur & Erfahrung, Heft 10: Oral History – Geschichte von unten. Berlin 1982, S. 100-105.
6. **Қайдар Ә.** Қаңлы (тарихишежіре). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610 б.
7. **Әжіметұлы Н.** Қазығұрттың мен де бір перзентімін. – Алматы, 2001. – 438 б.

ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИБЛИОГРАФИЯ және оның дамуына үлес қосқан қайраткерлер

Баян АСАНОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Орта Азия мен Қазақстан библиографиясының дамуына үлес қосқан ғалым, қоғам қайраткерлері аз емес. Солардың бірі – атақты кітапханашы, ақын және ғалым Каллимах (б.з.д. 310-240 жж.). Ол Александрия қаласына жас кезінде білім іздеп келіп, жас ақындар үйірмесін ашып, оларды өлең жазудың қыр-сырына үйреткен. II Птолемей патша оны Сарайға шақырып, мәртебелі қызметтердің бірі Александрия кітапханасынан орын ұсынған. Кітапханада 20 жыл қызмет жасаған Каллимах тарихтан, грамматикадан 800-ге жуық ғылыми шығармалар жазады. Оны поэзияда жаңа «александриялық» бағытты құрушы деп дәріптеген. Каллимахтың 120 томнан тұратын «*Таблицы тех, кто просил во всех областях знания и трудов, которые они сочиняли*» деген ерекше еңбегі – грек әдебиетінің барлық тізімі және авторларының өмір деректері жинақталған алғашқы библиографиялық жинақ. Сондықтан да оны «библиографияның атасы – Каллимах» деп атайды [1, 45-б.].

Орта Азия мен Қазақстан библиографиясының дамуында өзіндік орын алатын Махмұд Қашқаридың «*Диуани лұғат ат-түрік*» атты еңбегі. Толық аты-жөні Махмұд ибн ул-Хусайын ибн Мухаммаддин Қашқари. 1029-1038 жылдар шамасында туылған. М.Томанов 1030-1090 жылдарда өмір сүрген десе, кейбір деректерде 1029-1101 жылдары өмір сүрген делінеді. Қазіргі Шу өңірінде Барысқан қаласында туылған, Қашқарда өмір сүрген. Әкесі, аталары атақты әскери адамдар болған. Ол Қашқардан Римге дейінгі аралықты, түркі халықтары мекен еткен жерлерді түгел аралап, саяхат жасай жүріп, олардың өмірін, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, тілін, әдебиет үлгілерін зерттеген. Атақты «*Диуани лұғат ат-түрік*» еңбегі мен «*Түркі тілдері синтаксисінің қымбат қасиеттері туралы*» атты еңбегі соның негізінде жазылған. **Сөздік жазу жөнінде өзі:** «*Мен бұл істерді тіл білмегенім үшін емес, қайта бұл тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды анықтау үшін істедім. Әйтпесе мен тілде олардың ең білгір адамдарынан, ең үлкен мамандарынан едім*», – дейді. «*Диуани лұғат ат-түрік*» – көркем шығарма емес, ғылыми еңбек, бітімі – сөздік. Ол 1072-1078 жылдары жазылған. Деректерге қарағанда бұл еңбегін М.Қашқари өмір бойы жазып, толықтырып отырған. Ол туралы өзі төрт мәрте ескертіп, Хижра бойынша 466 жылы бітіргенін жазады. Халиф әлі Мұхтарифа арнап құрастырған деген дерек бар. Кейбір деректерде көрсетілгендей, бұл еңбекті жазуда Исхак Әл-Фарабидің «*Диуан әл-адабиін*» басшылыққа алған. «*Диуани лұғат ат-түріктің*» түпнұсқасы сақталмаған. Жалғыз қолжазба данасы Стамбулдың Фатих кітапханасында сақтаулы. Оны 1266 жылы бір Сириялық Әбу Бәкір бин Абдулфатхат деген кісі түпнұсқадан көшіріп алған.

1914 жылы Әли Әмір сол көшірмені сатып алып, Ахмет Рифат баспасынан үш томды кітап түрінде жарыққа шығарды. Неміс ғалымы Броккельман 1928 жылы Лейпциг қаласында неміс алфавитімен, сол тілге аударып жариялады. Неміс

ғалымы Фриц Хаммел сөздіктегі мақал-мәтелдерді неміс тіліне аударып, жеке кітапша етіп шығарды. Басым Аталай 1939-1941 жылдары Анкарада 3 том етіп Осман түріктерінің тіліне аударып шығарды. Ол ғылыми аударма болды. 1960-1963 жылдары ғалым Салық Муталлибов өзбек тіліне аударып, Ташкентте үш кітап етіп басып шығарды. Қытайда 1981 жылы ұйғыр тіліне аударылды. 1970 жылы «*Диуани лұғат ат-түріктің*» 900 жылдығы Ферғанада аталып өтілді. **А.Егеубай «Түрік сөздігін» толық аударып, 1997 жылы 1-томын, 1998 жылы 2-томын «Хант» баспасынан шығарды.** Бұл еңбекті тілдік тұрғыдан Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, А.К.Боровков, қазақ ғалымдары Ә.Құрышжанов, А.Ысқақов, М.Томанов, Ғ.Мұсабаев зерттеді. 3 томнан, 8 кітаптан тұратын еңбекте 6800 түркі сөзі ғылыми жүйеге түсірілген [2, 53-б.]. Ғалымның бұл кітабы ерте орта ғасырлық түркі халқының энциклопедиясы сияқты. Ол түркітану тарихында тұңғыш рет тарихи-салыстырмалы әдісті қолданып, диалектология ғылымының негізін салды. «*Жинақты*» сегіз бөлімге топтастырдым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға болатын түбір сөздерін ғана алдым. Түркі халықтарының бәйіт-жырлары мен мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім. Бұл кітапты пайдаланғандар кейінгілерге, олар өздерінен кейінгілерге жеткізсін деген ниетпен тағы біраз табылмайтын тіркестерді пайдаландым. Сөйтіп, бұл кітап ұрпақтан ұрпаққа халықтық мұраны қаз-қалпында жеткізу мақсатымен қиянға қанат қағып, әсемдік әлем – мәңгілік өмірге біржола жолдама алды», – деп жазады [3, 527-б.].

Орта Азия мен Қазақстан библиографиясының дамуына қомақты үлес қосқан ғалым – Жүсіп Баласағұн. Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн (1020 жылы туған) – ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Оның өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылы жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы», Қарахандар әулеті мемлекетінің (942-1210 жж.) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908-955 жж.) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға «хас хажиб» – «бас уәзір» немесе «ұлы кеңесші» деген лауазым берген. «Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған.

Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. **Біріншісі**, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), **екіншісі**, 14 ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманған қаласынан табылған **үшінші нұсқа** 12 ғасырда араб

әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. **Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылыми негізделген толық мәтінін жасап шықты.** Венгр ғалымы Герман Вамбери (1832-1913 жж.) «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Бұл шығарманы зерттеу, ғылыми мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В.Радлов (1837-1918 жж.) жиырма жыл бойы (1890-1910 жж.) айналысқан. Түркия ғалымдары 1942-1943 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. «Құтты білікті» Кәрімов өзбек тіліне (1971 ж.), Н.Гребнев (1971 ж.) пен С.Иванов орыс тіліне (1983 ж.), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986 ж.), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984 ж.) тәржімалаған. «Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған [4, 23-б.].

Орта Азия мен Қазақстан библиографиясының дамуына үлес қосқан жанның бірі – ұлы ақын, ойшыл, мемлекет қайраткері Әлішер Науаи (1441 ақпанның 9, Ғират – 1501 қаңтардың 3, сонда). Оны Низамеддин Мір Әлішер (парсыша: *رشید علی یار*) деп те атайды. Ол «Хамса» тобына енетін «Жақсылардың таңдануы» (1483 ж.), «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті әлем» (1484 ж.), «Ескендір дуалы» (1485 ж.) атты шығармаларын жазды. Науаи шығармалары ХҮ ғасырдың өзінде Мауараннахр мен Хорасанды ғана емес, Иран, Әзірбайжан, Шығыс Түркістан, Үндістан, Мысыр, Түркістан, Үндістан, Мысыр, түркі елдеріне, кейіннен Еуропа мен Америка кітапханаларына да тарады. Ақын шығармалары ХІХ ғасырдың орта шенінен шығыстанушы ғалымдардың назарын аударып бастады. Шығармалары көптеген тілдерге аударылған. Таңдамалы өлеңдері қазақ тілінде екі рет (1948 ж., 1968 ж.) кітап болып басылды. 1488 – 1501 жылдары ол тарихи-өмірбаяндық («Әджем патшаларының тарихы», «Саид Хасан Ардашердің өмірі», Пәһлован Мұхаммедтің өмірі), дидактикалық-философиялық («Құстар тілі», «Көңілдердің сүйгені»), әдеби-теориялық («Өлең өлшемі»), лингвистикалық («Екі тілдің таласы»), әлеуметтік-экономикалық («Вақфия»), діни-ғұрыптық («Пайғамбарлар мен хакімдердің тарихы», «Мұсылмандық нұры», «Ғайуарлар шоғыры») туындыларын жазды [5, 3-4-б.].

Келесі ғұламамыз – «Тарих-и Рашиди», «Джаннаме» дастандарының авторы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551 жж.). Осынау тарихшы, әдебиетшінің есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұпаққа жалғасып келеді. М.Х.Дулати Ташкентте дүниеге келіп, Үндістандағы Кашмир уалаятында қайтыс болған. Ол – Жетісудағы Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Ата-бабалары Моғолстан мемлекеті құрамындағы Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, Қырғызстан мен Түркіменстанның саяси өмірінде белгілі адамдар болған. Дулати – өз заманы үшін жан-жақты әрі аса терең білім алған ғұлама адам. Оған Бабыр, Сұлтан Саид хан сияқты орта ғасырлық аса көрнекті ғұламалар тарих ғылымы, поэзия, музыка, сәулет өнері, зергерлік салалары бойынша дәріс берген. Сондай-ақ, ол ханның мұрагері Әбу ар-Рашид сұлтанның ұстаз-тәрбиешісі болып тағайындалады. 1533 жылы хан тағына отырған Әбу ар-Рашид дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қатты қуғынға ұшыратады. Дулати Үндістанға қашып

кетіп, онда Ұлы Моғолдар сарайының әскербасы болады. 1541 жылы Бабыр ұрпақтарының көмегімен Кашмир елін бағындырып, сонда дербес мемлекетке өзі жеке дара билік жүргізеді. 1551 жылы Хайдар Дулати сондағы тайпалардың бірімен шайқас кезінде мерт болады. М.Х.Дулатидің есімін әлемге мәшһүр еткен ең басты шығармасы – «Тарих-и Рашиди». Бұл еңбегінде ғалым ХҮ-ХҮІ ғасырларда қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан аймағында болған аса маңызды тарихи оқиғалар туралы баяндайды. Сондай-ақ, дастанда Ауғанстан, Тибет, Үнді елдерінде орын алған кейбір саяси, мәдени, әлеуметтік оқиғалар да қамтылған. Ғалым, сол елдерді мекен еткен ру-тайпалардың, халықтардың тарихын, қоғамдық-әлеуметтік өмірін, әдебиетін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын зор білгірлікпен жазып қалдырған. Бұл еңбектің ең құндылығы – Хайдар Дулати өз көзімен көрген аса маңызды оқиғаларды өзінен бұрынғы және өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі тарихи құбылыстармен шебер түрде байланыстыра отырып баяндаған [6, 65-б.].

Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың қатыгез сынынан мүдірмей өткен ұлы ұстаз – Әбу-Насыр Әл-Фараби. Ол – дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы (арабша “Муаллими ас-сани”) атанған данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиетші, ақын. Әл-Фараби Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс сағасындағы ежелгі Отырар қаласында туылған. Оны қыпшақтар Қарашоқы деп те атаған. Ежелгі түркілердің орталық қаласы Отырарды кезінде негізінен қыпшақ, қаңлы, қоңырат тайпалары мекен еткені тарихтан жақсы мәлім. Отырар – бір жағы көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен, екінші жағы отырықшы-егіншілікпен айналысатын түрлі түркі ру-тайпаларын өзара байланыстырып тұрған буын іспеттес қала болған. Бұл шаһарды арабтар Фараб деп атаған. Сол атау бойынша, ұлы ұстаз Әл-Фараби атанып кеткен.

Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білімі, әдебиет теориясы, т.б. ғылым салалары бойынша қыруар көп ғылыми еңбектер жазды. Алайда оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген. Фараби еңбектерінің кейбір тізімдері ғана сақталған. Соның өзінде ұлы ғалым еңбектерінің саны жөнінде нақтылы деректер жоқ. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейншейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А.Аташ 160, ал Совет ғалымы Б.Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Фарабидің “Ақылдың мәні туралы тарихтан”, “Данышпандықтың інжу маржаны”, “Ғылымдардың шығуы”, “Философияны оқу үшін алдымен не білу керек”, “Аристотель еңбектеріне түсіндірме” (“Поэтика”, “Риторика”, “Категориялар”, “Метафизика”, “Герменевтика”, бірінші және екінші “Аналитика”) сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да “Кемеңгерлік меруерті”, “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы”, “Мәселелердің түп мазмұны”, “Ғалымдардың шығуы”, “Бақытқа жету”, “Азаматтық саясат”, “Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері” сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары, т.б. туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Фараби Аристотель еңбектерін барлық қырынан зерттеп отырып, өзі де

жаратылыстану ғылымдарымен көп айналысқан. Ол ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді. Фараби ғылым салаларын меңгеріп, тамаша табыстарға жеткен. Ол ғылымның философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалап шықты, ғылымды оқу және оқыту ретін белгіледі. Әр қайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты.

Фараби және оның шәкірттерінің ғылым мен мәдениетті дамытудағы орнын анықтау, ғылыми мұраларын мұқият зерттеу – өте маңызды жұмыс. Бұл жағдайды білімпаздар өте ертеден-ақ аңғарған сияқты. Сондықтан да болу керек, дүние жүзінің әр түрлі халықтарынан шыққан оқымыстылар Фараби мұраларын 1000 жыл бойы тынбастан зерттеп келді. Олардың ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим (995 ж.), әл-Байхаки (1169), Ибн әл-Кифти (1248 ж.), Хаджи Халифа (1657 ж.), латын тілінде жазған Венике (1484 ж.), Камерариус (1638), Француз тілінде жазған Генрих Зутер (1902 ж.), ағылшын тілінде жазған Георг Сартон (1927 ж.), түрік тілінде жазған А.Сайылы мен Ұ.Үлкен (1950 ж.), орыс тілінде жазған С.Н.Григорин (1958 ж.), өзбек тілінде жазған М.Хайруллаев (1963 ж.), т.б. бар.

Ұлы данышпан бабамыз әл-Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмай, өзінің ең атақты шығармаларының бірі “Ғылымдар энциклопедиясы” деп аталатын трактатын жазған. Фарабидің бұл еңбегінің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Бұл трактат “Ғылымдар классификациясы”, т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар мәлімет алды.

Еуропа ғалымдары да бұл еңбекпен өте ертеден таныс. Фарабидің “Энциклопедиясы” сонау XII ғасырдың өзінде-ақ арабшадан латын тіліне екі рет аударылған. Одан кейінгі ғасырларда бұл еңбек толық немесе үзінді түрінде ескі еврей, неміс, ағылшын, француз, испан, түрік және басқа тілдерге аударылып, ғылыми қауымға кеңінен мәлім болды.

Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980-1037 жж.) және басқалар Фарабидің “Энциклопедиясының” тікелей әсерімен өздерінің атышулы энциклопедиялық еңбектерін жазған.

Ғалым мұраларының бізге жетуін төрт кезеңге бөлуге болады:

1. Орта ғасырдағы араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы (Ән-Надим, әл-Байхаки, Ибн Саид әл-Кифти, Хаджи Халифа, Венике, Камерариус, т.б.).

2. Жаңа дәуір кезеңдеріндегі Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары арқылы (Леонардо да Винчи, Спиноза, И.Козегартен, Г.Зутер, Ф.Диетереци, К.Брокель, Дж.Сартон, М.Штейншнейдер, Д.С.Марголиус, т.б.).

3. XX ғасыр, әсіресе, Кеңес Одағы шығыстанушы ғалымдары арқылы (В.В.Бартольд, Е.Э.Бертельс, Б.Ғафуров, С.Н.Григорьян, В.П.Зубов, Ю.Завадовский, түріктер А.Сайылы, Ұ.Үлкен, т.б.).

4. Қазақстан мен Орта Азия оқымыстылары арқылы (Ә.Марғұлан, А.Әл-Машани, О.Жәутіков, А.Қасымжанов, А.Көбесов, М.Бурабаев, Ә.Дербісәлиев, І.Жарықбаев, Ш.Хайруллаев, т.б.) [7, 101, 114-б.].

Қорыта айтқанда, әр кезеңдегі тарихшылардың, зерттеушілердің өз заманында жасаған жұмыстары қазіргі кезеңдегі Қазақстан библиографиясының тарихына, әрі қарай дамуына көп әсер етті. Осынау тарихи жағдайлар бізге сол жазбалар мен шежірелер арқылы жетіп, тарихымыздың тамырын дөп басуда көп көмегін тигізеді. Ұлы ойшылдардың сара жолдары қазіргі библиография саласының дамуына қомақты үлес қосты.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются видные представители, которые заложили основу библиографии Казахстана и Средней Азии, также их деятельность в формировании и развитии библиографии Казахстана.

The article deals with outstanding representatives who laid the basis of the bibliography of Kazakhstan and Central Asia, also their activities in the formation and development of the bibliography of Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Глухов А.Г. Судьбы древних библиотек [Текст]. - М.: Либерия, 1993. - 160 с.

2. Байболсынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері [Мәтін]: жоғарғы оқу орнына арн. - Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998. - 106 б.

3. Библиографические исследования [Текст] // Справочник библиографа. - СПб., 2003. - С. 527.

4. Глухов А.Г. Судьбы древних библиотек [Текст]. - М.: Либерия, 1993. - 160 с.

5. Вохрышева М.Г. Библиографоведение на границе веков [Текст] // Библиографи. - 1999. - № 6. - С. 3.

6. Беспалова Ж. Библиография: Новый этап осмысления [Мәтін] // Библиография. - 2005. - №1. - 65 с.

7. Библиография моей жизни [Текст]: Сборник, очерков. - М.: Книга, 1984. - 136 с.

АВТОРЛАРҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

СҰРАҚ ТУСА, САЙТТЫ ҚАРАҒЫЗ!

“Қазақ тарихы”, “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналдарына ортақ жаңа сайт ашылғанын бұрын хабарлағанбыз. Сайттың интернеттегі тұрағы: kaztar.kz Кіріп көріңіздер. Тілін білген кісіге интернет пен сайттың қыруар шаруаны жеңілдететінін естен шығармаңыздар!

Сайт жеті бөлімнен тұрады және әр бөлімде оқырманға пайдалы ақпарат ұсынылған. Бөлімдер «Басты бет», «Фотокөрме», «Журнал туралы», «Мақала жариялау», «Мұрағат», «Қазақ тарихы» баспасы, «Байланыс» деп аталады. 2-бөлімі

– қос журналдың тарихынан естеліктер ұсынатын «фотокөрме» деп аталса, «Қазақ тарихы баспасы» бөлімінде бұған дейін шығарылған кітаптардың мұқабасы берілген. Кітап шығарғысы келген авторлар соған қарап өз таңдауын жасай жатар. Жиі қойылатын сұрақтардың жауабын да, жазылу мен мақала жариялаудың талабын да, редакцияның тұрағы мен телефонын да осы бөлімдерден табасыздар. Тіпті «Байланыс» бөлімі арқылы бірден редакцияның элпоштасына хат жаза да аласыз. Ендеше көкейіңізде кез келген сауал туса, бұрынғыдай редакция қызметкерлерін мазаламай, сайтқа жүгініңіз. Мұқият танысып, кейбір түйткілді нақтылау үшін ғана редакцияға хабарласыңыз.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Дидар ЖҰМЕКЕНОВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
тарих мамандығының PhD докторанты

XIX ғасырда Ресей империясы Қазақ жерін отарлау үшін Қазақстанның Солтүстік және Шығыс бөлігін құрамына енгізу мүмкіндіктерін қарастырды. Осы мақсатта XIX ғасырдың I ширегінде әскери-топографиялық сипаттағы зерттеулер пайда бола бастады. Олар жер бедерінің түсірілімдерін жасап, әскери-барлау мақсатында экспедициялар жасақтап, қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен этнографиясы, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, көші-қон жүйесі, географиялық жағдайы, топырағы, өсімдіктері мен жан-жануарлар әлемі жөнінде жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Әскери топографтар корпусының зерттеулері қазақ даласының тарихи-географиялық түсініктерінің негізін құрады.

Зерттеу жұмыстары әрі қарай Қазақ даласындағы көптеген экспедициялармен жалғасты. **1815 жылы Үй бекінісінен Торғай өзенінің жоғарғы саласын зерттеуге**, құрамында 1617 адамнан тұратын экспедиция жіберілді. **Дәл сондай экспедиция 1816 жылы Ертіс шебінде де ұйымдастырылды** [1, 53-б.].

1815-1816 жж. экспедицияларда Ресей империясының офицері Г.Ф.Генс сол кезде аз зерттелген Тобыл мен Торғайдың арасын байланыстыратын аумақтың географиялық сипаттамасын әзірледі. Генстің жарияланған еңбектерінен *«Тұрғындардың шығу тегі және олардың бөлінуі»* деп аталатын жазбасын ерекше атап өту қажет. Себебі бұл жазбада қазақ терминдері көптеп кездеседі. Оған мұрағат қорларында сақталған Генстің қолжазбалары дәлел [2]. Сонымен қатар, мұрағаттарда сақталған картографиялық құжаттардың коллекциялары тарихи топонимика тұрғысынан практикалық маңыздылықты қамтиды. **Ең мазмұнды карталардың бірі – XIX ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азия картасы** [3]. Бұл картаның ерекшелігі – жердің, өзендер мен көлдердің ескі қазақы географиялық жер-су атаулары сол күйінде сақталған. А.Н.Сидельников құрастырған *«Қырғыз даласының XIX ғасырдағы картасында»* да қазіргі Солтүстік Қазақстан өңірінің көлесі жер-су атаулары көрсетілген: Айғыржал, Айырқызыл, Айыртау, Ақсу, Арақарағай, Атбасар, Ащыкөл, Жамантұз, Жетікөл, Имантау, Қабырға, Қамысты, Қаратал, Қаратомар, Қостөбе, Обаған, Талдықұм, Тентексор, Торғай, Шортанкөл, т.б. [4, 308-355].

Қазақ даласында кеңінен жүргізілген отарлау саясаты бірнеше реформаларды басынан кешірді. 1822 ж. 22 маусымда Сібір губерниялары басқармасы енгізіліп, соған сәйкес Сібір Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінді. Мұның біріншісіне Тобыл, Том губерниялары мен Омбы облысы жатты. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы мен оның жанындағы Кеңестен құрылған Бас басқармасы Тобылда (Тобольскі) орналасты. Орта жүз қазақтары Омбы облысының құрамына қосылып, осы уақыттан бастап басқа қазақтардан ажырату үшін Сібір қазақтары деп аталды.

Омбы облысы ерекше ережелер бойынша ішкі

(Омбы, Петропавловск, Семей, Өскемен) және сыртқы округтерге бөлінді. Сөйтіп ішкі округтер негізінен Ертістің сол жағалауындағы және Горький бекіністі шебінен солтүстік беткейдегі жерлерді, ал сыртқы округтер («Шеп сыртындағы») Ертістің батыс жағындағы және Горький шебінің оңтүстігіндегі жерлерді қамтып, қазақ даласына тереңдей ене түсті.

Сыртқы округтерді құрған ерекше ережелер 1822 ж. 22 шілдеде қабылданып, «Сібір қазақтары туралы жарғы» енгізілді. Бұл жарғы бойынша Сібір қазақтарының жері шептер бойынша құрылған Омбы облысының округтерін құрады. Округ өз алдына болыстарға (әр болыста 10-12 ауыл), болыстар ауылдарға (әр ауылда 50-ден 70-ке дейін шаңырақ) бөлінді. Сөйтіп отарлаушылар құрған жаңа әкімшілік құрылыммен сегіз округ пайда болды. 1824 жылы Қарқаралы, Құсмұрын округі, 1831 жылы Аягөз округі, 1832 жылы Ақмола және Аманқарағай округтары, 1833 жылы Баянауыл, Үшбұлақ округі, 1844 жылы Көкпекті округі [5, 23-26-б.] құрылды.

Патша үкіметі таза отаршылдық реформа жүргізгеннің өзінде қазақтарды ішкі округтердегі жерінен айырмай, оны пайдалануға мүмкіндік берді. Оған бүгінгі күнге дейін атаулары сол қалпында сақталып келген қазақтар мен басқа да түрік халықтары ежелгі уақыттарда мекендеген Ақсу, Қарасу, Талдықөл сияқты жер-су атаулары дәлел.

XIX ғ. 60-жылдардың соңына қарай бүкіл Қазақ жері Ресей империясының құрамына толығымен қосылғанмен, қазақ халқын басқару үшін Ресейдің аумақтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу қажеттілігі туып, Қазақ жерін отарлау саясаты жалғастырылды.

1867 жылғы 11 шілдеде «Сырдарья және Жетісу облыстарын басқару ережесі туралы» жоба, 1868 жылғы 21 қазанда «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Уақытша ереже» бекітілді. Бүкіл қазақ жері үш генерал-губернаторлыққа бөлінді: Түркістан, Орынбор және Батыс-Сібір. Әрбір генерал-губернаторлық облыстарға бөлінді. Орынбор генерал-губернаторлығы Орал және Торғай облыстарын, Батыс-Сібір губернаторлығы Ақмола және Семей облыстарын, Түркістан генерал-губернаторлығы Жетісу және Сырдария облыстарын қамтыды. Әр облыс 5 уезден тұрған: Ақмола – Омск, Петропавл, Ақмола, Көкшетау және Атбасар; Семей – Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен, және Зайсан; Орал – Орал, Лбищенский, Гурьевский, Нарынский және Ново-Казанский; Торғай – Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай және Темір. Әр уезд – болыстардан, әр болыс – ауылдардан тұрды [6].

Патша әкімшілігі болыстарға рубасының немесе болысты құраған басты рудың атын, ал егер болыстың құрамына көп ру кірсе, онда қыстақтардағы басты шатқалдың атын беруді ұсынған. Батыс Сібір орыс императорлық географиялық қоғамы бөлімінің Семей бөлімшесінің жазбаларында 1874 жылға дейін болыс атаулары

рубасыларының атымен аталғандығы, кейін географиялық орнына байланысты өзгертілгені жазылған. Осылайша, отарлық саясаттың бірден бір көрінісі болыстардың атауларын өзгерту болды. XIX ғ. 70-жылдары ескі ру болыстарын өзара қосып, ірілендіріп, кейін топонимикалық атаулармен аталған.

XIX ғ. II жартысында қоныстандыру саясаты отаршыл үкіметтің түбегейлі мақсатына айналып, қарқынды түрде жалғастырылды. Мысалға, Петропавл уезінің Солтүстік бөлігі географиялық орны мен жерінің құнарлығына байланысты егіншілік шаруашылығына өте қолайлы болды. Дәл осы бөлігі Тобыл губерниясының шекарасына созылған бөлігі болатын. 1869 жылы Ақмола облысының Петропавл уезі 8 болыстан тұрды. Батыстан Шығысқа қарай бағыттаған Сібір теміржолының бойындағы Петропавл уезінің қазақ болыстары «1893 жылғы Ақмола облысы болыстарының» карта сызбасына сәйкес келесі атаулар көрсетілген: Пресногорьковское, Пресновское, Становская, Петропавловская, Таинчинская, Полуденная. Петропавл уезі Ақмола облысының халқы ең тығыз қоныстанған уезіне жатты. «1880 жылғы Ақмола облысының шолу» құжатына байланысты Петропавл уезін 99 934 адам мекендеген. Уақыт өте келе Петропавл уезінде қоныстанушы болыстардың саны артты. Осындай көрсеткіштер отарлық саясаттың қарқынды әрі нәтижелі жүргізілгенін айқын көрінісі болып табылады [7, 109; 130-б.].

Осылайша қазақ жерін орыс халқының отарлауы екі түрлі бағытта жүзеге асырылып отырды: бірі орыс жұртының өз бетінше, ешкімнен сұрамай отарлауы, екіншісі – ресми отарлауы. 1880 жылы Қостанай қаласы салынғанда үкімет таратқан лақабымен Қостанайға қара шекпендер келе бастайды. 1889 жылы келімсек халық 20 мыңға жетеді [8, 42; 162-б.]. Сыйыспағаны Тобыл өрлеп, өз бетімен қазақ жеріне поселкелер сала бастайды. Мысалға, Қостанай облысы Қостанай ауданының орталығы қоныс аударушылардың заңсыз орналасып қоныстануынан «Самодуровка» аталғанын білеміз, кейін Затобол кентіне өзгертілді. Батыс-Сібір генерал-губернаторына жазылған рапорттан-ақ, сол кездегі отарлау саясатының арнайы жоба аясында жүргізілгенін айқын көруге болады. Ақмола мен Петропавл аралығындағы пошта жолының бойында осы жоспардың іс жүзінде орындалу нәтижесінде қоныс аударушылардың келесі елді мекендері славян атауларымен пайда болды: Алексеевский, Заборовский, Викторский, Федоровский, Елизаветинский, Михайловский, Еленинский, Казнаковский [9]. Отарлық саясаттың нәтижесінде қазақ даласында кеңінен таралып кеткен адам аттарымен аталған антропотопонимдердің басым көпшілігі бүгінгі күнге дейін сақталған.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырда жүргізілген реформалар қазақ даласындағы жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен мәдениетіне әсер етпей қоймады. Сонымен қатар, сол кездегі жер-су атауларының өзгеруіне, бұрмалануына ерекше ықпал етті.

Ортада екі ғасыр уақыт өтті. Дербес ел болып, әлемнің көптеген елдерімен иық тіресе дамып, өсіп-өркендеп келе жатқан мемлекетпіз. Ең басты байлығымыз – ата-бабамыз аманат еткен, Атыраудан Алтайға дейін, Алатау мен Қаратаудың

жоталарынан Батыс Сібір ойпатына дейін көсіліп жатқан кең-байтақ жеріміз. Оның қай облысын, қай қаласын, қай сайы мен қай даласын алып қарасақта – тұнған тарих. Бұл туралы жазылып та, айтылып та жүр. Мәселен, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншілікпен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын... Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар» [10], – деп қадап айтқан болатын. Иә, жер атауларын зерттеудің маңыздылығы сонда, олар белгілі бір кезеңдегі, сол жерді мекен еткен халықтың өмірінен, тыныс-тіршілігінен, кәсібі мен нәсібінен сыр шертеді, тарихи оқиғалары мен әлеуметтік дамуын қамтиды. Сондықтан да топонимика ғылымы тарихты шынайы бұрмалаусыз жеткізудің бірден-бір құралы десек, артық айтқандық болмас. Еліміздің сан түрлі тармағы іспеттес облыстардың әрқайсысы жеке тарих десек, соның ішінде осы мақалада қарастырылған Солтүстік Қазақстан топонимикасының қалыптасу мәселесі де өзектілігін тағы бір дәлелдеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы исторической топонимики Северного Казахстана в XIX веке. Анализируется влияние реформ Российской империи на изменение казахских названий местностей в исследуемом регионе. Выявляются причины и особенности истории формирования топонимов.

The problems of historical toponymy of Northern Kazakhstan in the 19th century are considered in article. An impact of reforms of the Russian Empire on changing of Kazakh place names in researched region is analyzed. The reasons and features of history of toponyms' formation are revealed.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Күзембайұлы А., Абиля Е.А., Алибек Т.К., Урманов К.Т., Байдалы Р., Мурзахметов К. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 1 (Мендыкаринский, Узынкольский районы). - Костанай: ТОО «Центрум», 2009. - 287 с.
2. РФ ОрОММ. 166-қор.
3. РФ Омбы ОТМ. 198-қор, 2-тізбе, 1-іс, 1-п.
4. Россия Полное географическое описание нашего Отчества. Киргизский край / Под ред. В.П.Семенова и под общ. Руковод. П.П.Семенова и В.И.Ламанского. Репринтное издание. – Уральск, 2006.- 496 с.
5. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. Атамұра - Қазақстан. Алматы, 1994. 76 б.
6. ҚР ОММ. 25-қор, 1-тізбе, 1496-іс, 3-п.
7. Ксенжик Г.Н. Историческая география степных областей Казахстана в XIX – начале XX вв.: Монография. – Алматы: «Айғаным», 2015. – 406-б.
- 8.Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар). Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – 368-б.
- 9.РФ Омбы ОТМ. 3-қор, 9-тізбе, 15213-іс, 236-239-п.
- 10.Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293.

ВКЛАД С.САДВАКАСОВА В РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА В 1920-1930-Е ГГ.

(политико-экономический аспект)

Гулмира ЖУМАН,
Казахский агротехнический университет
им. С.Сейфуллина, г.Астана.

Обращение к историческим событиям и персонажам того или иного периода, обусловлено степенью их созвучности с теми проблемами, с которыми общество сталкивается на современном этапе своего развития. Особое внимание, даже к самым, казалось бы, малейшим историческим деталям, собирающимся по крупицам, постепенно образующим целый пласт информационного поля, дает возможность воссоздать реальные события советской эпохи периода 20-30-х гг. XX столетия. Это время, когда в советском обществе происходило обострение политических, социально-экономических и духовно-нравственных проблем, когда представители национальной интеллигенции, несмотря на всю сложность и трагичность своего положения, осознанно оказывали сопротивление тоталитарному режиму, выражая свое недовольство в вопросах социально-экономического плана.

Сложная политическая ситуация породила острую идейную борьбу вокруг вопросов о будущем нашей республики, в особенности, о путях ее социально-экономического развития. Так, на протяжении 1920-1930-х гг. одним из ярких представителей национальной интеллигенции, который настаивал на необходимости претворения в жизнь грамотной политики индустриализации и коллективизации, являлся **С.Садвакасов** (1900-1933 гг.).

Работавший в эти годы народным комиссаром просвещения республики, одновременно ответственным редактором краевой газеты «Еңбекші қазақ», директором Казахского педагогического института **С.Садвакасов настаивал на необходимости осуществления общей концепции политического и социально-экономического развития, суть которой сводилась к оптимальному сочетанию общесоюзных и региональных интересов.** Опираясь на решения XII съезда РКП (б), **С.Садвакасов выступал** за ликвидацию фактического неравенства наций, акцентировал внимание на необходимости реализации правильной национальной политики в Казахстане, которая была напрямую связана с коренизацией местного аппарата управления. **С.Садвакасов выступал** за доверие коммунистам-националам, во-первых, основываясь на том факте, что именно они были призваны вести активную борьбу с великодержавным шовинизмом (о чем предупреждал XII съезд партии). Во-вторых, националы, настаивали на привлечении местных работников в руководящие органы по той причине, что «*русский бюрократ не умеет общаться с населением на его родном языке*» [1].

В своей статье о «Национальностях и националах» [2] **С.Садвакасов полагал**, что сохранение окраин, в том числе Казахстана, как сырьевых районов – это и есть национальное неравенство. «*Вместо того чтобы за бесценок поставлять Центру добываемое в Казахстане сырье, нужно его перерабатывать на месте, тогда республика «купалась бы в золоте»*» [3]. Выступая против элемен-

тов затратной экономики, **С.Садвакасов предлагал** создавать кожевенные заводы, предприятия по обработке шерсти, выделки из нее, в частности, шерстяной пряжи, а, в конечном счете, готовых изделий – сукна, шерстяных тканей и т.д. [3, с.67]. Большое количество продукции вывозилось за границу в необработанном виде. 100 % хлопка, кенафа, солодкового корня, конского волоса, щетины, пушнины и т.д. вывозилось за пределы Казахстана. А процент использованного сырья местной промышленностью был мизерным: шерсть – 1,8 %, крупная кожа – 24,3 %, мелкая кожа – 3,6 % [4].

Выступая за рациональность проводимых в республике социально-экономических мероприятий, **С.Садвакасов не разделял мнение** председателя среднеазиатского бюро ЦК ВКП (б) Зеленского, отмечавшего что «*тенденции строить республики, как замкнутые организмы, являются, вредными и опасными с точки зрения развертывания социалистического хозяйства в целом*» [3, С. 164]. Так как удельный вес промышленности в валовой и товарной продукции в Казахстане был ниже в 2,25 раза, чем в СССР, партийным руководством было принято решение усилить процесс переселения русских крестьян в Казахстан из перенаселенных русских деревень [1]. Тем самым, по мнению партии, переселенцы будут содействовать подъему производительных сил сельского хозяйства, а самое главное – улучшению всего народнохозяйственного строительства.

С подобной позицией не соглашался С.Садвакасов. Он понимал, что крупномасштабные перемещения рабочих из центральных районов России в Казахстан, замедлят темпы развития и подготовки национальных рабочих кадров. **Он видел** путь казахского бедняка к социализму не только «*через деревню, но и через город*» [5]. **И призывал** приступить к реконструкции не только хозяйства, но и человеческих отношений. **С.Садвакасов предлагал** решить проблему рабочих рук за счет многомиллионной крестьянской бедноты, которая и пополнил промышленный пролетариат. Не в этом ли залог укрепления Советской власти в Казахстане? **Он полагал**, что кратчайший путь к социализму это – децентрализации мелкой и средней промышленности, объединенной с сельским хозяйством. В этом случае, по его мнению, можно было изменить нездоровый уклад всей системы советского хозяйствования.

Однако противники С.Садвакасова утверждали, что Казахстан должен развиваться только в соответствии с союзным планом. И в ближайшие 10 лет, промышленный вопрос в Казахстане не будет таким решающим, как вопрос, связанный с сельским хозяйством «*...это был бы самый нелепый, самый неэкономный для социализма путь*» [6]. По мнению первого секретаря Казахстанского краевого комитета (1925-1933 гг.) Ф.Голощекина, Казахстан, исходя из природно-климатических условий, в общей пятилетки будет исполнять роль поставщика сырья: шерсть, мясо,

кожсырьё, технические культуры. В этом случае вывоз и ввоз сырья и товаров только укрепит союз республик. Свою позицию он обосновывал, прежде всего, исходя из интересов общесоюзной промышленности [7]. А индустриализация в масштабе Казахстана — это вложение капиталов в сельское хозяйство, так как по сравнению с индустриализацией, оно развивалось чрезмерно медленно [8]. Но как показала историческая действительность стремление большевиков перевести казахский аул на новые социальные рельсы, преследовало совершенно другую цель. Проблема заключалась в источниках накопления. Сельское хозяйство должно было обеспечить промышленность избыточной рабочей силой и сельскохозяйственной продукцией по низким ценам. Отсюда и директива о необходимости сосредоточения внимания на задачах подъема сельского хозяйства и особенно его зерновой части [9], которое будет экспортироваться за границу, а доход, полученный от продажи зерна, будет направляться на нужды индустриализации.

А решить эту задачу, по мнению Ф. Голощекина было возможно только путем реконструкции сельского хозяйства — путем коллективизации, суть которой заключалась в организации крупных совхозов в крупные коллективные хозяйства [3, с. 518] и продолжение масштабной классовой борьбе. Поэтому «не крупная фабрика и завод, а развитие мелких и средних крестьянских хозяйств и их коллективов ... стоит во главе таких задач сейчас» [10]. Безусловно, теоретическое состязание с секретарем крайкома (Ф. Голощекиным — Г.Ж.), для национала (С. Садвакасова — Г.Ж.) — дело безнадежное, но, тем не менее, невозможно не указать на явные нелепости. **Как верно подметил С. Садвакасов:** «По-видимому, по товарищу Голощекину, существует такая промышленность, которая вообще не связывается с сельским хозяйством, которая получает сырьё и продовольствие для рабочих невесть откуда, а может быть, даже с Марса» [11].

С. Садвакасов, обращаясь к Г. Голощекину, пытался объяснить, что «отсутствие или слабое развитие промышленности задерживает рост и сельского хозяйства, что товарность в сельском хозяйстве стоит в прямой зависимости от темпа развития промышленности, и что без развития товарности сельское хозяйство не сможет выйти на широкую дорогу интенсификации и коллективизации» [12]. В Казахстане отсутствовали элементарные склады, предназначенные для хранения шерстяного сырья, наблюдалось недостаточное развитие мельничного хозяйства для реализации экспорта хлеба, переработанного в муку; отсутствовал корм для скота; частыми были убытки в результате перевозки скота в живом виде в потребляющие районы.

И. Курамысов, У. Исаев, К. Сарымулдаев и другие представители казахской интеллигенции искажали, утрировали не только слова, но и мысли С. Садвакасова. Они обвиняли его в буржуазном национализме, в сознательном отрыве Казахстана от Центра [7, л. 18], что могло послужить полному разрыву всех экономических связей, ибо видели в нем достаточно сильного оппонента. В то время, когда С. Садвакасов, направил в газету «Правда» свою статью «О националистах и националах», ее намеренно переправили в журнал «Большевик», где она была опубликована уже после XV съезда партии. Эта статья была опубликована рядом со статьей Московского ученого К. Таболова, который выставил С. Садвакасова в свете «буржуазного демократа»,

тянущего казахскую нацию по пути буржуазного капиталистического развития, настаивавшего на том, что партия должна действовать не с точки зрения хозяйственной целесообразности, а с точки зрения политических соображений [2]. Эта статья, не принятая и неверно истолкованная современниками С. Садвакасова, сыграла решающую роль в его дальнейшей судьбе, именно она дала повод для его ликвидации в общественно-политической жизни Казахстана, как политика и человека.

Оскорбленный подобным отношением, С. Садвакасов направил в редакцию газеты «Правда» письмо, в котором просил разъяснения по поводу своей статьи, направленной в редакцию «31 октября 1927 года для помещения в предсъездовском дискуссионном листе. В виду затяжки печатания, я (С. Садвакасов) тогда же обратился телеграфно в редакцию «Правды» сообщить о судьбе статьи, на что редакция «Правды» ответила следующим письмом: «26 ноября 1927 года подлинник вашей статьи - корреспонденции направлен нами (без согласия автора) в редакцию журнала «Большевик» для использования». Из этого видно, что статья относится к предсъездовскому дискуссионному периоду [13]. В самом тоне заявления, в письме, направленном в редакцию «Правды Востока» (3.02.28), чувствуется усталость от бессмысленных дискуссий, осознание невозможности ведения борьбы за свои идеи. Как видно, «идеологию не сломаешь», особенно в условиях, когда тебя называют «Дон-Кихотом» национальной демократии, идеологом байства, когда во всеуслышание призывают «бить... и со всей жестокостью добить» [14] «садвакасовщину», вдохновленную, по мнению второго секретаря Казкрайкома ВКП (б) И. М. Курамысова, Алаш-Ордынской интеллигенцией.

Оппоненты С. Садвакасова оценивали взгляд на независимое развитие Казахстана как «умышленное непонимание основных принципов экономического районирования нашего социалистического хозяйства... неяснение... той международной ситуации, которая сложилась вокруг первого в мире пролетарского государства, строящего социализм» [13, л. 84].

По мнению Председателя Наркомпроса КССР, ответственного секретаря Коммунистической ячейки при Казпедвузе, активного участника всех политических дискуссий тех лет И. Кабулова, подобная теория выражает «идеологию третьей силы, враждебной Советской власти и партии» [13, л. 85].

В 1927 году идеология С. Садвакасова была признана как «давление мелкобуржуазных масс, идущих по националистическому пути, перенесших вопросы борьбы с нами на националистические рельсы» [15]. Эта идеология дает установку: нация над диктатурой пролетариата, что позволяет рассматривать «отдельные национальности в республике как совершенно замкнутые единицы» [15, л. 33]. Только в составе Союза, при непосредственном контроле Центра нужно было видеть будущее имеющих потенциальные возможности республик, в том числе и Казахстана.

В 1927 году С. Садвакасова освободили от должности наркома просвещения, сняли с поста главного редактора газеты «Енбекши казах», в которой он публиковал произведения Магжана Жумабаева, Ахмета Байтурсынова, Мухтара Ауэзова. Затем отправили на учебу в Москву в институт инженеров железнодорожного транспорта. После его

окончания Садвакасов не вернулся в Казахстан, а был отослан на строительство железной дороги Москва – Донбасс. По официальным данным, осенью 1933 года в Воронеже Смагул Садвакасов заболел брюшным тифом, 16 декабря того же года **в возрасте 33 лет умер в московской больнице...** [16].

Так сложилась судьба одного из ярких представителей национальной интеллигенции, человека с ярко выраженной индивидуальностью, которой характерно глубокое переживание. Это был человек, который понимал сущность политики Центра, нарушавшей демократические принципы и свободы нашей республики, осознанно указывал на множественные ошибки партийного руководства. На протяжении своей короткой жизни, он нес в своем сердце боль и страх за будущее своего народа.

ТҮЙІН

Бұл мақалада С.Садуақасовтың шынайы патриот ретіндегі 1920-1930 жж. саяси-экономикалық көзқарастары қарастырылған.

В статье представлены политико-экономические взгляды С.Садвакасова в 1920-1930 г. как истинного патриота своей страны.

ЛИТЕРАТУРА

1. Сидоров А. Индустриализация степи и национальный вопрос. Английская историография о Казахстане (20 – 30 годы) // Мысль, 1995. - № 7. – С.79-81.
2. Садвакасов С. О национальностях и националах // Большевик Казахстана. - 1928. - № 1. – С.56-64.
3. С.Садвакасов. Избранное. - Алматы, 1998. – С. 8.
4. РГАСПИ. Ф.17. Оп.13. Д.439. Л.2.
5. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. - Д. 1126. Ч 2. - Л. 77.
6. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1126. Л. 7.
7. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 67. Д. 433. Л. 18.
8. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 25. Д. 17. Л. 8.
9. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 38. Л. 322.
10. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1125. Л. 240.
11. VI Всеказахская партийная конференция. Прения по докладу Казахского Краевого Комитета ВКП (б). Советская степь. – 1927. - 23 ноября.
12. Смагул Садуақасұлы. - Алматы: Алаш, 2003. – 166 б.
13. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2243. Л. 34.
14. Курамысов И. О садвакасовской индустриализации. Советская степь. - 1928. - 20 февраля.
15. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1144. Л. 32.
16. https://aqparat.info/news/2011/02/14/4070096-syn_zemli_nashei.html

САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕ ОҚЫҒАН ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ және олардың саяси белсенділігі

Толқын ЖҰМАҒҰЛОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің II курс магистранты

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары білім алған ірі орталықтың бірі – Петербург қаласы. Жаңа тұрпатты, еуропаша оқыған қазақ зиялыларының қалыптасуына метрополия оқу орындарының белгілі бір рөл атқаруы заңды құбылыс. Бұл – отарлық жағдайындағы Азия-Африка құрлығы елдері мен халықтарына да тән нәрсе. Айталық, жаңа үнді зиялыларының қалыптасуына Ұлыбританияның яғни, метрополия мәдениетін шығармашылықпен игерудің маңызы зор болды. Қазақ қоғамына да осы заңдылық тән. XIX ғасырдың соңын ала қазақ жастары Ресейдің Омбы, Орынбор, Мәскеу, Саратов және Петербург сынды қалаларының оқу орындарында білім алды.

Әсіресе, империяның астанасы Петербургте оқудың мәртебесі мен саяси рөлі айрықша еді. Ғасырдың соңында Санкт-Петербургте 1889–1894 жылдары орман шаруашылығы институтында Әлихан Бөкейханов, 1900–1905 жылдары темір жол транспорты институтында Мұхаметжан Тынышбаев білім алды. Аталған кезеңде әйгілі Петербург оқу орындарында мынадай қазақ студенттері жоғары білім алды: Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Жаһанша Сейдалин, Райымжан Марсеков, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақбаев, Батырша Исмаханов, Айдархан Тұрлыбаев. Олар XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды [1,85-бет].

Қазақ студент жастарының қоғамдық белсенділігінің айтарлықтай жоғары болғанын Ә.Бөкейханов туралы «Семипалатинский листок» газетіндегі мына жазбадан аңғарамыз: «Орман шаруа-

шылығы институтының студенті бола жүріп ол барлық студенттік істерде үлкен белсенділік танытты, әуақытта тым солшындар жағында табылды. Марксизм туралы айтыс қызғанда ол экономикалық материализм туралы тезистерді бар күшін салып қорғады» [2, 128-130-бет].

1881 жылы Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түскен Бақтыгерей Құлманов үзілістерменен 1889 жылы оның толық курсын аяқтады. Ол осы факультетте 1884 жылға дейін оқып, әр түрлі себептерге байланысты университеттің шығыс тілдері факультетіне ауысты. 1889 жылы аталмыш университеттің ғылыми кеңесі Бақтыгерей Құлманов жазған диссертациялық жұмысты жоғары бағалап, оған ғылым кандидаты деген атақ қоса берілді. Бақтыгерей Құлманов I және II Мемлекеттік Думаға қатарынан екі рет Ішкі Орда қазақтарының атынан депутат болып сайланып, онда мұсылмандар фракциясының құрамында қызмет етті [28, 123-б.]. Ол қазақ даласынан сайланған Ш.Қосшығұлов, Б.Қаратаев, С.Жантөрин, М.Тынышбаев, Т.Алдабергенов, Ә.Бөкейханов, А.Қалменов, А.Бірімжанов сияқты ұлт зиялыларымен бірге оқыды. Бақтыгерей Құлманов – араб, парсы, түрік және татар тілдерін еркін меңгерген қазақ зиялыларының қатарындағы тұңғыштардың бірі.

1886 жылы қазақ жастарының екінші бір легі Петербург университетінің есігін ашты. Олардың ішінде Көкшетаудан келген Мәмбетәлі Сердалин, Жетісудан – Барлыбек Сыртанов, Оралдан – Бақытжан Қаратаев, Ақтөбеден – Абдолла Теміров сияқты

жас жігіттер бар еді. Мәмбетәлі Сердалин жаратылыс факультетіне түсіп, В.И.Лениннің ағасы А.И.Ульяновпен бірге оқыды. Бақытжан Қаратаев пен Абдолла Теміров заң факультетінде оқыды. 1880 жылдары Санкт-Петербургтың барлық жоғары оқу орындарында өз программасы бар, саяси бағыттағы «Жерлестер» («Землячества» немесе «Союз землячества») астыртын ұйымдары жұмыс істейтін. Олардың құрылуының негізгі себебін зерттеуші С.Өзбекұлы: «бір өлкеден, бір топырақтан шыққан студенттердің қоян-қолтық араласуы және бір-біріне қамқор болуы еді. Алғашында «Жерлестер» ұйымының мүшелерінің мақсаты бір ұлттан немесе бір өлкеден келген мұқтаж студенттерге материалдық көмек көрсету болған. Бірақ бұл ұйымдардың пісіп-жетілуі барысында алдарына қойған мақсаттары саясатқа ұласып кетіп отырады» [3, 39-бет], – деп, жан-жақты таратып, ашып береді. Бірте-бірте «Жерлестер» үйірмелерінің аясы ұлғая келе көп студенттерді қамтыған «Жерлестер одағына» айналып отырды. Олардың арнайы Жарғылары, мүшелік жарналары болған. 1880 жылдары Санкт-Петербургте студенттер арасында 20-ға жуық «Жерлестер» үйірмелері болған және олардың мүшелігіне 1500-ге тарта студент кірген. Атап айтсақ, студенттердің Сібір, Поволжье, Кубань, Дон, Польская касса, Таврия, Новгород, Украина, Грузия, Армения сияқты «Жерлестер» үйірмелері мен одақтары тұрақты түрде жұмыс істеген [4, 34-бет].

Сол «Жерлестер» ұйымы қазақ жастары арасында да болған еді. Барлыбек Сыртанов, Мәмбетәлі Сердалин, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров және шығыстану факультетінде бұлардан бұрын келіп дәріс алып жүрген Бақтыгерей Құлманов сияқты жастар «Жерлестер» үйірмесін құрады [5, 26-27-б.]. Қазақ жастары үйірмеге мүше болған студенттерге қаражатпен көмектесу, ауырған жағдайда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешті. Өйткені университет қабырғасында оқып жүрген студенттер материалдық ауыр жағдайды да бастан кешіреді. 1887 жылғы 1 наурызда III Александрге қастандық жасағаннан кейін Министрлер кабинеті оқу үшін төленетін ақыны (1884 жылғы Жарғы бойынша бекітілген 60 рубльді 100 рубльге көтерді) едәуір көтерді.

«Жерлестердің» мүшелері қаладағы қайнап жатқан өмірден тыс қалмай, барлық оқиғаларға атсалысып отырды. Материалдық мәселелерді ғана шешіп қоймай, оның жиылыстарында астыртын революциялық мазмұндағы үндеулерді оқып талқылау, теңсіздік пен әділетсіздік, қазақ даласында мәдени-ағартушылық ісін тарату туралы пікірлер жиі айтылды. Мәселен, олар 1886 жылдың 17 қарашасында орыстың ойшылы Н.А.Добролюбовты еске түсіруге арналған демонстрацияға қатысады. Қазақ жастарының ішінде, әсіресе, Мәмбетәлі Сердалин революциялық қозғалыстар мен студенттер үйірмелеріне жиі-жиі қатысып жүрді.

1894 жылы Петербург университетінің заң факультетін Ақмешіттен келген Серәлі Лапин бітіріп шықты. Студент кезінде С.Лапин Санкт-Петербургтің ғылыми ортасымен тығыз байланыста болды. В.В.Бартольдпен Түркістан өлкесінің тарихы мәселесі төңірегінде пікір бөлісіп тұрды. С.Лапиннің жариялаған еңбектері сол тұста империя астанасы ғалымдарының арасында қызу талқыға түсті. **Қазақ Совет Энциклопедиясында мынадай қызық дерек бар:** «1893 – 94 жылдары Орта Азияға ғылыми мақсатпен келген академиктер В.В.Бартольд, Н.И.Веселовский Лапиннен түркі тілдері бойынша дәріс алды». В.В.Бартольд әлденеше еңбектерінде

Лапинге сілтеме жасайды [6, 15-бет]. Ол университет қабырғасынан алған білімін халық игілігіне жұмсап, оның сәулетті болашағы үшін Түркістан мен Қазақстанда орыс-қазақ мектебін ашуға атсалысып, Россия мен қазақ халқының өзара байланысын нығайтуда аянбай еңбек сіңірді.

1898–1903 жылдары университеттің заң факультетіне Семей облысындағы Қарқаралы қаласынан келген Жақып Ақбаев оқып, оны «право магистрі» деген жоғары ғылыми дәрежемен бітіріп шықты. 1896 жылы университеттің заң факультетіне Бөкей облысынан келген ағайынды Батырқайыр және Әбділкерім Ниязовтар бітірді. Петербург университетін бітірген алғашқы қазақ жастарының сапында аса құрметпен аталатын есімдердің бірі – Дінмұхамед Сұлтанғазин – Шоқанның немере інісі. Ол 1880 жылы Томск университетінің дәрігерлік факультетіне оқуға түскен. Бірақ бұл мамандықтың өзінің талабына сай келмейтіндігіне көзі жетіп Том университетінен Петербург университетінің шығыс тілдері факультетіне ауысып, оны араб, парсы және түрік-татар мамандығы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен үздік бітіріп шықты. Бұған көңілі толмаған Дінмұхамед Сұлтанғазин университеттің заң факультетіне оқуға түсіп, 1887 жылы оны ойдағыдай аяқтады. Мұнан кейін Дінмұхамед Сұлтанғазин Омбы қаласында 1888 жылдан 1902 жылға дейін шығып тұрған «Дала уалаяты» газетінің аудармашысы және редакторы болып қызмет істеді [7, 273-бет].

Қорытындылай келгенде жаңа тұрпатты қазақ зиялыларының қалыптасуында Ресей қалаларының, оның ішінде Санкт-Петербург қаласының орны зор болды. Петербург университетінде оқып, білім алған алғашқы қазақ студенттерінің ерекшелігі, олардың саяси белсенділігінің жоғары болғандығында еді. Империяның астанасында оқи жүріп, олар өздерінің халқының алдындағы азаматтық парызын ұмытқан емес. Болашақта олардың көпшілігі ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың негізін құрады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается жизнь и деятельность представителей казахской интеллигенции обучавшихся в Санкт-Петербурге в конце XIX – начале XX вв. Отмечаются, что в формировании и становлении казахской интеллигенции нового типа, сыграли большую роль высшие учебные заведения столицы, в том числе Санкт-Петербургский университет.

This article examines the work and activities of representatives of the Kazakh intellectuals trained in Sankt-Petersburg in the late 19th and early 20th centuries. It is noted that the formation and formation of the Kazakh intellectuals of a new type played an important role in the higher educational institutions of the capital, including the St. Petersburg University.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А.; «Санат», 1995, 85 б.
2. Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интеллигенциясы. – Алматы: Атамұра, 1997 – 128 – 130-бб.
3. Қойгелдиев М., Ә. Бөкейханов. Шығармалар, А., 1994, 39 б.
4. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда – А., 1995 – 34 – б.
5. Петербург университетінде оқыған қазақ жастары туралы тың деректер. // «Білім және еңбек», 1983, №3, 26 – 27-бб.
6. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер – Алматы: Қазақстан, 1990 – 168 – 15-бб.
7. Алтынсарин Ы. Тандамалы шығармалары. Алматы, 1955 – 273-бет.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

және Міржақып Дулатұлының әлеуметтік көзқарастары

Р.АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының доценті

Л.БАЙБОСЫН,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы

Қазақ халқының зиялы қауымының екінші бір толқыны шыққан кез – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Ал ол кез қазақ халқы үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан ауыр, қоғамның түсініксіз жақтары көбейген, соған жауап іздеген сындарлы да қиын кезең болды. Оның негізгі ауыртпалығы қазақ халқының сол кездегі санаулы ғана зиялы қауымының мойнына түсті. Ұлттың ұлт болып қалуы таразыға түскен тұста олардың ғылымның барлық салаларымен шұғылдандуына тура келді. Өйтпеске уақыт та болмады. Себебі заман лебіне икемделу үшін, өркениетті қоғам құру үшін ұлтты тығырықтан алып шығу керек еді.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының арасында өте зор беделге ие болған, қазақ халқының рухани ояну кезеңін еріксіз еске түсіретін, жан-жақты дарын иесі, Торғай жерінің тумасы, Ыбырай мектебінің түлегі – Міржақып Дулатұлы. XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауым өкілдерінің бел ортасында жүріп, болашаққа өзінің өлмес мұрасын қалдырған қоғам қайраткерінің еңбектерін оқу арқылы оның жан-жақты, терең ойлы, өзіндік көзқарасы бар, кісілік қасиетке толы тұлға болғаны байқалады.

М.Дулатұлының өмірбаяны, заманы, шыққан тегі, қоршаған әлеуметтік ортасы, халқына сіңірген қызметі оқырман қауымға етене таныс. Қайраткер шығармаларының маңыздылығына, қазіргі заман ағымында болып жатқан құбылыстармен етене жанасып жатқандығына оның еңбектерін оқу арқылы көз жеткіземіз. Оның «Оян, қазақ!», «Азамат», «Терме» өлеңдер жинағы немесе жазба шығармаларының барлығында қазіргі уақыттағы қазақ қоғамының ең көкейтесті: тіл, дін, жер, ұлттың қадір-қасиеті, сөз мәнері, сыйластық, мораль, әйел мәселесі, қазақ халқының тарихы сияқты үлкен-үлкен тақырыптар қозғалған. Қазақ қоғамының қазіргі экономикалық жағдайын XIX немесе XX ғасырмен салыстыруға болмас. Ол жағынан біздің қоғамымыз бірталай жоғары тұр. Бірақ адамгершілік, тәрбие, ұлтжандылық, ар-ождан, намыс дегендерге келсек, меніңше, біз көптеген құнды ерекшеліктерімізден айырылып қалғанбыз. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары қозғаған мәселелердің әлі күнге дейін шешімін таппай отыруы осының айғағы болса керек. Мысалы, ақынның «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» деген өлеңінде мынандай жолдар бар:

Қызығып қызарғанға кеткендер көп,

Шен алып, дәрежеге жеткендей боп.

Ойлады өз файдасын халықты сатып,

Қазақты ең керексіз еткендей боп [1. 23-б.].

Қазақ қоғамын жегідей жеп, қазіргі таңда

бойымызға сіңіп бара жатқан, көзіміз үйреніп, таң қалмайтын құбылыстың сонау XX ғасыр басынан бері келе жатқандығы қынжылтады. Қазақ халқының есебінен жер, тіл, дін, саясат сияқты мәселелер шешімін тауып жатқаны қаншама. Міржақып Дулатұлы осыны көріп жаны күйзеліп, амалы жоқтан өлең жолдары арқылы қалың қазағына жеткізуге тырысады.

Халық қамқоршысы бола білген Міржақып бабамыз енді бір сөзінде былай дейді: «Заман талас-тартысқа айналды. Қара күнін қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек». Бұл ағартушының қазақтың сауатын ашу, өркениетті қоғам құру мақсатында алдыңғы қатарлы елді қуып жетуде оқудың, білімнің, ғылымның қандай орын алатындығын айқындап берген бағдарламасы деуге болады.

Білімнің керек екендігін айта келіп Міржақып Дулатұлы «Тіл мәселесі» деген мақаласында: «...Сөйтіп, жұрттың көбі орыс тілін, орыс оқуын білімді, өнерлі болу мақсатымен үйренбей, дәреже алу, төре болу үшін оқитын болды». «...Көрген өнегесі, алған тәрбиесі осылай болған соң, орысша оқығандар халықтан алыстап, өз елін өздері менсінбейтін кеселге ұшырай бастады», – деп, оның екінші бір келеңсіз жақтарын атап өтеді [2. 279-б.]. Әрине, біздің заманымызда қазақ жастарының өнер-білімге, ғылымға деген құштарлығы, соны игерсем деген ниеті – құптарлық іс. Алайда сол алған білімін шынымен де халық игілігіне жұмсау жағы көңілден шықпайтынын мойындауымыз керек.

Егеменді еліміздің болашағы жастардың қолында екенін Елбасы әрдайым айтып жүр. Бірақ бізге оқығаны көп, өзінің пікірін ашық айта алатын, көзқарасы қалыптасқан, саяси сауатты, жан-жақты, қазақи болмысты жастар керек. Ал ол мектеп қабырғасынан басталатынын бәріміз білеміз. Бірақ біле тұра мектеп табалдырығын кеше ғана аттаған баланың тағдырын кез-келген адамның қолына бере салатынымыз бар. Мұның өзі қоғамның дамуына кері әсер ететіні белгілі. **Міржақып Дулатұлы осыған байланысты былай дейді:** «Бала оқытатын мұғалім, учитель бұқараның көзінде қандай қадірлі екені бұқараға да, оқығандарға да мәлім. Оларды сыйласа, сыйлайтын тек оқып жүрген балалардың әке-шешелері ғана; былайғы жұрт оларды көзбе-көз құрметтегенде де немқұрайды қылып құрметтейді, ішінен «қолынан дәнеме келмейтін болған соң, бала оқытып жүргені ғой» [3. 308-б.]. Автордың бұл сөзі

қазіргі біздің қоғамымыздағы «мұғалім» мамандығына деген пікірдің дұрыс қалыптаспай келе жатқандығын көрсетсе керек. Шынымен де оқытушылық немесе мұғалімдік жұмыс мамандық арасындағы ең қиыны, кез-келген адам бара алмайтын өзіндік ерекшелігі бар мамандық деп айтқанымызбен, керісінше, ең «оңайы» болып тұрғаны жасырын емес.

Міржақып Дулатұлы – нағыз гуманистік көз-қарастағы тұлғалардың бірі. Оған автордың «Адамға тіршілік не үшін керек?» деген мақаласын оқу арқылы көз жеткізуге болады: «Қазақтың қарияларының айтып кеткен сөзіне қарағанда тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді» [4. 216-б.]. Парасатты, бір ұлтты ғана емес, адамзатты жақсы көру, оған қолыңнан келгенше жақсылық жасау ойында бар тұлғаның сөзі деп айтуымыз керек.

Міржақып Дулатұлының өмір сүрген тұсында қазақ қоғамында зиялы қауымның алатын орны ерекше болды. Бірақ олардың арасында шын жүректен халқына берілген, сол үшін қандай қиыншылықтарға болса да төзетіндерінің саны санаулы болғандығы рас. Кезінде сұрқия саясаттың құрбаны болып, соның айтқанына көніп, айдауына жүрген, сөйтіп үкімет «адамына» айналғандар қаншама. **Осыған байланысты жалынды публицист былай дейді:** «Ақ жүрек таза болса. Жұртты ие сатып, ие алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса. Міне, депутат болуға осындай адамдар лайық» [5. 258-б.]. Ел басқарып, үкімет билігін қолына ұстап отырғандар осы мағыналы да маңызды сөйлемдерге назар аударып, қызмет бабындағы күнделікті жұмыстарының негізгі принциптеріне айналдырса, құба-құп болар еді. Халқын сүйетін, соның жолында жанын беретін нағыз отаншыл, ұлтына берілген азамат қана осылай айтса керек.

XVIII ғасырда басталған отарлық жүйе арқылы бойымызға да, санамызға да, күнделікті өмірімізге де сіңісті болған мәселенің бірі – **ата-бабамыздың есімінің теріс жазылатыны.** Ақын осы тұрғыдан өзінің пікірін былай білдіреді: «...Сөйтіп, біздің айтайық дегеніміз, «ов»-ты орысқа қайырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атағанда «Байтұрсынұлы Ахмет», «Ходжанұлы Сұлтанбек» деп жазу дұрыс дейміз. Мақалаға қол қойғанда, хат жазғанда...Ахмет, Міржақып, Қойшыбай, Жаманбай деп қана жазса да болады» [6. 250-б.]. Шынымен де басқа халықтың ата-бабасының соңына жармасқан «құйрығын» қайтып беретін уақыт жеткен сияқты. Әйтпесе, олардан ұят болып жүрер.

Біз Міржақып Дулатұлын үлкен саяси қайраткер ретінде білеміз. Оның білімінің ұшталуына, әлеуметтік-саяси көзқарастарының қалыптасуына белгілі бір объективтік және субъективтік жағдайлардың әсер еткендігі түсінікті. **Солардың біріншісі** – оның Ыбырай ашқан мектептен тәлім-тәрбие алуы болса, **екіншісі** – оның сол кезде қазақ даласында атақтары кең тарай бастаған Әлихан Бөкейханмен, Ахмет Байтұрсынмен Омбы қаласында кездесуі. Аға буын өкілдерінің кеңесіне құлақ қойған Міржақып Дулатұлы осы кезден бастап кең қазақ даласын шарлап бала оқытып, қазақ қоғамының ауыр да күрделі мәселелерімен шұғылдана бастайды. **1905 жылдың жа-**

зындағы Қарқаралыдағы саяси жиын әжептәуір оқығаны бар, зерделі де зейінді жас Міржақыптың саяси ұстанымының қалыптасуына зор әсер еткен елеулі оқиғалардың алғашқысы болды.

Міне, осылардың барлығын ой елегінен өткізген, шынайы азаматтық тұрғыдан бой көрсетіп, қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін күрескер екендігін айқындаған шығармасы «Оян, қазақ» баспадан шықты.

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты!

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал қараң боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты [7. 19-б.].

Бұл өлең сол кездегі де, қазіргі уақыттағы да қазақ халқының алға сүйреп ұранына айналды және айналса екен деген ой келеді. Халықты нәтижелі іс-әрекетке, қызу қимылға, саналы тірлікке, елдікке, бірлікке шақыруы – заман талабынан туған ақынның ішкі толғауы болатын.

Міржақып Дулатұлының саяси белсенділігінің шырқау шыңы «Алаш» партиясының құрылуымен тығыз байланысты. Оған дейін де өзінің саяси мақалаларының бірінде Мемлекеттік Думаға қазақ өкілдерін сайлауға рұқсат беру туралы ашық пікірін білдіруімен көзге түскен ол ұлттық партияның белсенді мүшесіне айналды. Оның шынайы ұлтжанды қайраткерлік үні «Қайтсек жұрт боламыз?» деген мақаласында айқын көрінеді. **Ол сол кездегі қазақ қоғамының саяси хал-ахуалын былай сипаттайды:** «Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде.

Бір жол – құлдық жолы... Осындайда жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап кетуге ие болады...Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алу жолына кіріссек, Алаш үкіметіміз деп тырысып тұрсақ, бізді ешкім басынбайды, үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі» [8. 268-б.]. Қоғам қайраткерінің бұл ойын еліміздің басынан өткерген 1990 жылдардың басындағы ауыр да қиын кезеңдермен салыстыруға болады.

Міржақып Дулатұлы кеңестік саясаттың құрбаны болғанымен, оның осыдан бір ғасыр бұрын қазақты «ояту» жолындағы айтқан ойлары әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. «...Ғұмыр болса, дәм жазса – ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адассам – халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын», – деген ақын өмірі патшалық Ресейдің қатыгез қуғынын көрген, кейіннен сталиндік репрессияның құрбаны болған XX ғасыр басындағы зерделі зиялылардың трагедиялы тағдыры Міржақып Дулатұлына да тән еді. Әйтсе де, іргелі ұлттың ірі мінезін танытқан озық ойшылдар қатарынан оның алар орны айрықша екендігі даусыз.

Осы орайда ағылшын ағартушысы Уильям Уордтың ұстаз туралы айтқан: «Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады», – деген пікірі ойға оралады [9.]. Бұл тұрғыда ақынның түсіндіріп қана қоймай, шығармалары арқылы оқырманды ұлт мүддесіне байланысты неше түрлі ойларға одан әрі шабыттандырғанын және шабыттандыра беретінін білуге болады.

РЕЗЮМЕ

В научной статье дается анализ сочинений Мыржақыпа Дулатова, одного из ярчайших предс-

тавителей казахской интеллигенции XX века. Широкое распространение среди народа получили его статьи образовательного, учебного и политического направления. Важным является раскрытие позиции общественного деятеля по социальным вопросам казахского общества.

* * *

In this scientific article analyze of Myrzhakyp Dulatov's position, one of the brightest representatives Kazakh intellectuals in the 20 century. The wide circulation among the people was received his educational, educational and political articles and a songs. It is important disclosing a position of the public figure on social problems of the Kazakh society.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Дулатов. Шығармалары. А., «Жазушы», 2001. -23 б.
2. М.Дулатов. Шығармалары. А. «Ана тілі», 2010. -279 б.
3. Бұл да сонда, -308 б.
4. Бұл да сонда, -216 б.
5. Бұл да сонда, -258 б.
6. Бұл да сонда, -250 б.
7. М.Дулатов. Шығармалары. Алматы. «Жазушы», 2001. -19 б.
8. М.Дулатов. Шығармалары. Алматы. «Ана тілі», 2010. -268 б.
9. Р.Қонарбаева. Педагог өмір бойы үйренуі тиіс. // Егемен Қазақстан. – 2018. – 23 ақпан.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ – АБЫЛАЙ СЕРҒАЗИЕВ

Жанар БЕЛГІБАЙ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты тарихи еңбегінде арда туған Алаш қайраткерлері туралы былай деп жазды: «Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда. Олар қазақ мемлекеттігінің даму нысанасын жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде-ақ көрсетіп берген болатын. ...Біз асқақ сезімге бөлене отырып, ұлтшыл әрекетшілдігімізге қатысты ғасыр басында Алаш қайраткерлері бастап берген жолнұсқалар ғасыр соңында жалғасын тапты деп айта аламыз» [1, 22-б.]. Осы жолдардың мәні мен мағынасына терең бойлай түссек, ұлт тарихының ұлы көші көркейе түсетініне кәміл сенеміз. Сондықтан қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың тарихи орны мен олардың ұлт үшін жасаған еңбектерінің маңызын көрсетіп, жаңа буынның санасына сіңіру – біздің парызымыз болмақ.

Сталиндік тоталитарлық жүйенің тар қыспағында жүріп, өз елінің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің игі істеріне баға беру болашақ жас ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса маңызды болмақ. Кеңестік биліктің ұлт зиялыларының есімдерін халқымыздың жадынан мәңгілік өшіруге ұмтылған әрекетінің салдарынан осы кезге дейін ғылыми тұрғыдан игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес.

Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ тарихи бағасын әлі де ала алмай, күні бүгінге дейін есімі көмескі тартқан осындай тұлғалардың бірі – Абылай Серғазиев. Оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, жалпы тұлғасын танытуда С.Тілеуқұлов, Г.Тілеуқұлов, Р.Нәдіров, Б.Қойшыбаев, Е.Жалмағамбетов, Х.М.Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атаған жөн.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатының деректерінен Алаш қайраткерінің өмір жолынан мынадай мәліметтерді кездестіреміз: Абылай Серғазиев 1896 жылы Самарқан облысының Жызақ уезі Пістемтау болысының 5-ауылында орта шаруа отбасында дүниеге келген. 1904-1913 жылдар аралығында Самарқандағы орыс-түзем мектебінде және Жоғары бастауыш училищесінде оқиды. Оқу-

ға ынталы, қабілетті жас Абылай қысқа мерзім ішінде орыс, ескі өзбек, парсы тілдерін меңгереді. Училищені үздік бітірген ол алғашқы еңбек жолын ұсақ несие Инспекциясының іс жүргізушісі болып бастап, кейіннен аталған мекеменің инспекторы қызметін атқарады. 1916 жылы жергілікті тұрғындар үшін мұғалім кадрларын дайындайтын Түркістан мұғалімдер семинариясын мерзімінен бұрын бітіріп шығады. Мұғалім мамандығына ие болған жас маман Самарқан мен Каттақорғандағы орыс-түзем мектебінің меңгерушісі қызметімен қатар ұсақ несие инспекциясында жұмыс істейді. Ақпан төңкерісінен кейін Каттақорған (Ұлықорған) солдат және жұмысшы депутаттары кеңесінің қаулысымен Қазан төңкерісіне дейін ол аталған қаланың милиция комиссары болып тағайындалды [2].

Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының халқымыздың саяси және мәдени-рухани тарихында алар орны айрықша. Әсіресе, көрнекті зиялылардың ұлт мүддесі үшін жасаған игі істеріне «Түркістандық саяси элита өкілдері Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияровтар көп қолдау жасады және олармен бірлесіп, Түркістан Республикасында қазақ қоғамын жаңартудың тұжырымын жасап, нақты саяси әрекеттерді іске асыра алды» [3]. Осы ретте А.Серғазыұлының саяси қызметте шындалуына өмірлік тәжірибесі мол Т.Рысқұлов, С.Қожанов, И.Тоқтыбаев сияқты тұлғалармен кездесуі, 1917 ж. қоғамдық-саяси оқиғаларға дейін жұмыс жасаған қазақ зиялыларының «Кеңес» атты саяси үйірмесінің бағытымен танысуы, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің жергілікті халықтың арасында кең өріс алуы оның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпалы болғаны анық.

1917 жылдың көктем, жазында туған жерге орала бастаған тыл жұмысына қатысушылар Түркістандағы саяси өмірдің оянуына зор ықпал етті. Олар жергілікті еңбекшілер арасына большевиктер идеясын жеткізуге ұмтылды, жұмысшы және шаруа депутаттары жергілікті Кеңестерінің белсенді мүшелері және бұқаралық ұйымдарды құрудың бастамашылары болды. «... өз тағдыры үшін күреске құлшыған жұмысшылар төңірегіне топтасқан жергілікті ұлт өкілдері өздерінің қоғамдық ұйымдарын

құра бастады. Осы кезде құрылған «Иттифоқ» қоғамы, «Мардикарлар жамияти», «Самоварчилар жамияти», «Көшпелілер қоғамы» сияқты халықтық ұйымдар саяси тұғырнамасын ұлт-азаттық идеялар негізінде құрып, өздерінің әрекетін Түрккомитеттің қызметімен байланыстырған еді. Алайда Түрккомитеттің әрекетсіздігі өлкедегі ұлттық қозғалыстарды дербес әрекет жасауға итермеледі» [4, 23-б.]. **Абылай Серғазиев те «Иттифоқ» қоғамдық ұйымның мүшесі ретінде оның ісіне белсене араласты.** Бұл одақтың мүшелері жергілікті жұмысшылармен бірге күреске шығып, Самарқан қаласының губернаторы Лукошинді биліктен тайдырды. 1916 жылғы көтерілістің шаруашылыққа келтірілген зардаптарымен қатар Самарқан өңірінде орын алған қуаңшылықтың салдарынан ашаршылық қаупі төніп тұрғанда аталған ұйым жергілікті тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету жолдарын қарастырды. Қазан төңкерісінен кейін бұл қоғам Кеңестердің қызметін атқарып, кейіннен Самарқан уездік-қалалық жұмысшы, солдат және мұсылман Кеңесі деген атпен өзгертілді.

А.Серғазиев Самарқан уездік атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, Каттақорған қаласының Ішкі Істер комиссарының орынбасары, бастығы қызметтерін атқарды [5]. 1917 ж. екі төңкеріс пен кеңес билігінің жеңуі мен орнығуы кезінде орын алған ашаршылық Түркістан өлкесін аса қатты күйзелтіп, жергілікті ұлттардың жағдайын ауыр күйге ұшыратты. 1918 жылдың соңына қарай республикадағы ашыққандардың саны 1 миллионға жеткен. Аталған кезеңдегі ашаршылық салдарынан, әсіресе, қазақтар қатты зардап шегіп, үштен бірінен айрылды [6]. 1918 жылы қарашада Түркістан өлкесі бойынша Аштықпен күресетін ерекше Орталық комиссиясы құрылып, оның төрағасы болып Т.Рысқұлов тағайындалды. Орталық Комиссия республикадағы аштықпен күресудің жолдарын қарастырып, ашыққандардың өзіне мал, егін шаруашылықтарымен айналысуға бар мүмкіндікті жасауға тырысты. Сырдария губерниясының Ферғана, Самарқанд, Жетісу және т.б. уездерінде Орталық комиссияның бөлімдері ашылып, оған С.Қожанов, С.Асфендияров және Самарқан өңіріндегі бұл маңызды іске А.Серғазиев жетекшілік жасап, жүздеген мың адамды аштықтан аман алып қалу үшін күресті.

1918 жылы Самарқан ревкомының қарарымен А.Серғазиев Каттақорған ревкомының төрағасы қызметіне бекітіледі. Мұрағат деректері Абылай Серғазиевтің Каттақорған өңірінде Кеңес өкіметі белгілеген бірқатар маңызды міндеттерді халық тұрмысына лайықтап шешу, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағдарлау, сондай-ақ бұл өңірді суландыру және т.б. қыруар шаруамен қатар айналысқанын көрсетеді. **Зерттеуші Г.Тілеуқұлов бұл ретте мынадай мәліметтер келтіреді:** «1918 жылы суландыру бойынша 5 округке бөлініп, 10 су қожалығы аудандарына бөлінді, белгілі аудандарда ирригацияны тіктеу жаңа жерлер игеріліп 100 мың десятина мақта даласын кеңейту, Зарафшан өзені бойында Дуплин су қоймасын салу белгіленген еді. Каттақорғандықтарды бұл жұмысқа жұмылдыру ісіне А.Серғазиев белсене қатысты» [7, 108-б.]. Жергілікті халықтың «Елге су алып келген әзиз» деген құрметіне ие болған А.Серғазиев ауыл шаруашылығын дамытуда суармалы жерді тиімді пайдаланудың, іске қосылмай келген жерлерді айналымға енгізу арқылы мақта алқаптарының көлемін ұлғайтудың шараларын жүзеге асыруды көздеді.

1919 жылы Самарқан облыстық кеңесі атқару комитетінің орынбасары, кейіннен төрағасы болып қызмет атқарған кезінде осы өңірдің әлеуметтік-экономикалық бағытының түбегейлі өзгеруіне үлес қосты. Өңірдегі бұрынғы тоқтап қалған завод, фабрикаларды, кәсіп дүкендерін жөндеп іске қосу, тез арада қызметкерлер даярлау, жергілікті халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету және т.б. мәселелерді шешуге атсалысты. Сондай-ақ, Түркістан Республикасы Кеңестері VIII-XI съездерінің мәжілістеріне А.Серғазиев белсене қатысты. Өрбір съезд жиылысында ол өзінің ұсыныстарын айтып, іскерлігін танытты.

Сол кезеңнің саяси жүйесіне қызмет ете отырып, А.Серғазиев 1919-1920 жылдары Самарқан өңірін суландыру мен су жеткізу жұмыстарына көп көңіл бөліп, каналдар мен су қоймаларын салуға жергілікті тұрғындарды жұмылдыра білді. Нәтижесінде А.Серғазиевтің Самарқан облысындағы қызметі бағаланып, 1920 жылы Түркістан Республикасы Ішкі Істер Халық комиссары болып тағайындалды және Түркістан өлкелік партия ұйымының V съезінде ТКП ОК-ның мүшелігіне сайланды [7, 109-б.]. Ал, 1921 жылдың қыркүйек айынан Азық-түлік Халық Комиссарлар коллегиясының мүшесі, Түркістан экономикалық кеңесі төрағасының орынбасары қызметтерін атқарып, қалалар мен ауылдардағы ересектер арасындағы сауатсыздықты жою шараларымен де тікелей айналысты.

1923 жылы Сырдария облысы атқару комитетінің төрағасы болған кезінде Мырзашөл, Түркістан, Шымкент, Әулиеата уездерінің мал, егін шаруашылығын және өнеркәсібін дамыту бағытында бағдарламалар жасап, оларды іске асыруға бар күш-жігерін, білімін жұмсай білді. Осы жылы 30 шілдеде Түркістан Орталық Атқару комитетінің шешімі бойынша, Сырдария облыстық комитетіне Қ.Сарымолдаев тағайындалады, ал **А.Серғазиев Оқу-ағарту халық комиссары қызметіне бекітілді** [2]. Сол кездегі Түркістан ОАК-тің төрағасы И.Хидиралиев оны білім беру саласындағы ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, кәсіби мемлекеттік қызметкер ретінде жоғары бағалайды. Ол басшылық еткен қысқа мерзім ішінде оқу-ағарту саласында қаржы тапшылығы, мұғалімдердің, оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеуі сияқты үлкен қиыншылықтарға қарамастан, оқу саласын нығайту, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, оқулықтар мен көмекші оқу құралдарын әзірлеу, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, Джалентов, С.Қожанов және т.б. қазақ зиялыларының еңбектерін, сондай-ақ, «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай», «Ер Тарғын» поэмаларын жетекші мектептер бағдарламаларына енгізу, жалпы қазақ ғылыми оқу комиссиясының жұмысына көмек көрсету және жастарға білім беруді жақсарту үшін ұлттық (қазақ, өзбек, түрікмен, тәжік) мектептер жүйесін қалыптастыру істері жолға қойылды.

1924 жылы 1-2 қаңтарда өткен Түркістан Кеңестерінің съезіне А.Серғазыұлы делегат ретінде қатысты. Ал 15 қаңтарда Түркеспубликасы құрамына, ТүркОАК төрағасының орынбасары болып сайланды. Кейіннен **Түркістан ХКК-нің төрағасы қызметін атқарғанда** қайраткер өлкедегі ішкі сауданы жетілдіру, сауатсыздықты жою үшін оның қорын түзу, пәтер төлеміне жеңілдік жасау, өнеркәсіп құрылысы, еңбекті қорғау сияқты әлеуметтік саясатты іске асырды [7, 111-б.].

1925 ж. 15-19 сәуір аралығында V Бүкілқырғыз (қазақ) кеңестерінің съезінде жаңа үкімет

пен жоғары биліктегі басшылар тағайындалды. Жаңа үкіметтің құрамы өзгеріп, **Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып Н.Нұрмақов, оның орынбасары болып А.Серғазиев сайланды.** Бұл съездің тарихи маңыздылығы С.Қожановтың ұсынысымен қазақ халқының тарихи атауы қырғыздан қазаққа ауыстырылуы, Қазақ АКСР-нің жаңа орталығын Ақмешіттен «Қызылорда» деп өзгертілуі болды. Ақмешітке орталықты көшіру үшін РК(б)П Қырғыз (Қазақ) өлкелік комитетінің жанынан арнайы комиссия жасақталып, оның құрамына С. Қожанов, И.Б.Маймин, А.Кенжин Н.Кочетов, М.Тәтімов, Я.Боярскиймен қатар А.Серғазиев те енді. Мұнда көтерілген күрделі мәселелердің бірі – қаланың келбетіне қатысты мәселелер болатын. 1925 ж. 19 маусымда Халық Комиссарлар кеңесі жанынан Құрылыс комитетін құру туралы шешім қабылданады. Қызылорда қаласында жүргізілетін құрылыс жұмыстарын басқару үшін арнайы Құрылыс комитеті құрылады. Оның төрағасы болып А.Серғазиев, ал құрылыс комитеті жанынан құрылған бюроның басшысы ретінде инженер А.Будасси тағайындалады. Құрылыс жұмыстары өте қиын жағдайда өткеніне қарамастан, 1926 жылдың басында аяқталып, Қазақстан үкіметінің бекітілген жоспардағы мемлекеттік мекемелерге қажетті ғимараттар, қызметкерлер мен қала тұрғындарына пәтерлер салынып біткен [8].

Осы жылдары Қазақстан үкіметінің сол кездегі басшысы Н.Нұрмақовтың, А.Серғазиевтің және т.б. қазақ зиялыларының еліміздің аумақтық тұтастығы, өнеркәсіп құрылысы, қазақтарды жерге орналастыру мәселесі, құрғақшылық зардаптарына қарсы күрес, оқу-ағарту және мәдени даму, қазақтарды басқару ісіне тарту, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру және т.б. салаларда атқарған қызметтері өлкенің қарқынды дамуына зор ықпалын тигізді. Алайда А.Серғазыұлының Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.Голощекинмен арадағы пікір қайшылығы оның «қожановшылдық» тобына белсене қатысты деген сылтаумен қызметінен кетуге мәжбүрлейді. Ташкентке оралған қайраткер 1928-1935 жж. аралығында Орта Азия Экономика кеңесі төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарады. Оның ең соңғы қызметі – 1936-1937 жылдары КСРО ХХК

жанындағы Дайындау комитетінің Иванов облысы бойынша өкілі болуы еді. Бұл қызметінде де Абылай Серғазыұлы «тәжірибесі мол ұйымдастырушы» ретінде танылды.

Бүкіл саналы ғұмырын Түркістан және Қазақ өлкесінің жарқын болашағына арнап, мол еңбек сіңірген қайраткер өзге де алаш зиялылары секілді «халық жауы» деген жаламен 1937 жылы тамызда тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Кейіннен 1957 жылы қарашада ақталды.

Өз елін шексіз сүйіп, халқына қалтқысыз қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің бірі – Абылай Серғазыұлы сынды тұлғалар өскелең ұрпақ жадынан ұмытылмақ емес.


РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается общественно-политическая деятельность видного деятеля Абылая Серғазиева.

The article deals with the socio-political activity of a prominent figure Abylai Sergaziev.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында».- Алматы: Атамұра. 1999. – 298 б.
2. ОҚОММ. А.Серғазиев. Қор 1170, тізбе №16, бума №1с. № 6 а.
3. Тұрсұн Х.М. Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924 жж.) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореф. – А., 2007.
4. Тұрсұн Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты (тарихи, саяси және ұлттық аспектілері) – Алматы: «Нұрлы әлем», 2006. – 23 б.
5. Жизнь и деятельность представителей казахской интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть I. – Шымкент, 2004.- С. 111-112.
6. Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы XX ғасыр басындағы ашаршылықтар жайлы <http://e-history.kz/>
7. Тілеуқұлов Г. Жазықсыз жазаланған тұлғалар – Ташкент, 2000.
8. Жалмағамбетов Е.А. Қызылорда қаласының астаналық кезеңіндегі күнделікті өмірі (1925-1929). PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс. – А., 2014.



ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!

АХАҢ ТУРАЛЫ КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Таяуда «Ғылым ордасы» ғылыми кітапханасының конференц-залында «Қазақстан мен Ресей: тату көрші және достық жолында» атты дөңгелек үстелдің отырысы мен «Оренбургский путь Ахмета Байтурсунова» Т.И.Тугай (Орынбор, 2017) кітабының тұсаукесері өтті.

Аталған тұсаукесерді Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, Орынбор облыстық «Халықтар достығы үйі» қоғамдық ұйымы (РФ), «Бәйтерек» қайырымдылық қоры (РФ), «Қазақ тілі» Халықаралық қоғамы бірлесіп өткізді. Оған ғалымдар, қоғам қайраткерлері, магистранттар мен докторанттар, БАҚ өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел шеңберінде Ресей мен Қазақстанның шекаралық қарым-қатынастарының өзекті мәселелері талқыланды. Іс-шара барысында Тарих және этнология институты мен Орынбор облысының Мемлекеттік архиві және Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті арасындағы өзара ынтымақтастық туралы келісім-шартқа қол қойылды.

Өз тілшімізден.

Қазақ тарихы
№5 (162), мамыр, 2018

«ҮЛКЕН ТЕРРОРДЫҢ» ҚҰРБАҢДАРЫ

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Биылғы жылы барша халқымыз атап өтіп жатқан Алашорда қозғалысының ғасырлық тойымен қатар, 1937 – 1938 жылы басталған тарихта «Үлкен террор» деген атаумен қалған қанды қырғынның басталғанына да 90 жыл толып отыр. Қанды-қырғынның алғашқы оты 1937 жылы Мәскеуде өткен БК(б) П ОК ақпан-наурыз пленумындағы *«Жапон-неміс-троцкийшіл агенттердің тыңшылықтары мен қаскүнемдіктерінің сабақтары»* және И.В.Сталиннің *«Троцкийшілдер және басқа да екіжүзділерді құрту бойынша партиялық жұмыстардың кемістіктері»* атты баяндамасын талқылағаннан кейін басталды [1, 378-381-б.].

Республикамызда «Үлкен террордың» кең қанат жаюына 1937 жылы 21 қыркүйек күні «Правда» газетінде жарияланған *«На поводе у буржуазных националистов»* атты мақаланың күшті ықпалы болды. Аталмыш мақалада Қазақстан К(б)П бірінші хатшысы Л.И.Мирзоян бастаған басшылар «буржуазиялық ұлтшылдарды талқандауда енжарлық танытып отыр» деп айыпталды. Осылайша «халық жаулары», «ұлтшылдар», «исламшылар», «түркішілдер», «жапония тыңшылары» және т.б. желеулермен қазақтың бас көтерген зиялыларынан бастап, қарапайым еңбек адамдары да қитұрқы саясаттың құрбандығына шалынды. Аз ғана уақыттың ішінде репрессияға ұшырағандар саны 118 мыңға жетіп, олардың 25 мыңдайы НКВД «үштігінің» шешімімен атылған. Тіпті соттау мен атудың сорақылыққа жеткен шыңы сол, республика басшысы Л.И.Мирзоян өз қолымен Сталиннен атылатын және түрмеге тоғылатындар санын арттыруды сұраған құпия құжат та табылып отыр.

Қазақ халқы үшін ХХ ғасырдың ең ауыр қайғысы атанған сталиндік қуғын-сүргін кезінде талай абзал азаматтарымыздың басы оққа байланып кетті. **Көрнекті тарихшы ғалым К.Нұрпейісов:** *«1930 және 1932 жылдардағы бұрынғы Алаш қозғалысына белсенді түрде қатысқан қазақ зиялыларының басым көпшілігі саяси сот процестері шығарған үкімге байланысты әртүрлі ұзақ мерзімдерге концлагерлерге айдалды, атылды, жер аударылды. Одан аман қалғандарына «халық жауы», «шетелдер пайдасына қызмет еткен шпион» деген жалған айыптар тағылып, 1937-1938 жылдардағы үлкен террорда жаппай атылып, айдалды»,* – деген қорытынды жасаған еді [2, 14-б.].

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған соңғы деректер бойынша, сталиндік қуғын-сүргін құрбандарының саны 40 миллионға жетті. Дегенмен де, нақты есебі әлі күнге анықтала қойған жоқ. Десек те, сол сталиндік пышақтың Қазақстанды да айналып өтпегені баршаға аян. Сотсыз, тергеусіз

жазықсыз жазаланғандар сапында қарымды қаламгерлер, оның ішінде Қазақстанның Батыс өлкесінен шыққан тұңғыш баспагерлер мен алғаш баспасөзін ұйымдастырушылар да болғанын атап өткіміз келеді.

Жақыпов Серікқали (1892, Ресей, Саратов облысы, Александров-Гай ст. – 9.02. 1939, Алматы) – **сталиндік қуғын-сүргін құрбаны**. Батыс Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауына көп еңбек сіңірген, ЧК-да (төтенше комиссия) жұмыс істеген. Жазуға бейімі мол С.Жақыпов 1914 жылы «Айқап» журналына Ю.Лермонтовтың «Үш пальма» атты дастанын қазақшаға аударып бастырған.

1924 жыл 18 тамыздан бастап «Жұмыскер тілі» атауына ие болған газетке сол жылдың 8 желтоқсанына дейін Гурьев уездік партия комитетінің хатшысы болған, даңқты чекист С.Жақыпов та редакторлық еткен. Ол – 1918 жылдан партия мүшесі, жоғарғы бастауыш училищені және педагогикалық курсты бітірген, мамандығы – мұғалім. 1918 – 1919 жылдары Бөкей губерниесінің комсомол ұйымының негізін қалаған. Сол жылы Мәскеудегі Я.М.Свердлов атындағы коммунистік университетке түсіп, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. 1921 жылы Бүкілодақтық төтенше комиссия қарамағында істеп, өлкемізде Серовтың бандаларын талқандауға жетекшілік етеді. 1923 жылы Гурьев уездік партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарады. Жауапты қызметінен уақыт тапқан С.Жақыпов уезде шығып тұрған «Трудовая Правда» мен «Ерік» газетіне қосымша редакторлық еткен. **1924 жылдың қазан айында Орал губерниелік партия комитетінің жоғарғы ұйымдарға берген баспасөз туралы ақпаратында былай делінген:** *«Гурьевте «Жұмыскер тілі» газеті аптасына бір рет 600 данамен жарық көреді, редакторы С.Жақыпов»* [3, 144-п.].

«Трудовая правда» мен «Ерік» газеттерінің беттерінде ішкі мүмкіндіктерді пайдаланып, еңбек өнімділігін арттыру мен өнімнің өзіндік құнын түсіруге бағытталған мынадай мақалалары жарияланған: *«Ячейка и производительность»*, *«Что мешает росту производительности труда»*, *«Рационализация труда и наша очередная задача»* және *«Мекемеде іс қалай жүреді?»*, *«Қазіргі тығыз жұмыс егінді көп салу»*, *«Еңбек етсең емерсің»*, т.б. 1924 жыл 19 қазан күні өткен «Рабочая Правда» газетінің жанындағы редакциялық алқа мәжілісінің №19 хаттамасында «Рабочая Правда» газетін аптасына бір рет шығару туралы мәселе қаралған. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеген С.Жақыпов газетте жақсы қызметкерлер мен тілшілердің аздығына байланысты басылымды аптасына бір рет шығаруға

ұсыныс берген. Осы уақытта қажетті материал жинап, газеттің жұмысшылардың сүйікті басылымына айналдыруға болады десе, редколлегия мүшесі Шамсон Типеев газеттен жастар бетін ашып, екі аптада бір рет шығаруға ұсыныс жасайды. Ал алқаның келесі мүшесі ж.Пиригин екі аптада бір рет шықса, газет оқырманын қатты сағындырады деген ұсыныс беріпті. Мәжіліс қаулысымен жаңа атауға ие болған «Трудовая Правда» газетін 7 қарашаға дейін екі аптада бір рет шығаруға қаулы қабылдапты. Сондай-ақ осы мәжілісте «Жұмыскер тілі» газетіне редакторлық жасағаны үшін С.Жақыповқа еңбек ақысының 50 пайызына қосымша ақы төлеу, газет хатшысы Л.Араловқа 20 сом еңбек ақы төлеуге шешім алған. Бұдан әрі баспаханадағы әріп теруші, баспашы, машина айналдырушылар мен басқа да жұмысшыларды арнаулы тізімге алып, оларды азық-түлікпен қамтуға шешім алған. Біз бұдан С.Жақыповтың заманның қиын кезінде баспахана қызметкерлерін аштыққа ұшыратпай, газеттің сапалы шығуын қамтамасыз етуді мақсат еткені көрініп-ақ тұр. Көп ұзамай Оралдың жоғарғы партия ұйымдары С.Жақыповты басқа жерге ауыстырады. 1924 жыл 8 желтоқсан күні Гурьев уездік партия комитеті бюросының №26 мәжілісінің қаулысымен «Жұмыскер тілі» газетінің редакторы С.Жақыповтың орнына Р.Сұлтанғалиев тағайындалған [4, 152-п.].

С.Жақыпов соңғы ерлігін 1937 жылы қыркүйек айының басында Сәкен Сейфуллинді тұтқындау туралы бұйрықты алған кезде жасаған екен. Бұйрықты жыртып тастап, сол күннен бастап өзі де жұмысқа шығуды қойған екен. Адал жанды, ыстық жүректі Қазақ КСР НКВД төрағасының орынбасары С.Жақыповты 1937 жылы 24 қыркүйек күні С.Сейфуллинмен бірге тұтқындайды. Ол 1939 жылы 9 ақпанда түрмеде бақилық дүниеге аттанады.

Қожахметов Шияп – 1895 жылы Орал губерниесінде туған. Қазақстанның алғашқы астанасы болған Орынбордан Қазақ халық ағарту институтын, кейін Мәскеудің Коммунистік Журналистер институтын бітірген. «Социалды құрылыс» (қазіргі – «Атырау») газетіне басшылық жасау үшін жоғарғы журналистік білімі бар Ш.Қожахметов 1934 жылы 21 қарашадан бастап жұмысқа кірісті. Өз жұмысының маманы атанған ол уақытпен есептеспей газеттің сапалы шығып, мазмұнының жоғары болуына, оқырмандарының сүйікті басылымына айналуына тікелей ықпал етті.

Осындай жігерлі де ұйымдастырушылық шеберлігі мол журналист кейін «Социалистік Қазақстандағы» 1937 жылы 5 және 28 тамыз күндері шыққан «Жауапсыз редактор, жауапты баспахана», «Гурьев газетін кім басқарады?» деген ұрда-жық мақалалардың құрбаны болып кетті. Алдымен «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылы 5 тамыздағы №178 (4482) санында жарияланған «Жауапсыз редактор, жауапты баспахана» атты мақалада сол кездегі газет бетінде кеткен корректорлық қателерге қол қойған редактор Ш.Қожахметовті кінәлі деп тапқан. Газет қателері мен «контрабандалық пікірлер» көбіне Алматы мен Мәскеуден келген ТАСС материалдарынан кетіп, жоғарыдағылар өз қатесін орыс тілінде шығатын «Прикаспийская коммуна» газеті редакциясына хабар беріп түзеттіреді де, қазақ редакциясын хабарсыз қалдырып отырған. Немесе,

баспаханадағы басу машинасының ескілігінен ағаш әріптер қате түсіп те жататын еді. Алайда баспасөздің заңы бойынша бәрібір шығатын газетке қол қоятын редактор жарияланған материалдар мазмұнына тікелей жауап беретін.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің үні болған «Социалистік Қазақстан» газеті бетінде жарияланған кез келген сын мақала елеусіз қалмайтын еді. Сондықтан Ш.Қожахметовтың партиялық мәселесі шұғыл түрде қаралады. Аталмыш осы екі мақала талқыланған 1937 жылы 8 қыркүйек күні өткен ҚК(б)П Гурьев округтік комитетінің бюро мәжілісінің №37 § 1 қаулысында атап көрсетілгендей, округтік «Социалды құрылыс» газетінің жұмысындағы саяси қателер мен газет редакторы Ш.Қожахметовтың кемшіліктері орынды атап көрсетілді деген ұйғарым жасалды. Қабылданған қаулыда, Ш.Қожахметов бұл жауапты жұмыстан босатылып, округтік комитеттің бюро мүшелігінен шығарылады, газетке басшылығын төмендеткені үшін сөгіс беріледі [5, 71-п.]. Бұл мәселе сол кезде Гурьев территориясы Батыс Қазақстан облысы құрамында болғандықтан, Оралға да жетеді. Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің 1937 жылы 20 қыркүйек күні өткен бюро мәжілісінің §39 қаулысымен, Ш.Қожахметов қолдан жасалған «жапон-бухарин жауларымен», «Ембімұнай кәсіпшілігіндегі бүлдірушілікке қарсы күрестегі жол бергені үшін» делініп жұмыстан қуылды [6, 149-п.].

«Атырау» газетінің 1934–1937 жылдары редакторы болған Шияп Қожахметовтың Гурьевтегі тағдыры осылайша аянышты аяқталады. Ол осыдан кейін Ресейдің Челябинск қаласына жер аударылып, сол жақтағы қазақ тілінде жарық көрген газетте жұмыс атқарады.

Осындай қиын кезеңде аянбай тер төгіп, адал еңбек еткен Маңғыстау аудандық «Колхоз жолы» (Гурьев облысына бағынатын – Қ.С.) газетінің алғашқы редакторлары **Н.Несібекұлы мен Т.Мұхамбетұлы** сталиндік қуғын-сүргін басталған шақта қасында жүрген қаламдас жолдастарының «домалақ арызымен» түрмеге қамалды. **Гурьев округтік «Социалды құрылыс» газетінің редакторының орынбасары Ғ.Аманғалиев қол қойған 1937 жылы 8 қазанда №77 бұйрықта былай делінген:** «Редакцияның партия бөлімінің бастығы Несібеков Нұртілептің Маңғыстаудағы бұрынғы контрреволюцияшыл-ұлтшыл жіктермен бірлесіп, партияға қарсы жұмыс жүргізгені анықталғандықтан, октябрьдің (қазанның) 8-інен бастап жұмыстан шығарылсын» [7, 164-б.].

Компартияға қарсы «ұлтшыл», «сатқындар» деген желеумен жазықсыз жазаға тартылған Төлеген Мұхамбетов туралы мұрағаттарда мол құжаттар сақталған. 1937 жылы Гурьев округтік «Социалды құрылыс» газетінде өз ісіне шын берілген шебер журналист туралы тағы да редактордың орынбасары Ғ.Аманғалиев округтің басшылары Өтеғалиев пен Сидоровқа төмендегі мазмұнда хат жолдаған: «Міне, «Социалды құрылыс» газетінің редакторы Ш.Қожахметовтың қылмыстық әрекеті әшкереленіп және жұмыстан қуылғанына ай өтсе де, күні бүгінге дейін газет редакторсыз, әрі тексеруден өткен адамдармен толықтырылмай отыр. Күні бүгінге дейін партия бөлімінің меңгерушісі болып партияға қарсы ұлттық «16 топтың мүшесі» Н.Несібеков қызмет етіп

келді, енді «СК» редакциясы құрамында оның болуы қисынсыз деп шештім. Енді партия мүшелігіне кандидат Төлеген Мұхамбетовтың редакцияға келуін редакция құрамын жаңарту емес, кездейсоқ оқиға деп қарау керек. Оны жан-жақты тексеру қажет деп санаймын, себебі қазірдің өзінде оның халық жаулары Хангереев, Меңдалиев және т.б. жолдастармен сыбайлас болды деген «сыбыс» бар» [8, 131-п.]. Көп ұзамай бұл «сыбыс» республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының тілшілер бөліміне де жетеді. Бүркеншек атпен жазылған хатты Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің баспасөз бөліміне республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясы 1938 жылы 26 мамыр күні № 1213/9137 санды қатынаспен жіберіп, қатаң тексеруге тапсырады. **Енді осы хаттың мазмұнымен қысқаша таныссақ:** «Маңғыстау партия ұйымын көп жылдар бойы халық жауы Хангереев басқарып отырып, ауданның саяси-шаруашылық жұмыстарының барлық тарауларына да өзінің зиянкестік әрекеттерін тигізгені анық. 1936-37-жылдары өндіріс орындарына бірнеше миллионнан аса зиян болды. ...Халық жауы Хангереев өзінің зиянкестік әрекеттерін ауданнан шығатын «Колхоз жолы» газетіне де аз тигізбеген. Газеттің редакторлығына өзімен бірге ертіп келген досы Мұхамбетовты отырғызып, сол арқылы барлық пікірін іске асырған. Маңғыстау партия ұйымында Хангереевтің оң қолы болып, соның сойылын соққан Меңдалиев, Ермағамбетов «Колхоз жолы» газетінің редакторы Мұхамбетов және оның ағасы Диар Мұхамбетовтер (партиядан қуылды) болып отыр. Әсіресе, сол уақытта аудандық «Колхоз жолы» газетінің редакторы Мұхамбетов Хангереевке шаң жұққызбауға тырысты. «Колхоз жолы» газетіне Хангереевтің айтқанын жазып, жаратпаған мақалаларын жарияламай тастап отырған. Соның арқасында аудандық газет аудан өмірінен қол үзіп кеткен. Бірнеше жүздеген тілші хаттары басылмай, Хангереевтің айтқанымен редактор Мұхамбетов аяқсыз қалдыра берген. Газеттің көпшілік алдындағы беделін жойған. ...Сонымен қатар Мұхамбетов редакцияда отырып алып, «Колхоз жолы» газетінің редакциясын құлауға тырысқан, газеттен түскен қаражатты оң мен солға бірдей шашып жоқ еткен. Мұны осы жылы апрель айында аудандық партия комитетінің бюросымен Өтегенов, Досмағамбетов жолдастардан құралған партия комиссиясы ғана ашып, «Колхоз жолы» газетінің 1935 – 1937 жылдардағы қаржы-қаражатын тексергенде төмендегілер анықталды: подлок-документ тапсырып жегені «9482» сом болып отыр. Ал, газет шығаратын ақ қағаз сатып алған ақша және заказдан түскен ақшаларды счетқа түсірместен жұмысшыларға берместен өзі алған фактілер бар. Мұхамбетовтың осындай зиянкестігі қоғамның қаржысын жоқ қылып, өзі пайдаланғаны халық жауы Хангереевтің уақытында әшкереленген жоқ. Сонымен қатар, ауданымыздағы 28 мыңдай халықтың 30 проценті орыс ұлтынан. Біздегі үлкен кемшілік ауданымызда орыс тілінде газет жоқ. Газетті 4 бет етіп шығару үшін күн жарымда бір рет 4 әріп теруші-жұмысшы және 2 кісі әдебиет қызметкерлерін керек етеді. Осылармен бірге бұрынғы 1938 жылға жылдық смета бойынша қаралған 33 мың сомның

үстіне 20 мың сом қаражат керек...» [9, 97-103-пп.]. Аталмыш хатпен таныса отырып, Т.Мұхамбетовпен қоян-қолтық бірлесе қызмет атқарған жолдастары жазғаны айдан анық көрініп тұр.

Күндіз бірге қол алысып амандасып жүрген азаматтардың түнде сыртыңнан бұрқырата домалақ хат жазып, аумалы-төкпелі заманда «сыбыс» таратқанына жаның қатты күйзеледі. Хаттың негізінде абзал азамат НКВД қармағына түсіп, қамауға алынып, оған «халық жауы Д.Хангереевпен ауыз жаласқан, аудандық газеттің 9 мың данасын жойып жіберген» деген айып тағылды. Алайда кейін «аққа құдай жақ» дегендей, көп ұзамай Т.Мұхамбетовтың қылмысы дәлелденбей, ажал шеңгелінен құтылып шығады. Гурьев қалалық партия комитеті қайтадан оның партиялығын қалыпқа келтіреді.

БК(б)П Батыс Қазақстан обкомына берілген мына бір мінездемеге назар аударсақ: «К(б)П мүшесі Т.Мұхамбетовке мінездеме. Мұхамбетов Төлеген 1900 жылы туған, білімі төмен, 1930 жылы кеңестік партия мектебінің екінші басқышын аяқтаған, 1936 жылдан партия мүшесі, билет № 1600878. 1927 жылдан 1934 жыл аралығында партия және кеңес жұмыстарында болған, 1934 жылдан 1937 жылдың қараша айына дейін аудандық газеттің жауапты редакторы, 1937 жылдың қараша айынан 1938 жылдың маусымына дейін облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарып, өз жұмысын дұрыс жолға қоя білді. 1938 жылы тұтқындалуына байланысты партия қатарынан шығарылды, ақталғаннан кейін 1939 жылы 21 сәуірде Гурьев қалалық партия комитеті қайтадан оның партиялығын қалыпқа келтірді. Гурьев К(б)П обкомының кадр бойынша хатшысы: (Волков)» [9, 23-п.].

Қиын-қыстау кезеңді бастан кешіріп, ауыр жолды артқа салған сайын өмірге алғаш қадам басқан сәбидей «Колхоз жолы» газеті де тәжірибе жинақтап, білікті мамандармен толықты.

Міне, бүгінгі таңда жандарын шүбереке түйіп, бастарын оққа байлаған арыстарымыз армандаған тәуелсіз мемлекетте өмір сүрудеміз. Тарихта аттары алтын әріппен жазылған кешегі алаштық азаматтардың, оның ішінде «Үлкен террордың құрбандары» болған қаламгерлердің есімдерін жас ұрпақ ұмытпауы тиіс!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленума ЦК. М., 1966, Т.6. С. 568.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», – 1995. – 256 б.
3. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (БҚОМА) 1-қ, 1-т., 765-іс.
4. Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА) 3-қ, 1-т., 165-іс.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА) 708-қ., 1-т., 550-іс.
6. БҚОМА, 37-қ., 6-т., 12-іс.
7. Қорқытов Б., Қуанышбайұлы Қ. Облыстық «Атырау» газеті. // «Атырау-Ақпарат» баспаханасы. – 2008. – 200 б.
8. АОМА, 2-қ., 1-т., 858-іс.
9. АОМА, 1-қ., 1-т., 58-іс.

САТТАРДЫҢ ЖАЗУШЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Махаббат РҮСТЕМБЕКОВА (Мухаббат Рустамбекова),
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты,
Арман ӘБІКЕЙ,
ҚазмемҚызПУ-дың аға оқытушысы, PhD

Қазақ әдебиетінің тарихындағы XX ғасырдың 20-жылдары Коммунистік идеологияны дәріптеушілер мен ұлттық мүддені басшылыққа алған ақын-жазушылар арасындағы тартыста дамып, келесі он жылдықта күрделі кезеңді бастан кешті. 1917 жылғы қазан төңкерісінен 20-жылдардың аяғына дейін Алаш зиялыларының ұлттық-демократтық мазмұндағы туындылары сынға ұшырай бастады. Ұлттық нақышты қаламгерлеріміз әдебиет майданынан ығыстырылып, оларға қарсы біртіндеп қуғын-сүргін науқаны басталды. Бұл – әдебиеттің партия жолына түсуінің, әдебиеттің табиғи даму жолының шектелуіне алып келетін шаралардың бастамасы еді. Дегенмен, көптеген қазақ ақын-жазушылары әдебиетті дамытуда партияның соқпағынан шықпағанмен, халықтың мүддесін көрсете білуде түрлі жанрларда жемісті еңбек етті.

Осы 30-жылдары қазақ әдебиеті Саттар Ерубаев сынды жас талантпен толықты. Ол қазақ әдебиеті айдынына жасампаздық пен жаңашылдық рух ала келді. Қазақ ақын-жазушылары арасынан С.Ерубаев өзінің терең білімі, эстетикалық жоғары талғамы, өзіндік стилі мен жаңашыл сыни ой-пікір даралығымен көрінді. «Саттар – жазушылардың ғасырмен тел өскен ұрпағы сапынан. Ол – адамдарға туған республикасындағы отызыншы жылдарғы қайта құру кезеңін көркем тілмен жырлап беру бақытына ие болған қаламгерлердің бірі. Ол – әдебиетке жаңа заманмен қоян-қолтық келген талантты жас ұрпақтың көрнекті өкілі», – деп, саттартанушы Бейбіт Қойшыбаев «Менің құрдастарымның» авторына мейлінше дәл сипаттама береді [1. 394].

Саттар Ерубаев 1913 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы «Арыс» совхозының Ұзынқұдық жайлауында туған. Ауылдық мектепте ол өзінің зеректігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылады. Ертеректегі С.Ерубаев жайлы жазылған өмірбаяндарда белгілі себептерге байланысты оның балалар үйінде тәрбиеленгендігі туралы жазылып келді. Кейінгі кезде саттартанушылар оның өз үйінде, ата-анасы қолында өскені, интернатқа ұстазына ілесіп барып жүргендігі [1. 394] белгілі болды. Сол сияқты кейінгі зерттеулер С.Ерубаевтың өмірбаянын шыққан ортасы, ата-бабасы туралы деректермен де толықтырды. Мұндай қайнар көз бастаулар, С.Ерубаевтың шығармашыл тұлға ретіндегі портретін сомдай түседі.

Мысалы, дарынды жазушының ата-бабасы жөнінде Ж.Боранбаев саттартанушы Әдіғам Шілтерхановтың еңбегіне сүйеніп, мынадай мәліметтер келтіреді: Шындығында оның бабасы Еру-

бай бай болған, елдің сөзін сөйлеген. Білегінде күші, аузында сөзі бар алғыр да шешен болыпты. Әділетсіздік жасаған шонжарлардан жасқанбай, шындықты бетке айтқан. Сол кездегі шонжарлар Ерубайды қолбала етіп қарсылас ата жауларына шоқпар ретінде пайдаланбақ болып, би сайлайды. Бірақ Ерубай би болғаннан кейін, елдің жай-жапсарына қаныға жүріп, жуандарға қызмет етпейді. Шамасынша әділ, есті, парасатты болады. Елінің жанашыр азаматы, халқының қалаулысы болып өмірінің соңғы күніне дейін халық құрметіне бөленіп өтеді.

Ерубай биден туған Асқар да жасынан ширақ болады. Орысша-қазақша сауаты болған. Түркістанның теріскейіндегі Қаратау алабындағы Шоқытас Керімбек болыстың қарамағында 30 жылдай старшын болыпты. «Ақындық өнері бар» дегенде, жалпы қазақта әу демейтін жан болмаса, Асқардың ақындығы алабөтен болыпты [2. 81].

Екіншіден, өнер-білімге жақын жас Саттардың өскен ортасы, оның шығармашыл болып өсуіне ықпал еткені, бітік дән құнарлы топыраққа түскені сынды даусыз заңдылық. «Ол ең алдымен қазақтың халық ауыз әдебиеті қайнарынан суындады. Ертегі, аңыз, әңгіме, шешендік сөздер, ғашықтық, батырлық жырларды ел аузы, әжелер әңгімесінен тыңдап, зердесіне құйып өсті. Бұған дәлел – Түркістанда онымен бір жүріп, бір тұрған қаламдасы, сырласы Әбіш Байтанаевтың естелігі. Ғалымның айтуынша, Саттардың ауыз әдебиетін сүйгендігі сонша, Санкт-Петербургқа оқуға кеткенге дейін халықтың ертегі, аңыздарын жинап, жазып жүрген қалың үш дәптері, онда «Жеті ата», «Шекшек ата», «Қойшы ата», «Падашы бала», тағы да басқа халық шығармалары болған және соларға еліктеп өзі де өлең жазған» [3. 20].

Саттардың ауыл мектебіндегі жетістіктері, оның озат оқушылар қатарынан табылуы, алдағы уақытта оқуын жалғастыруға жол ашадy. Мектептен кейін ол Алматыдағы Халық Ағарту комиссариатының жанындағы жоғарғы оқу орнының дайындық курсын бітіреді. 1931 жылы Саттар Ерубаев Халық Ағарту комиссариатының жолдамасымен Ленинградтың лингвистика және тарих (ЛИЛИ) институтының Шығыс-Еуропалық бөлімі студенттерінің қатарына, бірден 2-курсқа қабылданады.

Қазақтың талай тұлғалары білім алып, дүниетанымын қалыптастыруына сеп болған Ресейдің мәдени астанасы, орыс интеллигенциясының мекені – Ленинград, білімге құштар Саттар Ерубаевқа да білімін тереңдетуге, дүние жүзі әдебиетімен, фи-

лософиясымен, тарихымен еркін танысуға мүмкіндік береді. Саттар Ерубаевтың Ленинградтағы лингвистика және тарих институтында оқығандығы жөнінде мұражай деректерінде оның редакциялық баспа бөліміне және тіл ғылымы бөліміне жазылғандығы жөнінде құжаттар сақталған.

С.Ерубаевтың жоғары оқу орнында төлім алу жылдары сондағы оқыту жүйесінде заман талаптарына сай өзгерістер енгізу кезеңіне тап болады. Бұл кезеңде екпінді-тәжірибелік оқыту әдісін жүзеге асыру қолға алынған еді. Осы мақсатта болашақ редакторларды екі бригадаға бөліп, бірін В.Е.Поплавская басқарса, екінші бригаданы С.Ерубаев басқарады. Саттардың бригада жетекшісі ретіндегі міндеті, ол күн сайын студенттердің тәртібі, оқу үлгерімі, газетке жазылу, міндеттемелер, партиялық оқу және т.б. туралы күнделік жүргізу керек болды.

Әрбір бригадаға баспасөздің оқу шеберханасы «фельетон және очерк», «Колхоз-совхоздық баспасөз», «фабрика-зауыттық баспасөз», «дінге қарсы баспасөзі» бөлімдерін зерттеу міндетін қойды. Сонымен қатар, бригадир С.Ерубаев екінші курс оқу жылының бағдарламасындағы баспаханалық практиканың өту барысын қадағалады. Ол баспахана үй-жайында, Томск литографиясы мен Федоров атындағы типографиясында өткізілді. Бірқатар зерттеушілер Саттар Ерубаев «Пролетарлық кадрлар үшін» атты жоғары оқу орны газетінің редакциялық алқасының мүшесі болғандығын айтады. Аталмыш газетте С.Ерубаевтың есімі алғаш рет Д.Марктың «*Екпінді бригадалардың тәжірибесін пайдалану*» атты мақаласында аталады. Онда С.Ерубаевтың бригадасы күнделікті практиканың өту барысындағы кешігушілік, келмей қалу мәселелерін көтеріп, ондай олқылықтарды жоя білгендігі жөнінде жазылған. **1932 жылы журналистік практикадан өту үшін С.Ерубаев Қазақстанға «Ленинская смена» газетіне жіберіледі.**

Ленинградтың лингвистика және тарих (ЛИЛИ) институтының жарғысына сәйкес, редакциялық баспа бөлімінде оқу мерзімі 3 жылға созылды. 1933 жылдың көктемінде Саттар Ерубаевтың тобы емтихандарын ойдағыдай тапсырып, академиялық көрсеткіштер бойынша алдыңғы қатарға шығады. Диплом жұмыстарының жетекшілері ретінде профессор П.Н.Медведев пен Н.К.Пиханов бекітіледі. С.Ерубаевтың жетекшісі болып тағайындалған П.Н.Медведев, шәкіртіне «*Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті*» атты тақырыпты бекіттіреді.

1933 жылдың 13 тамызында әдеби бөлімі редакциялық-баспа циклінің 29 түлегі № 85 бұйрығы бойынша институтты бітірушілер атанады. Институт түлектері саяси, теориялық және әскери бейіндегі 27 пәнді меңгеріп, ЖОО дипломымен марапатталды. Бұл пәндердің ішіндегі ең маздылары қатарында: «Социалистік құрылыс баспасөзі», «Өндірістік баспасөз», «Редакциялық-баспа қызметі» болды [4].

«Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті» тақырыбы бағытындағы зерттеулері С.Ерубаевты сол кезеңдегі әлем әдебиеті тынысын терең сезінуге жетелейді, ұлттық әдебиеттің даму бағыттарын түсінуге мүмкіндік береді. Оның Еуропа романтизмі неоромантизмге ұласқан кезеңіндегі ақындар мен жазушылардың, композиторлар мен

кылқалам шеберлерінің осы ағымды бейнелейтін туындыларды және әлемдік әлеуметтік-мәдени мәселелерді талдауы күмәнсіз. Белгілі әдебиет зерттеушісі Рахманқұл Бердібаев, Саттардың әлем әдебиетіндегі өзіне жақын ақын-жазушылары туралы Зейін Шашкиннің естелігінен мәліметтер келтіреді: «... Саттардың бай қиялын терең білімі жетелеп, әдебиеттің даңғыл жолына салды. Саттар орыс, француз, неміс, ағылшын әдебиетінің жазушыларын оқыған... Әсіресе, жақсы көретін жазушы, ақындары: Вольтер, Дидро, Гете, Лермонтов, Блок еді. Осылардың көп өлеңдерін, кейбір ой үзінділерін жатқа айтатын. Эстетика мәселелерін терең түсінетін» [5. 186].

Әдебиеттегі батыстан келген ағымның ықпалы орыс ақын-жазушыларының шығармаларына да әсер етті. Неоромантизм орыс әдебиетінің «Күміс ғасыры» ақындары – А.Блок, К.Бальмонт, З.Гиппиус, А.Ахматова және т.б. поэзиясында, А.Чехов («Чайка», «Вишневый сад»), М.Горький («Макар Чудра», «Старуха Изергиль», «Песнь о Буревестнике»), И.Бунин, Л.Андреева сынды жазушылардың прозасында кеңінен орын алды. XX ғ. әдебиетінде қоғамның қайта құруына (А.Грин, В.Вишневский, А.Макаренко), жастық шақтың ерлігі (А.Фадеев) насихатталуына, ғылымның жаңа көкжиектерінің ашылуына (ғылыми фантастика) байланысты неоромантиканың рухы барынша жарқын көрінді.

Кезінде жастар одағының жетекшісі болған С.Ерубаевқа неоромантизм өте таныс, әрі жақын болды. Себебі, неоромантизм ең алдымен жастарға бағытталып, оларды дүниені сезінуде енжарлық пен қорқынышқа жол бермей, өмірге құштарлықпен белсене араласуына шақырды. Неоромантикалық кейіпкерлер әдеттегі, жанға жайлы жағдайда әрекет еткен жоқ, қызықты сюжетпен көмкеріле отырып, кейіпкерді бар күшін жұмылдырып, батыл шешімді және әрекетті талап ететін төтенше жағдайларға тап қылады. Олар – арақидік қоғамға қарсы тұратын, кейде халықтан аластатылған ержүрек, ерекше адамдар. Ондай адамның өмірі романтикаға толы, тәуекелшілдік қызықты оқиғалармен қабаттасып жатады.

Неоромантикалық дәстүр элементтері кейіннен С.Ерубаевтың шығармашылығында өзінің жалғасын табады. Оның да кейіпкерлерінің құндылықтар жүйесіне – рухани жігерсіздікке қарсы тұру, тұрмыстық шарттармен шектелмеген тұлғаның өз бетімен әрекет етушілік, өз мақсатына жетуде табандылық көрсету сынды қасиеттер тән болды.

С.Ерубаев диплом жұмысын сәтті қорғайды. Өзінің айтуы бойынша, оның диплом жұмысы университетте алдыңғы орындардың біріне ие болды [1. 375].

Ерубаев Қазақстанға оралып, «Лениншіл жас» және «Ленинская смена» газеттерінің редакцияларында жұмыс істеп, республикалық «Социалды Қазақстан» газетінде мақалалар жариялайды. Ол марксизм-ленинизм және философия туралы орыс және қазақ тілдерінде дәріс оқитын алғашқы лекторлардың бірі болды. 1934 жылы С.Ерубаевты бастауыш және орта мектептерге арналған оқу құралдарын құрастыру мен аударма жасау жұмыстарына тартады.

Өзгерістер алып келген заманның тыныс-тіршілігіне қазақтың белсене араласуына С.Ерубаев бар жазушылық қарымын, журналистік

қайратын жұмсады. Жазушының публицистикалық еңбектері мен көркем туындылары қазақ халқының көшпенді мал шаруашылығынан отырықшылыққа күштеп көшірген, қиын-қыстау кезеңдердің артын ала жазылған. С.Ерубаевтың шығармалары өркениеттер алмасу барысында, үлкен апаттан өткен қазақты жаңа өмірге икемделуін, жаңа қатынастарды қабылдауын насихаттауды мақсат етеді. Ол өзінің шығармаларын негізінен жастарға бағыттады. Жазушы заман талаптарын жастарға жеткізуде әдебиеттегі тың жанрларды, тың тәсілдерді пайдаланды.

С.Ерубаев қазақ қоғамының тек әлеуметтік мәселелер жаршысы болып қойған жоқ, ол сонымен қатар, мәдениет майданында өнер, білім жанашыры да болды. Жалпы, С.Ерубаев қаламының ұшы бағытталған кез келген әлеуметтік мәселенің басылым беттерінде берілуі, өзінің көкейкестілігімен, тақырыпты терең меңгергендігімен, ондағы ойларының батылдығымен ерекшеленеді. Жазушының мұндай азаматтық ұстанымы 30 жылдары үлкен күйзелістен өткен халқының кеңестік қоғам жағдайына бой үйрету, болашаққа сеніммен қарау, үлкен құрылыстарға араласу, оқу мен білімге ұмтылу сынды қажеттіліктерін өтеудегі өзінің парызы санағандығынан деп білеміз.

С.Ерубаевтың бойындағы адами игі қасиеттер, қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да өз көкейкестілігін жойған жоқ. Керісінше, тәуелсіз Қазақстан әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылуы және ұлтымыздың рухани жаңғыру

жағдайында, әрбір қазақстандықтың бойында С.Ерубаев жырлап өткен биік, парасатты азаматтық ұстаным болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда бар-жоғы 24 жыл кесіліп берілген өмірінде С.Ерубаев халқына адал қызмет етудің жарқын үлгісін қалдырған қазақтың біртуар тұлғасы ретінде қала беретініне сеніміміз мол.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена писателю Саттару Ерубаеву, который был заметным явлением в казахской литературе 30-х годов. Прослежен путь становления С.Ерубаева как писателя и публициста.

Article is devoted to the writer Sattar Erubayev who was the noticeable phenomenon in the Kazakh literature of the 30th years. Traced the way of the formation of S. Erubayev as a writer and publicist.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ерубаев С.** Шығармалары. / Құраст.: Б.Хабдина, Б.Қойшыбаев. – Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2014. – 480 бет.
2. **Боранбаев Ж.** Тума талант – Саттар Ерубаев: тарихи танымдық басылым. – Алматы: «Білім баспасы», 2014. – 168 бет.
3. **Алтынбекова М.** Саттар Ерубаев. – Шымкент: «Ордабасы», 2005. – 128 бет.
4. Индустриальная Караганда. -2005.- 4 авг. - С.7
5. **Бердібаев Р.** Биік парыз. – Алматы: «Жазушы», 1980.

СӘУІР ТӨҢКЕРІСІ ТҰТАНДЫРҒАН СОҒЫС

немесе Сәуір төңкерісіне – 40 жыл

Болат САЙЛАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан
тарихы кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының докторы,
Ауған соғысының ардагері

1978 жылы сәуір айында Ауғанстанда әскери төңкеріс болды. Биыл 27 сәуірде осы оқиғаға 40 жыл толды. Әлем назарын аудартқан Ауғанстанда әлі тыныштық орнаған жоқ. Сәуір төңкерісінің жеңісі Ауғанстандағы ахуалды ауырлатпаса, жеңілдеткен жоқ. Төңкеріс нәтижесінде билікке келген коммунистер ел ішіндегі жағдайды ушықтырып, Кеңес Одағынан көмек сұрауға мәжбүр болды.

Сәуір төңкерісі қарсаңында экономикалық дамуы жағынан 129 дамушы мемлекеттердің арасында Ауғанстан 108-орынды иеленді. Елдің ауыл шаруашылығы ескілік сарқыншақтарына әбден шырмалған еді. Сәуір төңкерісіне дейін халықтың 90%-ы ауылдық жерде өмір сүрді, ондағы билік феодалдардың, тайпа көсемдері мен молдалардың қолында болды. 13 миллионнан астам адам отырықшылық күй кешті, ал 3 миллионнан астам ауғандықтар көшпелі немесе жартылай көшпелі тұрмыс құрды. Халықтың едәуір бөлігі сауатсыз еді [1, 15-б.].

Елде саяси партиялардың қызметіне тыйым салынды. Король Закир Шах (1933-1973 жж.) басқарған монархиялық, сосын Мұхаммед Даудтың (1973-

1978 жж.) республикалық үкіметінің тыйым салуына қарамастан, 1965 жылы маркстік бағытта құрылған Ауғанстан Халықтық Демократиялық партиясы (АХДП) жасырын түрде өз күресін жалғастырды. АХДП – «Халық» (төраға Н.Тараки) және «Парчам» – «Ту» (төраға Б.Кармаль) деп аталатын екі топтан тұрды [2, 23-б.].

1973 жылы 17 шілдеде генерал М.Дауд офицер-коммунистерді (А.Қадырды, А.Ватанжарды және С.Гулябзойды) шебер пайдаланып, «Парчамның» жетекші қайраткерлерінің көмегімен қан төгіссіз төңкеріс жасады. Нәтижеде король Закир Шахты биліктен шеттетіп, монархияны таратып, өзін республиканың президенті деп жариялады. Қызметке кіріскеннен кейін М.Дауд АХДП-ның көшбасшыларымен санасатынына сендіргенмен, олардың ұсынған жолдарына бой ұсынбай, мұндай жолбилерден тезірек құтылуға асықты. Сөйтіп ол өзінің маңайындағы кеңесшілерін парчамшылардан түгел тазартты. Оған төңкеріс жасауға көмектескен офицерлер далада қалды. Бұл жағдай кейінірек М.Даудтың өз басына таяқ боп тиді.

1977-1978 жж. Кабул, Кандагар, Герат және т.б. ірі қалаларда жаппай толқулардың болуы ел ішіне қандай да бір төңкерісті алып келетінін байқатты. Елдегі репрессиялық шараларға кіріскен М.Дауд АХДП басшыларын қудалауды бастады. АХДП басшылары Н.М.Тараки мен Б.Кармаль тұтқындалды. Саяси қарсыластарын тұтқынға алған үкімет 26 сәуір күні елдегі бүкіл әскери бөлімдерде коммунистерді басып-жаншудың құрметіне мереке өткізді. Ауғанстанның Қорғаныс министрі М.Х.Расули әскери қызметшілер үшін салтанатты кешкі тамақ пен көңіл көтеру шараларын ұйымдастыруға бұйрық берді. Осыны пайдаланған АХДП-ның «халықшылдар» тобы төңкеріс жасаудың өзіндік жұмыстарына кірісті.

27 сәуірде таңертеңгі сағат 6-да Кабулдағы хайуанаттар паркінің маңайында С.М.Гулябзойдың (ішкі әскерлер мен әуе шабуылының қорғанысына), А.Пайяманың (4-танкішілер бригадасына), А.Паймаанның (зенитші-ракеташылар бригадасына), М.Дустың (32-командос полкіне жауапты) қатысуымен әскери төңкеріске басшылық жасау тобының мәжілісі болып өтті. Осы мәжілісте таңертеңгі сағат 8-де барлығы да өз әскери бөлімдерімен төңкерісті бастауға сақадайсай тұратын болып келісті. «Саид Мұхаммед» атты пароль, «Миг-21» атты шақыру белгіленді [3].

Бұл күні Кабулдың ауасы шайдай ашық болды. Алдыда болатын оқиғадан бейхабар қала тұрғындары күнделікті тіршілігімен айналысты. Министрлер кабинеті сағат 9-да өздерінің мәжілісін бастады. Оған М.Дауд төрағалық етті. Күн тәртібінде тұтқындалған АХДП басшыларының тағдыры туралы мәселе тұрды. Министрлердің басым көпшілігі, М.Даудтың өзін қосқанда тұтқындалғандарға өлім жазасын жариялауға қарсы болмады. Оны қолдаушылар мен қарсыластар арасында қызу айтыс-тартыстар да өтті. Кабул радиосы бұл уақытта АХДП басшыларын астыртын төңкеріс жасауға қатысушылар деп айыптап, қамауға алғанын хабарлап та қойды.

27 сәуір күні белгіленген жоспар бойынша сағат 12-ге таяу ауғандық Әскери әуе күштері (ӨӘК) эскадрильясы әскери қалашықтар мен президент сарайының үстінен ұшуды бастады. Бұл уақытта танкішілер ротасының аға капитаны Омардың қолбасшылығымен 4-танкішілер бригадасының алғашқы легі президент сарайы қақпасының алдында тұрды. Үкімет мәжілісі бұл уақытта жалғасып жатты. Төңкерісшілерге майор М.Ватанжар, майор С.Тарун, майор Н.Мұхаммед, майор Ш.Маздурьяр және капитан Ахмеджан атты офицерлер басшылық жасады.

Дәл сағат 12-де Ватанжар президент сарайын атуға бұйрық берді. Алғашқы оқ атылысымен сарайға жан-жақтан оқтар борады. М.Дауд мәжілісті тоқтата салып: *«кімде-кім өз өмірін сақтағысы келсе, сарайды тастап қашуға болады»*, – деп министрлерге мәлімдеді. Шабуылдаушылар қару-жарақ және басқару пункттерін тез басып алуға кірісті. Қарсылық көрсетушілер ескертусіз атылды, қалғандары қамауға алынды. Қорғаныс министрі Г.Расулидың нұсқауымен шабуылға шыққан әскери құраманың іс-қимылы бейтараптандырылды. Кешке қарай 4-танкішілер бригадасына «коммандос» бөлімінің үлкен тобы келіп қосылды. Осыдан кейін М.Даудқа берілген бөлімшелер әлсіздендірілді. Сағат кешкі 17.30-да С.Д.Тарун тұтқында отырған АХДП басшыларын қамаудан босатты.

Осы уақытта көтерілісшілер радиостанцияны

басып алды. Радиодан билік басындағылар ауысқан кезде дәстүрлі түрде орындалып отыратын «Рага Мальхар» ұлттық әуені берілді. Артынан төңкерістің жеңгендігі туралы хабарланды. Радиодан хабар тарасымен ауған ӨӘК-нің ұшақтары, көтерілісшілерге әлі де қарсылық көрсетіп жатқан М.Дауд пен оның жақындары және оған адал қызмет ететін күзет орналасқан президент сарайын соққының астына алды. «Коммандос» тобы М.Даудтың сарайына басып кірді және олардан қарсылық көрсетуін тоқтатуды талап етті. Атыс кезінде М.Дауд және оның отбасы мүшелері оққа ұшты.

28 сәуір күні таң ата президент сарайын қорғаушы ұланның қарсылығы басылып, билік АХДП жағына көшті. Біраз уақыттардан кейін Қандагар, Жалалабад, Герат, Газни горнизондары, Шиндан, Мазари-Шариф және т.б. жерлердегі әуежайлар көтерілісші офицерлердің бақылауына көшті. Әскери қызметшілер арасынан 43 адам қаза тапты. Жалпы шығын 100 адамға жетті [4, 29-б.].

1978 жылдың 27 сәуірінен 3 мамырына дейін Кабулда бірде-бір газет шықпады. Елдегі болып жатқан жағдайлар жөнінде халық тек кабулдық радиодан ғана ақпарат алды. Қарапайым халық сәуір төңкерісінің жеңісін қуанып қарсы алды. Өйткені ауған халқы өз өмірлерінде оң өзгеріс күтіп, ол өзгерістерге осындай төңкерістің нәтижесінде қол жеткіземіз деп үміттенді.

Ауғанстанның Қарулы күштері елдегі жағдайға толық бақылау орнатты. 29 сәуір күні таңертең жұмысшылар, қызметшілер, сатушылар, студенттер, еңбекшілер өздерінің күнделікті жұмысын бастады. Барлық дүкендер ашылып, тұрғындар азық-түлік және басқа тауарлармен толық қамтамасыз етілді. Елдегі шаруашылық механизмі бір қалыпты жұмыс істей бастады.

1978 жылдың 29 сәуірі күні кешкі сағат 21.00-де Әскери-революциялық кеңестің Қарулы күштері өз билігін Ауғанстанның ең жоғары органы саналған Революциялық кеңеске өткізді. Революциялық кеңестің құрамына 40 адам кірді, оның бесеуі Қарулы күштердің өкілі болды. 1978 жылы 30 сәуірде АХДП-ның бірінші мәжілісінде ОК-тің Бас хатшылығына Н.М.Тараки, ал орынбасарлығына Бабрак Кармаль сайланды. Революциялық кеңес, 30 сәуір күні елді Ауғанстан Демократиялық Республикасы (АДР) деп жариялады [5, 404-б.].

1978 жылы 9 мамырда АДР-дың жаңа үкіметінің түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформалар бағдарламасы жарияланды. Онда шаруалардың ырқына сай және олардың қатысуымен жерреформасын жүзеге асыру, қанаумен пайдаланудың барлық түрлерін тоқтату, қоғамдық өмірді демократияландыру, ұлттық езгі мен кемсітушілікті жою, әйелдердің тең құқықтығын жариялау, ел экономикасындағы мемлекеттік секторды нығайту, халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, сауатсыздық пен жұмыссыздықты жою, бағаны бақылау, экономика, саясат, мәдениет және идеологияда империализм мен жаңарған отаршылдық әсерін аластату көзделді.

Бірақ маңызды реформалар кезінде АХДП шамадан тыс радикализм мен негізсіз шапшаңдықты көрсетті. Ауылдық жерлердегі әлеуметтік қатынастардың табиғатын білмеді, көбінесе ұлттық ерекшеліктер мен тарихи дәстүрлерді елемеді. Қоғамда айқын әлеуметтік шекара жоқ жағдайда,

классикалық марксистік схемаларға негізделген социалистік революцияны жүзеге асырудың нақты емес міндетін қойды. Коммунист реформаторлар халықтың рухани және қоғамдық өмірінде мұсылман дінбасыларының маңызды рөл атқаратынын бағаламады. Сондықтан жүргізілген реформалар халыққа түсініксіз болып қабылданбады және жаппай қарсылық тудырды.

Шаруаларды қарыз қорлығынан құтқарғанымен, үкімет оларға несие берудің баламалы көздерін құра алмады. Отбасы және неке туралы заң дінбасылардың ықпалына қысым жасап, ғасырлық дәстүрлерді бұзды деп бағаланды. Жер реформасын жүргізу кезінде ірі меншік иелерінен жерді алудың өтемақысыз жүргізілуі, жеке меншік құқығын бұзу деп саналды. Жер тек ірі меншік иелерінен ғана емес, орта және ұсақ меншік иелерінен тәркіленді. Жеке мүлікті тіркеуде шариғат сотымен рәсімдеу дәстүрі ескерілмеді. Жердің жаңа иелерін сумен, егістік тұқыммен, еңбек құралдарымен және тыңайтқыштармен қамтамасыз ете алмады. Сонымен бірге жерді мұқтаж шаруалардың аз ғана бөлігі (21%) алды.

Сәуір төңкерісі жеңісінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ жаңа үкімет жол берген қателіктер елдегі оң үдерістің дамуын тежеді. Сөйтіп бүйрегі бұратын одақтастарды үркітіп алды, олардың көпшілігі үкіметтің жауына айналды. АХДП маркстік-лениндік партия ретінде насихатталды. Сонымен бірге барлық демократиялық және прогресшіл күштердің біріккен майданын құру шаралары қолданылмады. Сондай-ақ қоғамдағы ұлтаралық қатынастардағы айырмашылықтарды елемей теріс зардаптарға әкеп соқты.

Әсіресе, АХДП-ның шаруаларға қатысты теріс саясаты елдегі жағдайды ауыр зардаптарға ұрындырды. Түрлі қолайсыздықтардан және контрреволюциялық насихаттың әсерінен шаруалардың көпшілігі Пәкістан мен Иранға кетті, онда олар бүлікшілердің қарулы отрядтарының сарқылмас күшіне және негізгі көзіне айналды.

1978 жылы маусымда АХДП басшыларының арасында жікке бөліну басталып, билікті «Халықшылар» тобы басып алды. Б.Кармаль бастаған «Парчам» тобының көшбасшылары АХДП ОК Саяси бюросының шешімімен барлық қызметтерінен алынып, шетелдерге елшілікке жөнелтілді. «Парчам» тобының көшбасшылары елден қуылғанымен, АХДП арасындағы алауыздық тоқтамады. Н.Тараки мен Х.Амин арасында текетірес басталды. **Н.Тараки тақтан тайдырылып, 1979 жылы қыркүйекте оның орнына Х.Амин жайғасты.**

Х.Аминнің билігі елдегі экономикалық ахуалды, ең алдымен ауыл шаруашылығын айтарлықтай нашарлатты. Аграрлық реформаның дұрыс жүргізілуінен көптеген жер иелері шетелге кетті. Жаңа жер иелері «халық билігі» арқылы алынған жерлерді өңдеуден бас тартты. Нәтижесінде, Ауғанстандағы егістік аудандар 1979 жылы 9%-ға, астық өндірісі 10%-ға, ал өнеркәсіптік дақылдар 25-30%-ға төмендеді. Жан басына шаққандағы ұлттық табыс бір жыл ішінде шамамен 14%-ға төмендеді [5, 529-6.].

Сәуірдегі әскери төңкерістен кейін армияда жағдай күрт нашарлады. Төңкерістен кейін даудық армияның 60-қа жуық генералы қамауға алынды. Олардың кейбіреулері өлтірілсе, біреулері отставкаға кетуге мәжбүр болды. Х.Аминның үш ай билігі тұсында

армиядағы қайта құрулар (репрессия, жаппай босату) солдаттардың моралдық, жауынгерлік қабілеттілігін әлсіретіп қана қоймай, оның күш-жігерін төмендетті, әскер саны 90 мыңнан 40 мыңға дейін азайды.

1978 жылдың өзінде Пәкістан аумағында қарулы отрядтарды даярлау лагерлері мен базалары құрылды. 1979 жылдың аяғына таман Пәкістан аумағында орналасқан қарулы отрядтарды даярлауға арналған 23 лагерде 35 мың адам даярлықтан өтті. Оған қоса Ауғанстанмен көршілес елдерде 100-ден астам оқу орталықтары жұмыс істей бастады, ал олардағы бүлікшіл күштер 100 мың бандиттер мен жалдамалыларға дейін өсті. Ауғанстанның 26 провинциясының 18-інде қарулы қақтығыстар орын алды [6, 37-б.].

Ауғанстандағы шиеленісті жағдайларға байланысты ауғандық жетекшілер тарапынан АДР-ға өз әскерлерімен көмек беру жөнінде Кеңес Одағына өтініштер түсе бастады. Н.М.Таракидің бастауымен ауғандық жетекшілер бірінші рет кеңестік әскерлерді жіберу туралы өтінішін 1979 жылы 18 наурызда айтты. Алдымен «жоқ» деп жауап қатқан Кремль көсемдері 9 айдан кейін 40-армияны кіргізді.

Сол жылдардағы КСРО басшылары қандай революцияны қорғауға жиналғанын білмейтін, оған қоса өздері соңына дейін шеше де алмаған қиын қадамға тап болды. Бірте-бірте Х.Аминнің көзін жойып, оның орнын алмастыру ойлары пайда болды. Бұл уақытта «Парчам» тобының жетекшісі Бабрак Кармаль жер аударылушы құқында Мәскеуде жүрді. Сөйтіп, Б.Кармальға Х.Аминнің орны ұсынылды. Ол оған келісім беріп, тез арада КСРО МҚК-нің бақылауына алынды. КСРО басшысы Л.Брежнев досы Н.Тараки үшін Х.Аминнен кек алуға кірісті. Х.Аминге АҚШ-тың адамы деп те жала жабылды. Ауғанстанға кеңес әскерін кіргізу 1979 жылы 12 желтоқсанда кеңес басшыларының шағын тобымен шешілді. Бұл топта Брежнев, Суслов, Андропов, Устинов және Громыко болды.

24 желтоқсан күні КСРО Қорғаныс министрі Д.Ф.Устинов қол қойған бірінші жазбаша құжат пайда болды. Сол құжат бойынша 1979 жылы 25 желтоқсанда Мәскеу уақыты бойынша сағат 15.00-де Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізу басталды. Көрсетілген уақытта әскер әуеде де, жерде де мемлекеттік шекараны кесіп өтті. Дәл осы күннен бастап Ауғанстан кеңес әскерлерінің қатысуымен он жыл отқа оранды. Он жыл ішінде КСРО-ның 620 мың азаматы бұл соғыстың отына күйді. Оның 14453-і Ауғанстан территориясында көз жұмды. Ал Қазақстаннан 22 мың азамат қатысып, 1000-ға жуығы қаза тапты, 20 адамы із-түзсіз жоғалды. Қалай болғанда да бұл соғысқа қатысқандар Сәуір төңкерісі тұтандырған соғыстың отына күйгендер еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Сайлан Б.** Ауған соғысының ақиқаты (1979-1989 жж.). – Алматы: Қазақпарат, 2001. – 250 бет.
2. **Война в Афганистане.** – М.: Воениздат, 1991. – 367 стр.
3. **Сайлан Б.** Ауған соғысы қалай басталды? // Егемен Қазақстан. – 1996. – 24 желтоқсан.
4. **Ляховский А.** Трагедия и доблесть Афгана. – М.: ГПИ Искона, 1995. – 650 стр.
5. **Коргун В.** История Афганистана. XX век. – М.: ИВ РАН, 2004. – 525 стр.
6. **Меримский В.** Загадки Афганской войны. – М.: Вече, 2006. – 384 стр.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРҒЫНДАР КӨШІ-ҚОНЫ және жастар мәселесі

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
Мемлекет тарихы институтының жетекші
ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты,
Мадияр БАҚЫТЖАН,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың бакалавры

Қазір әлем бойынша көші-қон, оның ішінде жастар көші-қоны – ең өзекті мәселелердің бірі. Бүгінде түрлі саяхаттарға аттану, әлемнің кез келген жеріне көшу немесе тұрғылықты жерлерін өзгертуге мүмкіндіктер мен жағдайлар баршылық. Тек соңғы ширек ғасырда дүние жүзіндегі көші-қон көлемі 2,5 есеге өскен; әлемдегі мигранттар саны 250 миллионнан асады [1]. Қазақстан ЕЭО елдерімен, көрші Қытай, ЕО елдерімен интеграциялық экономикалық ынтымақтастықта. Әсіресе, Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық нәтижесінде ортақ еңбек нарқы құрылды, жоғары білім біліктілігі туралы дипломдарды өзара мойындау, дәрі-дәрмек заттары мен медициналық бұйымдардың жалпы нарқын іске қосу сияқты нақты жұмыстар қолға алынды. ЕЭО аясында әлі де өзара келісіммен жүргізілетін экономикалық саясат күн тәртібінде тұр.

Көші-қон қозғалысының негізгі қатысушылары – 16 мен 35 жас аралығындағы жастар. Орталық Азия елдері бойынша, 2017 жылы Қазақстанда 14-29 жас аралығындағылар жалпы тұрғындардың 25%-ы, Қырғызстанда 14-35 жас аралығындағылар 33%-ы, Өзбекстан мен Тәжікстанда 18-24 жас аралығындағылар 31 %-ды құраған [2]. Тұрғындардың дәл осы бөлігі көші-қон легіне белсенді қатысатындар. Әлеуметтік зерттеулер қорытындылары, жоғарыда аталған елдердің жастары өзара ынтымақтастыққа бейім екенін көрсеткен.

Дамыған елдердегі мигранттар 5 пайыздан 10 пайызға дейін өскен. Бүгінгі күні мигранттар саны күн сайын артып келеді. Мұндай көші-қон құбылысына үңілсек, оған әсер ететін себептер де әр түрлі.

Бірінші себеп. Әр құрлықта халық санының өсуі әрқалай. Әсіресе, соңғы кезеңдерде туу көрсеткіші жоғары мемлекеттердің тұрғындарының, туу көрсеткіші төмен елдерге қоныс аударуы жиі кездеседі. Оның да алғышарттары бар: жұмыс табу, білім алу мүмкіндіктерін қарастыру және оған қол жеткізу мақсаты алда тұрады.

Екінші себеп. Әлем бойынша мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті мен мүмкіндіктерінің әртүрлілігі. Қоғамның көші-қон легінде бейімделу қабілеті неғұрлым жылдам жастар, соңғы ақпаратты мәліметтерге көп назар салады және таңдау жасағанда неғұрлым дамыған елдерге назар аударады.

Үшінші себеп. Еуропалық тұрғындардың қартаю үдерісі жеделдей түсті. Кейбір болжамдар бойынша, 2025 жылға қарай әлем тұрғындарының 47%-ы зейнеткерлер болуы мүмкін деген қауіп бар. Бүгінгі күні Еуропалық мемлекеттер зейнеткерлер үшін жақсы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Африкада керісінше, тұрғындар құрамы жас. Жұмыспен қамту мүмкіндіктері бар Еуропа елдеріне қарай қоныс аударушылар, босқындар легі көбеюі мүмкін [3]. Бір қарағанда көші-қон үдерісі ешқандай қиындық тудырмайтын, ауыр зардаптары жоқ секілді болып көрінеді. Бірақ мән берсек оның күрделі

екені айқындалады. Көші-қонның жағымды және жағымсыз салдары бар.

Мигранттар екі ел үшін де пайдалы. Өз еңбегімен тапқан ақшаға олар басқа елде тұратын отбасыларына асырайды. Олар ақша жіберіп, отбасыларына қаржылай көмектеседі. Ал мигранттар жұмыс істейтін елдер, әдетте, ақша аударымдарын ұсырудан пайда көреді. Мигранттардың жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби дағдыларын өз елдеріне қайта оралғанда пайдаланатынын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Өз білімін олар басқалармен бөлісіп, күнделікті өмірде белсенді түрде қолдана алады.

Көші-қонның теріс көрініс беретін жағы, мигранттар өздерімен бірге әдет-ғұрыптарын, дінін, дәстүрлерін де сол елге әкеледі. Олар келген елдердің орныққан өз салт-дәстүрлері болады. Бұқаралық ақпарат құралдары кейбір елдердің байырғы тұрғындары мен өзге этникалық топтар арасындағы түсініспеушілік жөнінде беріп жатады. Егер мұндай мәселелер дер кезінде қарастырылмаса, уақыт өте келе мұндай түсінбеушілік кейін үлкен қақтығыстарды тудыруы мүмкін.

Қазіргі таңда көші-қон Еуропаның кейбір елдері үшін зор проблемаға айналды. Мысалы, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия көптеген мигранттарды қабылдап, оларды оқытты, жұмысқа орналастырды. Бірақ уақыт өте келе заңсыз көші-қон байқала бастады. Осының кесірінен қылмыс деңгейі, нашақорлық және басқалар өсті [4]. Жалпы бір қарағанда, жастардың көші-қоны жақсы үміт тудырмайтындай болып көрінуі мүмкін. Өйткені, көптеген жасөспірімдер өз елінен, тіпті құрлығынан үйін тастап кетіп бара жатқанда алдында не күтіп тұрғанын түсінбейді.

Көптеген жасөспірімдер өздерінің мүмкіндіктерін асыра бағалап, жаңа өмірде бәрін де өздері істеу керек екенін ұмытып кетеді. Бірақ барлық жағдай бірдей емес. Бүгінгі күні жастар мен ересектердің көші-қоны оңай және қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін көптеген шаралар қабылдануда. Мысалы, Еуропа елдерінің саясаты шетелдіктерді байырғы халықтардың құндылықтарына тартуға бағытталған. Кейбір елдерде, мысалы, Германияда, көшіп-қонушылар үшін түрлі жобалар жүзеге асырылуда, соның ішінде қосымша тілдік курстар жүргізіледі. Азаматтық беру жүйесі де жеңілдетілді. Бұрын шет елде азаматтық алу үшін, сол елде шамамен он бес жыл өмір сүру қажет болатын. Қазір сегіз жылға қысқартылды. Жастар үшін қазіргі уақытта өзара тәжірибе алмасу мектептері жұмыс істейді. Оған қоса, жас буынға ата-анасыз басқа елге баруға да мүмкіндік бар. Мұндай үдерістер жасөспірімдерді жастайынан тәуелсіз және жауапты болуға итермелейді. Олар шет тілдерін үйренеді, өзге елдердегі замандастарымен танысады.

Қазақстан үшін көші-қон легінің өте белсенді болған тұсы – тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы кезеңі. Жалпы сараптамалық мәліметтерде Қазақстаннан 4,1 млн. адам көшіп кеткендігі, тұрғындар арасынан біліктілер, ақыл-ой иелері кеткендігі, ал елге келгендердің біліктілігінің төмендігі алға тартылды. Мұның негізгі себебін әлеуметтік-экономиканың төмендеуі, кедейленумен қатар, әлеуметтік көтерілу сатыларының жоқтығымен, тілдік фактор, трайбализм және басқалармен байланыстыру басым болды. Шындығында, Кеңес одағы құлағаннан кейінгі жағдай қалай еді? Бір сәтте тәуелсіз елдің экономикасы дамып кетуі мүмкін бе еді? Әрине, жоқ. 1990 жылдардың басында тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігін орнату күн тәртібінде тұрды. Дәл осындай қиын тұста Қазақстанда техника мен технологияны меңгерген, жоғары білікті мамандар өзге ұлт өкілдері болатын. Олар елге қажет еді. Алайда, олардың басым бөлігі тарихи Отанына қайтуды таңдады. Осылайша 1990 жылдардың басында Қазақстан экономикасының дамуына қажетті инженер-техниктер, дәрігер, мұғалімдер отбасыларымен өз Отандарына көшті. Мұндай көші-қон легіне қарсы тұру, әділетсіз болар еді. Себебі олар 1920-1950 жылдар аралығындағы қуғын-сүргінге ұшыраған түрлі этностардың өкілі болатын. Ендеше, мұндай тарихи көшті Қазақстандағы «трайбализм-мен» байланыстыру ешқандай сын көтермейді.

Нақтырақ айтсақ, 1991-2008 жылдар аралығында халықаралық көші-қон бойынша республикаға 1 294,5 мың иммигранттар келіп, 3 331, 1 мың эмигрант шекара асты. Бұл кезеңде тұрғындар көші-қонының теріс айырымы 2 036,6 мың адамды құрады. Қазақстаннан қоныс аудару негізінен, Ресей, Украина, Беларусь және Германия елдеріне бағыт алды. Сыртқы көші-қонның негізгі себебі (еңбек көші-қонын есепке алмағанда): тарихи отанына қайта оралу, өздерінің материалдық жағдайын жақсартуға талпынушылық, мүмкіндіктерін іске асыру және басқа.

Қазіргі кезеңге дейін кейбір сарапшылар Қазақстанның теріскей өңірі тұрғындарының сыртқа көшуін, олардың өмір сүру деңгейі, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерінің төмендігімен тікелей байланыстырады. Адам өмірінің мәні болатын жоғарыдағы факторларды алға тартқан дұрыс. **Алайда, қазіргі жаһандық ауқымдағы дағдарыстар аясында Қазақстаннан оған қарсы шаралары мен іс-қимылдарын ескермеуге болмайды. Біріншіден,** ел ішіндегі бәсекеге қабілеттілікті арттыруға негізделген түрлі оқу орындары мен өндіріс, технологиялық даму қажеттіліктерін қолға алынғанын да ескеру қажет. **Екіншіден,** солтүстік өңір тұрғындары ішінде тарихи Отанына көшу легі әлі де толастамайды. Олардың басым бөлігі Қазақстаннан кәсіби білім алып, маман ретінде қоныс аударып жатқандар. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректеріне сүйенсек, Ресейге эмиграция 2012 жылдан 2017 жыл аралығында жыл сайын 22 мыңдай адамды құраған.

Жастардың 2015-2017 жылдар аралығындағы көші-қон ағынына арнайы талдау жүргізіліп (Д.Жұмашев), қорытынды жасалған: біріншіден, елден кетіп жатқан азаматтардың басым көпшілігі білім алу үшін емес, отбасылар балаларымен бірге тұрақты тұру үшін шетелге кетеді. Олардың 90 пайызы тарихи отанына көшеді екен. **Екіншіден,** көші-қонға қатысушылардың басым бөлігі еңбекке жарамды, тұрғындардың белсенді бөлігі (шамамен 30-34 жастағылар). **Үшіншіден,** 2012-2017 жылдардағы сыртқы көші-қонның теріс айырымы орташа есеппен 10 мың адамды ғана құраған. Осы жылдардағы табиғи өсімді есепке

алсақ (жыл сайынғы 259 мың адам өсімі), бұл жалпы тұрғындар санының көмуіне әсер ете алмайды [5].

Елдегі студент жастардың миграциясы бойынша толыққанды статистика жоқ. Қазақстаннан Ресейге жыл сайын 12,5 мың студент оқуға аттана-тындығы, сол сияқты 78 мың қазақстандықтың Ресейде оқитындығы жөнінде мәлімет бар [6]. «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы қазақстандық жастардың көші-қонының жәй-күйі тақырыбына жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесінде, жалпы жағдайға қанағаттанарлық қорытынды жасаған. Сауалнамаға қатысушылардың 51,3%-ы өз болашақтарын Қазақстанда көреді, тағы 33,8 %-ы басқа елде біраз уақыт тұрып, кейін өз елінде өмір сүруді қалайтындығы мәлімделген.

Жастар ішінде, орыстардың Ресейді таңдауы заңдылық. Жастардың 67,2%-ы өз тарихи отанда-рына қайтып оралғылары келеді. Бұл жоғарыдағы болжамды бекіте түседі. Қазақ жастарының әрбір үшіншісі болашақта өздерін АҚШ-та көреді. Республиканың Қостанай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстары басқа өңірлерімен салыстырғанда, жоғары эмиграциялық көрсеткішті аймақтар. Сонымен қатар, жоғары білімі бар жастардың арман мүддесі мен миграциялық көңіл-күйі басым.

Ғылыми және академиялық дәрежесі бар респонденттердің 60%-ы, жоғары білімі бар респонденттердің 36,1%-ы эмиграциялық ниеттерін жүзеге асыру мақсатында тіл үйреніп, шетелде жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы ақпаратты жинаумен айналысатындығы мәлімделген. Оған қоса, респонденттердің 42%-ы өздерінің қоныс аударуды жоспарлаған мемлекетте жұмысқа орналасудың орташа мүмкіндіктеріне ие екендігіне сенімді, ал әрбір үшіншісі өз мүмкіндіктерін «жоғары» деп бағалайды. Сауалнамаға қатысушылардың 90%-ы шет елде екі ай шама-сында болып келгендер. Жастарды басқа елдер мен халықтардың өмір сүру салты қызықтырған, олар әлемді танып-білу мен өз дүниетанымдарын кеңейтуге мүдделі. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы «қаржылық мүмкіндіктердің жоқтығын» эмиграция үдерістеріне басты кедергі деп таниды. Қазақстандық жастардың басым көпшілігі «Болашақ» бағдарламасы туралы ғана ақпараттанған және одан өзге де білім алу мүмкіндіктерімен мүлдем таныс емес. Жоғарыдағы әлеуметтік зерттеу қорытындысы, жаһандану аясындағы қазақстандық жастардың таным көзқарастарының да өзгергендігін нақтылайды. Әлемдік ақпараттарды игеруге қабілетті жастардың, отандық білім беру жүйесі тарапынан жасалып жатқан іс-қимылдардан мәліметтері болмауы, отандық ақпараттандырудағы кемшіл тұстарды білдіреді.

Жастардың алға ұмтылуы, болашағын ойлауы – заңдылық. Егер қазіргі жағдайда ЖОО-да білім беру үдерісі тәжірибелік жұмыстармен ұштастырылып, белгілі біліктілік деңгейі нақтыланбаса, жастар тұрақтамайды. Заман жастарды бәсекеге қабілетті болуға үйретіп отыр. Олар өздерінің болашағын тәжірибелі маман болумен, жоғары жалақы, жәйлі тұрмыспен ғана байланыстырады. Жастардың шағын және орташа кәсіппен айналысуына заңнамалық негіздер және мемлекет тарапынан қамқорлық, қаржыландыру көздері ойластырылуы тиіс. Сонда ғана жастар кәсіптерін дөңгелетеді [7].

ҚР-ның Ұлттық Экономика министрлігінің статистика комитетінің мәліметі бойынша, 2016 жылы Қазақстаннан сыртқа кеткендер саны – 34 965 адамды құрады, яғни 2015 жылмен салыстырғанда 16,4 пайызға артқан. Оның ішінде: Ресейге – 28677, Германияға – 2637, Беларусьқа – 393, АҚШ-қа – 228, Польшаға – 173, Канадаға – 168 адам.

Мұны кейбір сарапшылар лаңкестік әрекеттер және ақшаның құнсыздануымен байланыстырады [8]. Егер жаһандық ауқымдағы мұндай келеңсіздіктерді ескерсек, жоғарыдағы негіздеулерді басқаша қарастыруға болады. Жыл сайын жоғарыдағы аталған мемлекеттерге Қазақстаннан магистранттар, докторанттар, тағылымдама алуға кететіндерді де естен шығармаған жөн. Еуразиялық кеңістікте де қазақстандық жастардың бәсекеге қабілеттілігі, олардың еркін көші-қонына әсер ететіндігін ескерген абзал.

Мәселені қорытындылап, соңғы уақыттағы сараптамалық қорытындыларға сүйенсек, жастардың, яғни жас ұрпақтың жаңаша көзқарасы басымдылыққа ие. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларға, өмір сүру сапасын жақсартуға қаржы құю – адами құндылықты орнықтыруға ықпал жасайды. **Біздің елімізде мыналар сұранысқа ие:** ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология, техникалық, ауыл шаруашылығы салаларының мамандары. Мұндай сұраныстағы мамандықтарға жоғары оқу орындары гранттарының құнын ұлттық жоғары оқу орындарының гранттары деңгейіне дейін көтеру жоспарланып отыр. Демек, мектеп түлектері елден тыс шықпай-ақ біліктілік алуға қолжетімділік артады деген сөз. Мәселе, мектеп түлектерінің білім деңгейін игеруінде. Білім деңгейіне бәсекелестік – жалпы әлемдік тренд.

Қазір жоғарыда аталған мәселелердің Қазақстандық шешімін табуға талпыныстар бар. Оның бірі – 2018 жылдың наурыз айындағы Мемлекет басшысының «бес әлеуметтік бастамасына» қатысты

халыққа Үндеуі [9]. Қоғамның әлеуметтік бірлігіне негізделген, ел игілігі үшін іске асырылатын жобалар қолға алынуда. Бұл бойынша жастардың баспана алуына, отбасын асырау үшін шағын бизнеспен айналысуына, жоғары білім алудың қолжетімді болуына жаңа мүмкіндіктер көкжиегі ашылды. Қарманған қалыс қалмайтыны айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Центральная Азия в условиях глобальной трансформации: Материалы XV Ежегодной конференции КИСИ при Президенте РК по безопасности (г. Астана, 2 июня 2017 г.).- Астана: КИСИ при Президенте РК, 2017. -С.102.
2. Масштабы миграции [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.dslib.net/soc-struktura/transnacionalnaja> [24.02.2018].
3. Сегодня число мигрантов возрастает с каждым днём. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.zpujournal.ru/zpu.2012/2.\[19.01.2018\].](http://www.zpujournal.ru/zpu.2012/2.[19.01.2018].)
4. Миграционные процессы в Европе. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://fostu.ucoz.ru/publ/socialno_ekonomicheskie.\[22.02.2018\].](http://fostu.ucoz.ru/publ/socialno_ekonomicheskie.[22.02.2018].)
5. <https://tengrinews.kz/emigratsii-molodeji-338294> [24.02.2018].
6. Миграция: из Казахстана уезжают умы, а пребывает неквалифицированная рабочая сила. [Электронный ресурс]. – Режим доступа[25.05.2017].
7. <http://elzhastary.kz/514-zhastardy> [5.03.2018].
8. <https://365info.kz/2017/03/60> [27.02.2018].
9. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуі. 5 наурыз 2018 жыл. // www.akorda.kz [06.03.2018].

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫ

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰАУ-дың кафедра меңгерушісі, профессор

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы ұлттық музейі жанынан «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы құрылды. Киелі орындарды анықтау және зерттеу мақсатында ғалымдардың қатысуымен Қазақстанның барлық өңірлеріне (6 бағыт – Солтүстік, Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Орталық, Оңтүстік-Шығыс) экспедициялар ұйымдастырылып, осының нәтижесінде жалпыұлттық маңызы бар 100, жергілікті маңызы бар 500 киелі жердің тізімдері жасалып жүйеленді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясындағы «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындары» республикалық маңызы бар киелі жерлерінің тізіміне Алматы қаласынан бес нысан еніп отыр. Олар – Райымбек батыр кесенесі, «Боралдай сақ қорғандары» қорымы, қасиетті Вознесенск соборы, А. Байтұрсыновтың музей-үйі мен Республика алаңы.

Қазақ топырағының қай жері болса да киелі, қасиетті орындарға бай. Оның ішінде білім мен мәдениеттің ордасы болып саналатын Алматы қаласының орны бөлек. Алматы қаласының 1929 жылдан 1997 жылға дейінгі аралықта республикамыздың астанасы болғанын, бұнда үлкен саяси маңызды тарихи шешімдердің қабылдануымен бірге, халқымыз үшін қасиетті орындардың ірге тасы қаланып, қалыптасқанын да қаперден шығармайық. **Қоғам**

және мемлекет қайраткері, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынов атамyzдың атындағы мұражай-үйі Алматы қаласындағы қасиетті орындар қатарынан ойып тұрып орын алады. 1993 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан А.Байтұрсынұлы атындағы мұражай-үйдің «Ұлттық рухымыздың ұлы тіні», «Қазақ санасының шамшырағы», «Саяси қуғын-сүргін құрбанының тозақты күндері» атты бөлімдерден тұратын залдардағы ғұлама ғалымға тиісті айғақты заттармен, түпнұсқалық құжаттармен, ұлт мүддесі жолындағы саяси күрес жолымен танысқан студенттеріміз тәлімдік-тәрбиелік мәні зор рухани сабақ алды деп айтуымызға болады. Өйткені Ахмет Байтұрсынов атамyzдың өмір жолы кімге де болса үлгі тұтуға лайық, ал ғылыми мұраларының маңыздылығы күннен күнге артып келеді. Ғұлама ғалым:

*Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
Өзге жұрттар өрге кадам басқанда,
Дедім сен де, қатарыңа қалыспа!–*

деп, халқымызды оқу-білімге шақырумен бірге, бүкіл тіл білімі және ғылымы саласына реформа жасап, оның іргетасын қалады. Ахмет Байтұрсынұлы 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер мектебінде оқып, оны бітіргеннен кейін қазақ балаларына білім берумен айналысты. Халық арасында ағартушылық қызметімен зор беделге ие болып, көптен озық, жанына жайлы өмір сүрді. Солай тып-тыныш одан әрі өмір сүре беруіне болатын да еді. Бірақ өз өмірінен ұлт мүддесін жоғары қойған Ахмет Байтұрсынұлы

халқының болашағы жолындағы қастерлі күресті таңдап алды. Сол жолда отқа да түсті, суға да түсті.

Ахмет Байтұрсынұлының: *«Басқадаң кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек, осы керектілердің жолында жұмыс істеу керек»* деген сөзін жадымыздан шығармай, мән-мағынасын бүгінгі жас ұрпақтың санасына сіңіре білу – біздің басты міндетіміз. Ахмет Байтұрсынұлы бүкіл саналы ғұмырын ұйықтап жатқан халқын қараңғылықтан оятуға, отарлық езгіден құтқарып, бостандыққа жеткізуге арнады. Әсерлеп айтпай-ақ, турасын айтқанда сол жолда құрбан болды.

Алматы қаласы бойынша киелі, қасиетті орындар қатарына кірген орындардың тағы бірі – Райымбек батыр кесенесі. Райымбек Түкеұлы (1705-1785 жж.) – батыр, қолбасшы. Ұлы жүз Албан ішіндегі Алжан руының Сырымбет тармағынан. Райымбек 17 жасында жоңғар басқыншылығына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанады. Қалмақтың Бадам, Қорын, Ағанас, Секер, сынды қонтайшы, ноян батырларын жекпе-жекте жеңіп, Қаратау өңірі мен Жетісуды жаудан азат етуге басшылық жасағандардың бірі болған. Райымбек батыр Торайғыр және Сөгеті таулары арасындағы «Ойрантөбе» деген жерде өткен шайқаста ерекше көзге түсті. 1733 жылы Бөлек батырмен бірге жоңғарға елші болып барған. Көзі тірісінде «көріпкел», «әулие» атанған. Ол Алматы алқабында Шілік, Жалаңаш өңірінде тоған қаздырып, су шығартып, егін ектірген. Алматы облысында Райымбек батыр есімімен аталатын жер-су аттары көп кездеседі. Торайғыр тауындағы Айырлы асуының маңында «Райымбек бастауы» бар. Батырдың бейіті Алматы қаласындағы оның есімімен аталатын үлкен даңғылдың бойында. Бейіттің басына кесене-күмбез тұрғызылған. 1990 жылы «Райымбек» тарихи-этнографиялық қоғамы құрылды.

Алматы қаласындағы қасиетті орындардың бірі – республика алаңы. Алматы қаласындағы еңбекшілер қауымының мерекелік салтанатты шерулері, сондай-ақ әскери парадтар өтетін орын. 1980 жылы ашылған. Алаңның Байсейітова көшесіне ұласар кеңістігі қала қақпасы іспетті. Алатау шыңдарымен әсем жарастық тапқан кең алаң мерекелік шеруге қатысушылардың қатарынан 6 легін өткізуге лайықталып жасалған. Республика алаңында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік монументі орнатылған. Осы алаңда 1986 жылы СССР деп аталған қызыл империяның құлауына жол салған «Желтоқсан көтерілісі» болды. Қазақ жастарының демократиялық бой көрсетуі, біздің тәуелсіздікке қарай басқан қадамымыздың алғашқы бастамасы болған еді. Сондықтан да республика алаңы халқымыздың тарихында айрықша орын алады.

Вознесенск кафедралық шіркеуінің іргесі 1904 жылы 26 қыркүйекте қаланды. Жобаның авторлары талантты сәулетшілер К.А.Борисолевский және С.К.Тропаревский, ал құрылысын Верный (Алматы) қаласының 1877 – 1888 жылдары алғашқы басшысы болған П.М.Зенковтың ұлы, инженер-құрылысшы А.П.Зенков пен әскери инженер Н.Степанов басқарған. Құрылысы 1907 жылы 30 шілде айында аяқталғаннан кейін, православие қызметтері басталып, 1927 жылға дейін діни мекеме ретінде пайдаланылды. 1929-1995 жылдары шіркеу мұражай ретінде қолданылды. 1995 жылы орыс православие шіркеуі ретінде қайтадан қайтарылғаннан кейін православие қызметтері қайтадан жаңғыртылды. Шіркеу Қазақстан Республикасының сәулет және тарих ескерткіші ретінде республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау мемлекеттік тізіміне енгізілді.

Вознесенск кафедралық шіркеуінің құрылысы бір-бірімен тектемір бекіткіштермен қыстырылып, ағаштардан ғана 56 м биіктікте тұрғызылған дүниежүзіндегі екінші биік ғимарат. 1911 жылы Алматы қаласында болған жойқын жер сілкінісінде барлық жер үйлер қираған кезде шіркеудің тек бір кресті ғана майысқан. Шіркеудің темір крестермен аяқталатын алты бағанасы бар, ішкі құрылымдары Ресей мен Украинаның көркемөнер шеберханаларында жасалған, әулиелердің көркем бейнелерін суретші Николай Хлудов өрнектеген.

Алматы қаласында он алты археологиялық ескерткіш бар. Бұлардың ішіндегі ең көрнектісі – «Боралдай сақ қорғаны» қорым ескерткіші. Ол Алматы қаласының солтүстік-батыс аймағында, үлкен Алматы өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Бұл – ұзындығы 3 шақырым, ені 800 метрге дейінгі аумақты алып жатқан киелі-қасиетті орын. Оның ішінде 47 сақ қорғандары, 200-ден астам үйсін обалары бар. Аса үлкен қорғандардың биіктігі 10-14 метрге дейін жетеді, ал диаметрі 80-150 метр. Ғалымдарымыздың зерттеулері бойынша Боралдай қорғандарында б.з.д. 8-3 ғ.ғ. Жетісу жерін мекендеген сақ тайпалары, б.з.б. 3 ғ.-б.з. 3 ғ. Үйсін тайпалары мекендеген. Ашық аспан астындағы «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені маңызды тарихи-қасиетті орын болып табылады.

Қазіргі уақытта елімізде республикалық 218 ескерткіш және жергілікті деңгейдегі 11277 ескерткіш тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімдері бекітілген. Бұл тізімдерде жиырма бес мыңнан астам тарих, археология, архитектура мен монументалды өнердің жылжымайтын ескерткіштері көрсетілген.

ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұрасының тізіміне мына бірегей ескерткіштер кірген: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен «Таңбалы» археологиялық ландшафтың петроглифтері, «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері». Жібек жолының Жетісу бөлігіндегі сегіз қазақстандық нысан: Талғар, Қойлық, Қарамерген, Ақтөбе, Өрнек, Құлан, Қостөбе, «Ақыртас» археологиялық кешені «Жібек жолы: Чанань-Тянь-Шяньдық дәліз бағыттарының желісі» ұлтаралық топтама номинациясы құрамында ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұра тізіміне еніп отыр.

Елбасы өзінің бағдарламалық мақаласында халықтың санасына «жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру» үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын әзірлеуге тапсырма берді. Бұндағы басты мақсат тарихи құндылықтарды және ұлт мүддесі жолында, соңынан өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың мұраларын насихаттау, тарихи мұраларымызды әлемге таныту арқылы *«Халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрау», «Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу»* болып табылады. Жас ұрпаққа рухани тәрбие беру жолындағы біздің ізгі қадамдарымыз *«Жүз рет естігенше, бір рет көр»* деген халық даналығымен ұштасып, бүгінгі жас ұрпақ жалпы ұлттық қасиетті орындардан бойына отаншылық сезім, патриоттық тәрбие алып жатса, алға қойған мақсатты жұмысымыздың бір парасының орындалғаны да.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан 2017 ж. 12 сәуір.

2. Қазақстан тарихы энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Аруна, 2006 ж.

3. З.С.Самашев, Г.Джумабекова, М.Нурпейисов, Л.Чотбаев. Древности Алматы «Курганы Боралдай» Алматы, 2006 ж.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ: қалыптасуы мен президенттік басқару нысаны

С.МҰСАБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 3-курс докторанты

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу мәселесін қарастырмас бұрын жалпы мемлекеттілік түсінігінің өзін дәл анықтап алу қажет. Мысалы, бір қарағанда мемлекеттілік мәселесі түсінікті және мемлекет түсінігімен тығыз байланысты деген көзқарас көпшіліктің санасында берік орнаған. Алайда мемлекеттілік ұғымы зерттеушілердің бір-қатар талас-тартыстарына себеп болған. Көптеген зерттеушілер, олардың қатарында отандық ғалым А.С.Ибраева өзінің «Теория государства и права» атты еңбегінде мемлекеттілікті көптеген элементтердің, құрылымдардың, институттардың кешені ретінде қарастыра келе, белгілі бір даму дәрежесіндегі нақты территориядағы халықтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани өмір сүру жағдайын да мемлекеттілік ұғымына сәйкестендіреді [1, 34-б.] Ал зерттеуші И.Л.Бачило «Факторы влияющие на государственность» атты зерттеу жұмыстарында мемлекет ұғымын мемлекеттіліктен бөліп қарастыруды ұсынады. Ғалымдардың пікірінше, мемлекет пен мемлекеттілік ұғымдары ішкі үйлесімде болғанымен, өзара сәйкес келмейтін құрылымдарға ие. Мемлекеттілік ұғымында мемлекет орталық мағынаға ие болып, оның жоғарғы категориясына айналады деген пікір келтіреді. Сонымен қатар зерттеуші мемлекеттілік деген ұғымды қоғамның саяси топтасуы деп қарастырып, өзара үйлескен саяси-құқықтық механизм деп түсінеді [2, 24-б.]. Сондай-ақ зерттеуші Н.С.Бондарь мемлекеттілік ұғымын мемлекет ішіндегі экономикалық, әлеуметтік-мәдени, саяси-идеологиялық, рухани-дүниетанымдық байланыстардан тұрады деп санайды [3, 8924-б.]. Демек мемлекеттілік ұғымында нақты бір территорияда қалыптасатын және ең бастысы мемлекет ұғымындағы элементтерді қалыптастырушы деп түсінуге болады деп санаймыз.

Отандық ғалымдар Т.Ағдарбеков, А.Әлайдар, А.Алайдаров: «Мемлекет дегеніміз – жария өкіметтің пайда болуы мен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда өкіметтің күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі», – деп анықтама береді [4, 8-б.]. Демек мемлекетке тән қасиеттердің қалыптасуы – мемлекеттілік ұғымына сай келеді және мемлекеттілік құрылымы территориялық тұтастық, жеке тұлғалар, ұжымдар мен қауымдастық, қоғам және халықтар, қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялар, құқықтық нормалар жатады. Сондықтан мемлекеттілік ұғымының аясы мемлекет ұғымынан кең. Қысқасы, мемлекет нақты территориядағы қоғамды басқаратын саяси билік десек, мемлекеттілік ұғымы түрлі құрылымдар мен элементтер, саяси институттар мен әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарды түгел қамтиды. Сол себепті де мемлекеттілік ұғымын нақты тарихи кезеңдегі мемлекеттің сипатын білдіретін қоғамның топтасуы деп нақты тұжырым жасауға болады. Мемлекеттіліктің қалыптасуына сол нақты территорияны мекен еткен халықтың ділі мен құ-

қықтық мәдениетінің де атқарар рөлі жоғары. Онсыз нақты бір мемлекетті орнықтыру мүмкін емес деп санаймыз.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы 1993 жылдың 28 қаңтарындағы өліміздің тұңғыш Ата Заңында бекітілді. Өрине, алғашқы Конституцияның мәртебесі тәуелсіз елдің конституциялық негіздерін қалыптастыру ісінде өте жоғары болды. Ол алдымен билік және халық арасындағы ара-қатынас, территориялық тұтастық және биліктің үш тармаққа жіктелуі сынды өзекті мәселелерді бір ретке келтіруімен маңызды болды. Сондай-ақ жаңа Конституция Президенттік басқару нысанын бекітті. Алайда қабылданған күннен бастап, оның баптары мен ұстанымдарына қатысты қарама-қайшы пікірлер де туындай бастағаны шындық. Бұл өз кезегінде қалыптасқан дағдарыстан шығудың негізгі жолы – жаңа Ата Заңның қабылдануына түрткі болды. Жаңа Ата Заң 1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдум нәтижесінде қабылданды. Референдум өткізу 1995 жылдың 28 шілдесінде «1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Жарлығы шыққан болатын. Ал оның жобасы сол жылдың 1 тамызында баспасөзде жарияланып, кейіннен яғни 1995 жылдың 7 тамызында президент Жарлығы «Сіз, жобасы 1995 жылдың бірінші тамызында баспасөзде жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақпен толықтырылды [5, 14-п.].

Аталмыш Конституцияның қабылдану ерекшелігі сонда оның дайындық жұмыстарына көп көңіл бөлінді. Мысалы, жаңа Ата Заңның толық мәтіні республика азаматтарының талқылауына ұсынылды. Ата Заңның жобасына жалпы 33 мың ұжымдық талқылау ұйымдастырылып, оған жиыны 3 миллионға жуық республика азаматтары қатысқан. Жаңадан қабылданған Ата Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет ретіндегі даму болашағы белгіленді. Ең жоғары заңды күші бар әрі Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылатын Ата Заңымызға сәйкес мемлекеттілік түсінігінің және оның қызметінің бірнеше ерекшелігі бар. Атап айтқанда Ата Заңымыз мемлекетті саяси ұйымдасқан институт ретінде қарастырады. Негізгі биліктің көзі халық деп танып, демократиялық принциптердің сақталуын қамтамасыз етті. Осылайша 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Ата Заңымыз Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігін, оның қалпы мен құқықтық-заңнамалық негіздерін бекітіп, болашақ даму бағдарын айқындады. Ал 1998 және 2007 жылдары енгізілген түзетулер заман талабы мен қоғам сұранысынан туындап, мемлекеттілікті нығайтудың тағы бір тетігін толықтырды. 1998 жылдың 8 қазанында қазіргі Ата Заңымызға 19 түзету мен өзгеріс енгізілді [1, 91-б.]. Қабылданған жаңа Ата Заңға сәйкес, өліміздің мемлекеттік құрылысының бірнеше принциптерге негізделгеніне

көз жеткізуге болады. Мысалы, олардың ішіндегі негізгілері деп халық билігін атап өтуге болады. Өйткені Конституцияда *«биліктің қайнар көзі – халық»* екендігі айқындалған. Сонымен қатар мемлекеттік егемендік принципі, унитарлылық, биліктің тармақталуы, заңның үстемдік құруы, ішкі мәселелерді шешудегі демократиялық әдістердің қолданылуы және тағы да басқа принциптер бүгінгі күннің ажырамас бөлігіне айналды.

Конституцияға сай Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы және жоғары лауазым иесі. Сонымен қатар елдің ішкі және сыртқы саясатын белгілеп, халықаралық саяси аренада мемлекеттің келбеті болып табылады. Еліміздің Президенті 7 жылға сайланады және екі реттен артық сайлану құқығына ие емес. Елбасының мемлекеттілікке қарсы әрекеті білінсе, оның лауазымын тоқтату немесе импичмент мәселесі Ата Заңда белгіленген. Президент мемлекеттілікті нығайту жолында Парламентпен келісе отырып, Премьер-министр, үкімет мүшелерімен қатар өзге де лауазым иелерін тағайындап, қызметінен босатады.

1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституция адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мойындай отырып, оның шектеулерін де белгілейді. Мысалы, жеке адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары өзгелердің құқықтары мен бостандықтарына қарсы келмеу керек. Сонымен қатар құқықтар мен бостандықтар еліміздің Конституциялық құрылымын бұзбауы тиіс және қоғамдық игіліктерге қарсы келмеуі тиіс.

Жаңа Ата Заңға сәйкес, Қазақстан – зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет. Зайырлылық ұғымы дінді мемлекеттен бөліп, кез келген дінге артықшылықтар бермеумен тығыз байланысты. Осы себепті де діни негіздегі партиялар құруға рұқсат берілмейді. Бұл дегеніміз – мемлекеттің ресми діні жоқ дегенді білдіреді. Атап өтетін негізгі бір мәселе отандық құқық саласының мамандары Жаңа Конституцияның баптарына қатысты пікірлерін білдіргенде бірінші баптағы *«құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады»* деген сөйлемдегі *«орнықтырады»* сөзінің де айтары мол екендігіне баса назар аударады. Рас *«орнықтырады»* деген сөз құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып қалыптасу жолында екендігін білдіреді деп есептейміз. Ал егер де *«құқықтық және әлеуметтік мемлекет»* десе, дәл осындай мемлекет болып қалыптасқан деп қабылдар едік.

Құқықтық мемлекеттің басты белгісі – Конституцияның барлық заңдар мен нормативтік актілерден жоғары құруы және заңның үстемдік құруы. Сондай-ақ құқықтық мемлекеттің ерекшелігі биліктің заң шығарушылық, атқарушы және сот болып тармақталуында. Сонымен қатар мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынастар өзара құқықтар мен міндеткерліктен тұруы да құқықтық мемлекеттің негізгі көрсеткіштері болып табылады. Ал заң алдында барлығының теңдігі принципі құқықтық мемлекет орнықтырудағы маңызды бөлік деп түсінеміз. Әлеуметтік мемлекет болып қалыптасудың басты тетіктері – барлық салалардағы әлеуметтік әділеттілікті орнату. Ол үшін әлеуметтік саладағы қарым-қатынастарды адам қажеттіліктеріне бағыттап, жұмыссыздықты жою, жұмысқа жарамсыз топтарды әлеуметтік қамтамасыз ете алу ісі басты мәселеге айналады.

Жаңа Конституция қабылданған соң мемлекеттіліктің негізгі көрсеткіші болатын мемлекет-

тік басқарудың барлық салалары өзгеріске ұшырап, тиісінше қайта құрыла бастады. Бұл ретте алдымен тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігінің белгісі болып табылатын басқару нысаны мен биліктің түрлеріне және маңызды органдардың қызметіне тоқталсақ. 1995 жылғы Ата Заңға сәйкес, еліміз президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Жалпы президенттік басқару нысаны тек бізде ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде табысты жүзеге асуда. Ал еліміздегі президенттік басқару 1990 жылдың 24 сәуірінен бері іске асқан [6, 134-б.]. Осы уақытта Қазақ КСР-де президент мәртебесін енгізу туралы шыққан Заңға сәйкес, елімізде басқарудың бұл түрі қалыптаса бастады. Әрі бірнеше тарихи кезеңнен тұрған қалыптасу жолдарынан өтті. Мұндай кезеңдердің қатарында 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Конституция тұсындағы президенттік билік, 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституция тұсындағы президенттік билік және қазіргі таңдағы президенттік биліктің мәртебесі мен мүмкіншіліктері деп шартты түрде бөлуге болар еді. Ең бастысы 1990 жылдан басталған үдеріс күні бүгінге дейін қалыптасудың ұзақ жылдарынан өтіп, сәтті қалыптаса алды. Конституция қабылданғаннан кейін 1995 жылдың 26 желтоқсанында Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті туралы Жарлығы шығады. Жарлықтың мәтіні Президенттің мәртебесі, оны сайлау мен қызметіне кірісуі сынды маңызды қызметтерін көрсетеді [7, 18-22-пп.].

Ал президенттік басқарудың артықшылығын былай жіктеуге болады:

Президент елдегі жағдайға тікелей жауапты;
Президент қалыптасқан қиын жағдайды шешу үшін артық келісімдерсіз жайтты реттей алады;

Елдің қауіпсіздігіне жауап береді;
Президент мемлекеттік биліктің басында тұрады, оның қызметін жүйелеп, анықтайды;

Мемлекеттің әскери ісіне қолбасшылық етіп, мемлекеттік тұтастықты қамтамасыз етеді;

Билік түрлерінің жұмысын үйлестіреді [8, 47-52-б.]. **Осы мәселені зерттеген Б.А.Майлыбаев өз еңбегінде:** *«Президенттік билік экономика, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси салаларын жасау, интеграциялық және қорғау сынды күрделі қоғамдық қатынастар жүйесін ұйымдастыру мен реттеу үшін қажет. Биліктің басқа тармақтары өтпелі кезеңдегі ерекше серпін алған қоғамдық қатынастардың сан қырлылығына байланысты мұндай тұтас қызметтерді өзіне жүктеуге дайын емес»,* – деген болатын [9, 12-б.]. **С.Сартаев «Три высоты президента» атты зерттеу жұмысында:** *«КСРО ыдырап, мемлекеттік биліктің дағдарысы саяси бос кеңістікті тудырды. Осы тұста мықты перзиденттік билікті қалыптастыру дұрыс әрі заңды болды»,* – деген пікір білдіреді [10, 45-55-б.]. Міне, осындай артықшылықтар мен мүмкіндіктерді бүгінгі таңда Елбасы Н.Назарбаев толыққанды әрі халық көңілінен шығатындай атқарып отыр деп нақты айта аламыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, елімізде президент лауазымы 1990 жылдың 24 сәуіріндегі Қазақ КСР-нің Жоғары Кеңесінің *«Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және ҚазССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* Заңының қабылдауымен енгізілген еді. Сол Заң шыққан күні Жоғары Кеңес Н.Назарбаевты президент етіп сайлады [11, 78-б.]. Ал 1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш бүкілхалықтық сайлау

өтіп, Н.Назарбаев 98,7 % дауыс алып, жеңіске жетті. Нұрсұлтан Әбішұлынан бөлек бұл сайлауға «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменовпен қатар, қоғам қайраткері Хасен Қожахмет те қатысуға ниет білдірген. Алайда О.Сүлейменов сайлауға қатысудан бас тартса, Х.Қожахмет қажетті қол жинай алмады. Сондықтан бұл сайлау баламасыз өтті. 1995 жылдың 29 сәуірінде Н.Назарбаевтың Президенттік өкілеттілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту туралы референдум өтіп, 95,46 % сайлаушылар қолдады. Бұл бастаманы 1995 жылы наурыз айында құрылған Қазақстан Халқы Ассамблеясы ұсынған болатын. 1998 жылдың 7 қазанындағы Конституцияға енгізілген өзгерістерге байланысты кезектен тыс сайлау 1999 жылдың 10 қаңтарында баламалы түрде өтіп, президент болып келесі 7 жыл мерзімге Н.Назарбаев 79,78 % дауыс алып, қайта сайланды. Осы сайлауға Коммунисттер партиясынан Серікболсын Әбділдин, Республикалық кеден комитетінің басшысы Ғани Қасымов, сенатор Энгельс Ғаббасов қатысқан.

Үшінші жалпыхалықтық президент сайлауы 2005 жылдың 4 желтоқсанында өтті. Негізінен Н.Назарбаевтың өкілеттілігі 2006 жылдың қаңтарында аяқталуы тиіс болатын. Ал Ата Заңымызға сәйкес президент сайлауы желтоқсан айының бірінші жексенбі күнінде өтуі тиіс. Сондықтан Конституциялық Кеңестің шешімімен 2005 жылдың 4 желтоқсанында өткізу ұйғарылды [12, 25-б.]. Бұл сайлауға қатысуға 18 үміткер ниет білдірген. Алайда олардың 5-еуі мемлекеттік тілді меңгеруден емтиханды тапсыра алмаса, 8 адам тиісті қол жинай алмады. Сөйтіп Н.Назарбаевтан бөлек, Жармахан Тұяқбай, Әлихан Бәйменов, Ерасыл Абылқасымов, Мәлс Елеусізов тіркеліп, сайлауға қатысты. Келесі жоспарлы президент сайлауы 2011 жылдың 3 сәуірінде өтті. Алайда осы сайлауға дейін Қазақстанның бірқатар қоғам қайраткерлері Н.Назарбаевтың президенттік өкілеттілігін 2020 жылға дейін ұзарту туралы бастама көтеріп, республикалық референдум өткізу ісі қолға алынды. Осы ұсынысты жүзеге асыру үшін бастамашыл топ 2011 жылдың 5 қаңтарында 2012 жылы өтуі тиіс кезекті президент сайлауын референдумға ауыстыруды көздеген 2,5 миллион қол жинап, бұл ортақ істе заң шығарушы билік те бастамашыл топқа өз қолдауын білдірді. Алайда Елбасы парламент қолдаған бастамашыл топтың бұл ұсынысын кері қайтарып, 2011 жылдың 3 сәуірінде сайлау сәтті өтті. Ал 5 сәуірде ҚР Орталық сайлау комиссиясы сайлау қорытындысын жариялап, Н.Назарбаев 95,55 % жеңіске жетті. Сәйкесінше 89,98 % қатысқан сайлаушылардың қалған дауыстары үміткерлер Ғани Қасымов, Жамбыл Ахметбеков және Мәлс Елеусізовтерге берілді [12, 26-б.].

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің даму тарихында 2015 жылдың 26 сәуірінің өзіндік орны бар. Бұл күні кезектен тыс президенттік сайлау өтіп, 95,22 % сайлаушы қатысты. Н.Назарбаев 97,75 % дауысқа ие болып, айқын жеңіске қол жеткізді [13, 27-32]. Жалпы Қазақстан Халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Анатолий Башмаков президенттік және парламенттік сайлаудың қатар келуі, қаржыны үнемдеу, Н.Ә.Назарбаев ұсынған «**Нұрлы жол**» және «**Мәңгілік Ел**» бағдарламасын автордың басқаруымен жүзеге асыру сынды дәлелдерді келтіре отырып, бұл сайлаудың кезектен тыс өтуіне ұсыныс жасаған болатын.

Президенттік басқарудың бір ерекшелігі оның басқару жылдарының шектеулігі болса керек.

Өрине, бұл ретте атап өтетін бір жайт президенттікке үміткер болып тағайындалу үшін бірқатар талаптарға сай келу керек. Олардың қатарында Қазақстанның тумасы әрі 35 пен 65 жас аралығындағы мемлекеттік тілді еркін меңгерген және соңғы 15 жылда Қазақстанда тұрған азаматтар ғана президент болып сайлана алады. Ал сайлаудың өтуі үшін сайлаушылардың 50 % қатысуы міндетті.

1998 жылы 7 қазанда Ата Заңға перзиденттің ел басқару мерзіміне қатысты өзгерістер енгізіліп, оның мерзімі жеті жылға ұзартылды және жас шектеулігі 35 емес, 40 жас болып өзгертілді. Сондай-ақ сайлаушылардың 50 %-ы қатысу сияқты талаптар күшін жойды. 2007 жылдың 21 мамырында Президент лауазымына қатысты Конституцияға өзгерістер енгізіліп, жоғарыда келтірген, яғни бір адамның қатарынан екі реттен артық президент лауазымын иелене алмайтындығы және оның мерзімі 5 жылға қысқартылды. Ең бастысы президенттікке үміткер соңғы 15 жылын Қазақстанда тұру керектігі баса айтылды. Екі реттен артық президент лауазымын иелену туралы Заңдағы өзгерістер тұңғыш президент Н.Назарбаевқа қатысты болмады. Ел егемендігінің алғашқы күндерінен-ақ тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихындағы қызметіне деген құрметтен туындаған бұл қажеттіліктің дұрыстығын Елбасының салықалы саясаты дәлелдеп берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ибраева А.С.** Теория государства и право. – Алматы, 2006. – 128 с.
2. **Бачило И.Л.** Факторы влияющие на государственность // Государство и право. - №7. – Москва: Наука, 1993. – 187 с.
3. **Бондарь Н.С.** Конституционная модернизация российской государственности. – Москва: Юнити-Дана, 2014. – 198 с.
4. **Ағдарбеков Т., Әлайдар А., Алайдарова А.** Құқық негіздері. – Оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 2008. – 264 б.
5. ҚРПМ, 5 Н-қ. 1-т. 4708-іс.
6. **Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С.** Современная история Казахстана. – Учебник для студентов неисторических специальностей (бакалавриата) высших учебных заведений / под редакцией Б.Г.Аягана. – Алматы: Раритет, 2010. – 432 с.
7. ҚРПМ, 5-қ. 1-т. 4717-іс.
8. **Мұхамеджанов Б.А.** Форма правления Республики Казахстан: конституционная модель и практика государственного управления. – Москва: Наука, 2007. – 246 с.
9. **Майлыбаев.** Становление и эволюция института Президента Республики Казахстан: проблемы, тенденции, перспектива (опыт политико-правового исследования). – Алматы: Арыс, 2001. -168 с.
10. **Сартаев С.С.** Три высоты президента // Мы живем конституционным пространством. – Алматы, 2011.
11. **Тулемаганбетова А.Д.** Выборы Президента Казахстана: правовые и политические аспекты // Право и управление. XXI век. - №3. – Москва: Московский государственный институт международных отношений, 2011. – 131 с.
12. **Черных И.А.** Президентские выборы в Республике Казахстан: ретроспектива 1991-2015 гг // Научный журнал «Казахстан Спектр». - №1 (71). – Астана, 2015. – 120 с.
13. **Бирюков С.В.** Президентские выборы 2015 года в казахстане: внутриполитическое и внешнеполитическое значение // Вестник Кемеровского государственного университета. - №2 (62). – Т.5. – Кемерово, 2015. – 276 с.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАР:

құқықтық негіздері

Анарбай РАДЖАПОВ,
Алматы энергетика және байланыс университетінің
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,
Бауыржан ЕРЛАНОВ,
Мераш СЕРҒАЗЫ,
Алматы энергетика және байланыс
университетінің студенттері

Еліміз тәуелсіздігін алған күндерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресе бастады. Осы мақсатта заңнамалық базаны қалыптастырды. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Оның барлық ережелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне тікелей қатысты. Сондықтан да Конституцияны сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі құқықтық құжат деуге болады. Оған Қазақстан Республикасының өзін құқықтық мемлекет ретінде жариялауы дәлел. Конституцияда ел басшысын сайлау рәсімдері, оның тағайындалу мерзімі және Қазақстан Республикасы Президенті лауазымын атқаруына байланысты шектеулер бар. Ата заңымыздың 45-бабы 3-тармағында Парламент палаталарының төрағалары мен Премьер-министрдің заң бойынша жауапкершілігі бекітілген. Судьяларды сайлау және тағайындау тәртібі, судья лауазымын атқаруына байланысты шектеулер бар. Сонымен қатар Президент және Парламент актілерінің заңдылығы үшін жауапкершілік бекітілген. Конституция жергілікті жерлерде мемлекеттік қызметтің беделін нығайту және сыбайлас жемқорлықты жеңу үшін жергілікті мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін дамытуға ерекше көңіл бөлінген.

Сыбайлас жемқорлық елге үлкен нұқсан келтіреді, мемлекеттік биліктің беделін төмендетеді. Сол үшін елімізде өкілеттіктерді дұрыс мақсатта пайдалану бойынша іс-шаралар жасалады. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою, мемлекеттік сатып алу, салық салу, жер қатынастары, жекешелендіру бойынша көптеген нормативтік-құқықтық актілер қабылданады. Бюджет қаражатын тиімді пайдалану үшін электрондық мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалық актілер пайда болды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтерді жеңіл әрі ашық алу үшін электрондық үкімет пен электрондық-сандық қолтаңба, «бір терезе» қағидаты қолданысқа енгізілді. Соның нәтижесінде мемлекеттік қызметкерлердің ұйымдарымен, азаматтармен байланыс жасау азайды. Мемлекеттік қызметкерлердің кірісі мен шығысы декларацияланды.

2014 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. Ол мемлекеттік қызмет саласындағы басшылықты, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылайды. Оның негізгі жұмысы сыбайлас жемқорлық көріністерін қоғамда, яғни мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінде, қызметтерінде азайту, қоғамда түсіндіру жұмыстарын жүргізу. **Жалпы түсіндіру жұмыстары**

үш бағытта жүзеге асырылады, олар: ғылыми-тәжірибелік іс-шаралар, ақпараттық-түсіндірмелі іс-шаралар, мәдени-бұқаралық іс-шаралар және қоғаммен өзара әрекеттесу. Ол сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылардың алдын алады, ашады, тергейді.

Агенттік жұмысы бағыттарының, басымдықтарының бірі – мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді зерттеу, талдау. Осы агенттік мүшелерінің жобасымен жасалған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда жеке тұлғадан бастап мемлекеттік қызметте, кез келген қоғам институтында, мекемеде болсын, мемлекеттік не жекеменшік аурухана болсын, мектепте болсын, барлық субъектілер сыбайлас жемқорлық субъектілері болып табылады. Кез келген адам өз өмірінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жасауға міндетті. Яғни оның көріністеріне төтеп беруге, оған нөлдік төзімділікті қалыптастыруға, яғни мүлдем төзбеуге міндетті. Осы тетіктердің барлығы қарапайым шараларды жүзеге асыруға көмектеседі. Мысалы, Қытайда, Иранда, Сауд Аравиясында, Кубада сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша адамдар өлім жазасына кесіледі, кейбір мемлекеттерде, мысалы, ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмысын, қылмыс емес құқық бұзушылығын жасағаны үшін таяқпен ұру сияқты шаралар қолданылады. Сыбайлас жемқорлық заңында қарапайым шаралардың күшеюімен қатар сыбайлас жемқорлық қылмыстарын, яғни құқық бұзушылықтарды жасағандарға қолданылатын шаралар, санкциялар қатайды. Былтыр қылмыстық кодекс жаңа өзгертулерімен күшіне енді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіне өзгерістер енгізілді. Мемлекеттік қызметкерге жай азамат пара берсе немесе пара емес сыйлық сыйласа, мұның тартылатын жазасы айлық есептік көрсеткіш ретінде өте жоғарылады, ол мың айлық есептік көрсеткішке дейін барады. Ал сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған тұлғаларға байланысты оларды жазалау мерзімдері, яғни баламалы қолданылатын шаралар айыппұлдармен алмастырылды. Мұнда тек қарапайым шаралар ғана емес, жазалау шаралары және үздіксіз білім беру шаралары рационалдық үйлесім тауып, осы үш бағытта жұмыс жүргізілуде. «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлықта Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлық тудыратын себептер мен жағдайларды жою, олардың деңгейін азайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сая-

саттың алғашқы бағыттары қарастырылған. Ол мемлекет пен қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге шақырады. Сыбайлас жемқорлыққа ұлттық қауіпсіздікке зиян тигізетін қауіп-қатерлердің бірі ретінде қарайды. Стратегияның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге бүкіл қоғамды тарту және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Ол үшін кез келген сыбайлас жемқорлық көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру. Мемлекеттік қызметтер сапасының деңгейін көтеру. Қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру. Халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін жоғарылату, қоғамдық бақылау институтын енгізу. Квазимемлекеттік және жеке секторда, мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер жасау. Азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін арттыру. Соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделін арттыру және тиісті халықаралық рейтингтерді, оның ішінде «Transparency International» сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексындағы Қазақстанның рейтингін жақсарту. Осы стратегияны орындауға барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мемлекеттер, компаниялар, саяси партиялар және басқа қоғамдық бірлестіктер қатысады.

Президент Әкімшілігінің келісуімен үкімет бекітетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары стратегия ережелерінің кезең-кезеңмен іске асырылуын қамтамасыз етеді. Осы стратегияның мақсаттарына қол жеткізу үшін оның орындалуы бойынша бақылау мен мониторинг жүргізу керек. Қоғамдық бақылау заңнамалық реттеуді талап етеді. «Қоғамдық бақылау туралы» Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттерді және әлеуметтік маңызы бар басқа мәселелерді де шешуге ықпал етеді. Қоғамдық бақылау мемлекеттің бақылаушы функцияларынан бөлек болуы тиіс. Тәуекелдерді талдау бойынша қағида Елбасының жарлығымен бекітілді. Мұның негізгі міндеті мемлекеттік қызметкер немесе заңды тұлға, жеке тұлға сыбайлас жемқорлық қылмысын жасар алдында оған қандай жағдайдың туындағанын немесе дұрыс регламенттелмеуін талдау.

Бұқаралық Ақпарат Құралдары (БАҚ) – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың белсенді, әрі тиімді құралы. Оған «Казахстанская правда» газетінің «Коррупция – заслон», «Из зала суда», «Панорама событий», «Дата», «Оперативная часть», «Егемен Қазақстан» газетінің «Жемқорлық – індет, оны жою – міндет», «Айқын» газетінің «Сенген серкем...», «Есеп», «Караван» газетінің «Штрафстоянка», «ЭкспрессК» газетінің «Коррупция», «Афера», «Борьба с коррупцией», «Криминал», «Взятка», «Мошенничество», «Правопорядок» және басқа БАҚ-тардың айдарларында жарияланатын материалдар мысал бола алады.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Жүз нақты қадамы» бес институционалдық реформадан тұрады. Бірінші институционалдық реформасы кәсіби аппаратты қалыптастыру деп аталады. Жалпы мұның әр қадамы мемлекеттік қызметтегі жұмысты жандан-

дыру және сыбайлас жемқорлық көріністерін азайту, тәуекелді кеміту. **Ұлт жоспарының 13-ші қадамы – жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған.** Сыбайлас жемқорлық – заң бұзушылықтың ең үлкен түрі. Оған жол бермеу қоғамның әрбір мүшесінің, Қазақстанның әрбір азаматының міндеті. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе әрқашан Елбасының назарында. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жодауында *«Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, сондықтан онымен күрес жүргізу – жалпы ұлттық міндет»*, – деген. Сонымен бірге «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақсатында жаңа жаһандық кезең туралы сөз айта келіп: *«Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді»*, – деген.

РЕЗЮМЕ

С 90-х годов XX века Казахстан был первым среди постсоветских стран, который усилил свою антикоррупционную деятельность и укрепил свои антикоррупционные правовые рамки. В статье анализируется разработка антикоррупционной политики.

Since the 1990 s., Kazakhstan was the first among post-Soviet countries to strengthen its anti-corruption activities and strengthen its anti-corruption legal framework. The article analyzes the development of anti-corruption policy.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы.

3. Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлық нысандарына қарсы күресті күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 наурыздағы Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 1696 Жарлығына сәйкес күшін жойды.

4. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 5 қарашадағы № 3731.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы: Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 Заңы.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 1999–2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 7 желтоқсандағы № 4157 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 1696 Жарлығына сәйкес күші жойылды.

Ғаламтор көздері:

<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U920000684>

<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U980004157>

<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U010000534>

<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000949>

<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U050001550>

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫ: Ынтымақтастықтың дамуы

Мәдина ОМАРОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті
Қытайтану кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазір халықаралық туризм саласы – көптеген әлем елдерінің сыртқы экономикалық саясатының басты бағыттарының бірі. Туризмнің әлемдік экономикаға және жекелеген елдер мен аймақтар экономикасына тұрақты түрде ықпалының нығаюы әлемдік экономиканың қалыптасуымен, дамуымен барабар ең маңызды, ұзақ мерзімді үрдісінің бірі. Сондай-ақ туризм – әлемдік интеграция үдерісінің басты факторларының бірі. Ол қазір экономиканың маңызды салаларының біріне айналуда. Ғылыми-техникалық прогресс, халықтың өмір деңгейінің көтерілуі, экономикалық және саяси тұрақтылық және тағы басқа факторлар әлемдік туризмнің алға басуына орасан зор әсерін тигізді.

Әлемдік және өңірлік нарықта әлі де толық пайдаланылып, жүзеге асырыла қоймаған Қазақстанда туризмді дамытудың зор әлеуеті бар. Өйткені еліміз өзіндік сұлу да көркем табиғатымен және бай табиғи ресурстарымен ерекшеленеді, оның айрықша нақышқа ие ұлттық мәдениеті бар. Туризм индустриясы еліміз экономикасының басым салаларының бірі болып есептеледі. Қазақстан экономикасы мен өнеркәсібінің жаңаша даму бағдарламасында мемлекетшілдік кластерлер жетекші рөл атқарады. Әсіресе, туризм саласындағы кластерлердің орны ерекше.

Заманауи туризм индустриясы халықаралық қызмет саудасының ең жоғары кірісті және қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Туризмнен түсетін табыс мұнай, мұнай өнімдері мен автомобиль экспортынан түсетін табыстан кейін тұрақты түрде 2-орынды иеленіп келеді. Туризмнің дамуы, негізінен, аралауға болатын жаңа аумақтарды ашу арқылы жүзеге асу керек, себебі әлемдік туристік нарықтың дәстүрлі аудандары іс жүзінде демалыс қуатының шегіне жетті. Соған байланысты Қазақстанның әлемдік туризм нарығында өз орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар. Мамандардың есебі бойынша, бір шетелдік туристен түсетін табысқа қол жеткізу үшін, орташа есеппен алғанда, әлемдік нарыққа шамамен 9 тонна тас көмір, немесе 15 тонна мұнай, немесе 2 тонна жоғарғы сұрыпты бидай шығару керек. Алайда шикізат сату елдің энергия көздерін сарқылтады, ал туристік индустрия болса жаңартылып отыратын ресурстарға жұмыс жасайды. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орташа есеппен 2 сағат уақытын өткізсе, 350 мың доллардай ақша шығындайды екен, немесе сағат сайын адам басына шаққанда 17,5 доллар жұмсайды екен. Осылайша, шикізат саудасы – экономикалық тығырыққа әкеледі, ал туризмнің дамуы – ұзақ мерзімді, экономикалық пайдасы мол болашақ [1].

Өткен жылы Астанада өткен “EXPO-2017” халықаралық көрмесі Қазақстанның туризм саласының дамуына ықпал етті. Әлемнің алдыңғы қатарлы озық технологиясына қызығушылық танытқандар Қазақстанға келді. Туристердің ішінде шетелдіктер өте көп болды. “EXPO” арқылы Қазақстан жаңа технологиялар мен инновацияларға қол жеткізіп, «Жасыл экономиканың» дамуына тікелей әсер ететін болады [2].

Қарапайым шекаралық ынтымақтастықтан басталып, стратегиялық әріптестік деңгейіне жеткен Қазақстан-Қытай байланыстары бүгінгі таңда өзара ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын ашуда. Оның ішінде туризм саласы да бар.

2015 жылдың 11 қараша күні Бейжің қаласында Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші

комитетінің 8-отырысы және сыртқы істер министрліктері арасындағы кеңесулер өтті. Соның барысында тараптар «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын Қытайдың «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бастамасымен ұштастыру, халықаралық ұйымдар арасындағы, консулдық саладағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, сапар барысында ҚХР Мемлекеттік туризм басқармасы төрағасының орынбасары Ли Шихунмен және Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Қытай коммунистік партиясы Тұрақты комитетінің мүшесі Ғанибет Сәбкейұлымен кездесу өтті. 2017 жылы Қытайдың Қазақстандағы туризм жылын өткізу, Астана қаласында өтетін «ЭКСПО-2017» мамандандырылған халықаралық көрмесіне Қытайдың туристерін тарту және туризм саласындағы келісім-шарттық базаны ұлғайту мәселелері талқыланды [3].

Соңғы жылдары Қазақстан мен Қытай туризм саласындағы ынтымақтастықты тиімді дамыту үшін нақты шаралар қолдануға көшті. 2015 жылы желтоқсанда Қазақстан Қытаймен ҚХР-дан ҚР-ға топтық туризмді жеңілдету туралы меморандумға қол қойды. Жеңілдетілген ережелер бойынша Аспанастаны елінен туристердің алғашқы тобы 2016 жылдың жазында келген болатын. 2015 жылдың қорытындысы бойынша Қытай туристер саны мен басқа елге саяхатқа жұмсаған қаржы көлемі бойынша әлемде 1-орынға шықты [4].

Туризм саласындағы ынтымақтастықтың жемісті жалғасы – 2016-2017 жж. Астана мен Бейжіңде өткен туризм саласындағы ынтымақтастық форумдары. Оған қатысқан екі елдің туризм ісінің мамандары осы саладағы ынтымақтастықты дамытудың тиімді тетіктерін қалыптастыру қажеттігін, аталмыш саладағы байланыстардың әлеуеті зор екенін айта келе, оны пайдаланудың тиімді жолдарын қарастырды [5].

Қытай – «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің негізгі серіктестерінің бірі. ҚХР – көрмеге қатысуға бірінші болып ниет білдірген елдердің бірі. Көрмеде жоғары белсенділік танытқан Қытай павильоны баламалы энергетика саласындағы жетістіктерін көрсетті. Сонымен қатар, көрмеге Аспанастаны елінен туристерді жұмылдыруға Қытай өз үлесін қосқан болатын.

Қысқасы, Қазақстан мен Қытай арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастықтың болашағы зор. Екі ел басшысының өзара сенімі, өзара түсіністігі, екіжақты ынтымақтастық байланыстардың берік негізі туризм саласындағы қатынастардың қарқынды да тиімді дамуы үшін қажетті алғышарттарды қалыптастырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Концепция развития туризма в Республике Казахстан. Постановление Правительства Республики Казахстан от 6 марта 2001 года № 333 // <http://online.zakon.kz/Document>
2. Тридцать факторов актуальности проведения выставки «EXPO-2017» // <http://expoandwomen.com>
3. 2017 жыл Қытайдың Қазақстандағы туризм жылы деп белгіленді // <https://bnews.kz>
4. Как развивается туризм между Казахстаном и КНР? // <https://kapital.kz>
5. 第二届哈 克斯坦-中国旅游合作 在中国北京 行 // http://www.inform.kz/cn/article_a3033338

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ХАҚЫНДА

(Перовск уезі қазақтарының деректері бойынша)

Абдуллах ОГОЛИКОВ,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дің магистранты

1864-1865 жж. патшалық Ресейдің жүргізген бірқатар әскери-саяси әрекеттерінің нәтижесінде Қазақстанның оңтүстігі Ресей империясының құрамына енді. Жаулап алған жерлерде жүргізген жаңа әкімшілік құрылыс барысында 1865 ж. 12 ақпанда Түркістан облысы құрылды. Екі жыл өмір сүрген жаңа облыс Орынбор генерал-губернаторлығына қарады. 1865 ж. 6 тамызда императордың жарлығымен әскери округ құрылып, облыс басқармасы әскери ведомствоға берілді. 1867 ж. 11 шілдеде II Александр Түркістан генерал-губернаторлығын құру және уақытша ережені енгізу туралы жарлыққа қол қойды. Жаңа генерал-губернаторлыққа енген Сырдария облысы мына уездерге бөлінді: Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Хожент, Жизақ. Сырдарияның облыстық басқармасы Ташкент қаласында орналасты. Сыр бойының төменгі ағысында, яғни Перовск уезінің әлеуметтік-экономикалық өмірінде де бірқатар өзгерістер орын алды.

Қазақтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малдың қамына байланысты қалыптасты. Малына қор іздеген қазақтар жыл бойына бір жайылымнан, екінші жайылымға көшті. Орыс зерттеушілері: «егер қазақтар қолынан келсе, бүкіл әлемді жайылымға айналдырар еді», – деген екен [1, 351-б.]. Сыр бойындағы көшпелілер XIX ғасырдың аяғына қарай отырықшылана бастауына, әрі жұттың жиі болып, мал санының азаюына байланысты егіншілікпен, шөп шабумен кеңінен айналысты. Дегенмен, малы көп азын-аулақ бай шаруашылықтар ата кәсібінен қол үзбей көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, алыстағы жайылымдарды пайдаланды. Малдың басым көпшілігі қой мен жылқы болғанымен, Арал, Қазалы өңірінде түйе өсіруге деген ерекше ықылас байқалды [2, 113-б.]. Түркістан әскери округінде 20 жылдан астам әскери қызметте болып, өз қызметін зерттеушілікпен ұштастырған генерал-майор Л.Ф.Костенко: «бұл өңірде кедейге бірнеше мал бітсе болды, көшпелі өмірге ауысады», – деген екен.

1897 және 1899 жылдары болған жұт әсерінен Сыр бойы қазақтары малының жартысы қырылып қалды. Қазақтар арасында «малша қырылды» деген теңеу де осы жұт кезінен қалған. Жұттан кейін мал басының көбеюі өте баяу қарқынмен жүрді. 1902 жылдары ғана мал басының саны әдеуір өсіп, 1882 жылдардағы мал басының санына теңелуге таяған. Жұт – мал үшін қатты қауіп болып, көшпелі мал шаруашылығын әлсіретті. Оның үстіне қазақтардың жайылымдық жерлерінің «қоныстанушылар» есебіне берілуі, дәстүрлі көш жолдарының бұзылуы да мал басы санының баяу өсуіне әсер етті. Осындай тығырықтан шығудың бір жолы отырықшы шаруашылыққа өту еді. Осылайша Сыр бойы тұрғындарының кейбірі отырықшылыққа көше бастады [3, 135-б.]. Осы орайда Перовск уезіндегі мал шаруашылығының статистикасын төмендегідей көрсетуге болады. Салыстырмалы түрде 1885 жылғы Сырдария облысындағы мал санының көрсеткіші төмендегі кестеде топтастырылып көрсетілген [4, 162-б.].

	1885 жылғы мал саны						Барлығы	Бағасы (сомасы)
	Жылқы	Түйе	Ірі қара	Есек	Қой	Ешкі		
Ташкент	10,000	1,500	10,600	500	10,600	1,500	34,700	558,800
Уездер:								
Құрама	47,600	1,500	49,600	5,300	180,600	65,900	371,800	3,860,600
Ходжент	22,900	22,800	43,700	14,300	170,400	30,800	286,800	2,225,200
Шымкент	34,000	4,700	42,000	1,600	312,000	22,000	466,100	4,843,200
Әулиеата	71,000	54,500	22,800	300	411,000	28,700	556,800	4,713,200
Түркістан	15,400	23,000	15,800	4,800	100,000	13,000	165,500	1,731,000
Перовск	40,000	74,000	18,300	1,400	580,000	30,000	743,700	6,274,300
Қазалы	51,100	16,500	11,600	500	252,300	28,200	412,800	5,120,000
Барлығы	292,000	264,100	214,400	28,700	2,016,900	220,100	3,036,200	29,326,900

Ескерту. малдардың 1885 жылғы орташа бағасы төмендегідей: жылқы – 30 сом, түйе – 40, ірі қара – 15, есек – 7, қой мен ешкі – 3 сом. Бұл қыста азықтың болмауынан Перовск уезінде 4000 мал қырылыпты. 1886 жылы осы уезде жылқы саны – 34800, түйе – 71800, сиыр – 18050, қой – 772500, ешкі – 19900-ді көрсетті [5, 59-б.]. 1886 жылғы қыстың жайлы болуына байланысты мал шығыны да аз болған. Осы қыста 2210 ірі мал, 8000 ұсақ мал шығын болған [5, 62-б.].

1889 жылы Перовск (бұдан әрі осы уездегі деректер ғана қаралады – ред.) уезінде 36500 жылқы, 77000 түйе, 14600 сиыр, 867300 қой болыпты [6, 32-б.]. Сол қыста суықтан аталған уезде 1700 жылқы, 1500 түйе, 1000 сиыр, 28700 қой қырылды [6, 33-б.]. 1891 жылы қысқы жұтта уездегі тек мал шығыны 202000 сомды құрады. Басқа көршілес уездерде бұл жылғы қыстың әлегі азырақ болыпты [7, 14-б.].

1892 жылы уезде 40100 жылқы, 95000 түйе, 26000 сиыр, 980000 қой, 36000 ешкі, 2100 есек болды [7, 18-б.]. Ал 1893 жылы жылқы саны – 40015, түйе – 92798, сиыр – 25175, қой – 857334, ешкі – 36324, есек – 2107-ні көрсетті, жалпы – 1053753 бас малды құрады [8, 18-19-б.]. 1893 жылы уезде 4736 түйе, 5420 жылқы, 4872 сиыр, 89310 қой, 10227 ешкі, 112 есек саудаға түскен, олардың жалпы бағасы 796115 сомға бағаланды [8, 22-23-б.].

1894 жылы Перовск уезінде жылқы саны – 40300, түйе – 92900, сиыр – 25500, қой – 858300, ешкі – 36600, есек – 2130-ды көрсетті, жалпы саны – 1055730-ға жеткен [9, 17-б.]. 1894 жылы уезде 4810 түйе, 5450 жылқы, 4910 сиыр, 99970 қой-ешкі, 100 есек саудаға түскен, олардың жалпы құны 811120 сомға бағаланды [9, 21-б.].

1904 жылы уезде жылқы саны – 40263, түйе – 54717, сиыр – 38256, қой – 406520, ешкі – 42391, есек – 1254-ті көрсетеді [10, 87-б.]. 1906 жылы мұнда 42512 жылқы, 46549 түйе, 40700 сиыр, 403255 қой, 49794 ешкі, 1113 есек болған [11, 296-б.].

1908 жылы Перовск уезінде жылқы саны – 43628, түйе – 54257, сиыр – 51841, қой – 380235, ешкі – 63938, есек – 1178, шошқа – 22-ге жеткен [12, 88-б.]. 1912 жылы мұнда 57612 жылқы, 52567 түйе, 45295 сиыр, 333566 қой, 52989 ешкі, 3902 есек болған [13, 49-50-б.].

1912 жылы уезде қасқыр мен басқа да жыртқыш аңдардың кесірінен 330 түйе, 850 сиыр, 785 жылқы, 3104 қой, 2220 ешкі, 41 есек шығынға ұшыраған [13, 52-б.]. 1913 жылы мұнда 62620 жылқы, 53767 түйе, 46610 сиыр, 384570 қой, 54100 ешкі, 3940 есек болды [14, 177-б.]. Көріп отырғанымыздай, алапат жұттан кейін де мал баяу болса да өскен екен.

Қазалы уезінің басқарма бастығының көмекшісі Е.А.Александровтың Көкшетау өңіріне қоныс аударған Сібір қазағының отбасынан шыққаны мәлім. Осы Александров 1879-дан 1880 жылға өтер қыстағы қоян жылының жұты Сыр қазақтары үшін өте ауыр болғанын айтады. Қоян жылғы жұттан кейін Сыр қазақтары қысқа шөп қорын дайындауға кіріскен, сөйтіп малы азайған қазақтар отырықшылыққа көше бастаған. 1880 жылы Перовск уезінен 102437 бас түйенің 60140-ы (58,7%), 62464 бас жылқының 22289-ы (35,6%), 28421 бас ірі қараның 10050-і (35%), 595070 бас қойдың 350000-ы (59,8%) жұттан қырылып, мал басының шығыны 5790514

сомды құраған [15, 137-6].

1879 жылдың күзінен бастап қалаға жақын жерге қыстауға келгендердің көптігіне байланысты, Перовскіде нан тапшылығы байқалды. 1880 жылдың ақпан айында мал санының күрт азаюы нан бағасының он есеге артуына әкеп соқты. Сол кезде қалада бір пұт ұн 3 сом 50 тиынға бағаланды. Сондай-ақ астық сатушы, егін егуші сарттар астықтарын жасырып, бағаның барынша көтерілуін күтті. Бұл көптеген жерлерде наразылықтар туғызып отырды. Осы жылдың наурыз айында аштық өзінің шырқау шегіне жетті, тіптен ашыққан халық далада арам өлген малдарды жеуге дейін барды. Және де орталыққа барсам, аштан өлмеспін деген үмітпен жолға шыққан көптеген қазақтар жолда суықтан, аштықтан және күйзелістен қырылып қалды. Жол бойында, сай мен ойда өлген адамдардың денелері теңкііп-теңкііп қала берді.

Түйіндей келгенде Перовск уезі жағдайында қазақтардың шаруашылық жүргізуі оңай болған жоқ. Жұт бұрынғыдай қазақ қоғамының ауыр дерті болып қала берді. Уезд шенеуніктері қазақтардың шаруашылығын көтеруге ешқандай жәрдем көрсеткен жоқ. Соған қарамастан Сыр қазақтарының арасында отырықшылық үдеріс орнықты.

РЕЗЮМЕ

В статье - «О состоянии скотоводства казахов Перовского уезда второй половине XIX в» - рассматривается динамика развития скотоводства региона. Отмечается, что после присоединения края к России, в хозяйстве местного населения происходило заметное изменение обусловленное подчинением положением народа.

In the article - "On the state of cattle breeding of the Kazakhs of the Perovsk county in the second half of the XIX-th century" - the dynamics of cattle breeding development in the region is considered. It is noted that after the annexation of the region to Russia, a significant change in the behavior of the local population resulted from the subordinate position of the people.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей. Под. ред. П.П.Семенова и акад. В.И.Ламанского. Т.ХІХ. Туркестанский край. Сост. князь В.И.Масальский. – СПб.: Издание А.Ф.Дефриена, 1913. – 861 с.
2. Костенко Л.Ф. Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанско-военного округа. Материалы для географии и статистики России.–СПб.:Типография и хронолитография А.Траншеля, 1880. – Том I. – 452 с.+ 3 карта; Т II. – 200 с.; Т III. – 307 с.
3. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской обл. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулиеата, Чим. – СПб., 1912, – 320 с.
4. Смирнов Е. Сырдарьинская область // Описание составл/е по офиц/м источн/м.– С-Пб., 1887. – 350 с.
5. Обзор Сыр-Дарьинской области. Приложение к Всеподданейшему отчету военного губернатора области за 1886 г. – Ташкент: Типолитография С.И.Лахтина, 1888. – 385 с.
6. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1889 г. Приложение к Всеподданейшему отчету военного губернатора. – Ташкент: Типография братьев О и Г.Перцевых, 1890. – 82 с.
7. Обзор Сыр-Дар/й обл. за 1892 г. (бұдан әрі жоғарғыдай).– Ташкент: Типо-лит/я С.П.Петухова, 1894–194 с.
8. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1893 г. (бұдан әрі жоғарғыдай), 1894 – 187 с.
9. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1894 г. (бұдан әрі жоғарғыдай), 1895 – 191 с.
10. Обзор Сыр-Дар/й обл. за 1904 год (бұдан әрі жоғарғыдай), 1906. –280 с.
11. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год. – Ташкент: (бұдан әрі жоғарғыдай), 1907. – 287с.
12. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г. Издание Сыр-Дарьинского Обл. Статистического Комитета. – Ташкент: Типолитография В.М.Ильина, 1909. – 69 с. + приложение I-XXX.
13. Обзор Сыр-Дар/й области за 1912 год (бұдан әрі жоғарғыдай). 1914.– 195 с.+ прил. I+XXXV.
14. Обзор Сыр-Дар/й области за 1913 год (бұдан әрі жоғарғыдай). 1916. – 162 с.+ прил. I-XXXV.
15. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства [Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба]. – СПб., 1865. – с. 297.

ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА и история Казахстана

Керимсал ЖУБАТКАНОВ,
кандидат исторических наук, доцент
Казахско-Русский Международный университет

Казахский народ имеет богатое историческое прошлое. Страницы его истории неразрывно связаны с историей всей Центральной Азии и Евразии, территория которых по праву считается одним из древнейших центров человеческой цивилизации. История как наука является неотъемлемым элементом духовного развития как отдельной личности, так и всего общества в целом. Необходимо отметить, в условиях колониализма и советского унитаризма историческое сознание казахского народа было сильно деформировано. Возможности исторического научного поиска были значительно сужены в силу господства классовых, идеологизированных подходов. История в условиях тоталитаризма выполняла функцию подержки режима.

Сегодня история Казахстана переживает новое рождение. В условиях независимости, когда идет активный процесс возрождения духовности общества, рост его национального самосознания и национальной гордости, ис-

торическая память, восстановление объективной и правдивой истории Казахстана с древности по современность имеют огромное значение. Время требует объективной и критической оценки исторического опыта прошлого, ибо в нем мы находим ответы на многие сложные вопросы современности. История Казахстана должна стать подлинно научной, помогая четко определять, где истина, а где заблуждение или фальсификация, избежав при этом максималистского подхода и конъюнктурщины. Восстановление и сохранение национального прошлого, определение его места и роли во всемирной истории, вклада в мировую цивилизацию требует глубоких знаний истории общества. Народ без исторической памяти обречен на деградацию. Он не может отказаться от своего прошлого, потому что тогда он не будет иметь будущего.

Курс Истории Казахстана выполняет такие важные функции: – *познавательная, интеллектуально-развивающая* – состоит в самом изучении исторического пути

народа и в объективно-истинном, с позиций историзма, отражении всех явлений и процессов, составляющих историю Республики Казахстан;

– **мировоззренческая функция** – изучение истории непосредственно влияет на формирование мировоззрения личности. Мировоззрение – это взгляд на мир, общество, законы его развития может быть научным, если опирается на объективную реальность. В общественном развитии объективная реальность – это исторические факты. История, ее фактическая сторона является фундаментом, на котором зиждется наука об обществе. Чтобы исторические выводы были действительно научными, необходимо изучать все факты, относящиеся к данному процессу или явлению без исключения, в их совокупности, только тогда можно получить объективную картину, и обеспечить научность познания. Одним из важных мировоззренческих аспектов изучения истории является формирование **историзма мышления**. Историзм должен стать обязательным условием мышления современного образованного человека, независимо от его профессии и вида деятельности. Изучение истории приучает мыслить историческими категориями, видеть общество в развитии, в изменении, оценивать явления общественной жизни по отношению к их прошлому и соотносить с последующим ходом развития событий. Историзм мышления включает в себя также умение оценивать исторические события, действия масс и исторических личностей соответственно тем историческим условиям, которые реально существовали в тот период;

– **воспитательная функция** состоит в том, что объективное освещение исторических процессов и их изучение с позиций современности, исторический опыт, преемственность традиций – все это должно стать теми ценностями, на которых воспитываются новые поколения нашего народа. **История сама становится подлинным воспитателем народа. История обладает огромным воспитательным воздействием.** Знание истории своей Родины и своего народа, всемирной истории формирует гражданские качества – патриотизм, любовь к Родине, своему народу, его прошлому. Оно позволяет познать моральные и нравственные ценности человечества в их развитии, понять такие категории, как честь, долг перед обществом. Особое значение приобретают мировоззренческая и воспитательная функции в ВУЗе, где «История Казахстана», являясь частью гуманитарного цикла, призвана сформировать нравственно здоровую, граждански активную личность, живущую в правовом и демократическом обществе;

– **практически-политическая функция.** Сущность ее состоит в том, что история как наука, выявляя на основе осмысления исторических фактов закономерности развития общества, помогает вырабатывать научно-обоснованный курс развития общества, избегать субъективных решений. В единстве прошлого, настоящего, будущего – корни интереса людей к своей истории. Чтобы определить дальнейшее направление развития общества, необходимо знать, из какого состояния оно вышло и как оно прошло свой исторический путь. Определяя задачи и направления своей деятельности, каждый из нас должен быть в определенной степени историком, чтобы стать активным членом общества, обладающим гражданской позицией. Изучение истории позволяет раскрыть соотношение интересов различных слоев общества, их лидеров на конкретных примерах общественных явлений. **Именно поэтому история всегда была, есть и будет орудием идеологической борьбы, средством влияния на политические настроения людей.** В силу этого необходимо учитывать все аспекты, чтобы вырабатывать взвешенный политический курс, не сталкивать народы, не толкать их на различного рода конфликты, а способствовать динамичному развитию общества.

Историю Казахстана нельзя правильно понять вне связи с мировыми историческими процессами, задачей курса является изучение истории Казахстана во взаимосвязи с процессами, происходившими не только в Центрально-Азиатском регионе, так и во всем мире. В ходе изучения истории Казахстана нужно раскрывать ее как многомерный исторический процесс в тесной связи с философскими категориями, логической формой подачи материала с объективным анализом положительных и отрицательных оценок различных исторических эпох и вкладом их в прогрессивное развитие общества и государства. Содержание курса охватывает длительный исторический период с древнейших времен и до наших дней. В основу его изучения положен проблемно-хронологический принцип. Курс имеет четкие хронологические рамки каждого рассматриваемого периода, соответствующие этапам исторического процесса. Методологическими и научно-теоретическими основами изучения истории Казахстана являются: диалектический подход к явлениям общественной жизни, принципы объективности, историзма, научности, которые помогают изучению всей совокупности исторических процессов и фактов. Непреходящее значение в изучении истории имеют общечеловеческие ценности, гуманизм, патриотизм, принципы идеологии национальной независимости. Важное значение при этом имеет учет национальных ценностей, народных традиций и обычаев, религиозных убеждений. Определяющее место при изучении истории Казахстана занимают произведения Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, имеющие методологическое значение. Среди них необходимо назвать такие работы Президента «Стратегия становления и развития Казахстана суверенного государства», «На пороге XXI века», «Эра Независимости». Они нацеливают нас на глубокое всестороннее исследование исторического процесса, определяют приоритетные направления его изучения.

Сегодня одними из основных задач, требующими глубокого первоочередного освещения на основе изучения древних источников, археологических памятников, являются история государственности, проблемы этногенеза и др. Историческая наука опирается на широкий круг источников. К историческим источникам относится все то, что непосредственно отражает исторический процесс. Среди них выделим вещественные, письменные, этнографические, лингвистические, устные, кино-фото-фоно-материалы. В процессе обучения мы неоднократно будем обращаться к источникам, прикасаясь к живому роднику истории, становясь мудрее, нравственнее. Учитывая все вышесказанное, можно сделать вывод, что именно история Отечества, играя важную роль в духовном возрождении общества, имеет огромное значение в воспитании и формировании полноценной, всесторонне развитой личности.

РЕЗЮМЕ

Мақалада қазіргі кездегі қазақ халқының рухани жаңғыруындағы Қазақстан тарихының маңызы қарастырылған. Қоғамның рухани жаңғыруы, ұлттың өзін-өзі тануы мен ұлттық мақтаныштың оянуы, тарихи жадтың, ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі шынайы да ақиқат тарихтың қалпына келуі белсенді жүріп жатқан тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыруы үшін мұның мән-маңызы өте зор.

In this article it is told about importance history of Kazakhstan in the spiritual revival of the Kazakh people in our time. In the conditions of independence, when the active process of revival of spirituality of society, height of his national consciousness and national pride, historical memory, idet, renewal of objective and truthful history of Kazakhstan from antiquity for contemporaneity have an enormous value for the spiritual updating of independent Kazakhstan.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жанат СЫМАНҚҰЛОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Елбасы Н.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Жолдауында былай дейді: «Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет» [1]. Одан әрі: «Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек», – деп айтылған. Бұл білім саласындағы оқу мазмұнының жаңаруына байланысты электрондық оқулықтарға көшу мәселесіне орай ой қозғауды қажет етіп отыр.

Қазір әлемдік білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану күрт өсті. Білім беру ресурстары жаппай электронды нұсқаға ауысуда. Сондықтан оқу орындарында осы уақыт талабын ұстану қажет, себебі, бұл – өте тиімді технология. Қазіргі ұстаз оқыту үдерісіне электронды оқулықты жиі қолдануы керек. Өйткені оны пайдалану арқылы жоғары сапалы білім алу үшін көбірек мүмкіндіктер бар [3,4]. Яғни, білім алушыларға электронды оқулықтардың тиімді жақтарын көрсете отырып, оқу үдерісіне әкелуіміз керек. ХХІ ғасырдың жаңа технологияларын білім беру саласында белсенді қолдану білім алушылардың еркін әрі еш кедергісіз білімдерін ұштауына көмегін тигізеді [2].

Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту үдерісінің үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Электронды оқулық – дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе [6].

Электронды оқулықтар оқушыларға мынадай көмегін тигізеді:

- білім деңгейін тереңдетуге;
- ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға;
- өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға;
- ойларын дамытуға;
- оқушылардың сөздік қорының молаюына;
- тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуына;
- сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына;
- өз ісіне талдау жасай алуға.

Электронды оқулықтың тиімді жақтары:

- Оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалын іздеп отырмайды.
- Оқушы оқулықты қажет етпей-ақ информатика негіздерінен кез келген мәліметті алып, оқып-үйренуіне болады.

нуіне болады.

-Тақырыптың үлкен, қиын бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар, клиптер, аудиохабарларды пайдаланады.

-Таңдап алған хабарды көшіруге мүмкіндік бар.

-Сарамандық жұмыстар жылдам түсіндіріледі.

-Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етілген.

-Көрнекі құралдарға деген мұқтаждықты азайтады.

-Мұғалімнің әр оқушымен дербес жұмыс жүргізуіне мүмкіндік мол.

-Оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді.

-Зерттеушілік қабілеті бар тұлға қалыптасады.

-ҰБТ-ға даярлаудағы тиімділігі жоғары.

Электронды оқулықтың тиімсіз жақтары:

-Электрондық оқулыққа қойылатын бірегей психология-педагогикалық талаптардың жоқтығы.

-Пәнаралық байланыстың аздығы.

-Көрнекілік материалдарда бірыңғай таңдау.

-Оқып-үйренудегі мамандық бойынша бағыты ескерілмеген.

-Материалды толық қамтуы немесе оқулықтарды толық аудару.

-Оқушының жеке ерекшелігі, денсаулық жағдайы ескерілмеген.

-Берілген материалда санитарлық-гигиеналық нормалар сақталмаған.

-Компьютердің графикалық мүмкіншілігінің қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі.

-Оқушының тіл мәдениетінің төмендеуі «тірі» қарым-қатынасқа түсе алмауы.

-Электронды оқулықты ерекшелік деңгейіне қарай топтасақ:

-Дәстүрлік – қағаз түріндегі оқулық.

-Интеллектуалдық – оқыту траекториясы бойынша материалдың бейнеленуі (өзіндік оқу мен өзіндік бақылау) деп атасақ болады.

Ал белгіленулер деңгейіне қарай топтасақ:

-терминдік сөздер – глоссарий;

-ақпараттық-лекция, теориялық материалдар;

-өзіндік оқыту – тестік сұрақтар мен өзіндік бақылау жүйелері;

-жалпы курс-мультимедиялық;

-жалпылама курс-автоматтандырылған, екендігін көруімізге болады.

Тарих пәнін оқытудағы басты қиындықтың бірі – уақыт тапшылығы. Екіншіден, білім алу ресурстары оқулықтармен шектелген. **Үшіншіден,** көрнекілік. **Электронды оқулықты пайдалану осы мәселелерді шешуге көмек береді.**

Оқулықтағы электронды дидактикалық материалдарды компьютерлік бағдарлама өзі тексеріп, нәтижесін және жиынтық бағасын шығарады. Оқытушы бұл үдеріске араласпайды және уақытын бөлмейді, ал оқушы білімінің нәтижесін және қателерін сол

мезгілде көріп отырады. Бұл бағалау үдерісін ашық және әділетті жүргізеді.

Электронды оқулықтағы материал гиперсілтемелер арқылы интерактивті болады. Білім алушы бір оқулықпен және сол оқулықтың авторларының әртүрлі тарихи оқиғаларға көзқарастарымен шектелмейді. Ізденіс арқылы оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеті дамиды. ЭО интерактивтігі, оқу үдерісінде қызығушылықты арттырады.

Мультимедиялық ЭО көрнекілік мәселесін шешеді. Иллюстрация, карта, бейнеролик, презентациялар, онлайн экскурсиялар, т.б. Компьютерлік бағдарлама ішінде (офлайн) болу мүмкін немесе гиперсілтеме (онлайн) арқылы. Электронды оқыту әдісі оқытуда дараланған тәсілді көздейді және білім алу барысында жалпы білім сапасын жақсартады деп саналады.

Жаңартылған оқу жоспары шеңберінде тыңдаушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, материалдың мазмұнын түсінуге және практикада оқу үдерісінде алынған білімдер мен дағдыларды одан әрі пайдалануға негізделеді.

Осы бағдарламаны ойдағыдай іске асыру үшін ең алдымен оқулықтарда көрсетілген оқу материалдарына назар аудару қажет. Сандық технологиялар білім беру саласына белсенді енгізілсе де, оқулық білім алуда негізгі ресурс болып қала береді. Тарих оқулықтары оқиғалар, тарихи тұлғалар, географиялық объектілер, терминология және т.б. көптеген ақпаратпен қамтылған пән. Бұл білімсіз белгілі бір оқиғаларды талдау немесе бағалау мүмкін емес. Тарих – ең алдымен тәрбиелік мәні бар пәндердің бірі. Мұндай жағдайларда біз тарихты оқытудағы дидактикалық материалдарға басты назар аударамыз. Дидактика тек қана бақылау және өлшеу материалдары ғана емес, сонымен қатар білім алушыларға оқу материалдарын үйренуге және түсінуге көмектесетін құрал ретінде де қолданылады. Дидактикалық материалдарды пайдаланудың тиімділігін арттыру және жеңілдету үшін біз сандық технологиялар, электронды оқулықтар мен әртүрлі нұсқаулықтар пайдаландық. Электронды оқулықтар ең алдымен интерактивті болуы керек. **Электронды оқулықтар мен оқу құралдарын жасағанда мына шарттарды ескерген жөн:** оқулықтардың кез келген интерактивті формалары Интернет-байланысты, сайтты, белгілі бір бағдарламалардың болуын талап етеді. Осының бәрі бірқатар қолайсыздықтарды тудырады. Сондықтан біздің оқулықтарымыздың онлайн тәртібінде ғана емес, сонымен қатар офлайн режимінде жұмыс істейтініне қол жеткізуге тырысамыз. Жеке компьютерге арнайы жүйе талаптарын қажет етпейтін қолжетімді және тегін бағдарламаларды пайдалануды ұсынамыз. **Мысалы, «Қазақстан тарихы» оқулығындағы тақырыптардың біріндегі тапсырманы алайық. Бұл тапсырманы екі сабақта қолдану ұсынылады.**

1) Жаңа тақырыпты өткеннен кейін білімді бекіту мақсатында: хронологияға байланысты тапсырмалар қызыл түспен көрсетілген, жасыл түспен география, көк түспен тарихи тұлғалар, күлгін түспен сандар (әр түрлі статистикалық көрсеткіштер), сұр түспен мемлекеттік органдар, заңдар, саяси партиялар мен қозғалыстар, қара-жасыл түс терминологияны көрсетеді. Барлық тапсырмалар оқулыққа сүйену арқылы орындалады. Тапсырмалар арнайы 6 топқа бөлінген бұл оқу материалдарын жақсы және жылдам жеңіл түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

2) Үй тапсырмасын тексергенде, білім алушылар

тапсырмаларды оқулықсыз орындайды, бұл олардың білім деңгейін анықтауға және осы ақпаратқа негізделген бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Әр түрлі жағымсыз нұсқаларды болдырмау үшін аудиторияны 1 және 2 нұсқасына бөлген жөн. 1-нұсқа тақсандар мен тапсырмаларды орындайды, 2-нұсқа теңсандармен. Мұның бәрі көшіріп алуға кедергі келтіреді. Тағы бір жағымды жағы аудиторияны бағалау кезіндегі 100% қамтылуы, мұғалім білім алушының қорытынды бағасына әсер етпейді, тапсырмаларды тексеру үшін уақыт бөлмейді, барлық тапсырмалар электрондық бағдарламамен және тапсырманы орындау үдерісінде тексеріледі, сонымен қатар бағалау бағдарламада сақталады. Бұл тапсырма 10 сабаққа ұсынылады. Кестеде VI және XIII ғасырлардағы ортағасырлық мемлекеттердің тарихымен байланысты негізгі ұғымдар көрсетілген. Тарих пәнін оқыту барысында бір негізгі мәселе бар: тақырыптар арасындағы әлсіз байланыс, бұл өз кезегінде, білім алушылардың қысқа мерзімде өткен тақырыптардың материалын ұмытуларына әкеледі, себебі әр сабақ сайын жаңа тақырып өтіп жатады. Бұл мәселені шешуге жоғарыда көрсетілген сәйкестік кесте көмектеседі. Себебі тарауда берілген бірқатар мәліметтерді жүйелі түрде біріктіріп, білім алушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, жаңа ұғымдарды меңгеруге себепкер болады.

Осылайша, сіздердің назарларыңызға ұсынылған «Оқытушы-білім алушы» тасымалдаушы екі жаққа да ұтымдылығын көрсетеді. Осы әдістемелік ресурс тек пәннің білім деңгейін сараптауға емес, сонымен қатар, білім нәтижелерінің бағалау барысында бағалау критерийлеріне сай келмейтін тақырыптар бойынша кейінгі түзету жұмыстарын жүргізуге және нәтижелерін сақтауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтсақ, қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үдерісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екеніне баға беріп көрейік. Бүгінгі мұғалім – ата-ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім – оқытушы, мұғалім – ұстаз, мұғалім – оқулық авторы, мұғалім – технолог, мұғалім – жаңалықты дәріптеуші, таратушы, ол оқулықтардың авторы. **Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты:** «Оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»
2. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdarluhani-zhangyru-atty-makalasy
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру Стандарты
5. Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты.
6. Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану // Информатика. Физика. Математика. № 3. 3-б.
7. Мәлібекова М.С. Ақпараттық технологиялар: Оқу құралы. — Қарағанды, 2000. — 60-б.

ШІЛІКТІ МЕН БЕСШАТЫР ПАТША ҚОРҒАНДАРЫ

Ләззат ЖҰМАБЕКОВА,

№163 орта мектептің тарих пәні мұғалімі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері

Мерзімді жоспар	Сақтар (12 сағат).		
Сабақ тақырыбы	Шілікті мен Бесшатыр патша қорғандары (2 сағат). 1-сабақ.		
Зерттеу сұрағы	Неліктен Шілікті және Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады?		
Оқу мақсаттары	Әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; Археологиялық ескерткіштерді сипаттау.		
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Сақ тайпаларының тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық құрылысы және әлеуметтік топтардың қоғамдағы рөлін, атқаратын қызметтерін сипаттайды. Сақ тайпаларының ескерткіштерін атайды. Оқушылардың басым бөлігі: Шілікті және Бесшатыр археологиялық ескерткіштерін тарихи деректер, жерлеу дәстүрі арқылы салыстырады, таблица толтырады. Кейбір оқушылар: Шілікті және Бесшатыр қорғандарын кескін картаға түсіреді, орналасқан аумағын атайды.		
Ойлау деңгейі.	1.Білу, түсіну. 2.Қолдану.		
Бағалау критерийлері	1.Сақ тайпаларындағы әлеуметтік топтардың қоғамдағы рөлін сипаттау. 2.Шілікті және Бесшатыр археологиялық ескерткіштерін салыстырып, кесте толтырады. 3.Осы қорғандарды кескін картаға түсіреді.		
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Мәтіндегі ақпаратты графикалық органиайзерге түсіреді. Төрт дағдыны сипаттап жазу: ОЖА- №1. «ДЖИГСО», «Инсерт» әдісі. ЖА-№2. «Салыстыру, иллюстрациялық органиайзер» әдісі. ЖА-№3. «Картамен жұмыс» әдісі. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Тайпа, тайпалық бірлестік, абыздар, жауынгерлер, егіншілер мен малшылар, көсем, патша, әскери демократия, қорған, ескерткіш.		
	Тараудың тақырыптарын меңгеруге ынталандыратын сұрақтар: 1.Неліктен грек, рим, парсы деректерінде сақтар туралы мәліметтер кездеседі? 2.Сақтардың мәдениеті мен дүниетанымы туралы археологиялық ескерткіштер қандай ақпарат береді? 3.Сақтар өз жерлерінің біртұтастығын қалай сақтап қалды? 4. Шілікті және Бесшатыр қорғандарының қандай айырмашылығы бар?		
Тарихи концептілік	Интерпретация, дәлел, ұқсастық, айырмашылық, салыстыру, маңыздылық.		
Құндылықтарға баулу	Сақ тайпалары және олардың өздеріне тән бірегей мәдениетінің ерекшеліктерін, тарихи ескерткіштер мен олардың тарихын зерттеуге, құрметпен қарауға үйрету және өз бетінше оқу дағдысын қалыптастыру. Құндылықтарды дарыту берілген тапсырмалар арқылы жүзеге асады (іс-әрекетті немесе/және тақырыптың мазмұнын сипаттау).		
Пәнаралық байланыстар	География	Қорымдарды кескін картаға түсіру.	
	Әдебиет	Түйінді ой айтуға дағдыландыру.	
Алдыңғы білім	1-сынып. Дүниетану пәні. Қазақстан территориясындағы тайпалық бірлестіктер.		
Сабақтың барысы			
Жоспарланған кезең	Іс-әрекет. (Шартты белгі): Б-Барлық сыныпқа тапсырма; Топтық жұмыс; Жұптық жұмыс.		Ресурстар
Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту кезеңі (7 мин)	Шаттық шеңбері. Мақсат: Жұптастыру, топтастыру барысында атаулар мен анықтамалар арқылы оқушыларды қоғамдағы әлеуметтік топтарды ажырата білуге үйрету. Жұптастыру.		Түрлі- түсті қағаздар.
«Инсерт» әдісі арқылы мәтіннің керекті жерлерін түртіп алады. (5 минут). «Сәйкестендіру» әдісі (3минут). Бағалау. «Тапсырманың кілті».	Атауы	Анықтама	
	Тайпа көсемі Президент Әкім Император Малшы Қолөнерші Жұмысшы Дәрігер Жауынгер Сот Прокурор	Сақтардың тайпасын басқарды. Халық сайлайтын республикалық мемелекет басшысы. Облысты, ауданды, ауылды басқаратын адамдар Бірнеше мемлекеттен тұратын үлкен империяны басқарушы Мал бағатын адам Түрлі бұйымдарды жасаушы адам Завод, фабрикада жұмыс жасайды. Адамдарды емдейді. Қолына қару алып, елдің қауіпсіздіген қорғайды. Адамдардың қауіпсіздігін қорғайды. Заңдардың жүзеге асуын қадағалайды.	
	Мәтіндер беріледі. Жаңа тақырыптың мазмұнын ашу, зейінді шоғырландыру мақсатында «Тарихи сәйкестік» ойыны ойнатылады. Ұяшықтардағы фактілерді бір-бірімен сәйкестендіру. Топқа біріктіру: 1.Басқарушылар немесе билік иелері: тайпа көсемі, президент, әкім, император. 2.Еңбекшілер мен қызметкерлер: малшы, жұмысшы, қолөнерші, дәрігер. 3.Қауіпсіздікті қорғаушылар: жауынгер, сот, прокурор. Жұптастыру – топтастыру арқылы оқушыларды оқу үдерісіне жұмылдырамын. Тараудың тақырыптарын меңгеруге ынталандыратын сұрақтар (диалог арқылы саралау) арқылы дарынды оқушылардың қажеттіліктері анықталады. Оқушылар жауабынан кейін сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаты, бағалау критерийлері, дескрипторлар түсіндіріледі (2 мин).		
			Оқулық материалдары, мәтіндер.

Сабақтың ортасы. Мағынаны тану кезеңі (15 мин). 1.«Джигсо» әдісі арқылы мәтінмен танысады, топтық жұмыс орындайды (7 минут). 2.Таблицаны толтыру (5 минут). 3.Өзара бағалау (2 минут). 1.Таблицаны толтыру (5 минут). 2.Өзара бағалау (2 минут). «Картамен жұмыс» әдісі. 7минут (картамен жұмыс). 3 минут (өзара бағалау). Қорытындылау кезеңі. Сабақтың соңы (3 мин). Үйге тапсырма	Сабақтың тақырыбы: Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары. Тапсырма білу, түсіну дағдысына беріледі. Тапсырма №1. Сақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың қызметін сипаттаңыз. Суреттер (Иллюстрациялық органайзер). <table><tr><td>Әлеуметтік топтар</td><td>Абыздар</td><td>Жауынгерлер</td><td>Егіншілер мен малшылар</td></tr><tr><td>Суреттер</td><td colspan="3"></td></tr><tr><td>Сипаттама</td><td></td><td></td><td></td></tr></table> Оқушыларды бағалау (өзара бағалау). <table><tr><td>Критерий</td><td>Дескрипторлар</td></tr><tr><td rowspan="3">Сақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың қызметін сипаттайды.</td><td>Сақ қоғамындағы абыздардың рөлін түсіндіреді.</td></tr><tr><td>Сақ қоғамындағы жауынгерлердің рөлін сипаттайды.</td></tr><tr><td>Сақ қоғамындағы егіншілер мен малшылардың рөлін сипаттайды.</td></tr></table> Тапсырма №2.Археологиялық ескерткіштерді салыстыру. Тапсырма қолдану дағдысына беріледі. А) Қорғандардың суреті таратылады. (Иллюстрациялық органайзер). Ә) Таблица (Салыстыру органайзері).  Шілікті қорғаны  Бесшатыр қорғаны <table><tr><td>Қорғандар</td><td>Шілікті</td><td>Бесшатыр</td></tr><tr><td>Археологиялық ескерткіш Қазақстанның қай аймағында орналасқан?</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Археологиялық ескерткіш қай ғасырға жатады?</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Археологиялық ескерткіш неше обадан тұрады?</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қорымдардан қандай заттар табылды?</td><td></td><td></td></tr></table> Оқушыларды бағалау (өзара бағалау). <table><tr><td>Бағалау</td><td>Дескрипторлар</td></tr><tr><td rowspan="4">Археологиялық ескерткіштерді салыстырады</td><td>1.Ескерткіштердің орналасқан аймағын атайды.</td></tr><tr><td>2.Сақ ескерткіштерінің хронологиялық шеңберін анықтайды.</td></tr><tr><td>3.Сақ ескерткіштерінің құрылымын атайды.</td></tr><tr><td>4.Сақ ескерткіштерінен табылған жәдігерлерді атайды.</td></tr></table> Тапсырма №3. Шілікті мен Бесшатыр қорғандарын кескін картаға түсіру (Оқушыларға кескін картаға түсіру үшін түрлі-түсті қарындаш, беріледі). (Графикалық органайзер). 1-топ. Шілікті қорғаны. 2-топ. Бесшатыр қорғаны. Оқушыларды бағалау (өзара бағалау). Бағалау: Археологиялық ескерткіштерді картаға орналастырады. Дескрипторлар: 1.Археологиялық ескерткіштерді картаға орналастырады. 2. Археологиялық ескерткіштің орналасқан аймағын түсіндіреді. Әр топ өз жұмыстарын сынып алдында қорғайды. Оқушылар берілген тапсырмаларды орындау арқылы «Неліктен Шілікті және Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады?» зерттеу сұрағына жауап табады, сабақты түйіндейді. Сабақтың соңында оқушылар рефлексия жасайды: «Синквейн» немесе бес жолды өлең стратегиясын қолданып «патша қорғаны», лақат, дромос, үйінді, қорған кілтті сөздердің кез келгенімен жұмыс жасатуға болады. Оқушы жеке, жұпта немесе топта жұмыс жасай алады. 1.Зат есім – 1 сөз. «Патша қорғаны». 2.Сын есім – 2 сөз. Алып, үлкен. 3.Етістік – 3 сөз. Салынды, қазылды, табылды. 4.Сезімді білдіретін сөз – 4 сөз. Қорған құрмет, қорқыныш сезімін ұялатады. 5.Синоним –1 сөз. «Патша обасы» Дарынды балаларға «Шілікті мен Бесшатыр патша қорғандарын» салудың пайдасы мен зияны тақырыбында дерек пен дәйек жинауға тапсырма беремін.	Әлеуметтік топтар	Абыздар	Жауынгерлер	Егіншілер мен малшылар	Суреттер				Сипаттама				Критерий	Дескрипторлар	Сақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың қызметін сипаттайды.	Сақ қоғамындағы абыздардың рөлін түсіндіреді.	Сақ қоғамындағы жауынгерлердің рөлін сипаттайды.	Сақ қоғамындағы егіншілер мен малшылардың рөлін сипаттайды.	Қорғандар	Шілікті	Бесшатыр	Археологиялық ескерткіш Қазақстанның қай аймағында орналасқан?			Археологиялық ескерткіш қай ғасырға жатады?			Археологиялық ескерткіш неше обадан тұрады?			Қорымдардан қандай заттар табылды?			Бағалау	Дескрипторлар	Археологиялық ескерткіштерді салыстырады	1.Ескерткіштердің орналасқан аймағын атайды.	2.Сақ ескерткіштерінің хронологиялық шеңберін анықтайды.	3.Сақ ескерткіштерінің құрылымын атайды.	4.Сақ ескерткіштерінен табылған жәдігерлерді атайды.	Түрлі-түсті суреттер, кестелер. Бағалау парақшалары. Түрлі-түсті суреттер, Кестелер. Бағалау парақшалары. Оқулық материалдары, кескін карта. Бағалау парақшалары. Дәптермен жұмыс.
	Әлеуметтік топтар	Абыздар	Жауынгерлер	Егіншілер мен малшылар																																						
	Суреттер																																									
	Сипаттама																																									
	Критерий	Дескрипторлар																																								
	Сақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың қызметін сипаттайды.	Сақ қоғамындағы абыздардың рөлін түсіндіреді.																																								
		Сақ қоғамындағы жауынгерлердің рөлін сипаттайды.																																								
		Сақ қоғамындағы егіншілер мен малшылардың рөлін сипаттайды.																																								
	Қорғандар	Шілікті	Бесшатыр																																							
	Археологиялық ескерткіш Қазақстанның қай аймағында орналасқан?																																									
Археологиялық ескерткіш қай ғасырға жатады?																																										
Археологиялық ескерткіш неше обадан тұрады?																																										
Қорымдардан қандай заттар табылды?																																										
Бағалау	Дескрипторлар																																									
Археологиялық ескерткіштерді салыстырады	1.Ескерткіштердің орналасқан аймағын атайды.																																									
	2.Сақ ескерткіштерінің хронологиялық шеңберін анықтайды.																																									
	3.Сақ ескерткіштерінің құрылымын атайды.																																									
	4.Сақ ескерткіштерінен табылған жәдігерлерді атайды.																																									

Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы.

«АЛТЫН АДАМ» АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЛЖАСЫ

М.БЕРДИЯРОВА,

Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы:	«Алтын адам» археологиялық олжасы.	
қол жеткізетін оқу мақсаттары	Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу. Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау.	
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: «Алтын адам» ескерткіші және оны тапқан ғалымдар туралы білу. Оқушылардың басым бөлігі: «Алтын адам» ерекшеліктерін анықтау. Кейбір оқушылар: «Алтын адам» табылған аймақтарын атау.	
Бағалау критерийі	Археологиялық жаңалықтарды атайды. «Алтын адамның» табылған жерін және ерекшелігін сипаттайды.	
Тілдік мақсат	Жазылым бойынша негізгі сөз тіркестерімен танысады, жазады, айтады. «Алтын адам», ескерткіш, археология сөздерімен танысады. Зерттеу сұрағы: «Алтын адам» кім? «Алтын адам» археологиялық олжасын зерттеген кімдер? «Алтын адам» киіміндегі бейнелер?	
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының алтыншы басымдығы бойынша Тарихи білімді тұлға, Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу құндылығын қалыптастыру.	
АКТ-ны қолдану	Сабаққа қатысты бейнебаян көрсету.	
Пәндік байланыс:	География, дүние жүзі тарихы.	
Алдыңғы оқу:	Сақтар туралы тарихи мәліметтер. 5-сынып, НЗМ-2017 ж.	
	Сабақтың барысы	
Сабақ кезеңі	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы: 3 минут 7 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Жағымдық психологиялық ахуал қалыптастыру. «Бүгін саған тілеймін!». Оқушылар кезекте отырып бір-біріне жақсы тілектер білдіреді. Топқа біріктіру. Реттік сандар арқылы топтарға біріктіремін. 1-топ: «Алғырлар». 2-топ: «Білімділер». 3-топ: «Тапқырлар». 4-топ: «Зеректер». Үй тапсырмасын сұрау. «Қате және дұрыс» әдісін қолдана отырып, үй тапсырмасын сұраймын.	Оқулық. Электронды оқулық, жұмыс дәптері, атлас, кескін карта, стикер.
Сабақтың ортасы: 20 минут.	Жаңа сабақ. Білу және түсіну. Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты таныстырылады. «Визуальді» әдіс. Жаңа тақырыпқа байланысты электрондық оқулықтан көрсетілім ұсынамын. Мәтінмен жұмыс. Жеке жұмыста оқиды, топта талқылайды. 2-тапсырма. Картамен жұмыс «Ойлан, бірік, бөліс» әдісі арқылы (жұптық жұмыс) «Орнын тауып қой» ойыны арқылы оқушылар кескін картамен жұмыс жасайды. Оқушылар қойған сұрақтың жауабын тауып, оны кескін картаға түсіреді. I «Алтын адам» қай жерден табылды? (Жетісу жерінен Есік обасынан). II «Алтын адам» қай жерден табылды? (Ақтөбе облысының жылы-ой ауданына қарасты Аралтөбе). III «Алтын адам» қай жерден табылды? (Шығыс Қазақстан облысына қарасты Зайсан ауданының Шілікті жазығынан). IV «Алтын адам» қай жерден табылды? (Қарағанды облысына қарасты Талды – 2 қорымынан). 3-тапсырма. Сәйкестендіру тесті. Жеке жұмыс. Дескриптор: 1. Есте сақтайды. 2. Қазба жұмысын жүргізген ғалымды атайды. 2. Алтын киімді адам қай тайпадан шыққанын анықтайды.	Оқулық Жұмыс дәптері. Қазақстан карта-сы, атлас, кескін карта. Суреттер. АКТ.
Сабақтың соңы: 7 минут.	Ой қорыту. Сұрақтар қою: Қазақстан жерінен неше алтын адам табылды? I Алтын адамды қай жерден, кім тапты? II Алтын адамды қай жерден, қай археолог тапты? Алтын адамдар табылған жерлерді картадан көрсету. «Білім қоржыны» кері байланыс. Үйге тапсырма: «Алтын адам» археологиялық олжасы.	Кері байланыс парағы. Стикер.
Саралау. Рефлексия.	Бағалау: Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы.

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ

(Қазақстан тарихы. 8-сынып)

Мерген ӘБДІРОВ,

Бөрілі жалпы білім беретін орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы	XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ-қытай қатынастары, сауда қатынасының дамуы (қайталау сабағы).	
Жалпы мақсаты	XIX ғ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына Ресей, Қытай және Орта Азия елдерімен сауда қатынастарының әсері туралы түсінік беру.	
Күтілетін нәтиже	А. XIX ғ. Қазақстанның сауда-саттық қатынастарының сипатын түсінеді; В. XIX ғ. Қазақстанда орын алған саудалардың түрлерін ажыратып, ерекшеліктерін анық тұжырымдайды; С. XIX ғ. Қазақстанның Ресей, Қытай және Орта Азия елдерімен сауда қатынастарының дамуына баға береді.	
Тапсырмалар	«Сәлемдесу» тренингін өткізу арқылы белсендіру; Топтық жұмыс: «Визуалдандыру»; жұмысты қорғау. Формативті бағалау: ауызша мадақтау; «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі. «Бармақ көрсету» әдісі арқылы түсіну дәрежесін бағалау; «Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі арқылы ойларын жеткізеді; «Шындық па? Жалған ба?» әдісі.	
Жабдықтар	А4 парақ, бор, қалам, оқулық, қаламсап, ресурстар, проектор, презентация, Қазақстанның картасы.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Мұғалім оқушылармен амандасады. Мұғалім «Сәлемдесу» тренингін өткізіп, оқушыларды 3 топқа бөледі. Оқушылармен бірге табыс критерийлері мен топтық жұмыс ережелерін жасақтайды. Сұрақ қою арқылы оқушылардың көңілін сабаққа бағыттайды: - Өткен сабақта қандай тақырып өттік? - Қандай маңызды мәселелерді қарастырдық? - Неге жәрмеңкелік сауда маңызды рөл атқарды? - Егер сендер, сол кездегі саудагер болсаңдар, қандай елмен сауда қатынастарын дамытатын едіңдер? Неге?	Оқушылар мұғаліммен сәлемдеседі. Оқушылардың көңіл күйлері көтеріледі. Өткен сабақтың негізгі мәселесін еске түсіріп, ойланып жауап береді.
Тұсаукесер	«XIX ғ. Қазақстандағы жәрмеңкелер» бейнеролик көрсетіледі. - Жәрмеңкелердің қазақ қоғамындағы орны қандай болды? - Жәрмеңкелер туралы қандай қызықты мәлімет білдің? - Сол кездегі саудамен қазіргі сауданың қандай ұқсастықтары бар?	Жауабын дәлелдеп, талқылап толықтырады.
Негізгі бөлім	3 топқа әртүрлі тапсырма береді, әр топ тапсырманы орындайды және сұраққа жауап береді. Топтарға арнайы ресурстар беріледі. Тапсырманы орындауға 5-6 мин беріледі. Қорғауға 3-4 мин, топтар бір-бірін «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалап отырады. 1-топ. Берілген мәтінді оқып, екі келісімді салыстыр. Қай келісімнің қазақ саудасының дамуына ықпалы көп болды? Құлжа келісімі 25.07.1851 ж. Петербург келісімі 12.02.1881 ж. Құжатта не туралы айтылған? Кімнің мүддесін көздеді? Құжаттың тарихи маңызы қандай? 2-топ. Жәрмеңкелерге әкелінетін тауарларды үш топқа бөліп жазып, салыстыр. Жәрмеңкелер сауда-саттық функциясынан өзге, қандай қызмет атқарды? Қазақтардың тауарлары. Ресейдің еуропалық бөлігінен. Орта Азия саудагерлері. 3-топ. XIX ғасырда қазақ өлкесінде сауда саттықтың 3 түрі пайда болды: ел аралайтын, тұрақты және жәрмеңкелік. Сауданың қай түрі қазақ халқы үшін тиімді болды деп есептейсіңдер? Жауабыңды дәлелде. Ел аралайтын сауда: Бұл сауда түрімен кімдер айналысты? Жәрмеңкелік сауда: Не себепті жәрмеңкелік сауда кең өріс алды? Тұрақты сауда: Неге XIX-XX ғасырларда жәрмеңкелік және ел аралайтын сауданың маңызы төмендеп, тұрақты сауда күшее түсті? Оқушылар «Бармақ көрсету» әдісін пайдалануды нұсқайды. Топтар өз жұмыстарын қорғап, бағалайды, топтар семантикалық картаны толтырып, әр топқа берілген Қазақстанның картасына белгілейді. Семантикалық карта. Сәйкес жауаптарды «+» белгісімен белгілеп, жәрмеңкелерді картаға түсір! Топ жұмыстарын бақылап, бағыттап жүреді.	Берілген ресурстарды талқылайды; өзге топтарға ұсынады, басқа топ жұмыстарымен танысады. Оқушылар «Бармақ көрсету» әдісін пайдалануды арқылы түсіну дәрежесін көрсетеді.
Қорытынды	«Тарих ринг» ойыны ойналады, «Шындық па? Жалған ба» әдісі. Рефлексия: «Аяқталмаған сөйлем». Үйге тапсырма: Жәрмеңкелер бойынша 4 топ презентация дайындайды (5 слайд).	Сұрақтарға ойланып жауап береді. Оқушылар жаңа тақырып бойынша рефлексия жасайды. Презентация құрады.

Батыс Қазақстан облысы, Бөрілі ауданы.

ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ

Қарлығаш САРКИНА,
Қарақол орта мектеп-бақшасының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Соғыстан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылығы артта қалу себебін тауып, ауыл шаруашылығын алға бастыру үшін қолданылған шараларды оқушыларға жете түсіндіру. **Дамытушылық:** Оқушылардың өз ойын еркін айтуға, өз көзқарасын нақты дәлелдер арқылы айтуға дағдыландыру. **Тәрбиелік:** Оқушыларға ұлттық татулық-Отансүйгіштіктің аса бір көрінісі екенін ұқтыру. Сонымен қоса елін, жерін сүюге, достыққа, ынтымақ пен бірлікке тәрбиелеу.

Сабақ түрі: конференция.

Сабақ көрнекілігі: слайд, тақырыпқа байланысты видео-көрініс.

Сабақ әдісі: Сұрақ-жауап, топтасу.

Күтілетін нәтиже: тақырыпты меңгеру, сол кездегі саясаттың дұрыс, бұрыс жақтарын ажырата білу, тарихи оқиғаға баға беру.

Ұйымдастыру: түгендеу.

Топқа бөлу. 1-топ: «Семей полигоны».

2-топ: «Арал теңізі».

3-топ: «Тың эпопеясы».

Пәнаралық байланыс: дүниежүзі тарихы, география, қазақ әдебиеті, музыка.

Үй тапсырмасынан бір сұрақ:

1. Біз қай кезең тарихын меңгеріп жатырмыз?

2. Бұл аталмыш оқиға қандай оқиғадан кейін болды?

Әр топ өздерін қысқаша таныстырады.

Жаңа сабақты түсіндіру, слайдпен.

«Назар аудар» бөлімі. Әр топқа статистикалық мәлімет айтылады.

Әр топқа байланысты видео-көрініске тоқталу.

«Сандар сыры». 1924 жыл; 1937-38 жыл; 1941 жыл; 1945 жыл; 1954 жыл; 1949 жыл.

Осы жылдар көрсетіледі де оқушылар сол жылға

байланысты оқиғаларды айтады.

«Сен не дейсің?» бұл бөлімде:

1. Полигон жарылмаса?

2. Тың игерілмесе?

3. Аралдың суы тартылмаса? Оқушы пікірі тыңдалады.

«Адасқан әріптер».

САТҚЗАҚНА	ҚАЗАҚСТАН
РОКС	КСРО
ПРЕСБЛУИАК	РЕСПУБЛИКА
ВАКОМС	МОСКВА
ЫМТАЛА	АЛМАТЫ

«Берілген ойды бүгінгі күнмен қалай байланыстыруға болады?» бұл бөлімде тақырыптарды топтастыру арқылы. Қазақстанның бүгінгі саяси-демографиялық жағдайымен байланыстыру, тәуелсіздікке жету жолы туралы айту.

«Сәйкестендір» сөздер беріледі соны сәйкестендіру керек.

«Постер» құрау, әр топ жеке-жеке.

Тақырыпқа байланысты әндер бар екенін айта кету.

Семей полигонына байланысты «Заман-ай» әні.


Аралға байланысты «Арал қасіреті» М.Шаханов.

Қорытынды: Қазақ елі ұлы нәубет жылы ашаршылықты да, ұжымдастырудың азабында, соғысты да, ұлт зиялыларын қудалау қиыншылығында қиын тарихи белестерді де жеңе білді.

Бүгінгі таңда тілі мен мәдениеті, тарихы қайта жанданған егеменді, тәуелсіз «Мәңгілік Елге» айналды. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Бағалау.

Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы.



ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!

Біраз уақыт бұрын академик М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» монографиясының 1-кітабы жарық көрген еді. Онда «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының 1905 – 1917 жылдардағы алғашқы кезеңіндегі оқиғалар талданған болатын.

2017 жылы «Мектеп» баспасынан «Алаш қозғалысы» монографиясының 2-кітабы жарық көрді. Онда «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының 1917 – 1932 жылдардағы екінші кезеңіндегі оқиғалар мен құбылыстар талданады. Автор осы кітаптың алғысөзінде жазғандай, «Алаш» қозғалысының екінші кезеңі кеңестік биліктің құрылған, қалыптасқан және ауқымды реформалық шараларды жүзеге асырған жылдарына сәйкес келеді. Екінші кітап осы соңғы кезеңдегі алаш арыстарының өмірі мен қызметіне арналған. Еңбек алашшылдарға қатысты дереккөздер мен тергеу материалдары негізінде жазылған. Тергеу материалдарын да сол күйі ала салмай, хаттамаға түскен мәліметтің кімнің аузынан, қандай жағдайда, не мақсатпен айтылғанына мән беріліп, деректанулық талдаудан өткізілген. Сөйтіп ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ қоғамын күйретуге, алаш арыстарын құртуға бағытталған қуғын-сүргіннің қитұрқы әрекеттері әшкереленген.

Еңбек студенттерге, тарихшы мамандарға, көзі ашық, көкірегі ояу барлық оқырманға арналған.

Редакциядан.

АҚША – ҰАҚЫТ ТЫНЫСЫ

(Ашық сабақ, 9-сынып)

Махаббат КӨШКИНОВА,

Абай орта мектебінің тарих және құқықтану пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға ақшаның мәні және негізгі қызметі туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Оларға бүгінгі таңда ақшаның алатын орны, оның пайдасы мен зиянын ұғындыру.

Сабақтың эпиграфы: «Көп ақша табу – батырлық, Оны сақтау – ақылдылық, Ал үнемдеп жарата білу – өнер...». **Б.Авербах.**

Сабақтың түрі: жарыс сабағы.

Сабақтың әдісі: жұппен, топпен жұмыс, интербелсенді тақта, іскерлік ойын, сөзжұмбақ шешу, сұрақ-жауап.

Пәнаралық байланыс: экономика, АҚҚ, тіл-әдебиет.

Сабақтың көрнекілігі: Интербелсенді тақта, слайдтар, үлестірме материалдары, постерлер.

I Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылар екі топқа бөлініп отырғызылған. Топтық жұмыс оқушылардың ұжыммен жұмыс жасауына, ақылдасуына және бағалауға өте тиімді.

II Үй тапсырмасын сұрау. «Кім тез?» ойыны арқылы.

Анаграмманы шешу:

I топқа:

1. КЕІШНМ –
2. РИФМА –
3. БАРЖИ –
4. ЫЖҚАР –
5. ПӘКСІЕКР –

II топқа:

1. ШАҚА –
2. КНБА –
3. ҚСЫАЛ –
4. АЭОКМИОКН –
5. ТРАУА –

1-тапсырма (Оқулықпен жұмыс):

Оқушылар» Ақша» және «Тауар» ұғымдарына түсінік беру (10 мин).

I топ: Ақша (67-68-бб.).

II топ: Тауар (68-бет).

2-тапсырма: «Теңге әдебиетте».

Әр топ өзіне берілген экономикалық терминдерге сай көбірек мақал-мәтел табу керек (5 мин).

I топқа: Қарыз, Үнемдеу, Шығын, Несие.

II топқа: Құн, Есептеу, Сауда, Демеуші (Спонсор).

3-тапсырма: «Іскерлік ойын» (10 мин).

Үйге берілген тақырыптар бойынша оқушылар қызықты әрі өмірден алынған шағын көрініс көрсету керек болатын.

I топ: «Бай бауырын танымас, сауда досқа қарамас».

II топ: «Несиеге ет жесең, сүйегі ішегіңді жыртар».

4-тапсырма: «Сәйкестендіру кестесі».

I топ.

Сәйкестендіру кестесі	
Елдер	Валюта аты
Қазақстан	Юань
Англия	Франк

Түркия	Теңге
Франция	Лат
Қытай	Сум
Өзбекстан	Лир
Латвия	Евро

II топ

Сәйкестендіру кестесі	
Елдер	Валюта аты
Ресей	Песо
Мексика	Доллар
АҚШ	Иен
Польша	Рупи
Жапония	Манат
Үндістан	Рубль
Әзірбайжан	Злотый

Мұғалім: Қай халықта болсын ақшаға байланысты көптеген наным-сенім, ырымдар баршылық. Ендеше біздің оқушылардың ақыл-кеңесіне құлақ түрейік.

1-оқушы: Қалтаңызда ақшаны ұмаждап, жыртып, майыстырып ұстамаңыз. Онда қаржыдан тапшылық көресіз және де ақша өзін үнемдеп, ұқыпты түрде ұқсатқанды ұнататын көрінеді. Ал «ақша жоқ» деп жылай беретіндердің тиыны теңгені құрамай, қанша тапса да құмға сіңген судай құри береді екен. Жоқ десең жоғала бересің.

2-оқушы: Жасыратыны жоқ, ақша жинайтын адам бізге сараң, қанағатсыз, қайырымы жоқ болып көрінеді. «Ар-намысы таза адамдардың ақшасы аз болады» деп те ойлаймыз. Біздің басымызда мұндай ой, пікір болмауы тиіс. Өйткені ақшаның аз немесе көп болуы тек адамның өзіне ғана байланысты.

3-оқушы. Ақша жинаңыз. Ақшаны тек тойға, жақсылыққа, оқуға, жаңа дүние сатып алуға, саяхатқа шығуға, жақсы демалуға жинаңыз.

4-оқушы. Ақша үлкен қуат көзі болғандықтан, ұқыптылықты жақсы көретіндіктен әмиянға үлкен көңіл бөлу керек. Әмияныңыз әдемі, жылтыр болуы керек. Сосын оған әр банкнотты дұрыстап, мыжымай, бүкпей салыңыз. Әмияныңызды сыртынап сипап оған жылы сөздер айтыңыз, ақша адам сияқты еркелеткенді жақсы көретінін естен шығармаңыз.

5-оқушы. Ақшаны түнде беруге, түнде алуға болмайды. Себебі ақша да табиғаттың құрылым бөлшектері сияқты таңертең оянып, түнде ұйықтайды.

Мұғалім: Өмірде ақша қаншама құдіретті күшке ие болғанмен оның билігі жүрмейтін жерлер, ешкім де ақшаға сатып ала алмайтын нәрселер көп.

Оқушылар бүгін біз сіздермен «Ақша», «Тауар», ақшаны қалай үнемдеу керек, ақшаның пайдасы мен зияны жөнінде пікір алыстық. Ал енді сендер алдарыңдағы стикерлерге бүгін не білгендеріңді, не түсінгендеріңді, келесі сабаққа деген ұсыныстарыңды жазып, «Емен» ағашына іліндер.

Үй тапсырмасы: & 12 оқу, терминдерді жаттау.

Ақмола облысы,
Зеренді ауданы.

АУҒАНСТАН – ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК!

Венера ЖОЛМҰХАМБЕТОВА,
№ 9 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сценарий мақсаты: Ауған оқиғасының тарихи-мағыналық ақиқатын ашу. Тәуелсіздік жолында күрескен ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастарды Отан-сүйгіштікке, ерлікке баулу, Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету.

Жүргізуші: – Армысыздар бүгінгі кездесуімізге жиналған Ауған соғысына қатысқан ардагерлер, ұстаздар және оқушылар!

15-ақпан Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 29 жыл толуына байланысты ардагер ағаларымыздың құрметіне арналған «Ауғанстан – жаралы жүрек!» атты кездесуімізге қош келдіңіздер!

Олай болса, ендігі сөз кезегін мектеп басшысы Есбосынов Байбол Сұлтанәліұлына береміз!

Ауған соғысының Қазақ еліне әкелген адам шығыны мен зардабы аз емес. 1979-89 жылдарда, яғни 10 жылға жуық созылған бұл соғыста көптеген отбасының шаңырағы шайқалды. Абзал ана жалғыз боздағынан айырылды, әйел жесір, бала әкесіз, отбасы панасыз қалды. Енді ғана азамат атанып әскер қатарына алынған қаншама жігіттеріміз Ауған даласында жан тапсырды. Ал кейбір жауынгерлер із-түзсіз жоғалып кетті. Аяқ-қолдан айырылып, қаны төгіліп мүгедек болғандар қаншама!

Ауған соғысы – жүректе жазылмайтын, тарихта ерекше орын алатын беттер...

Әр халықтың, әр адамның қасиетті борышы – Отаны үшін жанын пидә қылған азаматтарын мәңгі есте сақтап, құрметтеу, жас ұрпаққа отансүйгіштіктің үлгісі ретінде насихаттау екенін ешқашан ұмытпайық.

*Мен қазақың,
Ұланымын елімнің,
Мен қазақың тірегімін жерімнің.
Ұланымын туын көкке көтерген,
Болашаққа алға бастап жетелер.
Қиындығын қазағымның әрқашан
Қайыспайтын қара нардай көтерер.
Елім менің Егеменді еңселі,
Ел теңдігі жүрегімде еседі.
Тәуелсіздік туын биік көтерген,
Ерлерімнің даңқы көкке жетеді.*

Жүргізуші: – Ауғанстан жеріне қатерлі күн туғанда елін, жерін қорғау үшін көптеген ер азаматтар соғысқа аттанды. 1979 жылы басталған соғыс 10 жылға созылды. 1989

жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерлері Ауған жерінен шығарылды. Бұл соғысқа 22 мың қазақстандық қатысты, олардың 761-і қаза тапты, 21 жауынгер хабарсыз кетті. Содан бері міне 29 жыл өтіпті.

Құрметті, ардагерлер, сіздердің құрметтеріңізге **Мақсатбай Айдәулеттің** орындауында «**Жұмыр қылыш**» күйін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: – Бүгінгі «Ауғанстан – жаралы жүрек!» атты кездесуімізге арнайы қонақ болып келген Ауған соғысының ардагерлерімен таныс болыңыздар!

1. Құлсариев Сәтбай Орынұлы – Ауған соғысы ардагерлерінің жетекшісі.

2. Ерғалиев Шапай Аймұратұлы – Ауған соғысы ардагері.

3.Надыров Қабыл – Ауған соғысы ардагері.

Жүргізуші: – Ауған соғысында қаза болғандардың рухына, елге аман оралған, бүгін аразмызда асқар таудай болып жүрген ағаларымызға мың тағзым!

Жүргізуші:

*Қаншама ана айырылды баласынан,
Бала құтты, әкесін теңіз жағасынан.
Шүберекке түйіп жанын, елең етіп
Ана байқұс, әр дыбысқа жауаңдаған.*

Құрметті ардагер ағалар, сіздердің құрметтеріңізге 5 «Ә» сынып оқушысы **Өтехан Балланшаның** Ауған соғысына арналған өлеңін оқиды.

Жүргізуші: – Құрметті ардагер ағалар! Ауған соғысы кезінде бастан кешкен оқиғаларыңыз жайлы қысқаша әңгімелеп берсеңіздер екен. Сөз кезегі өздеріңізде...

Қоңырқожа Ерасыл «Кеңес» күйін орындайды.

Жүргізуші: – Ойландырып жүрген сұрақтарыңыз болса, ардагерлерге қоюларыңызға болады (оқушылар сұрақтар қояды).

Жүргізуші: – Құрметті ардагер ағалар, мектеп ұжымы мен оқушылар сіздерді құрметтейді, ерлік істеріңізді мәңгі есте сақтайды (естелік сыйлықтары беріледі).

Өткеніміз ұмытылмайды. Бүгініміз бейбіт күн, Ертеңіміз жарқын болсын, бейбіт өмірдің ақ таңында көріскенше күн нұрлы болсын құрметті ардагерлер!

Қош сау болыңыздар!

Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы.

Қазақ тарихы

№5 (162), мамыр, 2018